Алтын Қалам

ӘБДІЛДА ТӘЖІБАЕВ

Алтын Қалам

«Дауға салса, алмастай қиған, ойға салса, қорғасындай балқыған, өмірдің кез келген орайында әрі қару, әрі қалқан болған, әрі байырғы, әрі жас, отты да ойнақы Ана тілінен артық қазақ үшін бұ дүниеде ештеңе жоқ».

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ,
Қазақстан Республикасының
Президенті



(1909–1998)

84(5Қаз=Қаз)5
Т28

Алтын Қалам

Безвозмездно
Тегін

ӘБДІЛДА ТӘЖІБАЕВ

Өлеңдер, поэмалар

ҚР БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ М.Х.ДУЛАТИ АТЫНДАҒЫ ТАРАЗ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РК ТАРАЗСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ М.Х.ДУЛАТИ
КІТАПХАНА
БИБЛИОТЕКА
1153386

АНҒАРЫС БАСПАСЫ
Алматы
2010

УДК 821.512.122
ББК 84 қаз 7-5
Т 27

ҚАЗАҚСТАН ЖАЗУШЫЛАР ОДАҒЫНЫҢ
75 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫНА, ТӘУЕЛСІЗДІГІМІЗДІҢ
20 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ
XX ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ОЗЫҚ ҮЛГІЛІ
КЛАССИКАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРЫ «АЛТЫН ҚАЛАМ» СЕРИЯСЫ
БОЙЫНША «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» ҰЛТТЫҚ ӘЛ-АУҚАТ ҚОРЫ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ ДЕМЕУШІЛІК КӨМЕК КӨРСЕТУІМЕН
БАСЫЛЫП ШЫҚТЫ

Ақылдастар алқасы:

Нұрлан Оразалин — *төраға, жоба жетекшісі;*

Мүшелері:

**Асылбекұлы Серік, Әшімжан Жанарбек,
Есдәулет Ұлықбек, Жайлыбай Ғалым,
Қалиев Сұлтан, Құнпияұлы Кәдірбек,
Мәженқызы Райхан, Михайлов Валерий,
Оразбаев Иранбек, Сарыбалаұлы Бақыт,
Шаханов Берік, Шаштайұлы Жұмабай**

Тәжібаев Ә.

Т 27 *Өлеңдер, поэмалар/ Әбділда Тәжібаев.*
— Алматы: «Ан Арыс» баспасы,
2010. — 304 б.

ISBN 978-601-7130-77-0

Кең тыныстық, ойы ұшқыр, қаламы қарымды халық жазушысы Әбділда Тәжібаев өз заманының өрен жүйрігі. Оның еңбектері елінің игілігіне айналып, руханиятымыздың алтын қорына қосылған бағалы қазына. Әдебиеттің жанашыры, таланттардың қорғаушысы бола білген қаламгердің өнегесі ұрпақтың бағдар шамы іспетті.

Жалпы оқырманға арналған бұл біртомдығына таңдаулы туындылары енгізілді.

УДК 821.512.122
ББК 84 қаз 7-5

ISBN 978-601-7130-77-0

© Тәжібаев Ә., 2010
© Қазақстан Жазушылар одағы басқармасы, 2010
© «Ан Арыс» баспасы, 2010

ҰЛТТЫҢ ҰЛЫ ҚАЗЫНАСЫ

Уақыт – сыншы...

Уақыт – төреші...

Жұмыр бас пендеге Алладан бұйырған адамшылық ұлы қасиеттердің қай-қайсысы да сол төреші, сыншы уақыттың таразысына ілігіп, безбенінен аман өткенде ғана адамзат баласының игілігіне айналмақ.

Көркем сөз – адам баласына Ұлы Жаратушыдан бұйырған сондай айрықша қасиеттердің бірі.

Қазақтың әдебиеті өзінің арғы-бергі ұлы кезеңдерінде ұлт мерейін үстем етер, халқымыздың ойлау, пайымдау қабілетінің орасан кеңдігі мен ересен тереңдігін танытар жалпыадамзаттық биікке көтерілген көркем туындылар мен кемел тұлғаларға бай.

Өткен жылы Қазақстан Жазушылар одағының 75 жылдық мерейтойына орай, жиырмасыншы ғасырдағы қазақ әдебиетінің озық үлгілі классикалық шығармаларының бір шоғыры «Алтын қалам» сериясы бойынша «Нұр Отан» халықтық-демократиялық партиясының демеушілік қолдауымен жарық көрген болатын.

Қара орман қазақ оқырманына жол тартқан айтулы серияның мақсаты мен мұраты – «алтын дәуір әдебиеті» атанып, ұлт руханиятын байыта түскен көркем туындыларды насихаттау, жаһандану жағдайында өмір сүріп отырған жаңа буын, жас ұрпақ санасының қалыптасуына ықпал ету. Ұлтымыз дамудың жаңа үлгілерімен бетпе-бет келіп, өркениет өрісі алуан-алуан мінез таныта бастаған бүгінгідей күрмеуі қиын, күрделі кезеңде ұлттық ойлау мен ұлттық болмысымызды сақтау үшін күресу ең басты нәрсе екенін естен шығаруға болмайды. Өйткені ұлт рухы мен ұлт тілі – бүгінгі таңдағы құндылық атаулының ең асылы.

Біздің халқымыз – Сөзді Кие тұтқан, сөзге тоқтаған, сөзбен жауының бетін қайырып, дүниелік құбылыстардың жақсы-жаманын екшеген, заманалар жігін айырып, Сөзбен өзінің тағдыр-талайын анықтаған халық. Өмір сүру салты мен дүниені тану қалпы да Сөз арқылы өрістеген. Соның нәтижесінде ондаған ғасырларға созылған көшпелі өркениет қалыптастырған ел басқару институттары мен үрдістері де осы Сөз дейтін киелі өнермен тікелей байланыста

болған. Ғасырлар бойы үзілмей, жалғасып келе жатқан Заратуштра мен Анахарсистің, Майқы би мен Тоныкөктің, Әбу Насыр әл-Фараби мен Қожа Ахмет Иассауидың, Махмұт Қашқари мен Жүсіп Баласағұнның, Мұхаммед Хайдар Дулати мен Қадырғали Жалайридің, Асан Қайғы мен Шалкиіздің, Ақтамберді мен Бұқар жыраудың, Махамбет пен Абайдың, Шоқан мен Жамбылдың рухына деген жалпыхалықтық құрмет пен махаббат соның айғағы.

Жаңа ғасыр айдынына тәуелсіз ел ретінде желкен жайып, сансапалақ тарихи оқиғалардың дауылы мен сүреңіне бой алдырмай, өркениет өрінен өз үнімен, өзгеше даму үлгі-үрдісімен танылып, кең өрістен көрініп келе жатқан Қазақ Елі алдағы жылы өзінің егемендік туын көтергенінің жиырма жылдығын атағалы отыр.

Бұл – ұлттың ұлы байлығы.

Бұл – ұлттың мәңгілік өмірін қамтамасыз ету жолындағы ерлік пен өрлікке, намыс пен жігерге, күреске толы жылдар.

Халықаралық беделі аса зор Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымына төрағалық жасау міндетін абыроймен атқарған Алаш жұрты осынау тарих көзімен қарағанда мейлінше қысқа көрінетін уақыт аралығында өзінің елдік тағдырын анықтайтын саяси-экономикалық реформалармен қатар, рухани кеңістігімізді жаңа айдындарға алып шығар батыл-батыл қадамдарды жасады. Әсіресе ұлттың тарихи жадын бекітіп, санасын оң жолға бағыттауда айрықша роль атқарған «Мәдени мұра» бағдарламасын ерекше бөліп айтуымыз керек.

Қазақ әдебиеті – әлемді толық танып қана қоймай, қазақ халқының бай рухани қазынасын әлемге лайықты түрде танытқан, танытып келе жатқан үлкен әдебиет, қазыналы, бай әдебиет.

Сондықтан да дүниенің өтпелі екенін сезіне отырып, мәңгілікпен қатар тұрып, терезесін тең ұстап сырласу, ой толғау, заманға сөз арнау, адамдар жүрегіне жол іздеу тәрізді сөз сиқырының құдіретті көркем тәсілдерін еркін игерген қазақтың көркем әдебиеті жиырма бірінші жүзжылдыққа шаңырағы шайқалмай, жиған-тергенін шашпай-төкпей жетіп отыр.

Бұл – ұлттың теңдесі жоқ ең ұлы рухани қазынасы.

«Самұрық-қазына» ұлттық әл-ауқат қорының қолдауымен оқырман қолына тигелі отырған 2010 жылғы «Алтын қалам» сериясының жалғасы сол пікіріміздің дәлелі.

Нұрлан ОРАЗАЛИН,
Ақылдастар алқасының төрағасы, жоба жетекшісі,
Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты

I бөлім

Өлеңдер

❄ ❄ ❄

Менің де бар өзімнің сиынарым,
Сиынсам көзімнен жас құйылады.
Сол кезде босанып мен күнәлардан,
Күндегі пенделіктен тыйыламын.

Алдымнан тұман тарап, ашылады,
Сағымдар көзді алдайтын басылады.
Ақ бұлттың арасынан тұрған қарап,
Ай жүзді періштеме бас ұрамын.

Сол шақта сиқыршыға айналамын,
Сезімім ақ алмастай қайралады.
Аузыма от боп жанған сөздер түсіп,
Жырымның көтеремін ақ жалауын.

О, менің құйыл жырым, құйыл әнім,
Бір мезет пенделіктен тыйыламын.

Ақ бұлттың арасынан тұрған қарап,
Ақ жүзді періштеме сиынамын.

❁ ❁ ❁

Өтсе де өмірім уыс толмас бір тұтам,
Көрінген жоқ аз дәуренім тым жұтаң.
Қайғы азабын күліп жүріп көтердім,
Сол күлкімді қалай ғана ұмытам?!

Ашық болдым мен көгілдір аспанға,
Қуанушы ем аспан бетін ашқанда.
Қас қағымын ашық Күннің жырладым,
Келіп жатқан бұлтты ызғардан жасқанбай.

❁ ❁ ❁

Әр сұмдықты алдын ала сезген кім,
Іздеп жауын жапан түзді кезген кім.
Бойдан сауыт,
Белден қылыш шешілмей,
Сұлу жардан,
Тәтті ұйқыдан безген кім?!

Жел жырлайды оқиғасын өткеннің,
Ойнайды екен жаннан безіп,
Отпен кім?!
Ақ семсері,
Көк найзасы сынғанша
Кең даламда жаудың қанын төккен кім?!

— Ол кім дейсің?
Менің атам айтайын.
Ар-намысы көрмеген бір ортайып.
Қыршын кетіп,
Жауды да өзі сындырды,
Мен секілді отырмаған қартайып.

❁ ❁ ❁

Мен пейіштің қақпасын
Жарамаппын қағуға.
Іздемеппін оны мен
Кеше жігіт шағымда.

Кеше жігіт шағымда
Іздемеппін пейішті.
Жасым жеткен шағында,
Тартып жүрмін кейістік.

❁ ❁ ❁

Жүдесе жаным кей-кейде,
Жүгендеулі тұрған шұбармын.
Көркімді беріп, көнсем де,
Еркімді бермес шығармын.
Түн өтер ме екен, білмеймін,
Тез келер ме екен шығар күн?
Сыпырылар ма екен жүгені
Қаңтарулы тұрған шұбардың?

❁ ❁ ❁

Мақтаман, досым, ұйқыны,
Ұйқы емес өмір мен білген.
Тірліктің қиқым-сиқымын
Шығара алмаймын көңілден.

Бейнетпен ұстар асауды
Шығара алмаймын көңілден.
Алысым жақындамайды
Маңдайдан терім төгілмей.

Тозса да табан тоқтаман,
Қозғала берем ілгері.
Тоқтасам, тұрып қаламын,
Өнбейді қайта жүргенім.

Кешеден жеттім бүгінге,
Кетемін тағы ілгері.
Жол қалай өнбей қозғалмай,
Жетелей қоймақ кім мені?!

❁ ❁ ❁

Қайдан бәрін біле берем болмыстың,
Білу бәрін мүмкін бе бір адамға.
Дүние сырын әлі танып болған жоқ,
Бір мен түгіл, Адам деген қоғамда.

Біз немене,
Дәріптерлік неміз бар,
Күллі әлеммен салыстырып қарасақ?!
Өзімді де біліп болған жоқпын ғой,
Қанша менде — ұят, намыс, парасат?!

Өз жаныңның танып болмай ағысын,
Тауып болмай тұнығы мен тереңін.
Бере алмайсың, зорлансаң да қаншама,
Өзгелердің қажеті мен керегін.

❁ ❁ ❁

Атам менің кетпен шапқан, дән сепкен,
Әрекетті «берекет» деп таныған.
Түсінбеген «адамға адам қасқыр» деп,
Өмір сүрген сәл нәрседен жаңылмай.

Өз тізгінін өзі ұстаған еркімен,
Өзгелердің жетегіне ермеген.
Сыйласқанмен ақ көңілмен сыйласқан,
Қысастықтың қысымына көнбеген.

Ішкені — айран, жегені — құрт, ірімшік,
Сыйластықтың белгісіне нан берген.
Үйге қонған қонағының атына
Мезгілінде жем бермеуді ар көрген.

Дастарқанда бірге отырған мейманмен,
Маңдайын да сәждеге бір тигізген.
Тоңған кісі келе қалса үйіне,
Жалғыз тонын ойланбай-ақ кигізген.

Артық сөйлеу жарамайды асқынып,
Жуас қылық — кісілікке жарастық.
Ұғысуға бар емес пе тіл деген,
Неге керек болмашыны талас қып, —

Дейтін атам,
күліп қана сөйлейтін,
Таласқанын көрген емен егесіп.
Малдың жайын, жанның жайын жай ғана
Әжемменен отыратын кеңесіп.

❁ ❁ ❁

Бәрін айтсам деуші едім,
Білгенімнің қалдырмай.
Төгіп айтсам деуші едім,
Ағыл-тегіл жаңбырдай.

Күркіресем деуші едім,
Көкте ойнаған жасындай.
Өрт боп жансам деуші едім,
Өшіргенге басылмай.

Енді аңғардым өзімді,
Түсін, мейлі, түсінбе.
Ештеңем де жоқ екен,
Сыймай жатқан ішімде.

«Айтам» деген ойымның
Айтылғаны көп екен.
Өз жанымнан айтатын
Жаңа сөзім жоқ екен.

❁ ❁ ❁

Шешем мені бейнет үшін туыпты-ау,
Қасірет маған рахаттан жуықтау.
Өртеп жатсаң жалынға орап, ырзамын,
Қорқамын тек жансыз қатал суықтан.

Әлің барда ая мені, жәрдем ет,
Қолымды ұста, алақанды суытпай.
Қорға, сүйе, қорландырма, пана бол,
Көңілге дық,
Көзіме жас жуытпай.

Шықса алдымнан ызалы жан,
Қорламай ма оп-оңай-ақ шалыңды.?

Ей, аққөңіл, ақпейіл, дос, сақтан, сен,
Сақта және жаның ашыр жақынды.
Сақта, бауырым, өлең ғана жазатын,
Жаны нәзік, қолдары әлсіз ақынды.

❁ ❁ ❁

Тереңдегі өрт құйындай гүрілдеп,
Жігіт жаны сілкінді.
Мың күн өмір сүрген кезі
Көрінбеді бір күндей.

— Не деген тар бұл дүние,
Неткен шабан қимылым.
Ін секілді бірдеңені
Отырыппын үй қылып.

Арыстанмен алыспаппын,
Жолбарыспен жұлысып.
Босқа өтіпті жігіт жасым,
Бүйткен тірлік құрысын.

Кім бар, кәне, алысатын,
Жұлысатын кімің бар?!

Шақырамын жекпе-жекке
Сынасуға шығыңдар!

Айтыңдаршы, сынап болып,
Жарар ма екем қару ұстар жігітке?
Неге керек, «арлы бол» деп,
Жас сабазға ақыл айтып үгіттеп.

Қайрау керек ақ алмасты,
Ұстау керек лыпылдатып бабында.
Қыран қалай қыран болмақ,
Қиядағы құз тастарын сағынбай.

❁ ❁ ❁

Ең қауіпті, ең қатерлі жауымыз, —
Өтірік пен жалғандық.
Айтыңдаршы ойланып,
Қанша рет біз жалғандыққа алдандық.

Бар ғой талай құлпыратын бояулар,
Кейде көбін байқамаймыз солардың.
Ақ пен қара араласса,
содан не
Шығатынын дәл таппаған болармын.

Қалай табам, бала едім ғой онда мен,
Бақпағанмын күннің рай, реңін.
Талай рет көк күркіреп, от ойнап,
Жерге тамшы тамбағанын білемін.

Кемпірқосақ — әжеміздің өрмегі,
Көресің сен кілем тоқып бергенін.
Көресің сен бұл кілемнің өрнегін,
Дегендерге қызық еді-ау сенгенім.

Алданбалық, жалғандыққа сенбелік,
Қалсын енді ашықауыз балалық.
Өтіріктен шынды айыру қиын ба,
Бар емес пе екеуінде аралық?

Ақыл айттым, болмасам да ақылды,
Жараспайды данышпандық ақынға.
Кейде осылай сөйлеп кететінім бар,
Пікірлескен адамдарды мақұлдап.

❁ ❁ ❁

Бәріміздің зәремізді ұшырып,
Шайқалады неге Жер?!
Сонша неге от құйыны гүрілдеп,
Неге сонша сілкінеді дірілдеп?!

Не тілейді бізден ол,
Ашусыз-ақ ашып айтса нетеді?
Әлде Алатау аспандағы бұлттардан,
Қызғана ма мынау жұмақ мекенін...

Тек қорқытпа, зәремізді ұшырма,
Сілкілеме адамдарды өгейсіп.
Біз кетейік амандықта, ағайын,
Жеті өзеннің суы тағы көбейсін!

❁ ❁ ❁

Мен жұмсам да көзімді,
Жарық күнім қараймайды ішімде.
Жап-жарық боп тұрады да қояды,
Сәулесіне көлеңкелер түсірмей.

Күн жарығы — жұлынымда, миымда,
Жатыр жанып құдірет оты ішімде.
Ол сөнгенше жол табамын қиыннан,
Арылмайды бойымдағы күшім де.

О, жанар Күн,
Сен ғанасың сенерім,
Сенің сәулең — ақындығым, тірлігім.
Кемімесін деп тілеймін әрқашан,
Адам менен жарық күннің бірлігі.

❁ ❁ ❁

Бұл өмірге келгем жоқ,
Отыруға қос қолымды қусырып.
Қаншама оның кәусар суын ішсем де,
Қанбақ емес сусыным.

Туғаннан соң, өлерімді білгенмін,
Бірақ одан ойсырайтын мен емес.
Маңдайымнан терім ақса жетеді,
Тер төккендер ешкімнен де кем емес.

«Ертең — ақырзаман» деп,
Жасағам жоқ
Нұқ пайғамбар кемесін.
Топан басса, амал не,
Кемеде де мың жасамай өлесің.

Мәңгі өмірді жасау қиын, әрине,
Ләззат табу одан да асқан қиындық.
Жан қиналмай жадырау жоқ адамға,
Сол үшін де жұдырықтай түйілдік.

❁ ❁ ❁

Сайтан билеп кетпеді жүрегімді,
Байлаған жоқ білдірмей білегімді.
Өз миыммен өкінбей шешіп келем,
Қай жерде ойнап, қай жерде күлерімді.

Әркім жылы өзінің жарығымен,
Жүру қиын уақыттың сарынымен.
Тұйықтық пен ашықтық екі нәрсе,
Жараспадым жігіттің жабығымен.

Өз даусымды көрмедім өзім тыңдап,
Сөйлемедім тағы да тым сыбырлап.
Әркім дана өзінің ақылымен,
Жарымайсың бөтеннен білім ұрлап.

Жөн көрмедім біреумен ырғасуды,
Өтірікпен, өсекпен былғасуды.
Өзім деген еркектің өзіндей боп,
Аяқтауға жақынмын бір ғасырды.

❁ ❁ ❁

Кісі ұялар ісіңді мақтан етпе,
Ұстана біл, озам деп лағып кетпе.
Қисық түскен ізіңді таниды жұрт,
Қанша сақ боп жүрсең де басып еппен.

Әр сөзіңнен сезсем де сыпайылық,
Есім кетіп тұрғам жоқ ішім жылып.
Жалған лебі деміңнің соғып-ақ тұр,
Күлімсіреп айтсаң да сәл иіліп.

Ештеңені жүргендей көрмей таңсық,
Төңірекке қарайсың тәкаппарсып.
Өзіңді-өзің алдаумен өтсе өмірің,
Қалғаныңды білмессің бір күн қаңсып.

Қызықпасқа қызығып, танданба сен,
Буалдыр мен бұлдырды малданба сен.
Бетіңе айтқан досыңды дұшпан санап,
Жалғандыққа жарқ еткен алданба сен.

Ертең күн бар тағы да сыналатын,
Еткен ісі еркектің сұралатын.
Әркімге де бет керек, бедел керек,
Жұрт алдына ұялмай шыға алатын.

❁ ❁ ❁

Ештеңені елемей, еленбедей,
Жарысамын, озып бір келем демей.
Құбылысын мезгілдің қызықтамай,
Қауіп пенен қайсар бар, өлем демей.

Ашуы жоқ, кегі жоқ қызынатын,
Қалпын бұзбай әмәнда сызылатын.
Салғыласар жерінде сыр алдырмас,
Мінезіне көргендер қызығатын.

Бүгінгі ісін ертеңге қаратпайтын,
Жалқаулықты жанымен жаратпайтын.
Ол тындырып болғанша күн батпайтын,
Ол оянып болғанша таң атпайтын.

Айнала ма, жұмыр жер айналмай ма,
Көңілін әсте бөлмеген ондайларға.
Жаз бенен қыс ауыспай тұрса жетті,
Туған жері тап болмай ойрандарға.

Ауырғанды емдейді, шаршамайды,
Кесетінін кеседі, боршалайды.
Сәл нәрседен тұңғиық пәлсапа іздеп,
Айқын ойын тұманмен қоршамайды.

Дайын әр кез адамға ізетіміз,
Өмірін оның қорғаймыз, күзетеміз.
Тозған жерін жамаймыз тігіп қолмен,
Сынған жерін сыналап түзетеміз.

Әл келмесе қайтеміз, шарамыз не,
Шаршап болып артынан аламыз дем.
Дәрігердің өзі де ойламайды,
«Өлмей мәңгі сайтандай қаламыз» — деп.

Деп ойлайды, айтпайды оны бірақ,
Алдамайды әдейі жылұшырап.
Сенем деген досына сенеді ол,
Көрген емес бір мезгіл жалғызсырап.

❁ ❁ ❁

Еркекке бұйым ба екен елу деген,
Өтетін бір белес қой желуменен.
Заулатып сол елуге сен де жеттің,
Кешегі бозбалалық желігімен.

115553(1)
МХ ДУЛАТИ АТЫНДАҒЫ ТАРАЗ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ
КІТАПХАНА
БИБЛИОТЕКА

Келесің кең дүниені еркін басып,
Қартайтпас қасиетті келінменен.
Тайсалмай тосқаулардан талай өттің,
Жасқанбас, жалтағы жоқ сенімменен.

Өмірден халық құрметтер орныңды алдың,
Өсірген өзің сеуіп көгіңменен.
Жасай бер, сыйлайтын дос, қимайтын дос,
Туған жұрт — қазақ атты еліңменен.

❁ ❁ ❁

Қоштассам да талай тозған кәрімен,
Ұмытқам жоқ кешегімді әлі мен.
Атқызамын күнде өзімнің таңымды,
Әкелердің жасында айтқан әнімен.

Өткен мезгіл суреттері есімде,
Қызық еді-ау күндер бастан кешірген.
Қалмас үшін мезгілінен кешігіп,
Көз шырымын алушы едік шешінбей.

Өлген қанша оқтан, оттан, жарадан,
Өскен қанша өрт орнында жаңадан.
Өлді қанша әлсіреген өзендер,
Туды қанша жарқыраған қалалар.

Қанша күмбез мұнаралар жасадық,
Ұлылыққа қанша ескерткіш қашадық.
Ертең ер боп шығатұғын ұлдарды,
Көрген жоқпыз көзімізден таса ғып.

Өсірдік біз еркебұлан ұлдарды,
Қыздарымыз қызыл гүлдей ырғалды.
Арнадық біз өткенге де, кеткенге,
Арнадық біз ертеңге де жырларды.

Мысқалдап та, тонналап та өлшедік,
Ардақтадық әр асылдың бөлшегін.
Тауды да біз, керек десек, көшірдік,
Кеудемізге қойып қуат, ер сенім.

Әр сағаттың түсіп өшпес таңбасы,
Күндерге күн келе жатыр жалғасып.
Келем мен де күнге қосып түнімді,
Қасіретім мен қуанышым жалғасып.

Көрем таңын жақындаған ғасырдың,
Келеді әне, келеді әне, асыл күн.
О, замана, қарсы ал болашағыңды,
Сақта өмірін алтын айдар жасымның.

❁ ❁ ❁

Болмаған соң дүниеде өз дегенім,
Түспеген соң қолыма көздегенім.
Саулық қана тілеймін от басына,
Таңдарым жоқ тағдырдан өзге менің.

❁ ❁ ❁

Сенем саған,
Оған да, бәріңе де,
Жасыңа да, жантайған кәріңе де.
Сенем бүгін сұңғыла ғалымдарға,
Сенем салған эфирден әніңе де.

Атом күшін алдым да түледім мен,
Адамдарға сенемін жүрегіммен.
Тау мен тасты байлыққа айналдырып,
Алтынды да күреймін күрегіммен.

Ісін жасап машинам ақылдының,
Тірі жанға кетпейді ақым бүгін.
Есептеймін лезде жұлдыздардың
Бір-біріне қашықтық, жақындығын.

Таптым қуат тауды да жығатұғын,
Асау құйын алдымда ығатұғын.
Тапқаным жоқ жалғыз-ақ жақынымды,
Айтқанымды айнытпай ұғатұғын.

❁ ❁ ❁

Көзіңменен көрінгенді алдамай,
Құлағыңды салшы маған, қарғам-ай.
Қайтып қана адамша өмір сүресің,
Үзілгенді өз қолыңмен жалғамай.

Қызықпа сен көрінгенге таңғалмай,
Ұрынба сен, ұтарыңды қамдамай.
Өмір бойы өкініштен өксірсің,
Арам жолға аяқ бассаң аңдамай.

❁ ❁ ❁

Жарықтан жасқанады жарқанаттар,
Көзімді күйдірмейді жанған оттар.
Қараймын алысқа да, жақынға да,
Күнәм жоқ титтей бұғып қорғалақтар.

ӨТКЕНДЕРДІ ОЙЛАСАМ

Әкемнен оқ, атамнан садақ алдым,
Қарқарасын маңдайға қадап алдым,
Уақытымды мөлшерлеп санап алдым,
Аз өмірдің қызығын қалап алдым.

Аңның тілін түсіндім, үйрендім де,
Ұқтым тілін жел тартқан күйлердің де.
Ұқтым сырын көгеріп гүл ашудың,
Ұқтым сырын қуарып күйреудің де.

Түзде жүрдім, құм кештім, су да кештім,
Туған жерден тоқтатып, қумады ешкім.
Кең даламда, қаласам, жел боп естім,
Жетім менен жесірге жәрдемдестім.

Аталарша алысқа садақ тарттым,
Ақ дәстүрін ұстандым ата қарттың.

Көрдім талай түндегі ғаламатты,
Жұмбақ отқа көктегі қарап жаттым.

Ән айтатын жылқышы өрістегі,
Түсінуші ем қызбен ол келіскенін.
Құрақ пен жапырақтың сылдырлары,
Жүрегіме қонатын тегіс менің.

ШЕШЕ ҚИЯЛЫ

Шешем маған түйе жүн шекпен тікті,
Ойланды да ақылмен, еппен тікті.
«Өскеннен соң жігіт боп киесің» — деп,
Өлшеп қойды он жылды алдан тіпті.

«Күнім менің, көкешім, бөпешім» — деп,
«Он жылдан соң жиырмаға жетесің», — деп.
«Әкеңменен алысқа бірге аттанып,
Әкеңменен бір жортып кетесің», — деп.

«Әкеңменен бір кетіп, бір қайтасың,
Қасқыр соқпай қалайша құр қайтасың?
Жүрек жұтқан айбынды жігіт болып,
Әкеңнің де атағын ұлғайтасың.

Тілеулес боп сыртыңнан замандасың,
Жақсыларға жанассаң амандасып.
Есті жігіт ертерек атанбасаң,
Сені өсірген сол бір шақ маған да сын.

Бәрін білсең, әкеңнің білгендерін,
Танып алсаң әкеңнің жүрген жерін.
Жақсы жермен құда боп келін алсам,
Кеңейіп-ақ кетпей ме іргем менің.

Алғанда жау жағадан, бөрі етектен,
Кез болса үлкендерден дәрмен кеткен.
Беттесіп дұшпаныңмен тұр жекпе-жек,
Үстіңде сауыт болып қызыл шекпен!»

ҚЫЗ ҚИЯЛЫ

Ботагөз, сиқырлы көз, аппақ Айман,
Кем емес кереметі толған айдан.
Он бестен он алтыға толып жасы,
Шығыпты кең дүниеге құрып сайран.

Кім болар сүйенерім, сүйген жарым,
Көрермін қашан оның бет-ажарын.
Көзіме бір елестеп кетсе нетті,
Жарқ етер жанған оттай қалқажаным.

Жел ме екен, сүйер жарым сағым ба екен,
Немесе таудан аққан ағын ба екен?
Жалт етті аспанымда бір ақсұңқар,
Сол менің от қанатты жарым ба екен?

Кім екен сүйер жарым — қыран ба екен,
Әлдебір қыр жайлаған бұлан ба екен?
Бұланмен қырда сайран құрар ма екем,
Қыранмен қия таста тұрам ба екен?

Кім екен сүйген жарым, батыр ма екен,
Үйінде ойлап мені жатыр ма екен?
Ақ таудың етегінде жатқан үйі,
Ақ күмбез алтын шашақ шатыр ма екен?

Түсінде ол да мені көрер ме екен,
Түсіне мені көрген сенер ме екен?
Ән салып «Айманым» деп атымды атап,
Ақбозбен іздеп мені келер ме екен?

Ақбозбен іздеп маған келер ме екен,
Ақбозын мін деп маған берер ме екен?
Әр сөзі аузынан шоқ боп шығып,
Алдымда ғашық сырын төгер ме екен?

Ақ бұлт боп аспанымда ұшар ма екен,
Мойнымнан ақ жаңбыр боп құшар ма екен?
Аспаннан періштем боп түсер ме екен,
Бауырына басып мені қысар ма екен?

Жоқ, әлде ақ боран боп соғар ма екен,
Ақ қарға ақ денемді орар ма екен?
Алып ұшқан жүректі басар ма екен,
Бозарып қызыл нұрым солар ма екен?

Жүрегім жиі неге қағады екен,
Жұлдызым неге қатты ағады екен?
Жұлдызым қарайламай аға берсе,
Ақыры неге барып соғады екен?

Түсіңе қашан, жаным, кірер екем,
Көзіңе қарап қашан күлер екем?
Ақ тауда ақ киіктей мен барымды,
Естіп көрсем-ау деп, жүрер ме екен?

Ақбозға жарым қашан мінер екен,
Төрт бөліп түн ұйқысын жүрер екен?
«Көрсем» деп жарға барар жарық жолды,
Неше рет ат шалдырып түнер екен?

Әлде мен өзім қаңғып кетсем бе екен,
Алты өзен, алты таудан өтсем бе екен?
Мені аңсап таппай жүрген мұңды жасқа,
Жарқ етер жарығы боп жетсем бе екен?

Жетіп ап бар сырымды ашсам ба екен,
Мініп ап ақбозына қашсам ба екен?
Ақ таудан әрең іздеп тапқанында,
Алдынан ақ отауда тоссам ба екен?

ӨЗ ҚИЯЛДАРЫМНАН

Жасамай-ақ қояйын ұзақ өмір,
Жасымасын тек қана шуақ көңіл.
Керек емес тоқтығы бір басымның,
Торықпаса жетеді туған елім.

«Ботам» деген сөзімнен айырмасын,
Ботасыздық атағым жайылмасын.
Үзбей айта берейін әжемдерше,
«Ботам» деген әнімнің қайырмасын.

Керегі жоқ қаруы батырлықтың,
Керегі жоқ атағы ақындықтың.
Менің панам — қамқоршым елім ғана,
Бола бергей мұқалмай халқым мықты.

Мұқалмаса туған жұрт, тұрса айбынды,
Мақтан қылман қалайша ондай күнді.
Ай бейнелі жүзінен аналардың,
Көлеңкесін көрмейін қайғы-мұңның.

Аспан астын, жер бетін аралармын,
Болашағын халқымның шамалармын.
Қуанармын көрмесем қасірет табын,
Күн бейнелі жүзінен аналардың.

Көтерермін жүгін мен қара нардың,
Белім талса, жан-жаққа қаранармын.
Қарармын да шаттыққа бөленермін,
Жүзін көрсем қасіретсіз аналардың.

ЖІГІТ ҚИЯЛЫНАН

Айдын көлдің жағасы құрақ екен,
Сол жағада ақ сәулем тұрады екен.
Ұзын жолдың бойынан көзін алмай,
Күтіп күнде мойынын бұрады екен.

Айдын көлдің жағасы құрақ екен,
Айдын суы айнымас сынап екен.
Ұзын жолдың бойына қарай-қарай,
Қалай ғана ақ сәулем шыдады екен?

Қалай ғана ақ сәулем шыдады екен,
Неше күліп, неше рет жылады екен.
Айдындағы аққуға мұңын айтып,
Нендей медет ақ құстан сұрады екен?

Сәулем қандай — сағымға малынғандай,
Ақ жүзіне ай нұрын жағынғандай.
Тамып-тамып кетеді көзінен шоқ,
Күтіп мені алыстан сағынғандай.

Көлден кетсе, кезеді көк орманын,
Көк орманнан іздейді жоғалғанын.
Жоғалтқаны іздеген өзім болсам,
Бұл жалғанда дер едім жоқ арманым.

Тапты ма екен ақ сәулем жоғалғанын,
Іздегенің мен болсам — жоқ арманым.
Қайың боп күт, сәулешім, терек боп күт,
Күт сағынған жарыңның оралғанын.

❁ ❁ ❁

Күнім мені жылытып шуағымен,
Көлім желпіп көк бұйра құрағымен,
Қоңыр желім лебімен аймалайды,
Сусынымды қандырып бұлағымен.

Жолбарыстан үйрендім жұлысқанды,
Таудан таптым сабырмен тыныстауды.
Болмашыға болдырып тырыспадым,
Жақыныммен жараттым ұғысқанды.

Қайсарлықты үйрендім еменімнен
Айнымадым ант бұзып дегенімнен.
Шыдамды да үйрендім мен елімнен,
Айныған жоқ ант бұзып дегенімнен.
Жалғыз қалсам, жұбаттым өзімді-өзім,
Жарып шыққан жанымды өлеңіммен.

❁ ❁ ❁

Жетпістің жасым биыл бесеуінде,
Айналды өмір, шіркін, кешеуілге.
Күнұзақ күншуақта өлең жазып,
Түн ұзақ ыңқылдаймын төсегімде.

Жеткенде жетпісімнің бесеуіне,
Қосылдым құбыжықтар есебіне.
Жарқылдап отыратын Әбділда едім,
Айналдым кемпірімнің көсеуіне.

Асқан соң бұл жетпістің бесеуінен,
Аулақ жүр ағайынның өсегінен.
Қояды бұл дүниеден түк көрсетпей,
Көзімнің қарашығын теседі де.

Асқан соң бұл жетпістің бесеуінен,
Жігіттің жақын болма есеріне.
Есерлер жын-құйын боп көшеді де,
Кетеді үмітіңді кеседі де.

ҚАРШЫҒА

Қаршығам жігіт еді көк желектей,
Еститін құдірет даусын зеңгір көктен.
Жүрісі жолбарыстай жеңіл еді,
Қимылды жібермейтін қыбыр еткен.

Жұлдыздың жарығынан жаңа жеткен,
Білетін келетінін қайдан көктем.
Зеңгірдің сығырынан аңғаратын,
Толқынын сиқырлы әннің ұшып жеткен.

Сымбаты солқылдаған көк теректей,
Жүрегі лапылдаған жанған өрттей.
Жарыққа жақындаған үн қосатын,
Ғайыптан аңғарғаны қате кетпей.

АТАМ ӘҢГІМЕЛЕРІНЕН

I

Нағашым аңсағанда жан достарын,
Айтатын әңгіме ғып соның бәрін.
Кішкене баласының ұнататын,
Отырып үлкендермен тыңдағанын.

Тыңдадым талай-талай әңгімесін,
Шығатын қызыққаннан менің де есім.
Ойласам бүгінгідей елестетем,
Көзіме әркімдердің көлеңкесін.

Еріксіз тыңдаушысын жіпсіз матап,
Сөйлейтін сұңқыл қағып менің атам.
Айтатын дәл кешегі оқиғадай,
Аттарын достарының атап-атап.

— Бір досым Жақай еді жанқиярлық,
Адамға ойында жоқ титтей тарлық.
Жартастай жауырынды, пілдей мықты,
Көргеннің көзі ойнақшып қызығарлық.

Дығы жоқ, ашуы жоқ, таза жаны,
Жейтіні жалғыз ғана жұрттың қамы.
Тау бұзып, өзен байлап береді елге,
Жақсылық адам үшін ойлағаны.

Белдессе дәулерді де шыдатпайды,
Бірақ ол алысқанды ұнатпайды.
Қысылған, қиналғанға жәрдемі әзір,
Адамды әлсіреген құлатпайды.

Мейірімді үлкенге де, кішіге де,
Адамның айтпай жанын түсінеді.
Төзбейді, кешірмейді қиянатты,
Сүймейді қараниет кісілерді.

Ұмытпан жан досымды шапқан кетпен,
Жер жыртқан, кең далаға тұқым сепкен.
Күз сайын қызыл қырман тау өсіріп,
Той жасап келгендерге сый көрсеткен.

Қыс бойы дамылдамай аң аулайды,
Отырып үйде тыныш қала алмайды.
Қайтады арқар атып арқаланып,
Олжасыз аулына бір оралмайды,

Алысып кейде аюмен ормандағы,
Қиын боп жалғыз басы — қорғанбағы.
Келеді арқаға сап дәу қараны,
Халықты таңдандырып сол маңдағы.

Болса да қанша мықты, жаны нәзік,
Қайғырса достары үшін кетеді азып.

Біреудің жалғызы өлсе бірге жылап,
Жарқылдап жүре алмайды бойын жазып.

Адам ғой, адам үшін қиналатын,
Тірлігін жанашырға қиған батыл.
Жігітке «доспын» деген жанын беріп,
Имандай әр сөзіне иланатын.

Ғажап қой достың досқа сенген шағы,
Суырып жан жүрегін берген шағы.
Арманын адал достың биік ұстап,
Өзінің кейде ұмытар болашағын.

II

Балықшы Бегім менің досым еді,
Анамыз екеумізді қосып еді.
Өтетін жігіттікке балалықтан
Мезгілді қатар өсіп тосып едік.

Аралап көк құрақты, ақ қамысты,
Зырғытып жел қайығын жалтарыспен.
Жеріне ау құратын баратқанда,
Сыртынан қараушы едім мақтанышпен.

Айдынға шығып алып кейде Бегім,
Тартқанда құлаштап бір қос ескегін
Ақ қайық — ақ құс болып елестейтін,
Іздеген көк мұнардан келешегін.

Шалқардың салқын лебін аңсағанда,
Елемей ыстық күнді, шаршағанды.
Қайтатын кешке Бегім әнін айтып,
Толтырып ақ қайығын сары сазанға.

Айдын көл, ағын өзен — жердің көркі,
Жайлаған жағадағы елдің көркі.
Ақ қайың астындағы жарқыл қаққан,
Шалқарда балықшы жас ойнайды еркін.

Не жетсін еркіндікке айдындағы,
Болмайды кірбең көңіл, ойдың дағы.

Көк аспан, көгілжім көл саясында,
Қалмайды қалжыратар қайғың-дағы.

Сүйемін кең дүниенің еркіндігін,
Еркіндік дейтін менің — көркім бүгін.
Қиялым — Күннің жүрер көк аспаны,
Ашатын жанындағы шер түндігін.

Ішкені — ақ қайыңның шырындары,
Орманның шымшығы боп шырылдады.
Сүйенді шаршағанда қарағайға,
Үңгірге көлеңке іздеп тығылмады.

Шырылдап аузын жаппай шыбын жаны,
Жолынан жорық тартқан бұрылмады.
Жер қазды, жұртпен бірге тас аударып,
Қалмады қара құс боп тұғырдағы.

Алданып болмыстарға құбылмалы,
«Оңай» деп арам іске ұрынбады.
Аз емес, адалдықтан тапқандары,
Аз да емес, шыққан тағы шығындары.

Жақсылар арылған жоқ маңайынан,
Күш алды кіші інілер арайынан.
Мезгілдің аңғарылмас белгісіндей,
Ақ қырау орын алды самайынан.

Қарамай тарта берді талғанына,
Сенбеді көріністердің жалғанына.
Бөгесе бөгделер кеп, бөгелмеді,
Ұмтылып алыстағы арманына.

ОЙЛАР, ОЙЛАР

I

Алыстағы жұлдыздың сәулесіндей,
Бір жарықтың жүрдім мен әуресінде.
Қолым жетпей әуре боп қалсам-дағы,
Көрінгені алыстан әлі де есімде.

Көрінді де алыстан алды есімді,
Жібермеді маңына «әу» десуге.
Ыстық сезім әлсіреп салқын тартып,
Көнеді адам өмірдің әр несіне.

Ой деген бір мұхит қой түбі терең,
Мұхиттарда жүзетін жігіт ерен.
Өз ойының жете алмай жағасына,
Кейде батып кетеді күйреп кемең.

II

Алмасып жарық пенен көлеңкелер,
Есіңе түседі кеп әлденелер.
Жас пері жігітінің құшағында,
Жаудырап қара көзі қыз еркелер.

Ақ бауыр, алтын мүйіз кермаралдың,
Қалай мен тұрмын екен тосып алдын.
Қалайша қара көзін қиып оның,
Қалайша соны ататын оқ жонармын?

Қараймын, қарауытқан жол көремін,
Шаңдатқан қара жолды қол көремін.
Жетеді жер шайқаған ат дүбірі,
Құлағын қайшылайды тор дөненім.

Тор дөнен, қайшылама құлағыңды,
Қоздырма құла түзде құмарымды.
Түсетін сені мініп бәйгем алда,
Көрерсің сонда менің сынағымды.

III

Шегіне терең ойдың кім бар жеткен,
Елестер көз алдында өткен-кеткен.
Ағысын уақыттың аңғармайсың,
Ауысып бір дүрмекке бір дүрмектен.

Музыка, жылаған үн, күңіренген күй,
Үрейлі шулығаннан қайнайды ми.
Жеріңе ойыңа алған жетем десең,
Езілмей мезгілінде есіңді жи.

Адамды сұрғылт дүние мезі етеді,
Мезгіл де ойламасаң, тез өтеді.
Біреуді біреу сырттан күзетеді,
Дос болса, қисығыңды түзетеді.

ЖІГІТ

Ауысып бір дүрмекке бір дүрмектен,
Жас жігіт көп нәрсеге үлгірмепті.
Ұмытып Көкшедегі сүйген қызын,
Апырым-ай, іздемепті не себепті?!

Жүргенде босана алмай күннен, түннен,
Ертең не кездесерін өзі білмей.
Ойына түсе қалып Құралайы,
Өткізді түнді бүгін көзін ілмей.

Бар тірлік, бар дүние жоғалды да,
Құралай тұра қалды көз алдында.
Кейде бір бұлдыр сағым бұлдыратып,
Көтеріп кетеді оны жоғарыға.

Жеткендей бұзып жолдың тосқауылын
Сылдыры естіледі шашбауының.
Мөлдіреп қара көзді бұрылып тұр,
Күткендей мезгілдің бір қас қағымын.

Апырым-ай, жас үйірілді-ау жанарына,
Шынымен көзінен жас тамады ма?!

Кім екен, аңсағаны мен бе екенмін,
Сарғайып о да есіне алады ма?

Ақ сағым адамнан жөн сұрамайды,
Барады алыстатып Құралайды.
Көрінген жаңа ғана мұңды сұлу,
Сағымнан күлімсіреп сығалайды.

Кенеттен ашық күнді бұлт басады,
Адам еркін жоғалтса, адасады.
Жанып тұрған жүрекке су себіліп,
Ұмытады кешегі тамашаны.

Сақта, тәңірі, ондайдан ғашықтарды,
Махаббатқа қиятын қасық қанды.
Қуаныш бер, қанат бер, жарылқай бер,
Бірін-бірі көргенше асыққанды.

БІР ДОСҚА

Маған сенбей, сенесің енді кімге,
Айтшы, қандай мін таптың ерлігімнен?
Неге, досым, толқисың, құлпырасың,
Шаң боратқан жолдарда желді күндей.

Маған сенбей, сенесің енді кімге?
Шыдап жүрмін мен саған мендігімнен.
Атап-атап айтсайшы тұнжырамай,
Түртіп-түртіп көрсетіп кемдігімді.

Ақтармаймын айтылмас шер-мұңымды,
Таба алмайсың мін қылар кемдігімді.
Күнә жасап көргем жоқ дос алдында,
Антым әзір қаласаң сендіруге.

Мен қызғанып көргем жоқ дәулетіңді,
Сыйлай білдім өзіңді, әулетіңді.
Ел басқарған ісіңе сәт тіледім,
Мақтан көріп сенің мен сәулетіңді.

Атағыңа мақтанып жыр арнадым,
Жұртын сүймес жырау боп жүре алмадым.
Саулық тілеп өзіңе өлең жаздым,
Одан артық сый-құрмет қыла алмадым.

Әрине, мен бас иіп жағынбадым,
Жалған сөйлеп, өтірік табынбадым.
Аспаным кең, жерім кең, өзім де кең,
Болғаннан соң мүмкін бе тарылмағым?

Ең байлығы ақынның жыры емес пе,
Жыры оның Айы мен Күні емес пе?!
Көлдей шалқып жүргені, желдей есіп,
Дүниедегі бақыттың бірі емес пе?!

Ол бақыттан ажырау қиын маған,
Байлығым сол — шашылған, жиылмаған.
Поэзия — жанымның жарық оты,
Мансапқорлық әзелден бұйырмаған.

КЕҢЕС

Үрей келсе, берілме, сына қалма,
Жәрдемдессін дос өзі, сұрап алма.
Қай майданға түссең де, іштей бекін,
Сыр алдырма дұшпаның сынағанға.

Байланбаса болыпты екі қолың,
Өртенбесе болыпты жүрер жолың.
Пешенеңнен көресің көреріңді,
Бірдей күтер алдыңда бақ пен сорың.

Үрей сұмдық ішіңе от салатын,
Талдыратын қыранның қос қанатын.
Үрей отын іштегі сендір, досым,
Қорқыныштан орның жоқ тоқталатын.

Мойындамай күнәңді жасырғаның —
Сайтандықтың жолына бас ұрғаның.

Ішіндегі үрейдің құлы болып,
Берекесін өмірдің қашырғаның.

Өйтіп көрген тірлігің кімге дәрі,
Өмір сүру мүмкін бе одан әрі.
Өзіңе-өзің сұмдық боп көрінгенше,
Бұл жарықтан жақсы ғой жоғалғаның.

Шық алдына қауымның, тура қара,
«Ағарам» деп басқаға жаппа жала.
Жасырмай айт күнәңді, асырмай айт,
Тарт жазаңды, ешкімді паналама.

Ешкім сені тағы да аямасын,
Жаза алған соң несіне аянасың.
Ішіндегі сұмдықтан босанған соң,
Ертеңіне тазарып оянасың.

Адам өмірі секілді қас қағымда,
Ештеңе жоқ қызығар жастағыңдай.
Жарқ етті де жарық от сөне қалды,
Жұма салып көзіңді ашқаныңдай.

ДОСТАР СЫРЫ

— Не бар сенің көңіліңде, айтшы маған,
Көп пе сырың жабулы айтылмаған?
Мен үшін сен күйсандық сияқтысың,
Ашылмаған қақпағы, тартылмаған.

Сыртың жүдеу жүрсең де көзің отты,
Лақтырасың кей кезде қызыл шоқты.
Көп қой сырың бүркеулі айтылмаған,
Жасырасың не үшін, кімнен оқты?

Ойлар жатыр ішіңде таудай-таудай,
Құбылыстарға қарайсың көңілің аумай.
Еш нәрсе жоқ көзіңді қызықтырар,
Шөлдейсің де жүресің мейірің қанбай.

Кілең шаршап жүресің, жүдеу тартып,
Бір сөз сенің аузыңнан шықпай артық.
Таудай ойлар жаныңды жаншымай ма,
Қашан айтар екенсің маған сарқып?

— Рас, — деді жас досым, мойындады,
Ашпай жүрмін сырымды ойымдағы.
Сеніп сөйлер сенімді серігім жоқ,
Күдік деген бір пәле жойылмады.

Саған айтсам сырымды, ұғармысың,
Тұрам деген жеріңде тұрармысың?
Қалай мені бағала, ерік сенде.
Мен емеспін айтысып жығар кісің.

Мен ғашықпын жарыққа, келер күнге,
Келеді ұрпақ жарқырап күнмен бірге.
Ертең жасар адамның сиқы бөлек,
Ұқсамайды бүгінгі саған мүлде.

Келеді ол көтеріп өз жарығын,
Сескенбейді, елемес жол тарлығын.
Көремісің, тірлікке қандай құмар,
Аяғын да басады сондай мығым.

Бізден тіпті бөлек қой, көремісің,
Бізден артық десем мен, көнемісің.
Біз секілді таласып, тиын санап,
Екеуара жатпайды ерегесіп.

Я қуланып көрмейді, я сұмданып,
Екі көзі — қос шырақ тұрған жанып.
Біз секілді тұйыққа тықпайды өзін,
Жермен бірге жүреді шыр айналып.

Ол босанған әдеттің байлауынан,
Көнбейді ол тағдырдың айдауына.
Біз сияқты құлы емес үйреншіктің,
Ынтығады жеткенше ойдағыға.

Тастамайды оны ешкім жіпсіз байлап,
Қалауынша жүреді күліп-ойнап.

Адам деген атағын қорлатпасқа,
Шығуға әзір жарқылдап қылыш қайрап.

Біздей емес, кешпейді ол жалғандықты,
Себебі онда сөнбейтін арман мықты.
Кешірмейді ұрлықты, жауыздықты,
Адам болмай, аң болып қалғандықты.

Осыларды ойласам, арланамын,
Кететіндей жарылып, шамданамын.
Сенен қорқам, өзімнен тағы қорқам,
Болмысынан қорқамын айналаның.

БІЗ ОСЫНДАЙ ҰРПАҚПЫЗ

Әкем шаруа кісі еді еңбектенген,
Өмір бойы алысқан дөңбектермен.
Егін еккен, мал баққан, қора соққан,
Айналыспай жеңілтек еңбектермен.

Оңай ақша түсіріп дәнікпеген,
Ойын-тойда жүрмеген бәдікпенен.
Оқуды да қарық қып оқымаған,
Шыға алмаған жыл бойы әліппеден.

Жігіт бопты шырайлы, қайратты да,
Бірнеше жыл күліпті, ойнапты да.
Үйленген соң бейнетке малшыныпты,
Белін бекем белбеумен байлапты да.

Маған мұра бәлендей қалдырмапты,
Арнап маған үйшік те салдырмапты.
«Өссін» депті жалтақсыз емін-еркін,
Болмасты айтып, ешкімді таң қылмапты.

Өсіп келем мен енді емін-еркін,
Маған қызық адам мен жердің көркі.
Еркіндікті сүйеді дәл өзімдей,
Достарым да қасыма жүрген ертіп.

Қызықпаймыз дүниеге, байлыққа біз,
Алатұғын ырзамыз айлыққа біз.
Еркін жасап өмірде жүрсек жетті,
Қарным ашып қалар деп қаймықпаймыз.

Жалтағым жоқ біреуге жалпағым жоқ,
Байлап тұрған қолымды арқаным жоқ.
Тура басып келемін, тура айтамын,
Сөзім менен ісімде жалтару жоқ.

Орындалмас қиялдың керегі не,
Тірлігіме қолма-қол берері не?!
Жалған дүние кетеді жалт бұрылып,
Алдау үшін жалт етіп келеді де.

Орындалмас арманның керегі не,
Не қосады өмірлік өнеріңе.
Жалған жылтыр от болып қалай жанар,
Жоғалады лезде, сөнеді де.

ИТІМ ҚАЙДА?

Итім қайда, жұртым-ау, итім қайда?!
Ит шақырсам дауысым қиқылдайды.
Арқа сүйер ақпейіл досым еді,
Арамдығы жоқ еді титімдай да.

Жоғалыпты бір түнде көрінбестен,
Көріп едім демейді онымды ешкім.
Күшігінен бірге өскен қайран итті,
Қай жырадан іздейін, қай дөңестен?

Қайда, қайда жоғалды Бөрбасарым,
Соған сеніп жүруші ем сынбай сағым.
Онсыз шықсам далаға үрейлімін,
Онсыз кірсем қалыңға адасамын.

Таласпайтын ішкен мен жегеніме,
Бас ұрмайтын басқаның беделіне.
Үргенін бір міндет қып көрмеп еді,
Қуанатын «Күшім-ай» дегеніме.

Ойнағаны арсылдап ермек еді,
Алдағанның біріне ермеп еді.
Айнымайтын аяулы досым еді,
Иттік жасап мен де оған көрмеп едім.

Ол үретін жерінде мен үрмедім,
Ит міндетін атқарғыш көрінбедім.
Іргедегі жататын о да орнында,
Төсегіме таласпай төрімдегі.

Итім қайда, жұртым-ау, итім қайда?
Осы қазақ шынымен ит ұрлай ма?!
Айнымайтын аяулы досым еді,
Қиянаты жоқ еді құйтымдай да.

МҰҒАЛІМ

Ұстамас өзін биік ексімменен,
Булығып болмашыны кексінбеген.
Ажары жаздай жылы, жаны мырза,
Ешкімге ештеңені көпсінбеген.

Кекету-мұқатуға емес жақын,
Басқаны жұмсамайды өзі жатып.
Қайырымды, үлкенге — іні, кішіге — аға,
Маңайын мейіріммен жылытатын.

Сөйлейді күліп қана керегінде,
Тұрады айнымастан дегенінде.
Қауымына міндет етіп көрген емес,
Өзінің білімі мен өнерін де.

Сүйеді ұстаздығын мектептегі,
Біледі шәкірттердің түстеп көбін.
Қуанып балаларға баяндайды,
Адамның жермен, күнмен тектестігін.

Туыспыз барлық халық, жер-анамыз,
Бәріміз ортақ желмен дем аламыз.
Оты бар жарық күннің қанымызда,
Шұғыладан жаралғанбыз дей аламыз.

Секілді туған жердің тең серігі,
Бәріміз ұлы күннің бөлшегіміз.
Сенуге, суынуға ақымыз жоқ,
Күн ғана тірліктегі өлшеміміз.

Сабақта осылайша айтып бәрін,
Бағады шәкірттердің ой аңғарын.
Түйсініп түсінгенге қуанады,
Байқаймыз өзінің де толғанғанын.

Бұзылмай жарастығы жарыменен,
Сүйеді бірін-бірі жанымменен.
Болмасты болдырам деп жаныққайды,
Базар ғып отырады барыменен.

Асыл тас, алтын кесе — арман емес,
Арманы құбылмалы жалған емес.
Думанға шақырмаған барған емес,
Шақырса қызықтардан қалған емес.

Мүләйім мүсіні де жарасымды,
Білмейді баю үшін таласуды.
Ол ырза аман болып оттың басы,
Отырса бөліп ішіп қара суды.

❁ ❁ ❁

Тұр ма айналып астымдағы жер менің,
Ол туралы ойланып та көрмедім.
Өзім ғана шыр айналып ойнадым,
Шыр айналған құйын болып ермегім.

Неге туды, адам деген неге өлді?
Неге бұл жер қарайды да көгерді?
Көрген емен соның бірін ойланып,
Білген емен «өлемін-ау» дегенді.

Жер көгерсе қуанғаным есімде,
Шешіп тастап көн етікті тесілген.

Күтетінмін жаздың желін сағынып,
Жылда мені жылуымен өсірген.

Үркіп соққан, қар боратқан дауылдан,
Былтыр көшіп кеткен шөптер ауылдан
Биыл қайта ұшып келіп құстармен,
Қонып жатыр далам менен тауымда.

❁ ❁ ❁

Іздерім қайда, іздерім қайда сондағы,
Іздермін қайдан қалдырған ізді жолдағы.
Шұбыра шапқан жылқылар таптап кетіпті,
Қалыпты жалғыз есімде менің тоңғаным.

Есімде менің, есімде қалай тоңғаным,
Қара құс болып ошақ басына қонғаным.
Жалаңаш қолды жалынға қызыл батырып,
Елемегенім жеңімнің бықсып жанғанын.

Кешкенмін талай қамырдай илеп батпақты,
Өткенмін талай сындыра басып қатқақты.
Сонда да менің баттиып ізім жатпапты,
Қаптаған сиыр ізімді менің таптапты.

Қаптаған қой да ізімді менің таптапты,
Жасымнан жолым жарқырап бөлек жатпапты,
Тым болмағанда өзімнің туған аулымда,
Қалдыра алмаппын жіңішке ғана соқпақты.

Көрінген жерде көңілім түскен тоқтаппын,
Ойынды сүйіп, ермекті ғана жоқтаппын.
Жылынсыншы деп менен кейінгі тоңғандар,
Жанатын ұзақ отымды да арнап жақпаппын.

❁ ❁ ❁

Әркім айтар не көріп, не білгенін,
Өмір бойы нені іздеп жүгіргенін.
Кімге сеніп, кімдерден көңілі қалып,
Неден шошып, неліктен түңілгенін

❁ ❁ ❁

Отырмын күнді батырып,
Отырмын таңды атырып.
Тағы да кетіп барады,
Батысқа күнім ақырын.

Жас терек тастап жапырағын,
Жалаңаштанып келеді.
Жастанар менің топырағым,
Түсіме түнде енеді.

Жұлдыздар қайда... білмедім,
Шашылып кеткен жоқ па екен?
Түн ұзақ көзімді ілмедім,
Оянып тағы кетпедім.

❁ ❁ ❁

Жеңіл еді өткен жылым биылдан,
Бір үміттер күтуші едім қиыннан.
Ал биыл ше?
Ұзап барам үміттен,
Ас та ішпеймін, аталарға сиынбай.

Кең дүниенің тарылуы қиын ба,
Ажал шіркін алам десе, қиын ба?!
Жанып тұрып өшесің де қаласың,
Қаламың мен қағаздарың жиылмай.

Кейде ішетін асың қалар бұйырмай,
Кейде көздің ағар жасы тыйылмай.
Адам ғана айта алады ақ тілек,
Айналмаса әзәзілге, құйынға.

АЛТЫ ЖОЛДАР

Мен өзімді кеммін деп санамадым,
Әкімге де ұлық деп қарамадым.
Ұға алмаған шығармын кейде мүмкін,
Болжап айтқан сөздерін даналардың.
Тіршіліктің алаңы көп қой мүлде,
Босана алмай жүремін содан күнде.

❁ ❁ ❁

Шалмын ба мен, өшетін шаммын ба мен,
Шаршадым ба, қалжырап қалдым ба мен?
Өсек қоспай билігін өздерің айт,
Отырмын ғой жалтақсыз алдыңда мен.
Ағымына қызығып Күн мен Айдың,
Әл жеткенше әлі мен қимылдаймын.

❁ ❁ ❁

Керекпін бе мен жұртқа,
Айтшы, кімге керекпін?
Өтпей қалсам торынан
Елейтұғын електің,
Ақылшыма қалайша
Керекпін мен демекпін?

ҚАЙТЕР ЕДІҢ

Керекпін бе мен саған,
Неге керек дейсің сен.
Аңсар ма едің, айтшы өзің,
Аз ғана күн көрмесең.

Іздер ме едің сен мені,
Аз ғана күн көрмесең?
Қайтер едің, айтшы өзің,
Хабарымды бермесем.

Әлде тез-ақ ұмытып,
Ортақ ойды, тілеуді,
Табар ма едің менен де
Қызығырақ біреуді.

❁ ❁ ❁

Өзің сөйлеп, оны өзің мақұлдама,
Жаман сөзден тумайды «ақылнама».
Зәлім болсаң, әділ жұрт «зәлім» дейді,
Қорғамаған күйеден арын дейді.

❁ ❁ ❁

«Ақылды» деп жұрт айтсын, өзің айтпа,
Өрден қорқып, оңай деп кері қайтпа.
Қайда жүрсең, соқтықпай, шамаңды біл,
Алыстың ба, адал жық, адал жығыл.

Аузың қышып бара ма, кідірсейші,
Ақылды айтқан ақ сөзге жүгінсейші,
Бос былшылға салмайды ешкім құлақ,
Өзің теже өзіңді, өзің сынап.

❁ ❁ ❁

Турасын айт, қорықпа қинаймын деп,
Бет-жүзіне қарама сыйлаймын деп.
Адал сөзге төзбесе күйсін-жансын,
Шыдамаса жүрегі, өле қалсын.

❁ ❁ ❁

Құлақ біткен адамға тыңдау үшін,
Жақсы сөздер тыңдаудан тынбау үшін.
Сөз қадірін білмеген құлақсызбен
Көрші болмай, алыстау қонғаның жөн.

❁ ❁ ❁

Көзіне қара адамның,
Жүрегін ізде көзінен.
Алдана көрме, қарағым,
Құлпырған жалған сөзіне.

❁ ❁ ❁

Аларың болса, алып қал, балам, бүгіннен,
Түк те ала алмайсың мезгілмен бірге
жүгірмей.
Өнімсіз өткен әр күнің — қайтпас шығының,
Көгермей қалған көктемде жасыл шыбығың.

❁ ❁ ❁

Күткенім қанша келетін күннен ертеңгі,
Ертеңді күткен үмітім қанша өртенді.
Жолаушы — мезгіл, тоқтатқаныңа көнбейді,
Өткен күн бүгін түсіңе қайта енбейді.

❁ ❁ ❁

Даладан келдім, ауылдан келдім қалаға,
Қаладан қайттым, ауылға қайттым — далаға.
Уақытымның бәрі топырақ боп ұшты-ау
желменен,
Сандалып жүріп жуыспас екі арада.

❁ ❁ ❁

Ақылым жетсе, өзімді бекем ұстарлық,
Кетпесе билеп құмарлық пен құштарлық.
Достарым сеніп айнымас жанға баласа,
Болар ма маған осыдан артық тамаша.

❁ ❁ ❁

«Болар бала боғынан»,
Деп айтпаған бекерге.
Жас тілегін тілеңдер,
Аға жүгін көтерген.

❁ ❁ ❁

Батыр дейміз жақсыны сабағанды,
Қасқыр дейміз жуасты талағанды.
Ұстамдыны, ойлыны, менсінбейміз,
Жалақтаған пысыққа «ерсің» дейміз.

❁ ❁ ❁

Кедейдің ойы жүйрік,
Қолы қысқа.
Өтіріктің тілі жүйрік
Жолы қысқа.

❁ ❁ ❁

Ішім толы нұр емес жұртқа жетер,
Ақылым жоқ пәлендей сен дәметер.
Ақ пейілім бар, адал ой, ақ ниетім,
Байлығым сол достарға беріп өтер.

❁ ❁ ❁

Қайталанбас керемет әрбір көктем,
Ертең қайта оралмас бүгін кеткен.
Жазың өтсе, алдыңнан қысың дайын,
Күндер ысып кетті-ау деп қылма уайым.

Аққан бұлақ тоқтаусыз ағып жатыр,
Тауыса алмайды мұңдарын шағып ақын.

Арманы көп бұлақтай ағылатын
Ойдан оның күні жоқ арылатын.

Қанша мың жыл бұл адам жаралғалы,
Жер бетіне лек-лек боп таралғалы.
Содан бері шабысып, атысамыз,
Жеңгендерге арнаймыз жыр мен аңыз.

❁ ❁ ❁

Тірлікте бір де зат жоқ керек емес,
Ол заттан адам әсте бөлек емес.
Дүниеден өтеді адам алам деумен,
Еркімен сен ала ғой демек емес.

❁ ❁ ❁

Бұл өмірдің бір сұмдығы — құштарлық,
Бар ма құдірет құштарлығын ұстарлық.
Бұл құштарлық еркектерді дұшпан ғып,
Әйелдерді жібереді мыстан ғып.

❁ ❁ ❁

Ерні қандай қып-қызыл гүл,
Әлде шоқ па, кім білер?!
Шоқ болса ол бір бейкүнә
Көбелекті күйдірер.
Мүмкін, оның ерніндегі қып-қызыл гүл у шығар,
У болса ол өлтіруге маған ғана сүйдірер.

❁ ❁ ❁

— Неге маған, ағай, сен қасқыр болып
қарайсың,
Неге мені оп-оңай күйрейдіге санайсың?!

Ойлама сен: «Қаһарлы қазақ жалғыз менмін»
деп,
Ойлама сен: «Алдырмас алыптарға теңмін» деп.

Қанжарыңнан уланған түршікпейді жүрегім,
Қара бұлтқа от шашқан қорықпай қарсы
жүремін.
Әуреленбе, ағатай, құлағымнан басам деп,
Мені шешем өзі айтқан «бас білмейтін асау» деп.

Неге керек, ағатай, адамға ойлап жамандық,
Өзіңе де пайда ғой — қартайғанда амандық.
Тастаған жөн өтпейтін, тозған ескі қанжарды,
Шашпау үшін олжаңды тастаған жөн жанжалды.

❁ ❁ ❁

Қимылы оның айнымайды түлкіден,
Аңқауларды айдай салғыш күлкімен.
Көңілі харам қара бұлттай кілкіген,
Әлсіздерді итше талап сілкіген.

❁ ❁ ❁

Қорыққанға жолбарыс боп гүрілдеген,
Қорықса өзі жапырақ боп дірілдеген.
Биікке бой ұсынған басын иген,
Бастықтың басып кеткен ізін сүйген,
Білемін осындай бір ақылдыны,
Тағы бір көтерілді жақын күні.

❁ ❁ ❁

Бұл қандай үрей, япырым-ау,
Баратқан мені шыдатпай.
Алыста бір күй өксиді-ау,
Кім екен оны жылатқан.

❁ ❁ ❁

Дүнием жатыр шашылып жиылмаған,
Өзіме белгі орнату қиын маған.
Мен туралы не дер жұрт, өзі білер,
Кейімесе болғаны кейінгілер.

❁ ❁ ❁

Армансыз адам өтпейді,
Аз емес менің де арманым.
Ойымнан тіпті кетпейді,
Сексенге келіп қалғаным.

Ұзарып жасың жеткенде,
Молаяды екен күдіктер.
Алыстайды екен өткелдер,
Алыстайды екен үміттер.

Алыстайды екен жақындар,
Алыстайды екен досың да.
Қонбайды тіпті ақылға,
Килігеді екен тосындар.

Деп жүрсем кеше жар салып,
Пәлендей менің досым бар.
Отырмын бүгін тамсарып,
Оларым санға қосылмай.

Қонбайтын тіпті ақылға,
Кездеседі екен тосындар.
Күндерді бағып ақырғы,
Жатырмын үнсіз шошынбай.

БӨПЕШІМ

Өше қалмаса екен деп
Күлкісі менің бөпемнің,
Өмір бойы тәңірден
Тіленумен өтермін.

Бұзыла қалмаса екен деп
Ұйқысы менің бөпемнің,
Сыбдырын бағып түндердің
Ұйқысыз өзім өтермін.

Ұйықтай бер, жаным — бөпешім,
Күле бер, күнім — көкешім.
Сенемін, сен де өсерсің,
Бөпелерді ойлап өтерсің.

❁ ❁ ❁

Сарғайғанда жанымның жапырағы
Ызғары оның он ойға батырады.
Суық жел кеп шайқайды, сілкілейді,
«Құлшынып қал, жасап қал бір күн» дейді.

Қалтырап тұр жанымның жапырағы,
Соқ, — деп желді қаттырақ! — Шақырады.
Біледі ол бір күндік өмірі барын,
Тыңдатады аспанға ақырғы әнін.

❁ ❁ ❁

Зәре-құтымды алады ағылған жел,
Тасты да айдап барады қағынған жел.
Ақ шаңдақтан ақ сауыт жамылған жел,
Ақ құйыннан ақ семсер тағынған жел.

Босанбасын осы жел байлауынан,
Шықпай қалсын шыңдардың қойнауынан.
Мал өсірген малшының қыстаудағы
Ақ боранның сақтаңдар айдауынан.

Сақта, тағдыр, желіңнен, желөкпеңнен,
Құлшындырар құйынды себептерден.
Қоңыр салқын күн райы бұзылмасын,
Қойдан жуас жырымды демеп келген.

ӨШПЕС ҮН

Көп дыбыс ұялаған миымдағы
Кезекпен естіртеді өз ырғағын.
Сонда мен кәдімгідей елең қағып,
Күндердің еске аламын өткен шағын.

Өшпес үн соның бірі басымдағы,
Жатталған бала даусы жасымдағы.
Сом темір суы қанған шыңылдайды,
Көңілмнің қуанышы суынбайды.

Көріктің гүілінен жел айдаған,
Жетіп тұр қоңыр бір күй әлі маған.
Тамған тер, от балқытқан қызыл шалғы
Ойымда шыжылдаған жатыр мәңгі...

Сүйсініп бір мен емес, барлық ауыл
Тыңдайды қасқа айғырдың азынауын...
Жетіп тұр Сырдың ағып бұлқынғаны,
Жел соғып сағымның да жыртылғаны.

Естимін түн сыбдырын, күн сылдырын,
Ұғамын шаршап жеткен жұлдыз жырын.
Қалғып тау, кең кеудесін тосып желге
Естимін жайлап қана күрсінгенін...

ҰРПАҚ

Бәрі тыныш, Күншуақ, Аспан ашық,
Ұрпағынан жүрген жоқ ешкім қашық,
Ас ішкенде түгелміз дастарқанда,
Айтысып та қаламыз қалжыңдасып.

Маңайымда немерем, шөберем де,
Ешкім қарсы шықпайды көгеренделеп.
Күш-қуатым жететін сияқтымын,
Өз орнына әрқайсын шегелеуге.

Мен бармын ғой, мен барда олар да бар,
Таралған жоқ әзірге жаман хабар.
Ал ертең ше,
Қайсысы кім болмақшы?
Қайсысы озып, шыңға канат қағар? —

Деп ойлансам сескентер күдік, шіркін,
Тізгінімді сол шақта қалам іркіп,
Көп жасаған көрінің су жүрегін
Бір бұлдыр күш өтеді сілкіп-сілкіп.

ТӨРТ ЖОЛДАР

1

Бәрі қолдан келмейді ойлағанның,
Көзі тоймас көңілі тоймағанның.
Болдырсам деп болмасты әуреленбе,
Жоқ па жолың ізденер одан өңге?

2

Қымбат емес еш нәрсе қанағаттан,
Тек қанағат күнәдан алады ақтап.
Қызылқұмар, қызыққыш пейліңді тый,
Бояулардан алдағыш қатты сақтан!

3

Әйеліңнің ақылын тыңдаған жөн,
Тындырғанша дегенін тынбаған жөн.
Өзің де ойла әйтсе де, өзің де піш,
Өңдеймін деп оңбасты сынбаған жөн.

4

Өзің де ойла, салыстыр, өзің де піш,
Күшенем деп жаныңа түспесін күш.
Төрт дөңгелек орнына қырық дөңгелек
Орнатам деу білгенге — бітпес жұмыс.

5

Төрт дөңгелек жетеді тіршілікке,
Сонымен-ақ тасылған біздің жүктер.
Саған да сол жетеді, жас арбакеш,
Тым пысықсып әдеттен шығып кетпе.

6

Әркім ие өз көзіне қашаннан,
Әркім көзін өз еркінше аша алған.
Әркім өзі қалауынша жылаған,
Көңлін сүйтіп көз жасымен баса алған.

7

Бір күн жылау, бір күн күлу кезегі
Бар екенін бәріміз де сеземіз.
Сеземіз де үн шығармай төземіз,
Шыдайды адам өртенсе де өзегі.

8

Шыдайды адам, бәріне де шыдайды,
Қатал тағдыр әркімдерді-ақ сынайды.
Біреулер бар, үнсіз ғана жылайды,
Ал біреулер жылай да алмай құлайды...

9

Тағдыр қатал, аямайды пендені,
Кешірмейді күнәң болса көргенін.
Тоқтатпайды жұрт алдында тергеуін,
Ақтап сонда алалмайды сенгенің.

БОЛЖАУ ҚИЫН

«Жатайыншы, ұйқымды қандырайын,
Жүрегіме біраз дем алдырайын.
Ұсақ-түйек күдікті қалдырайын,
Ұйқым қанып болған соң қам қылайын».—

Деп ойласам болғаны, сескенемін,
Ұйқым безе бастайды кешке менің.
Кетсем қайттым оянбай тәтті ұйқыдан,
Білмей қалып мәнісін ештеңенің.

Ғасыр бітіп келеді аяқталып,
Бос жатуға бола ма тояттанып?
Қаламымның тұқылы бар ғой әлі,
Жазу керек емес пе ой ақтарып?

Ақтарарлық нем бар деп жүдемеймін,
Қорқытатын күдіктер тілемеймін.
Енді жанар ойымда оттарым бар,
Буындардың қуаты бітсе, мейлі.

Болжау қиын болашақ күнді ілгері,
Қадірлеймін үмітті көңлімдегі.
Ұйқы-ұйқы деп жатуға асықпайын,
Айтып әбден болғанша әңгімені.

ӘРБІР КҮНІМ – БІР ӨМІР

Әрбір күнім — бір өмір, түсінемін,
Күнде бір тал шашымды түсіремін.
Күнде көздің өшіріп бір жарығын,
Күнде мысқал қаламын кішірейіп.

Алғаннан соң күнде мен аласымды,
Бергенім де алғанға жарасымды.
Күнде ертемен көрген соң жарық таңды,
Батар күнге айтпаймын таласымды.

Бүгін өтті. Тағы бар келешегім,
Нәрестемнен нар жігіт, ер өседі.

Ертеңгі ұрпақ, елімнің күні жайлы
Немереммен отырып кеңесемін.

Кеңеспеске бола ма немеремен,
Сөзден басқа оларға не беремін? —
Уақыт шапшаң, ұрпағым, асығыңдар,
Мезгілінде сепкен дән көгереді.

Деймін күнде ғасырға теңесіңдер,
Озат, үздік жұртпенен тең өсіңдер.
Үлесіңді кезінде ала алмайсың,
Жарамасаң мезгілмен егесуге.

❁ ❁ ❁

Ай толыпты, жарқырап тұр көгінде,
Тұр мөлдіреп бір тамшысы төгілмей.
Келеді ол аппақ таза жолымен,
Я кідірмей, я мұдірмей, шегінбей.

Ай толыпты, қуанып жұрт қарайды,
Айдың бүгін он бесі деп санайды.
Он бесінде толады да Ай, шіркін,
Түсіреді-ау есімізге талайды.

Есімізге түседі өңшең ақ түндер,
Аппақ жолдар, аппақ таза көңілдер.
Аппақ маңдай, нұрлы көздер, ақ тістер,
Ақ күмістер күлкі болып төгілген.

❁ ❁ ❁

«Жаным» дейді екі жас кезектескен
Сол сөз ойдан қалмайды, шықпайды естен.
Түннің сыры ғажап қой, түн сөздері,
Жадымызда мәңгілік тұрады өшпей.

«Жаным» деген жалғыз сөз айлы кеште
Тоқтағанша тынысың шықпайды естен.
Сол сөз мәңгі жұлдыздай жарық беріп,
Аспанында түн ұзақ тұрады өшпей.

ЖАБЫРҚАСА ЖҮРЕГІМ...

Жабырқаса жүрегім — дүние күңгірт,
Бір тереңде жүргендей болам сүңгіп.
Жарық күннен көзіме жетпей сәуле,
Отырамын түкті де көрмей мүлгіп.

Мұздағандай сезінем, суып қаным,
Өзіме де ұғымсыз ойлағаным.
Есітпеймін сөздерін,
көремін тек
Қаңдаған жандардың қозғалғанын.

Сондай тұста сыншым көп мені сынар,
Мін тағуға білгірдің бәрі құмар.
Достардың да жетпейді шыдамдары,
Жүдеу шалдың мезгілін көңілі тынар.

Іренжимін оған да, жасырмаймын,
Қарауытқан қабағым ашылмайды.
Қара бастың қамы үшін құтырғандар
Шаңдатады шарқ ұрып, басылмайды.

Бүгін кімсің?
Ертең сен кім боласың?
Толған жоқ па қазанға жейтін асың?
Ойлансайшы ұрпақтың келер күнін,
Қарасайшы әрірек, көзіңді ашып!

Сыйлау керек інині, ағаларды,
Сені адам деп жақынға санағанды.
Күнде өзгеріп, арзан сөз күйсей берсең,
Кімге сыр ғып айтамыз ойлағанды...

Дегенімді жақыным ұнатпайды,
Өздерінен көп сұрақ сұратпайды.
Үйлеріне шам қылып жаққанға мәз
Әркім өзі тұтатқан шырақтарды.

Жабырқаса жүрегім — дүние күңгірт,
Бір тереңде жүргендей болам сүңгіп.

Әлсіз жанған шырақтар сергітпейді,
Отырамын ештеңе көрмей мүлгіп.

❁ ❁ ❁

Мен ешкімді қожам деп түсінбедім,
Ешкімнің де алдында кішірмедім.
Маған әсер етпеді өзгергіштер
Құлпыртатын оп-оңай пішіндерін.

Өзгерткіштер құлпыртып пішіндерін,
Аңғартпайды сырларын ішіндегі.
Ауырлары олардың жеңіл тартып,
Ауырлайды жеп-жеңіл ісім менің.

Сонда да мен төзімді, шыдамдымын,
Ығына есе бермеймін ұнамдының.
Темірші мен егінші қожам менің,
Солар айтқан деңгейде тұрам бүгін.

Жалғастырған жылдармен жыл арасын,
Уақытпенен тұрмайтын кінәласып,
Жерді қайта жасаған, елді қайта,
Биіктеткен Отанның мұнарасын.

Ием солар, бас ұрып табынатын,
Айтқан әмірін екі етпей бағынатын.
Сенімім де, серігім солар ғана
Үміт күткен жерімнен табылатын.

❁ ❁ ❁

«Қазағым бар, ендеше не қамым бар»
Әркімдер-ақ осылай дейтін шығар.
Ал мен болсам, қорқамын олай деуге
Ойлар қонып көңліме алашұбар.

Мен де сенем қазаққа — замандасқа,
Әр дәуірде әркімнің орны басқа.

Сенбек түгіл, сескеніп біреулерден,
Жүретінім болады амандаспай.

Мықты емеспіз біз бүгін мақтанардай,
Қылықтарды көп көрем жасқанардай.
Мен ертеңнен күтемін алыптарды
Ғасыр артқан міндетті атқарардай.

Ертең деймін,
Ертеңді етем арман,
Ертең үшін барымды өтем арнап,
Ең тамаша қазағым ертең өсіп,
Жүзден жүйрік озады, мыннан саңлақ.

Жарық сұрап бөтеннен тіленбедім,
Өз жарығым жетеді, білем менің
Қара түндер қойнына қиналмастан,
Өз күнімді көтеріп кірем дедім.

Өзімді-өзім тым артық бағалаппын,
Қиындарға қиналып қарамаппын.
Ғасыр емес, жылдарды болжауға да
Менің білген биігім жарамапты.

Маған енді, достарым, алданбаңдар,
Менің арзан сөзімді малданбаңдар,
Кеудесінде кішкене күн жанғандар,
Болашақты өздерің болжалдаңдар.

❁ ❁ ❁

Әркім айтсын толғанып өз көргенін,
Жұрттың қалай, қай тұста өзгергенін,
Ойлы жасым үйренсін өлшейтін боп
Заманаңың ең қиын безбендерін.

Сонда ғана салмақпен нық басамыз,
Нық баспасақ ауытқимыз, адасамыз.
Өз тағдырын ойлайды әркім солай,
Жақсыларға көз салып қарасаңыз.

Талап, талант шығады бірегейден,
Сүт бетінде қалқыған кілегейден,
Бірегейлер жарқ етіп туа қалса,
Жанбай жатып өшуін тілемеңдер.

Қөрдік қой біз не сұмдық дауылдарды,
Талқандаған тып-тыныш ауылдарды.
Көбейсін деп дауыстап бір тілейік
Көкірегінің күні бар бауырларды.

ҚАСҚЫРЫМ ТУРАЛЫ

Менің де бар ішімде өз қасқырым,
Келем соны туғаннан жолдас қылып.
Естіп кейде ішімде ұлығанын,
Күшпен әрең ұстаймын жасқандырып.

Сұр қасқырым қайрайды қанжар тісін,
Талауға әзір әркімді-ақ жетсе күші.
Менің арым жауапты екенінде
Қызыл құмар қасқырдың жоқ жұмысы.

Жесем дейді: жас қозы, жас құлынды,
Санамайды күнә деп қас қылуды.
Әрең-әрең ұстаймын арпалысып,
Басқа соғып қызыл көз қасқырымды.

— Неге мені осынша қорлайсың, сен?
Тұмсығымды тұмшалап зорлайсың, сен!
Өзгелердің қасқыры қандай сыйлы,
Неге, неге солардай болмайсың, сен?!

Қарасайшы, байғұс-ау, қалғандарға,
Сен секілді қалшиып қалған бар ма?
Тойындыр деп қасқырын бұйырады
Мәнсап сұрап алдына барғандарға.

— Әркім сыйлы тағымен астындағы,
Еркіндікте бәрінің қасқырлары.

Ақылдының бірінен көргенім жоқ,
Сен секілді қасқырын басқа ұрғанын. —

Дейді менің қасқырым, ұқтым бәрін,
Өзгермеді сонда да нық тұрғаным.
Жақындарым! Жазғырмай кешіріңдер,
Ұнамаса бөрімді бұқтырғаным.

❁ ❁ ❁

Түсімде мен көк шөпке айналыппын,
Тамырларым таязға байланыпты.
Шөп боп жасау қатерлі екен-ау деп,
Кәдімгідей сескеніп ойланыппын.

Жел соғыпты, қар басып, сарғайыппын,
Үстіме әкеп қазағым мал жайыпты,
Күн көзіне түсуге ұмтылыппын,
Қар астында тұншығып қалмайын деп.

Қар басыпты, жатыппын қарсыласпай,
Ұзақ қыста бір рет бетімді ашпай.
Күн жылытып бір кезде оятыпты,
Бусаныпты қара жер қатқан тастай.

Бусанған соң қара жер, қимылдадым,
Сарғылт түсім өзгеріп, кірді ажарым.
Әлсіреген тамырыма күш қосылып,
Аққан сумен жарыса жүрді қаным.

Күнді көрдім, көгердім, көңілдендім,
Деміменен шайқалдым жылы желдің.
— Мен көкекпін, келдім, — деп көктемді алып,
Әдетінше көкек құс хабар берді.

Жарық көрдім, күн көрдім, о, ғажайып!
Қонды көктем жеріме қанат жайып.
Көбелекпен, гүлдермен аймаласып,
Аппақ сәуле денемді тұрды шайып.

Түсімде мен көк шөпке айналыппын,
Тамырларым тереңге байланыпты.
Шөп боп жасау қызық-ақ екен-ау деп,
Адамдарша кәдімгі ойланыппын.

❁ ❁ ❁

Жүрегімнің басқан соң алқынғанын,
Арнасына түскен соң салқын қаным,
Кешегі мен бүгінгі көргендерім,
Бірде тасып, бір мезет тартынғаным,
Бәрі қайта өтеді көз алдымнан
Бір мұнартып, бір сәтте жарқылдауым.
Бүгінгі үміт байқамай қалады ертең,
Әрі шалқып, әрі отқа шарпылғанын.
Содан кейін амалсыз мойындайды,
Тығырыққа тығылып сарқылғанын.

❁ ❁ ❁

Көңілге қайғы қонбайды,
Алданар нәрсең бар болса.
Бойды езер салмақ болмайды,
Жақының сүйеп жар болса.

Жалғыздық деген бір сұмдық:
Туыссыз, доссыз, панасыз.
Ашылмай кілті есіктің,
Еленбей кейде қаласыз.

АСЕКЕ

(А. Тоқмағамбетовке)

Сексенге келдің, Асеке,
Отырмыз тағы үйіңде.
Тек өзің жоқсың, Асеке,
Үйің тұр қалған күйінде.

Құралайың отыр баяғы
«Асекем» деген күйінде.
Столыңа сенің қарайды,
Ішінен тынып күйінген.

Көйлектерің тұр ілулі
Әзірлеп қойған киюге.
Немерең, әне, күтіп жүр
Тосқалы бетін сүюге.

Кітаптар беті жабулы,
Қағаздар жатыр бүйірде.
Қаламың жатыр қаралы
Өзіңнен қалған күйінде.

Қазір де менің алдымнан
Көлеңкең көлбеп өтеді.
«Әбділда!» деген дауысың
Ап-анық маған жетеді.

Адасып қалған құландай,
Жоғалтқан жолдың жалғасын,
Отырмын сенсіз жүре алмай,
Қайдасың, аға, қайдасың?

❁ ❁ ❁

Уақыттың желі кідіріп,
Көрген емес қой бір рет.
Алтын күрекпен көктемгі
Адамдар жолын жүр күреп.

Тоқтату қиын уақыттың
Тынбайтын алтын күрегін.
Қай күні, кімді сол күрек
Көмерін өзі біледі.

Ауыр еді ғой саған да,
Кәрі ақын болып атану.
Кәрі боп мен де оянып,
Кәрі боп күнде жатамын.

Тойыңа жеттім мен де әрең,
Қажып-ақ қаппын биыл мен.
Қабырғадан маған қарадың,
Қабағың әнтек түйілген.

Тойыңда жоқсың, амал не,
Не шара болмақ өлімге...
Тұра бер, аға, еленіп,
Еліңнің құрмет төрінде.

❁ ❁ ❁

Ерлік пенен еркіндік бір тағдырлас,
Бірге туған екеуі егізге ұқсас.
Еркі барда ерліктің жолы жарық,
Ешкім оның көтерген туын жықпас.

Ерлік әр кез табады өз қалауын,
Өз сөзімен ардақтар шыққан тауын.
Өзге ешкімге жалтақтап қарамайды,
Айтқандарын тыңдаса болды қауым.

Өзіңе-өзің сенбеуден жаман не бар!
Кең дүниең көзіңе көрінер тар.
Өзге не дер екен деп жалтақтаудан
Көрге кірген тірілей тәуір шығар.

Жаны еркіннің сөзі еркін әрқашанда,
Көңілің жүдеу тартпайды шаршасаң да.
Әр күніңе ырзасың ерікті өткен,
Айды аспаннан қолыңмен алмасаң да.

❁ ❁ ❁

Аңсамаған күнім жоқ аңсарымды,
Тоқтатпадым жырыммен жар салуды.
Күнді аңсадым,
Жұлдызды түнді аңсадым,
Ұмытпадым соларды қарсы алуды.

Күнді күттім,
Сағынып түнді күттім.
Құшағында қалғыдым тәтті үміттің,
Тәтті үмітпен күтпесем аңсарымды
Дер едіңдер:
– Апыр-ай, неге ұмыттың!?

Ұмытуға бола ма тәтті үмітті,
Үміт бастап, тар жолға талай шықтым.
Ең ауыры өмірдің:
Қайғы, қасірет,
Соларға да жеңдірмес үміт мықты!

❁ ❁ ❁

Соған қарап біреулер болжалдайды:
Жеңген бе деп біржола шалды қайғы.
Кейде үңіліп қаласың бір сыпатқа,
Аспандағы көргендей толған айды.

Сол минуттар жүрекке дем береді,
Бойың ширап, өңің де өзгереді,
Сезім сергіп, қиялың қанаттанып,
Көзқарасың жаңғырып, жөнделеді.

Сондай шақты қимайсың әрқашанда,
Сезіп тұрғың келеді анда-санда.
Жылынғаны жаныңның қандай қымбат,
Күшің қайнап, жасарып қалмасаң да.

❁ ❁ ❁

Болсам егер айтқаны орындалар,
Жұмсар едім құдіретті қолымда бар.
Шөлдеп тұрған шалғынға жаңбыр беріп,
Тұрар еді жайқалып жолымда олар.

Жаңарсын деп көп жылғы кепкен саға
Қосар едім мол тасқын Сырға жаңа,
Шүпілдетіп қаңсыған Аралымды
Айналдырар едім мен тамашаға.

Аңызағын жұмсартып сардаламның,
Гүлмен баққа бөлер ем айналамды,
Көлдеріме толтырып қаз бен үйрек,
Қаптатар ем киік пен ақ маралды.

Мұхиттарда жүздіріп кемелерді,
Немеремді мінгізіп, шөберемді,
Болашақпен ұрпақты беттестіріп,
Әулиеге өзім де теңелер ем.

❁ ❁ ❁

Ақын өлең жазбайды жазайын деп,
Жазғыштармен жарысып озайын деп.
Уақыт өзі еріксіз сөйлетеді,
Үндемесең тартылар сазайың деп.

Тыным таппас уақыт пен тірлік-өмір,
Сол екеуін әрдайым сөз етер жыр.
Ұлы ырғақтар сарынын қайталаған
Домбыралар, қобыздар тынбайды бір.

Уақыт пен жыр — өмірдің егіздері,
Айтады ақын уақыттың дегізгенін.
Мезгіл оны өткізіп дауылдардан,
Толқынға да тастайды теңіздегі.

ҚОЛЫМ

Сенемін ең алдымен қолыма мен,
Қолсыз шығып көргем жоқ жолыма мен.
Батыр қолмен туыппын ту ұстайтын,
Жұлысатын жауымның сорына мен.

Сүйгенімді білдірдім құшағыммен,
Құшқан шақта тілсізге ұсадым мен.
Ақпейілімді кіршіксіз сездіруге
Дос қолын да қолыммен қысамын мен.

Қалам алсам қолыма ой қозғалып,
Көңліме де, көзіме толған жарық.
Жан бітіп алыстағы суреттерге,
Олардың қозғалғанын көрем анық.

Келмеппін бұл дүниеге бекерге мен,
Қос қолым — қос қанатым екен менің.
Қос қолым — қос қанатым көтермесе,
Басына Алатаудың жетер ме едім.

Келмеппін бұл дүниеге бекерге мен,
Қос қолым — қос қаруым екен менің.
Төгіліп саусағымнан інжу-маржан,
Күмбез боп тұра қапты көтергенім.

Неге екен... қолым бүгін дірілдеді,
Қайраты кешегідей білінбеді.
Апырай, не сұмдықтан шошыдым мен,
Сездім бе қаламымның сүрінгенін?

О, қолым, кереметті саусақтарым,
Солдаттай тұрушы еңдер самсап бәрің!
Қос қолым — қос батырым едіңдер-ау,
Ішінен алып шығар қансоқтаның.

О, қолым, кереметті саусақтарым,
Қаруым, қарауылым, жан сақтарым,
Тіршілік, тірлігімде не мән болмақ,
Қалсаңдар кәдеге аспай қаусап бәрің.

СУРЕТШІ

Суретшінің қызық қой қолөнері,
Көрген жоқпын мен оның көнергенін.
Өлетін ғып салмайды ол майдандағы
Қансыраған батырдың өлер жерін.

Қан шапшыған жүректен шоқ шапшыған,
Естімейміз зарын да ыңырсыған.
Екі көзде лапылдап жанады кек,
Мүмкін, бұған мәңгі өлім жоқ та шығар.

Суретшінің өнері таңданарлық,
Батар күнге береді ол бітпес жарық.
Сол нұр бізге от қосып, қуат беріп,
Қанымызда жатады сөнбей жанып.

Қуанамын мен тірі жүргеніме,
Кейде жылап, кейде ойнап-күлгеніме.
Жетсем бопты жарығы жарқылдаған
Өкінішсіз ететін күндеріме.

❁ ❁ ❁

Мен өзімді кішірейтіп көрмеппін,
Тағдырымды тәлкектеуге бермеппін.
Өз сенімім, өз тәңірім бар деппін,
Ашып берген ғажайыбын жер-көктің.

Жеңілмеппін, мен ешкімді жеңбеппін,
Теріп жеппін бұйырғанын еңбектің.
Ешкімді мен сатайыншы демеппін,
Өзімді де сатам деуге көнбеппін.

Жалған бояу, жарқылдарға сенбеппін,
Жалған айқай, жаңғырыққа ермеппін.
Ленин! — деппін, Ленинше мен таныппын:
Ғажайыбын өмірімнің, Жер, көктің.

СЫР ШЕРТІП ТҰР ӨЗІМЕ...

Сыр шертіп тұр өзіме бүкіл ғалам,
Бәрін ұққым келеді, жетсе шамам.
— «Саған деген мейірбан жүрегімді
Жырла — дейді, — жаз» — дейді анам маған.
Тербеліп тұр бесігім көз алдымда,
Дейді маған күбірлеп: — Тыңда, тыңда...
Тербел дейді, нәрестем, көзіңді жұм,
Өткен сәби шағыңды қайта жырла...

Мені жырла, бірге бол менімен деп,
Сыбырлайды жай ғана балғын көк шөп.
Аймалайын, панаң боп айналайын,
Маған ғана жырыңның сәулесін төк...

Қосшы маған даусыңды, қосыл, ақын,
Көп қой дүние екеуміз жыр қылатын,—
Деп шырылдап дамылсыз бозша торғай
Құйқылжиды қасымда тұрып жақын...

Тыңда мені, есті, сен болсаң мықты,
Мен кәдімгі үні жоқ тыныштықпын.
Сен де мені үн қатпай нәзік жырла,
Жүректерін үркітпей тыныш жұрттың...

— Көремісің, мен ескі көлеңкемін,
Арпалыста өмірімнің өткен көбі.
Мені тірі атаң мен әкең деп біл,
Күтіп жүрген ұрпақтың келешегін...

Түсер емес қаламым қолымдағы,
Бар құбылыс сөйлеп тұр жолымдағы.
Кең дүниемде бейтаныс бір нәрсе жоқ,
Айта алмасам соларды сорым-дағы.

❁ ❁ ❁

Көп айтам күнді,
Күнімнің сөнбес жалынын.
Жалыным барда тұрады жанып жарығым,
Жалыным барда шалқыған мұхиттарым
бар,
Мен оның толқындарының да жанымын!

Жарығым барда орнында заңғар тауларым,
Заңғарым барда түк қыла алмайды
жауларым!
Мен аққан сумен,
Соққан желмен де біргемін.
Бұлттарым жауса, ол
Менің де сел боп жауғаным.

❁ ❁ ❁

Мен бармын — кеудемдегі жарық барда,
Хақым жоқ жарығымды танытпауға.
Жүрмеңдер Әбділдадан адасып қап,
Кейде бір күңгірт тартсам, қамықканда.

❁ ❁ ❁

Бала боп өстім,
Бала боп қалдым өмірде.
Әлі ойнап жүремін
Баяғы туған жерімде.

Болушы ем бұрын
Сәл ғана бұдан жеңілдеу.
Ауырмын қазір,
Ұсаймын аздап темірге.

Алдаса, сенем,
Келтірмей күдік сенімге.
Сенбеуге қалай
Болады туған елімде?!

Балалық мені...
Қалдырар емес балалық.
Әлі ойнап жүрмін,
Жақындар емес даналық.

❁ ❁ ❁

Қиялды сүйем,
Қиялсыз адам өлмей ме?
Қиялсыз адам
Ештеңені де көрмейді.

Әнеки!
Жасымда жүрген
Ақ жолым жатыр шаңдатып,
Бүгін де келем,
Сол жолмен әлі заулатып.

Қаттырақ соққан
Жылы жел мені көтерді,
Ақ бұлтпен бірге
Ұшып та келеді екенмін...
Ақ бұлтпен бірге,
Ұшып та келеді екенмін,
Бір аппақ бұлтты
Құшып та келеді екенмін...

Қиялды сүйем
Қиялсыз адам өлмей ме?
Қиялсыз адам
Ештеңеге де сенбейді.

❁ ❁ ❁

Бала күннен сенетінмін өзіме,
Бәрі менің келеді деп қолымнан.
Бала күннен сенетінмін көзіме,
Бәрін түгел көремін деп жолымда.

Келем әлі сол сенімнен айнымай,
Тәуекелге бел байласақ, жетеді.
Қимылдасақ, таныту да оп-оңай
Адамзаттың асқан құдірет екенін.

Бұл дүниені Иесі өзі жаратқан,
Отты, суды, тірлікті өзі таратқан.
Патшаларды адам өзі құлатқан,
Содан кейін бостандықтың таңы атқан.

Ей, адамдар, берейікші қолға ерік,
Бірлесейік, кетпейікші өзгеріп.
Алған шақта жауымызды жағадан,
Ашылмасын алқымдаған шеңгелің!

Бұл жаһанды жауыздықтан арылту
Өз еркіне батыр қолды адамның.
Құдіретті адам тындырады бәрін де
Жаңартады, жасартады заманды.

❁ ❁ ❁

Шешемді мен «апа» дедім еркелеп,
Шешем мені «күнім» деді аймалап.
Шешем үйдің жарығы еді, көркі еді,
Ақ сәулесін төгетұғын жай ғана.

Шешем мені «айым» дейтін аймалап,
Ақ сәулесін төгетұғын жай ғана.
Мен қуансам, о да бірге қуанып,
Аппақ болып көрінетін айналам.

Мен анамның жүрегінен жаралғам,
Мен анамның тілегінен нәр алғам.
Ең сенімді анам болған жан досым,
Болмақ емес артық досым анамнан.

МЕН КӨРМЕГЕН ЕШТЕҢЕ ЖОҚ ӨМІРДЕ

Мен көрмеген ештеңе жоқ өмірде,
Көндіккенмін ауырға да, жеңілге.
Қақпа мені қарсы алдымнан, суық жел,
Үйренгенмін сиқырыңа сенің де.

Неге сонша азынайсың, сарнайсың?
Шегінбеймін, шегіндіре алмайсың!
Тағдыр кейде қара бұлт боп көгімде,
Күркірейді мұз бұршағын төгуге.

Отты семсер нажағайын сілтейді,
Жүрегімді айыруға сенімнен.
Неге маған төнесің, сен қалмайсың?
Семсермен де шегіндіре алмайсың!

Қорқытпа, сен, көлеңкесі өлімнің,
Сен белгілі дұшпанысың елімнің.
Әр тұстан бір тосып алып жүресің,
Сыр алдырсам, сындырмаққа белімді.
Тоқтатам деп ізімнен бір қалмайсың,
Әуреленбе, сен де тоқтата алмайсың!

Көргенім жоқ қорқып мені тосқаннан,
Бөгелмедім айтақтап ит қосқанға.
Жан емеспін жаладан да жасқанған,
Қорқамын тек айнымалы достардан!
Сақта, тәңірі, жалған сөйлер бұзықтан,
Жазықсызды жылатуға қызыққан!

❁ ❁ ❁

Қыс өтіпті, түсімде,
Көлдария боп жаз кепті.
Ұшып келем түсімде,
Мен қанатты қаз боппын.

Қандай қызық ұшқаны,
Құс болғаны ақынның...

Аспан күрең тартыпты,
Батуға да жақын Күн.
Батар Күнмен жарыса,
Ұшып келе жатырмын.

Қаңқылдадым көгімде,
Әлдекімді шақырдым...
Болмағайда бұл менің
Ұшқан түсім ақырғы...

❁ ❁ ❁

— Әкел, деймін қолыңды,
Досым болсаң кел, — деймін,
Кешікпейік сапардан,
Шақырып тұр жол, — деймін.

Әкел, досым, қолыңды,
Айрылмасқа бер, — деймін.
Айрылмайық, кел — деймін,
Шақырып тұр жол, — деймін.

Арғымақтың тұяғы
Тасты басса кетілер,
Сазды басса жетілер...
Жүрші, досым, өтінем.

Қозғалғанда шабытым,
Достарға сыр ағыттым.
Ойлап көрген емеспін,
Ондай шақта табытты.

АҚ БҰЛАҚ

Мен де атымды «ақ бұлақтан» суарғам,
Сол бұлақпен мен де бірге қуанғам.
Әннің аты өзгерген жоқ «Ақбұлақ»
Жататұғын бастауында атқылап.

Атпен ақын барған сайын шапқылап,
Қуанатын аппақ бұлақ атқылап.
— Айтшы қосып мені сұлу әніңе,
Мен ғашықпын дейін саған «ақбұлақ».

Қартайды ақын, отыр қазір үйінде,
Кәрі ағаштай тіп-тік бойы иілген.
Ақбұлағын алыстағы сағынып,
Гүілдейді Қорқыт ата күйіндей.

Күтіп бұлақ, қайта-қайта шақырып,
Келмеген соң сағындырған ақыны.
Ақбұлақтың ағысы да тоқтапты,
Аяқталып әннің солай ақыры.

❁ ❁ ❁

Отырамын кейде мен,
Күнім батпай, таң атып.
Сезілмейді кеудемде
Жүрегім де соғатын.

Сынып қалған секілді,
Қағып тұрған қанатым.
Тоқтап қалған секілді,
Жүріп тұрған сағатым.

Болады бір осындай,
Мәнсіз кездер менде де.
Істер ісім өнбеген,
Дегеніме көнбеген.

Сондай шақта аңсаймын,
Бақсының күй тартқанын.
Маздатып от жаққанын,
Жынымды отпен қаққанын.

❁ ❁ ❁

Айдауына түскенім жоқ желдің мен,
Не болса да өз бетіммен көрдім мен.
Қалғаным жоқ іргесінде есіктің,
Нақ алдына шықпасам да төрдің мен.

Тоқтау бар ма жел деген бұл желікте,
Ыға берсең, айырады ол еріктен.
Бір ыққан соң, тынбай ыға бересің,
Су бетінде қалқып аққан көбіктей.

Көбік жандар жарамайды серікке,
Қандай салмақ табылмақшы көбіктен?
Бізге бүгін жолдас керек айбынды,
Бізге бүгін жолдас керек көрікті.

Жастай көрсет құдіретіңді, жасырма,
Ықпа желден, бұқтырғанға басылма.
Қажет десең, мінбеге өзің шық-тағы,
Өз сөзіңді өзің сөйле ғасырға!

❁ ❁ ❁

Сан жығылып, сан тұрдым бұл жасымда,
Сан жығылып, сан тұрды жолдасым да.
Жүре бердік екеуміз қатарласып,
Бұл жалғанның серісі, мырзасындай.

О, жолдасым, қалай, сен ырзасың ба?
Сен ғой менің құрдасым, мұндасым да.
Айналаға көз тастап қарайықшы,
Қатар келіп тұрмыз ғой қыр басында.

Қатар келіп тоқтадық қыр басында,
Тоқтап тұрмыз амалсыз тұнба судай.
Ере беруге әліміз келер ме екен,
Бірге туып, бірге өскен бұл ғасырға?

Айда кеттік, қалмайық қыр басында,
Айналмайық ағынсыз тұнба суға.
Кел, құрдасым, тағы бір ұмтылайық,
Жарамайды қалуға бұл ғасырдан.

❁ ❁ ❁

— Саған, шал-ау, не болған,
Мұның ұят емес пе?
Қызарақтап қаласың,
Немереңмен егессең.—

Дейді Сара, күледі,
Мен де күлген боламын.
Тамағын жеп үлкеннің,
Ісін істеп баланың.

❁ ❁ ❁

Адам кейде әлсіз-ау, жүрексіз-ау...
Кеше ғана қорықпаған, өлтірсе жау.
Бүгін қиын ойланып өз күнәсін,
Тым болмаса ішінен сәл мойындау.

Ерлігімен жеңе алмай өзін іркіп,
Бір күннен соң өткізіп тағы бір күн.
Ішкі даусын өзінің естірте алмай,
Ауырлатып айыбын кетті-ау, шіркін...

ЖҮРЕГІМ

О, жүрегім, ырзамын өзім саған,
Бар жұмысты тындырдың мен жұмсаған.
Тоқтап қала жаздайсың кейде байғұс,
Ауырларды тартуға келмей шамаң.

Жан жүрегім, бейнетің ауыр сенің,
Меніменен айырар жоқ есебің.
Ой, бишара-ай, деймін мен аяған боп,
Одан артық тимекші қандай себім?

Қуансам да шаршайсың, қамықсам да,
Саған салмақ тарылып тарықсам да.
Сен шошисың алдымен сезе қалып,
Қабар жетсе қатерлі алыстардан.

Менің махаббатым да нұр сәулелі,
Тыпыршытып әурелер әуел сені.
Мен үшін сен тыншымай күн-түн қатып,
Жарылуға да әзірсің қанға батып.

О, жүрегім, жүрегім, таянышым,
Жыр жазбаймын мен сені аяу үшін.
Аяғаннан не пайда тиер саған?
Ақ тауларға тарта бер мен аңсаған.

ӨТКЕНДЕРДІ ОЙҒА АЛСАҢ...

Өткендерді ойға алып кейбір шақта,
Болысар деп ойлайсың болашаққа.
Көз алдыңнан өтеді сан суреттер,
Жеткізбейтін қатары санасақ та.

Бір кезең бар көңілді аласартқан,
Бір кезең бар бастаған парасатқа.
Кейбір нашар суреттер жиренteді,
Кейбіріне қызығып қарасақ та.

Алдымда тұр менің көп портреттер:
Әсем көздер, айбынды нұрлы беттер.

Соларменен кездесіп қуанғанда,
Жүрегімді сеземін дір-дір еткен.

Жүрегімді сеземін дір-дір еткен,
Бір кездегі ғажап қой бұл суреттер.
Жарығындай дүниенің, қайран ерлер,
Көрген түстей, апыр-ау, қайда кеткен...

Осылар ғой ұстаздар бір кездегі,
Бояуларын бұзбаған мінездегі.
Кейінгіге кең әлем жер қалдырып,
Ойлай білген Отанның келешегін.

Алған беттен тайынып-тартынбаған,
Қандай бейнет тартса да алқынбаған.
Армандарын олардың бұза алмаған,
Атақ пен даңқ, шен-шекпен алтындаған...

Кейде елестер көзіңе бір арсыздар --
Жалған сөзді, құбылғыш, құнарсыздар.
Кешегі бір солардың суретінен
Тоңдыратын бүгін де соғады ызғар.

Көп жасадым, көп көрдім, бәрі есімде,
Ұмытқам жоқ әр тұстың кәдесін де.
Артық нәрсе алғам жоқ арсызданып,
Алмай тағы қалғам жоқ үлесімді.

Көңілімде дығым жоқ сақталатын,
Күнәм да жоқ өкініп, ақталатын.
Адал тудым, жасадым адал өмір,
Табыстарым сол ғана мақтанатын.

ЖЕЛ ЖӘНЕ МЕН

Бала едім ғой онда мен,
Жел екеуміз ойнаушы ек.
Ойынға бір тоймаушы ек,
Қой дегенге қоймаушы ек.

Дедектетіп мені жел,
Жалаңаяқ қуатын.
Кейде шалып құлатып,
Кететұғын жылатып.

Ыстық еді жел жазда,
Күзде суи бастады.
Үйге кірдім, саспадым,
Есігімді ашпадым.

Жел жалынып далада:
— Шық ойнайық, кел дейді.
Итермеймін мен дейді,
Жығылмайсың сен дейді.

Сенейін бе желге мен,
Сенбейін бе желге мен?
Тығыламын неге үйге
Қорқақпын ба өңгеден?

Дедім-дағы киіндім,
Шыға келдім үйімнен.
Әдетінше жел мені
Түртіп қалды бүйірден.

Кеттік тағы жүгіріп,
Жетектеді жел мені.
Жақсы болды-ау сенгенім,—
Жылатқан жоқ ол мені.

❁ ❁ ❁

Сескенемін кейде мен жалғызсырап,
Кеткендей боп адасып тіпті жырақ.
Сондай тұста іздеймін әлдекімді,
Алмақшы боп аз ғана ақыл сұрап.

Таптырмаса ақылшым іздегенде,
Қарығандай сеземін мұз денемді.
Сонда шайтан келе ғап сыбырлайды,
Күдеріңді адамнан үз дегендей.

Шайтан, шайтан, сұм шайтан қаһар соққан!
Қашып жүріп аспаннан атқан оқтан.
Мені келіп қартайған азғырасың,
Жоқ екен-ау дүниеде саған тоқтам.

АНА

Сәбидің болды анасы
Сүйетін жалғыз баласын.
Мезгілден ерте қартайды,
Ұлына жалғыз жаны ашып.

Ұлына жалғыз жаны ашып,
Тағдырмен тынбай таласып,
Өзіне байғұс таппайтын
Өмірден мына жарасым.

Жалғыздың жалғыз анасы,
Жанындай сүйген баласын.
Бір баласы үшін қалатын
Құдаймен кейде таласып.

Ауырып қалса баласы,
Есінен демде адасып,
Қоюға жанын жер таппай,
Ілмейтін көзін анасы.

Ұлына қиды бәрін де,
Ақ сүтін, әсем әнін де.
Көзінің жанған отын да,
Жанының махаббатын да.

Бәрін де берді анасы,
Көзінің ағы, қарасын.
Содан соң жатты, тыншыды,
Табытпен тапты жарасым.

ӨМІРІМ МЕНІҢ...

Өмірім менің — бір шалқар теңіз екен,
Тағдырыммен екеуі егіз екен.
Толқындармен алысып, жұлысамын,
Бір күн әлі көрмеппін тыныс алып.

Кеме тұрсын, өзімнің қайығым жоқ,
Сонда-дағы жанымда уайымым жоқ,
Мақтанып-ақ айтайын расымды,
Сілтеп келем сенімді құлашымды.

Сілтей-сілтей сенімді құлашымды,
Толқындармен үйрендім сынасуды.
Жүзе бердім, тартынбай тереңдерге,
Толқындарға бой бермей келем мен де.

Жүзе бергім келеді, жүзе бергім,
Әлсіз біреу атанып келмейді өлгім.
Даусына еріп шулаған шағаланың
Іздеп келем теңіздің жағалауын.

О, жағалар, жағалар, жақынбысың,
Жап-жарық боп алдымда жатырмысың?
Күт ақынды, келеді, көреді де,
Батпайды де теңіздің тереңіне.

Уақыт өтіп барады, іркілмейді,
Өмір сүрдім дегенің бір күндей-ді...
Сонда да арман адамды қалдырмайды,
Үміт отын бекерге ол жандырмайды.

Құлаш ұша береміз көк теңізде,
Әрқашанда сүйеніш үміт бізге.
Талған жүрек тоқтайды өз кезінде,
Оған дейін жасаймыз күдер үзбей.

❁ ❁ ❁

Өткен сайын уақытым, күн азайып,
Мені сезім билейді бір ғажайып.

Қозғала алмай жүруге отырсам да,
Ұшып кеткім келеді қанат жайып.

Денем ауыр болғанмен, жаным жеңіл,
Алып қаша береді жүйрік көңіл.
Нажағайлы ойымды бұлт торласа,
Төгілуге әзірмін ағыл-тегіл.

Жалғыз кезіп қиялмен тау шыңдарын,
Ән шырқағым келеді, ән шырқағым.
Аттанатын түрім бар ұзақ жолға,
Елеместен күндердің таусылғанын.

МЕРЗІМ

Жаз дірілдей бастады, күн салқындап,
Кешке салқын болғанмен, күндіз шуақ.
Сыланбаған сал-жігіт — ақ теректер
Шалқақтамай, жалтақтау тұр жабырқап.

Ақ қайыңның жеңілдеп жапырағы,
Сарғылт бояу жағынып жатыр бәрі.
Биікке ұшқан тізіліп қаздар даусы,
Жылы жаққа мені де шақырады.

Кеше ғана көкжиек жасыл еді,
Алатаудың ақ басы ашық еді.
Кеше ғана көкекпен көкек болып,
Жаз пердесін екеулеп ашып едік.

Шіркін, мезгіл қимылы қандай күшті,
Көз үйренген бояулар тез ауысты.
Бұтақтары үрпиіп қарайды емен,
Үскірігін сезгендей келер қыстың.

Мен де сезем мерзімнің ауысқанын,
Жаз жылуын азайтып, тауысқанын.
Салқын жауын сыздатып буынымды,
Тіземнен кеп ащы түз тағы ұстады.

Буын қысса, дірілдер жүрегім де,
Үзе жаздап қаламын күдерімді.
Кетпесін деп асқынып қайта отырам,
Қаз-қаз басып аз ғана жүремін де.

Енді, міне, недәуір түн ұзарып,
Қысқарыпты күндізгі жылы жарық.
Қуанамын өзгеге сездірместен,
Тұра қалсам төсектен ұйқым қанып.

Күн артынан өтеді тағы да күн,
Қыс келеді, ақ боран қағынады.
Ал мен болсам ынтығып өлең жазып,
Айдын көлдің аққуын сағынамын.

ЖОЛДА

Келем жолда,
мен шыққалы не заман,
Бір күнім жоқ дем алуға тоқтаған.
Тұрсам қайта жүре алмастай келемін,
Елеместен аяқты да ақсаған.

Елеместен аяқты да ақсаған,
Елеместен буындарды қақсаған.
Келем әлі жұмыр жердің бетінде,
Тындырам деп істерімді бастаған.

Тыным қайда тіршілікте адамға,
Тынам десең қош айта бер заманға.
Сәл кідірсем, кетеді айдап еріксіз,
Бір алып күш сілкіп-сілкіп жағамнан.

Тыным жоқ қой тіршілікте маған да,
Тоқтау қиын қалып кейін қоғамнан.
Тоқтау тұрсын, ала алмайды үлесін,
Жалқау басқан аяқтарын шабаңдар.

Келем жолда, ұзын жолдар бойында,
Арқамда жүк ауырлығы шойындай.

Отырсам мен, қайта көтере алмаймын,
Шығаруға болмайды оны ойымнан.

Босатпайды ұзын жолдың ағыны,
Жалғыз қалу ағыннан тыс — тағылық.
Келем тынбай, өзге ойлардан арылып,
Жолдың қатал тәртібіне бағынып.

Мен келемін, күт алдымнан, ертеңім!
Ертеңіме асығамын тер төгіп.
Жығылғанша тынбай жүре беремін,
Таусылмайды жолымда айтар ертегім.

Ән де айтамын, «алаулай да алаулай»,
Әнім менің көтерген бір жалаудай.
Өзім барда — ұзын жолда әнім бар,
Нанбасаңдар, жалауыма қараңдар!

❁ ❁ ❁

Көп айтыппын ақтарып сырларымды,
Қанша тасып, қанша рет тұнғанымды.
Әлдекіммен алысып, жыққанымды,
Әлдекімнен жеңіліп, сынғанымды.

Қанша жүрдім, қанша жер араладым,
Мінген атты қанша рет тағаладым.
Қандай елде достастым, кімдерменен,
Қанша теңіз жағасын жағаладым...

Бәрін тізіп айтыппын құрдастарға,
Балғын күннен бірге өскен сырластарға,
Жалғыз ғана айтпаппын көзімнен жас
Төгілгенін қанша рет мұң басқанда.

Көп еді ғой күйіктер жас бұлатқан,
Жүрегіме түйіліп тас боп қатқан.
Соның бірін сыр қылып шертпедім мен,
Құпиямдай жадымда бұғып жатқан.

Кімге қажет қанша рет жылағаным?
Айтып соны ешкімді сынамадым.
Менің мұңды сырымды естімей-ақ,
Жан достарым жақсы өмір сүре алады.

Кінәламан ол үшін достарды мен,
Қызық аз ба өмірде мұңнан бөтен?
Мен де, достар, біргемін өздеріңмен,
Өздеріңнен бөлініп қайда кетем.

СЫР ТУРАЛЫ СЫР

Туған қалам — Қызылордам — сен едің,
Өзіңде өскен бір жетімек мен едім.
Сен мен үшін биік едің, кең едің,
Сенен артық қала болмас дер едім.

Сен мен үшін биік едің, кең едің,
Шам шаһары — Мысырға да тең едің.
Сендегі өткен хикаялар мен үшін,
Ертектегі «Мың бір түннен» көп еді.

Сенен ұзап сәби шақта шықпадым,
Сенен асқан қала бар деп ұқпадым.
Сенің қара түндеріңде бұқпадым,
Сенің қарлы бораныңнан ықпадым.

Әлпештедің менің балалығымды,
Алдым сенен адам деген ұғымды.
Сенсің маған кітап берген оқы деп,
Сенсің маған ашқан даналығыңды.

Жалынды күн жандырғанда етімді,
Ақ топыраққа майлай түсіп бетімді,
Өңшең қара жалаңашпен жарысып,
Жүгіруші ек ыстық желдің өтінде.

Сыр-анасыз бір мезет те тұра алмай,
Жарысып біз кететінбіз ұландар.
Шақыратын ұландарын өзіне,
Сүйіп дәриям, шығу үшін құмардан.

Жататұғын шалқып дәриям алдымда,
Қанша ішсем де суына бір қандым ба?
Иірмінде үйіріліп біз сұңгуші ек,
Жағасынан қарғушы едік жардың да.

Сырда тудым, суын жұттым Сырымның,
Мен де ағындап, қаршадайдан жұлындым.
Сыр үйретті маған туған тілімді,
Сырдан алдым ағыл-тегіл жырымды.

Ғажап еді-ау, ғажап еді өзенім,
Қасиетіне бөлеуші еді өз елін.
Мың жыл бойы менің ата-бабама,
Суын берген, нуын берген гөзелім.

Сырым менің әкем де еді, шешем де,
Сырым барда түгел едік осы елде.
Сырым барда ақ шұғыласын жамылып,
Ақ топырағын ақ торқадай төсенгем.

Сырым қайда? Суы қайда Сырымның?
Қандай еді сыр тасқыны бұрынғы.
Анам деуші ем жырлағанда Сырымды,
Кімге арнаймын енді ана деп жырымды?

Он толғанам Сырымды ойлап күніне,
Жете алмаймын ойдың бірақ түбіне.
Алар болсақ Сырдарияны өлтіріп,
Саналудың несі қызық тіріге?!

ЖОЛДАС, АБАЙ

Жолдас, Абай, тыңдашы өзің мені, —
Ұлылық төзімменен, сезімменен.
Жолдас демей, кім дейін алыстатып,
Бірге жасап жүрген соң өзіңменен.

Кеше ғана сөйлестік, сыр алыстық,
Қабылдадым деміңді оттай ыстық.
Жақсы отырдық күнұзақ, шаршамадық,
Қоштасарда сүйсіне қол қысыстық.

«Сағаттың шықылдағы емес ермек,
Һәмиша өмір өтпек, ол білдірмек,
Бір минут бір кісінің өміріне ұқсас,
Өтті, өлді, тағдыр жоқ қайта келмек»...–

Дедің маған, мен қостап бас шұлғыдым,
Өмірдің бір керемет аштың шынын.
Қартайғанда маған да ақылың қонып,
Уақытты етпес болдым босқа шығын.

Абай деген атың да ұлы атақ қой,
Сенің жырыңды оқу бір рахат қой.
Бұзылуға тұрғанда пейлің жақын,
Ойланбаймын десең де түседі ой.

Әйтседе біз басқамыз, Абай ақын
Жиырма бірінші ғасырға тұрмыз жақын.
Қалды қайда надандық, сауатсыздық,
Сен қиналып, бір кезде қынжылатын.

Біз бұрынғы тымақты тастағанбыз,
Жаңа дәуір тірлігін бастағанбыз.
Ат та қалған, жүреміз «Волгаменен»
Таптырмайды түйелер таптаған із.

Біз босандық жердің де тартымынан,
Шығып кеттік космостың жалтырына.
Айдан да астық, беттедік, жұлдыздарға,
Тең жоқ қазір халқымның қарқынына.

Босана алмай әйтсе де көп қылықтан,
Қайта соға береміз көне жұртқа.
Кейбір өлген бұрынғы байығыштар
Туады екен қайтадан тоқшылықта.

Тоғайған соң, араны ашылған соң,
Атақпенен, ақшаға бас ұрған соң,
Танымастай өзгеріп кетеді екен,
Адамдығы аяққа басылған соң.

Қулық-сұмдық мектебін бітіргендей,
Әзірленіп әдейі, күтінгендей.

Айналаны көрсетпей буады екен,
Көзімізді аштырмас түтіндердей.

Ұрлық-қарлық әдісін білген нәзік,
Пара алған соң қалта тоқ, жүрмейді азып,
Жүзі жүрсе біреуін шыр айналып,
Ал біреуі ортадан қаққан қазық.

Май басқан соң көздерін, жүректерін,
Өзгелердің көпсініп күнелткенін,
Қабақтарын оларға ашпайды екен
Жалынбаса «кешір» деп тілеп келіп.

Қазір біз қаһарлымыз ондайларға,
Оянды ұйықтап кеткен қатал заң да.
Қорғасын жырларыңды оқтап аттық,
Қанымыз бұзықтарға қайнағанда.

Абай жолдас, біргесің өзімізбен,
Өлең оқи бастаған кезімізден.
Жақсылар да мадақтар толып жатыр,
Өнеге алған үлгілі өзіңізден.

Абайдай боп жыр жазу қиын әлі,
Сол себепті саған біз сиынамыз,
Өлеңіңнің іздейміз сиқырларын
Ақындарды ортаға жиып алып.

Бірақ біз тұрған жоқпыз бір орында,
Келеміз революция жорығында.
Сәкен, Сәбит, Ілияс, Қасымдары
Бар жерде жарамайды торығуға.

Толып жатыр мініміз сынағанға,
Мен де аламын сол сыннан сыбағамды.
Көтеретін бәрін де қуаттымыз,
Кешірмейміз жеңілдік сұрағанды.

Революцияны біз емей кім жырлады?
Бар дауыспен айтқан кім атқан таңды.
Ленинді біз өлеңмен ардақтадық,
Жаттаған жұрт аузынан қайталанды.

Жеңіске солдаттарды үйреткенде,
Дұшпанды найзаменен түйреткенде,–
Қазақ өлеңдері де бір соғысты
Фашизмді тас-талқан күйреткенде.

Сенің тілің, ұрпағың, мұрагерің
Қалған емес көрсетпей өз өнерін.
Туған халық қостайды, партия да
Совет ақындарының өлеңдерін.

Жолдас, Абай, көрер ең тірі жүрсең,
Қатар жасап бізбенен, ойнап-күлсең.
Көз бен тілден өзіңді сақтандырып,
Сыннан сыртта қалар ма ең жалғыз бір сен?

Жоқ, қалмас ең,
Бұзбас ек заңдылықты.
Сыналар ең болсаң да қанша мықты,
«Басы айналып табыстан қалмасын» деп
Тәрбиелеу үшін де қалған жұртты.

Ұстар едік абайлап, масықтырмай,
Сын жететін өреден қашық қылмай,
Араласып бізбенен жүрер едің,
Ескерткіш боп мысыңмен басып тұрмай!

Қалжыңға айтам, ұлы ақын, кешір мені,
Сұрамаймын мен сені есірке деп.
Есіркесең, біреулер жекіреді.
Әбділданы орынсыз есіртпе деп.

ОСЫ АДАМ КІМ?

Осы адам кім? Кәнеки, түсіндірші,
Ақын ба, әлде философ, әлде тілші?
Сырт пішінін ұстайды тым жайдары,
Ұсамайды осалға көңілі күншіл.

Ауыстырар көйлегін күнде кірсіз,
Оқығаны, ұққаны түгел мінсіз.

Ал осы адам сый көріп отырып-ақ,
Неге сөйлеп кетеді кейде құнсыз?

Ұлы адамдай қарайды ұлыларға,
Зәрленеді біреуге ұрынарда.
Мақтамасаң, кектеніп өшігеді,
Қысатұғын бойында жыны бардай.

Бір өшіксе, қоймастан өшігеді,
Ұяңнан да отырған көшіреді.
Аяу білмес қатыгез, байқамасаң,
Жанып түрған отыңды өшіреді.

Қоршап жүрген достары әлдекімдер.
Ұйқысыз-ақ өтеді ұзақ түндер.
Жала менен бәлені қат-қабаттап,
Әзірлейді әр түнде сол «дұлдұлдер».

Азап көріп солардан мен нахақтан,
Жатып қалдым құлаққа тығып мақта.
Қартайғанда үйімде тыныш ұйықтайын,
Мыналардан, тәңірім, өзің сақта.

❁ ❁ ❁

Біреу төмен,
Біреулер биік ұшқан.
Біреу ұзақ жасайды,
Біреу қысқа.
Кім не қылды? Жазулы онын бәрі
Қалай еді?
Жүр еді қай жұмыста!

Некрологтар басылып газеттерге,
Азалы үнмен қаралы
Айтады елге,
Даңқтыларға мол орын беріледі,
Жазылады арнаулы өлеңдер де.

Ал біреулер жүретін төмендерде,
Әлі айналып болмаған кемеңгерге.

Газеттерден көп орын алмаса да,
Қысқа-қысқа хабардан емес кенде.

Бәрі соның сый-құрмет өлгендерге,
Әдемі салт, жақсы салт көп елдерде.
Ал мен ойлаймын атақсыз өмір сүріп,
Молаға да тып-тыныш енгендерді.

Поэзия, қол қусыр, и басыңды,
Ұмытпа, сен атақсыз жолдасыңды.
Осылар ғой көтеріп келген бізге
Жиырмасыншы дейтұғын бір ғасырды.

Көмір қазды,
Темір де қайнатты олар,
Жас ұрпақты
Жарықта ойнатты олар,
Замананың ән-күйін
Сайратты олар.
Замананың жауларын
Жайратты олар!

Поэзиям,
Басыңды и осыларға,
Сенен артық олардың досы бар ма?
Жылап тұрып,
Ішіңнен жоқтау оқы!
Айтпасаң да күйрек сөз шошынардай.

❁ ❁ ❁

Өттік, кеттік өткелден,
Айналдық біз шеттеуге.
Тозған денең көнбейді
Тебенмен де көктеуге.

Ауған соң күн бөктерден,
Суиды екен от кеудең.
Отыра алмайды екенсің,
Қонақтаған кептердей.

Қыспа, жөтел, қыспа, сен,
Ұшпа, зәрем, ұшпа, сен.
Жет қайтсең де амалдап,
Келер жылғы қысқа, сен.

КІШКЕНЕ ҒАНА СЫР

Көппіз ақын одақтың ордасында,
Қызып кетсек, сөйлейміз қолбасыдай.
Қалтамызда қып-қызыл билеттер бар,
Беттеріне көкпеңбек мөр басылған.

Шетімізден мүшеміз одаққа біз,
Шақырысып жүреміз қонаққа біз.
Шақырысып жүрмесек қонаққа біз,
Татулықты сақтауға олақтаумыз.

.

Табылады олақтық әркімдерден,
Мінезге бай біреулер, біреуде кем.
Мен мұндай, сен ондай деп жазғырмаймыз,
Жазылып жатса болды жақсы өлендер.

Ұнайды бұл салтымыз бәрімізге,
Жайнаған жас, еңкейген кәрімізге.
Ал өленді бірге оқып, бірге талдау,
Айналған жоқ дәстүрге әлі бізде.

Дұрыс шығар бұл өзі бір себептен,
Орын алған сынаспау бізде көптен.
Дүрлігісіп өзара қажеті не,
Қайдағыны қайта илеп өткен, кеткен.

Уақыт — қазы дедік те үндеспедік,
Не табамыз жікке еріп, күндеске еріп...
Әділ болам десең де,
Ешкім саған
— Бәрекелде-ай, демейді шын дос көріп.

❁ ❁ ❁

Тұрмаса егер жылда көктем көгеріп,
Жаныма бір жылы жаңбыр себелеп,
Іш пыстырар жанға суық ойлардан,
Әлдеқашан жарылып мен өлер ем.

Тұрмаса егер «аташым» деп немерем,
Тумаса егер шалға ылайық көп өлең,
Естімесем ұрпағымның күлкісін,
Әлдеқашан жарылып мен өлер ем.

Күнім өрлеп, нұр сеппесе төбеден,
Теңізімде шайқалмаса кемелер,
«Аташым» деп әндетпесе шөберем,
Әлдеқашан жарылып мен өлер ем.

❁ ❁ ❁

Ұшып жатыр, ұшып жатыр
Ішімдегі айдын көлдің құстары.
Сол құстарға қараймын кеп,
Қызық көріп ұшқанын.

Күндіз де ұшып,
Түнде ұшып,
Тіпті алыстап ақ құстарым барады.
Айту қиын алдын болжап,
Қайда барып... қашан олар қонады.

Өзім жерде, көкте жаным — құстарым,
Тынымсызбын, қанатымды қағамын.
Шаршадым ғой, қашанғы ұшам...
қонамын.

❁ ❁ ❁

«Шыдай біл» деп атам маған үйретті,
Арқалатты арқамды езер бейнетті.

Бейнетті мен арқаладым, сүйреттім,
Тәлкек қылар тағдырды өзім үйреттім.

Бұл мақтан ба, мақтан емес, ақ сырым,
Атам маған кеткен солай тапсырып.
Орындадым ата әмірін, әйтпесе
Жыным бар ма сөзін айтып бақсының!

❁ ❁ ❁

Жеңген жоқ мені қарттық пен қайғы,
Жырға да баймын,
Мұңға да баймын.
Күзетіп мөлдір тыныштығын түннің,
Қасында тұрмын ақпейіл Айдың.

Жасымен көздің мұңымды шайдым,
Қартайсам да әлі арманға баймын.
Қалмаймын жалғыз белгісіз тас боп,
Соңынан кетем бататын Айдың.

❁ ❁ ❁

Есімде менің
Жатыр ғой талай... талайлар.
Бұлыңғыр түндер,
Айдарлы алтын арайлар...
Айдарлы алтын Арайлар түссе есіме,
Қырандай қалқып
Оралар маған сан ойлар.

Қырандай қалқып
Оралса маған сан ойлар,
Алтынды зерге
Малынар тегіс маңайлар.
Ақ шұғылалармен
Жарысып аппақ бөкендер,
Мүйізін шайқар,
Мүйізін шайқар маралдар.

Мүйізін шайқап,
Маралым менің қаранар.
Тұныққа қарап,
Аққуым кербез таранар...
Есіме түссе,
Осының бәрі елестеп,
Сыздайды ептеп
Жарылмай жатқан жаралар.

ЕСІМЕ ТҮССЕ...

Есіме түссе, есейген шағым кешегі,
Жасарып жаным, бойым да біраз өседі.
Есімде менің алғашқы жолға шыққаным,
Қалдырып үйде батасын берген шешені.

Қалдырып үйде от басының да көсеуін,
Қалдырып үйде әкенің жылы төсегін,
Ауылдан келіп, аралап бара жаттым мен,
Шет қаладағы шаңдатқан шулы көшені.

Бейтаныс қала көрінбек қалай үйімдей?
Келемін бірақ қабағым қарыс түйілмей.
Үркуін жанның тастадым сілкіп бойымнан,
Жылыта алмайтын жыртылған ескі киімдей.

Көтере жүріп шешемнен алған батамды,
Аз-ақ күн жалғыз жетімек бала атандым.
Еркіндік деген не деген ғажап дүние еді,
Жетіліп кеттім жігіт боп демде қатарғы.

Есіме түссе есейген шағым кешегі,
Не түрлі сурет алдымнан менің көшеді.
Есімде менің бірінші қарап қыздарға,
Жадымнан біраз шығарған күнім шешені.

Отты еді менің жастығым қандай жолдағы?!
Өжет жанымды махаббатым да қолдады.
Еркіндік дедім әнімнің атын жолдағы,
Бақыт боп осы ән басыма менің орнады.

Бойым да қызу, ойым да қызу, келемін,
Жақындап қалған жолымның шетін көремін...
Жалтақтап маған, жасаурап көзі қарайды,
Жолаушы достар, махаббатым мен өлеңім.

❁ ❁ ❁

Жататын едім,
Толқыным бұрын жарды ұрып,
Сыйласқан жанның
Пейілі мен мейірін қандырып,
Сүйіскен жардың
Жалынмен ернін жандырып,
Отырмын қазір
Алыстан тыңдап жаңғырық.

Кеудемде күйім
Гөй-гөйін тартқан дамылсыз.
Көкірек байғұс
Текірек қаққан қарусыз.
Шұқырда жатқан
Су секілдімін ағынсыз,
Оранған күнге
Шоқ секілдімін жалынсыз.

❁ ❁ ❁

Апырмай, уақыт өтті екен қанша,
Туғалы бері мен қанша жүрдім?
Күндерден өттім,
Түндерге кірдім,
Түндерден өттім,
Күндерге кірдім.

Күндерден өттім...
Түндерден өттім...
Бейтаныс талай жолдардан өттім.
Сұрайды бір жас:
– Бұл жерге дейді,

Осынша жасап,
Кімді іздеп жеттің?
— Сені іздеп жеттім —
Демеймін оған!
Ұқпаса өзі қайтейін айтып.
Соғады-ау ауыр жол енді маған,
Әйтпесе кейін кетер ем қайтып.

❁ ❁ ❁

Ойнаушы едік біз қызық бала шақта,
Бәрі жарық қай жаққа қарасақ та.
Бірімізді-біріміз қуатынбыз,
Ұшып бара жатқандай болашаққа.

Құсқа айналып кететін кезімізде,
Жұмып алып жүгірсек көзімізді,
Айқайлайтын «бізді ала кетіңдер» деп,
Көлеңкеміз жете алмай өзімізге.

Күн батты ма демедік, батпады ма,
Таң атты ма демедік, атпады ма,
Оны ойламай, біз ұша беретінбіз,
Жол тапқан соң жұлдыздар аспанына.

Күлкі ғана ұшатын қалмай бізден,
Ақ сәулеге қоңыраулы маржан тізген.
Ұшып келе жататын ақ кептерлер,
Күлкімізбен эфирге салған ізбен...

Қайда, қайда сол менің балалығым,
Балалығым өлді, мен қаралымын.
От қанатын қайтып бер балалықтың,
Адыра қалсын алжыған даналығың!

❁ ❁ ❁

Атам маған қалдырды кең даласын,
Өлгендердің моласын, мұнарасын.

Қыста қыстау, күздеуін, жаз жайлауын,
Тозған сауыт, қырық тесік дулығасын.

Қойын маған қалдырды
Қой қорасын.
Шолып шықты содан соң айналасын.
— Мынау, балам, жүрер жол,
Мінер атың...
Қалған жағын енді өзің ойланарсың...

Деді маған.
Қанша өтті содан бері.
Уақытпенен қозғалдық біз де ілгері.
Қайда қазір? Білмеймін, есімде жоқ,
Атам менен қоштасып тұрған жерім.

КӨРГЕН МЕН БІЛГЕН ШЫҚПАЙДЫ ЕСТЕН

Көрген мен білген шықпайды естен,
Есімде бәрі шұбырған көштей.
Қиын ғой маған киялсыз жату,
Ойламай қалай өтпекші кештер?

Сұмдыққа сұм боп кетпесең еріп,
Артыңда қарғап жатпаса жолың.
Ұялмай жұртқа қарайтын болсаң,
Есіңе бәрі түседі сенің.

Біріне-бірі жалғаса келіп,
Есіңе түгел түседі сенің.
Айтады бәрін естелік сеніп,
Айнымас достай өзгертпей өңін...

Жалаңаш күндер, жаураған жетім,
Аязға ащы алдырған бетін...
Елестеп тұр ғой алдымда менің,
Аштықтан әнтек шайқалып кетіп...

Жігіт боп қалған, буыны бекіп,
Бөгелмей түнде өзеннен өтіп,

Елестеп тұр ғой алдымда менің,
Қуана күліп, жарына жетіп...

Анасы өлді, қиналды қатты,
Төсектен тұрмай, қанша күн жатты.
«Жан анам» деген өлеңін жазып,
Жұбанғаны да есімде қапты.

Біріне-бірі жалғаса келіп,
Есіме бәрі түседі менің.
Көремін қанша таусылмас сурет,
Беремін бәрін жылдарға бөліп.

Көрген мен білген шықпайды естен,
Есімде бәрі шұбырған көштей.
Ойланбай жатсам, езіліп жаным,
Өтпейді мұлдем қорғасын — кештер...

❁ ❁ ❁

Мен түгіл, мына қартайған емен,
Түскелі бері еңсесі төмен,
Жас шағын ойлап жылайды түнде,
Айтады сырын жасырмай менен.

Білесің, ақын, жас едім қандай,
Өсуші ем жылда, тоқталып қалмай.
Жер сілкінгенде мызғыған жоқпын,
Қалдым ғой аман өртке де жанбай.

Жылама, деймін еменге — досым,
Керек пе бізге өлімнен шошу?
Сен болып, мен боп шырқайық өлең,
Көтерсін жастар үндерін қосып.

❁ ❁ ❁

Жас болашақ жалтылдайды арайлы,
Әрине, оған қызығып мен қараймын.

Өткенге де жалтақтаймын қия алмай,
Еске түсіп ескі күндер талайғы.

Еске түссе ескі күндер талайғы,
Кеудемде бір от тұтанар алаулы.
Бар еді ғой арыстандай достарым,
Бар еді ғой жолбарыстар санаулы.

Бар еді ғой арыстандарым санаулы,
Түсімде мен көрем ылғи соларды.
Түсімде мен кейде айқайлап жүремін,
Достарыммен мәңгі бірге болам деп.

Бар еді ғой бөрілерім санаулы,
Түсімде мен көрем ылғи соларды.
Түсімде мен кейде жылап жүремін,
Кетеді олар, мен адасып қалам деп.

Жас болашақ жалтылдаған арайлы,
Әрине, оған қызығып мен қараймын.
Ал өткендер жүрегімнің түбінде
Жатады ылғи сағынышқа ораулы...

СҰЛТАНМАХМҰТҚА

Сен мені білген жоқсың,
Мен де сені үлгермедім көруге.
Тағдыр саған жазыпты жас өлуге,
Ал мен саған жете алмаппын көмуге.
Бірақ сенің отты рухың,
Бой бермеген сөнуге.
Бізбен бірге шыққан ұлы шеруге
Келе жатыр,
аузынан жыр төгілген...
Төк жырыңды,
саған енді тоқтам жоқ,
Әрбір сөзің — ант сөзіндей сенімді.
Махаббатың, ыстық жасың бүгінде
Мөлдірейді алтын кесе түбінде.

Сен, бауырым, сөнген жоқсың,
Көнген жоқсың сөнуге.
Кең даламда аспаннан от төгуге
Тұрсың жанып қазағымның көгінде.

❁ ❁ ❁

Ойға батсам, есіме түседі әр кез:
Өткінші жұрт, сан қилы айтылған сөз.
Арасынан солардың күлімсіреп,
Жалт-жұлт қарап өтеді бір қара көз.

Бара жатыр ол ұзап, қарай-қарай,
Тыншиды екен содан соң көңіл қалай?
Балғын кезгі балдырған сезіміңді
Кімге болса да ұмыту емес оңай.

Бара жатыр ол ұзап, қарай-қарай,
Содан бері өтіпті-ау жылдар талай.
Мен қартайдым, қара көз сол күйде тұр,
Еркеленіп ойнайды жас баладай.

Шу тоқтасын, қойыңдар,
Сөз тоқтасын!
Дәмсіз кеңес басымды қатырмасын!
Қайдасың сен, қара көз,
Тағы да өтші.
Қуанышы көңілмнің жаншылмасын.

❁ ❁ ❁

Сүйсе қазақ сүйеді әбден беріліп,
Ақ сезімі інжу-маржан төгіліп.
Бірақ қазақ махаббаттың өзін де
Деп санаған құдай қосқан серілік.

Атқа шауып, әнін қоса айтады,
Ән кетеді алыстарға шайқалып.
Еліне арнап, жеріне арнап жан күйін,
Сүйгеніне содан кейін қайтады.

Сүйген жарын жатқа жігіт бермеген,
Бірақ қазақ Мәжнүн боп та өлмеген.
Сүйем десе сүйе білген айнымай,
Бірақ оңай жана салып сөнбеген.

Сүйсе жігіт, сүйеді әбден беріліп,
От махаббат — қазақ үшін серілік.
Жаста келін,
Қартайғанда кәрі әже
Берекесі құтты қоныс төрінің.

❁ ❁ ❁

Шалап та іштік біз жаста, шарап та іштік,
Күш сынасар жерлерге қалап түстік.
Сұлуларға қарадық құмарпаздай,
Көзімізді олардан жүрдік жазбай.

Күн мен түннің болмады айырмасы,
Шаршасақ та жатпадық үйде жасып.
Кеше бастап ән салсақ тойға барып,
Бүгін бітті сол әннің қайырмасы.

Жуасқа да ер салдық, асауға да,
Кететінбіз қаңғырып бас ауғанда.
Сенген досқа жанымыз жаюлы еді,
Қан шықпайтын кессең де қасарғанда.

Құлама су, ағын сел, дүлей дауыл,
Нажағайлы қара бұлт, нөсер жауын,
Жер шайқаған жанартау, долы құйын...
Соның бәрі көрінген маған бауыр.

Бойымда күш болған соң, ойымда отым,
Жақын көрдім табиғат құдыретін.
Маған қылар ешкімнің міндеті жоқ,
Ешкімдерге де менің де жоқ міндетім.

Баяғыдай көңілім жас, жаным тентек,
Көргенім жоқ сөйлесем сөзімді өлшеп.

Бергенді алам, бермесе сұрамаймын,
Неге керек көріну тым тілемсек.

Жаным барда кеудемде кем емеспін,
Жақсылардың көбімен өнерлеспін.
Тозса тозар, бетімді әжім басар,
Жанымменен бірақ мен көнермеспін.

Жас ұрпағым кешірер білмесімді,
Жарамасам олармен тілдесуге.
Ал жарасам жүрермін қазағымның,
Бірде есінде болмасам, бірде есінде.

СӘКЕМЕ

Мықты едің ғой, Сәкем-ау,
Бір тігілген жұбымыз.
Кетпесе екен сөгіліп,
Сол тігілген жібіміз.

Қарап қойшы қайтадан,
Сөгілмес пе жібіміз?
Көктеп қойшы қайтадан
Бөлінбесін жұбымыз.

Салдыр-салақ жүрмейік,
Кетпейтіндей түгіміз.
Көп қой әлі қосылып,
Бір тартатын жүгіміз...

Инең қайда, Сәкем-ау,
Сабақталған жібіміз?
Жамап қойшы қайтадан
Сөгілмесін жұбымыз.

ҚҰРДАСЫМНЫҢ АУЗЫНАН

– Мені де осал демеңдер,
Санамаңдар әлсіздердің бірі деп.
Түнде жатып ұйқым менің қанбайды,
Шаршамасам жұмыс істеп күнімен.

Көтерістім қарт атамның қаруын,
Кетпен, күрек, сүйменін...
Әжеме де жәрдемдестім аянбай,
Киіз қарпып, терісін де иледім.

Шешемнің де көтерістім арқалап,
Тоғайдағы әзірлеген отынын.
Суын да мен суық күнде жеткіздім,
Көргенім жоқ оларыма өкініп.

Ағам қайтпай соғыстан,
Алғаннан соң қара қағаз хабарын.
Жеңешеме болыстым,
Алақаным ойылып,
Тесілгенше табаным.

Пешін жақтым,
Тоңдырмадым жеңгемді.
Жеркенбедім, кірін де мен жуыстым.
Керегі не көмектесе қоймаса
Аты ағайын-туыстың!

Мен бүгін де тоқтатқам жоқ жұмысты,
Үйренген соң қиын екен доғару.
Тұрып кетем төсегімде жата алмай,
Атқан соң таң ағарып.

Болысамын кемпіріме, келінге,
Машинаға ет те тартып беремін.
Қолым тисе базаршымын тәп-тәуір,
Әкеп берем көк базардан керегін.

Мені де осал демеңдер,
Санамаңдар тозғандардың біріне.

Түнде жатып ұйқым менің қанбайды,
Шаршамасам жұмыс істеп күнімен.

❁ ❁ ❁

Оттан безбе,
қара түнге тығылма,
Неге керек жарық көзін тығындап!
Қара бүркіт бола алмайсың
қанша түн
Отырсаң да томағамен тұғырда.

❁ ❁ ❁

Паспортыңа сенемін,
Сен қазақсың.
Адамысың осы елдің.
Айтшы, кәне,
Адамы боп осы елдің
Не тындырдың?
Бұл жұртыңа не бердің?

ЖЕР ТУРАЛЫ ҮШ ӨЛЕҢ

1

Туған жер деп жыр айтамыз елге біз,
Неге жақын болдық екен Жерге біз?
Ұмытармыз үйдің жылы төсегін,
Ұмытармыз, мүмкін, әке-шешені
Бәрі мүмкін, дүниеде не болмайды,
Жер Ананы бірақ ұмыта алмаймыз.

2

Жерде тудым, жер сүтіне қандым мен,
Жерім — анам деген сөзге нандым мен.
Жер Ананың берген нанын жедім мен,
Жерім — анам, жаным анам — дедім мен.

Соңғы күнім өз жерімде батады,
Өз жерімнің топырағында жатамын.

3

Қарным ашса, нан сұрадым жерімнен,
Адасқанда жөн сұрадым жерімнен.
Жазды күні төл өсірдім көгінде,
Қысқы қарда жылқы бақтым тебінде.

Айта берем, айта берем жерім деп,
Асқар тауым, аспан, далам менің деп,
Өлгенімше отырамын төрінде,
Өлген соң да шығам сенің төріңнен.

АҚ ҚАЙЫҚПЕН ӘЛІ СЫРҒЫП БАРАДЫ

Есімде әлі, тіпті жас ем мен онда,
Келе жаттым ұзақ сапар жолында.
Астымда атым, қанатымдай, боз дөнен
Келем еркін. Ештеңеден қорынбай.

Кісінеді боз дөненім шөлдеген,
Бұрылдым да, таяу қалдым көлге мен.
Көлжағада аттан түсе бергенде,
Бір сурет — қыз тұра қалды көлденең.

Бір сұлу қыз тұра қалды көлденең,
Көзін неге айырмады ол менен?
Неге сол қыз тұра қалды көлденең,
Кете бермей жалғыз аяқ жолменен?

Ақ жүзіне айдың нұрын жағынған,
Омырауына Күн сәулесін тағынған,
Қара шашы — қара торғын төгіліп,
Қара көзі қайран досын сағынған.

Күлімсіреп көз салады қыз маған:
— Өте жақын сияқтысыз сіз маған,—

Деп шелектен ұсынады су маған,
Қылығымен қыз әдебін бұзбаған.

Я көзінен, я сөзінен мін таппай,
Бетіне мен қарап қаппын тіл қатпай.
Маған қыз да жақынымдай көрінді,
Көңілінде көлеңке жоқ тырнақтай.

Атыңыз кім, қарындасым?
Жанармын.
Жолын баққан жолда жүрген ағамның.
Шөлдесең сен, су беремін қолымнан,
Адассаң сен, жолға апарып салармын.

Байқадың ба, ұшқан желден жеңілмін,
Еркесімін көл жайлаған елімнің.
Көлді сүйсең, қайығыма мін, аға,
Қонам десең қонағысың төрімнің.

Деді Жанар, күліп маған қарады.
Көзінде бір керемет от жанады.
Тұрып қаппын тілім менің байланып,
Жауабын да бере алмаппын ағаның...

Мен де есімді жиып оған қарадым,
Демекші едім: «Жаным Жанар, қарағым».
Сүйтсем Жанар ақ қайықта қалықтап,
Қос ескекпен шайқай көлді барады.

— Қош, ағатай! — деді маған дауыстап,
Теңселеді жасыл құрақ, қамыстар.
Мен жағада тұрып қаппын қалшиып,
Кете барды ол, кете барды алыстап.

Бірақ сол қыз менің әлі есімде,
Сақтап қаппын көз жанарын өшірмей.
Ақ қайықпен әлі сырғып барады,
Арманымдай айдын көлдің төсінде.

❁ ❁ ❁

Қартайдың деп мін тақпа,
Қартаясың өзің де.
Сыйлаған жөн сыр сақтар
Қимасыңды кезіңде.

Рас шығар тозғаны
Жаным емес, терімнің.
Тот басты деп тұтынбай,
Тастаймысың темірді.

Тот басты деп тұтынбай,
Тастаймысың темірді.
Айыруға болмай ма
Ауырлардан жеңілді?

Ойлаған жөн қашанда
Салыстырып әрнені...
Айтып кетіп жүрмейік
Жұғымсыздар әндерін...

❁ ❁ ❁

Шағыстырған сөзге еріп,
Неге айныдың, ақылдым?
Айныр болсақ, сөзге еріп,
Неге әуре ғып шақырдың?

Шақырып ең, келдім мен,
Кел дегенге көндім мен.
Көріп едің, бұзылдың
Көз алдымда сөндің де.

Шағыстырған сөзге еріп,
Қалдың ба әлде өзгеріп.
Бұзылдың ба әлде сен,
Ұнаттың ба өзгені?

Ұнатсаң да өзгені
Қажет пе еді өзгеру...

Дал боп қалсаң қайтесің,
Сайтан айтқан сөзге еріп.

Ойлан,
шырақ,
асықпа,
Дос көңілін жасытпа.
Қиын болып жүрмесін,
Қайта оралу қашықтан.

ДОСТЫҚ КЕҢЕС

Шағыстырған сөзге ерме, өсекке ерме,
Ерік берме белгісіз есептерге.
Ерік берсең белгісіз есептерге
Билеп-төстеп кетеді есектер де.

Сене білсең, өзің де сендіресің,
Көнбестерді сөзіңе көндіресің.
Досыңды да табасың суып кеткен,
Болмашыдан кетіскен кергілесіп.

Өкпе мен наз бір кезгі басылады,
Уақыт бәрін еріксіз жасырады.
Шаң-тозаңнан тазарып асыл шындық,
Көз алдыңда ақиқат ашылады.

Сонда сенің жаныңда кір қалмайды,
Өзіңе-өзің айтпаған сыр қалмайды.
Ақ жалаудай пейілі достарыңның,
Өтірік пен өсекке былғанбайды.

❁ ❁ ❁

Уақыт өтсе, адам да өтеді екен,
Оқиғалар алыстап кетеді екен.
Тыңдай алсаң жаныңмен, жүрегіңмен
Өткен күннің үндері жетеді екен.

Тағалы аттың шапқаны Тастақпенен
Бара жатқан секілді бастап мені.
Әлдекімнің жан даусы, ащы айқайы
Шақырады дамылсыз қақсап мені.

Сынғырлаған естимін семсер үнін,
Сынған болат қалады тістеп тілін.
Бір жаралы соңғы рет күрсінді де,
Сыпырылып атынан түсті ақырын.

Бәрін бағып отырмын, естіп бәрін,
Көш қоршауы тербеді қыздың әнін...
Қайда апарып соқтырып кетер екен,
Жол қуалай шұбырған бұл ойларым.

ӘСЕМ

Ұзатқан соң Әсемді жылы күзде,
Ұмытты ғой ол енді, күдер үзді.
Деп жүрсем мен, ол әлі ұмытпапты,
Бала күнгі бірлескен көңлімізді.

Барып едім аулына жыл өткізіп,
Көңілімнен кетпестей көрдім қызық.
Іздеп келген бауырындай алды қарсы,
Мен кетті деп жүргенде күдер үзіп.

— Жеттің бе, аға, жеттің бе жыл өткенде?
Сағынғайдым-ау өткенше бұл өткелден.
Келші, ағатай, сүйейін маңдайыңнан,
Жарылмасын жүрегім дір еткенде...

Қыз қарсы алды осылай, өзі сүйді,
Бота көздер мөп-мөлдір жасын құйды.
— Қайтсын, бауыр, бауырын аңсаған ғой
Деп бір үлкен мейіріммен сөзін түйді.

Сондағы көз — қара көз мөлдір жасты,
Қанатындай қарлығаш екі қасты.
«Жан ағатай, бауырым» деген сөзді
Шығармаспын есімнен, ұмытпаспын.

❁ ❁ ❁

Жасымда мен өзге едім, қызық едім,
Болмашыға дауыстап қызып едім.
Долылықтан қызғанда ауырып қап,
Талай достың қызығын бұзып едім.

Қызғаншақ ем лезде қызаратын,
Атанушы ем сондайда ызалы ақын.
Демде мақтап жарықты, жастарымды
Қуантушы ем сүйсінген достарымды.

Бірде көктем, бірде жаз, бірде күздей,
Құлпырушы ем өзгеріп мен лезде.
Соның бәрін көтерді көмбіс достар
Өлеңімнің отынан күдер үзбей.

Қайран достық, қылаусыз қайран достар,
Мені әкеліп сендерге құдай қосқан.
Сендер жоқта мен кіммін?
Түк те емеспін!
Есігімді ашпайды елеп ешкім.

КІШКЕНЕ ХИКАЯ

(Бір жолдастың аузынан)

«Мен жалғызбын түн ұзақ отауымда,
Күтем сені ұйықтамай жатамын да.
Тайсалмай кір отауға есік ашық,
Өткізіп кет бір түнді қатарымда», —

Деп жазғанын қалтама салды менің,
Тарылғандай боп кетті алған демім.
Күтіп жүрмін батысқа күн еңкейіп,
Тез ұзара түскенін көлеңкенің.

Көлеңкелер ұзарды, қас қарайды,
Тез батырдым жіңішке туған айды.
Жұрт ұйқыға кеткенде кірдім мен де
Отауына сүйіктім — Құралайдың.

Ол ғана бар бұл түнде мен ғана бар...
Тіл байланған, алқынған дем ғана бар,
Жанымызды жасырған түн ғана бар,
Жаңа ғана оянған жел ғана бар.

Жылады ма, апырмау, күледі ме?
Бұрымы ма мойнымда, білегі ме...
От деміне өртеніп, балқып жаным,
Батып кетіп барамын жүрегіне.

О, ғажап түн, шықпашы отаудан сен,
Не бар екен дүниеде сенен әсем.
Атпасын таң, шықпай-ақ қойсыншы Күн,
Өлмей мәңгі қалсыншы алған әсер.

Сүйе бердім ернін де, кеудесін де,
Мұрша таппай мен десіп, сен десуге.
Бір ғажап түн талдырып, алды есімді,
Сол ғажап түн өмірлік қалды есімде.

— Құрбан қылдым сен үшін арымды да,
Қидым саған шыбындай жанымды да.
Жүрегімді қаласаң, тоқтатып кет,
Қалдырмашы денемде қанымды да. —

Деді маған Құралай — ақ періштем,
— Одан өзге тілек жоқ менде бөтен.
Таң жақындап, түн ауып бара жатыр,
Сені тастап мен енді қалай кетем...

Сені тастап мен енді қалай кетем?
Жалтақ-жалтақ артыма қарай кетем.
Таң сарғайып қалыпты мен шыққанда,
Аңдып біреу артымнан қарар ма екен? —

Деп екеуміз қоштастық құшақтасып,
Шыға бердім еріксіз есікті ашып.
Ыстық жасын көрсетпей аяп мені,
Қара көзін Құралай қалды басып.

Кете бардым, ізімді көрсетпедім...
Өтіп кеткен көп жылмен жоқ есебім.

Жайсаң жанға ызғарын тигізбеді,
Жаны мұздай жандардың көп өсегі.

Жастық өтті ойнаған от құйынды,
Кірлетпедім ақ тілек, ақпейілді.
Былғанбаған өсекпен жас махаббат
Жата берді жанымда пәк күйінде.

❁ ❁ ❁

Көп жасадым. Бірақ менің
Бұзылған жоқ алған демім.
Кеміген жоқ ішімде сыр,
Ағылып тұр, төгіліп тұр,
Сүйегімде қуаты бар көмірдің.

От тигізсең сүйегіме,
Жайсаң жаным иеді де.
Көміріңдей мен де жана білемін,
Жалынымды ойнатамын,
Теміріңді де қайнатамын,
Ауырмаса болғаны тек жүрегім.

БІР АҚЫНҒА

Жараспайды қайыршылық адамға,
Жараспайды сені менен маған да.
Оқыдың ғой өлеңіңді, жетеді,
Күтпе жұрттың қол соққанын алаңдап.

Масықпа сен, тілеп алған мадаққа,
Алдандырып аузыңа елді қаратпа.
Ақындық пен жалған атақ бір емес,
Ақындықты тәңірім өзі жаратқан.

Иілме сен иімпаздар игенге,
Жағынатын өлең жазып үйренбе.
Ертең елге не деп жауап бересің,
Өтіп кетсе жас өмірің күйбеңмен.

Жаныңды ая, жүрегіңді жасытпа,
Жастай тыйыл қайыршылық машықтан.
Өз еркіңді өзің билей білмесең,
Қағып-сілкіп кетеді оңай пасықтар.

Жаныңды ая, жігеріңді жасытпа,
Арзан түсер атақ-даңққа асықпа.
Бар еді ғой сенетіндер саған да,
Тым болмаса соларыңды шошытпа!

ҚЫС

Ақ қар, көк мұз...
Қыс дегеніміз осы ғой.
Сырғанақ тебер жерлерде
Біріне-бірі қосылып,
Жатады енді
Шаңғылар ізі жосылып.
Ал күшейіп кетсе ше?
Саршұнақ аяз ысқырып,
Қалады біраз
Мал баққан достар шошынып.

Шіркін-ай!
Шығар ма еді далаға,
Баяғыша жағалы пальто,
Сырмақты шалбар киініп...
Бара жатсаң омбылап,
Қоншыңнан ақ қар құйылып.
Бір кездерде
Таба алмай қалсаң жолыңды
Ақ құйын ойнап үйіріп.
Ақ қайыңдар сықсып тұрса алдыңда,
Көтере алмай қарлы басын иіліп,
Айналдым балғын қысымнан,
Сенің аппақ шағаладай қарыңнан.
Уақытым қандай сәулетті,
Сақалына, мұртына,
Меруерт моншақ тағынған.

Далам жатыр ызғарлы желден қымтанып,
Ұлпа тонын жамылған.
Сәлем саған, Республикам,
Қарлы астанам — Алматым,
Үйінен шықпай,
Оранып жатқан шалыңнан!

❁ ❁ ❁

«Туған жер» деп келеді айта бергін,
Туған жерді келеді қайта көргін.
Жерден жақын ешкім жоқ, түсінгенге,
Қымбат ол ең бауырлас кісіңнен де...

Қымбат ол ең бауырлас кісіңнен де,
Шықпайды ол сағынғанда түсіңнен де.
Жері жоқтың үйі жоқ, мекені жоқ,
Қасиеттеп өлгенше өтері жоқ.

ДОСТАР КҮЛКІСІ

Кейбір шақта ойдан да арыла алмай,
Арылмаған ойлардан сарылардай,
Жатқанымда, кенеттен қуанамын,
Қуанамын жүрегім жарылардай.

Менің ойым оларға жеткендей-ақ,
Қабырлары ашылып кеткендей-ақ.
Күлкілері оянып құлағымда,
Достар шуын тыңдаймын тынамын да.

Араласып жүретін өлім менен,
Азалы күн дертінен жеңілмеген.
Көпке дейін үндері шықпаса да,
Күлкі қалады екен ғой көмілмеген.

Жалғыз емес, мен жатып көбейемін,
Жұбатады көбейдің деп өлеңім.
Естіп даусын, күлкісін достарымның,
Күңгірт дүнием жарқырап кеңейеді.

Қандай еді, достар-ау, күлкілерің,
Күлкілерің мені де сілкір еді.
Сендерменен тұрғанда бірге күліп,
Қимылымды кім менің іркіп еді!

Күліңдерші, достарым, күліңдерші,
Менің сағынышымды біліңдерші.
Жүзің келмей қалсаң да, оның келші,
Күліп, ойнап көңілімде жүріңдерші.

ҚЫСҚА ШУМАҚТАР

Суын ішіп қасыңның қандым деме,
Бір сөзіне ол айтқан нандым деме.
Жанастырмай өзіңе аулақ ұста,
Күле кірсе, тартылма әңгімеге.

❁ ❁ ❁

Құтылмайсың пәледен жалғыз қашып,
Бөлінем деп жұртыңнан жүрме адасып.
Атаң қазақ ертеде-ақ айтқан дұрыс:
«Келте болмас пішкен тон ақылдасып».

❁ ❁ ❁

Неге салқын көршіңмен амандастың,
Келді ме әлде онымен жамандасқың?
Қайғы менен қуаныш әмбеге ортақ,
Сен де ортақсың мұңына замандастың.

❁ ❁ ❁

Жалпылдаған қарғадан не күтесің?
Тек жаныңды бекерге үркітесің.
Қарқылдаған сыр берме ала құсқа,
Сақ бол оған, өзіңді аулақ ұста.

БАЗАРДА

Базар бардым: жүзім алдым, алма алдым,
Алғаныма әжептәуір алдандым.
Алма менен жүзімімді жеп тұрып,
Көрдім сиқын неше түрлі жандардың.

Көрдім сиқын неше түрлі жандардың,
Көргеніме мен еріксіз таңдандым.
Қалды есімде қалың жұрттың ішінде
Әрең-әрең қозғалғаны шалдардың.

Сатары жоқ, алары жоқ шалдарға,
«Базарда ол не ғып жүр», деп танданба,
Отырады ол сен ұрыспай-ақ үйінде,
Аяғына ие болмай қалғанда.

Сатары жоқ, алары жоқ шалдарға,
«Не ғып жүр» деп, бекерге сен танданба.
Отырады ол, сен ұрыспай-ақ үйінде
Екі көзі бірдей көрмей қалғанда.

Оған дейін отырмайды ол, жатпайды,
Тірі адамның тіршілігін сақтайды.
Тым болмаса көріп шығып базарды,
Бүгін базар бай екен деп мақтайды.

Көзі барда шал қимылсыз жатпайды,
Тіршіліктің кәдесін ол сақтайды.
Тым болмаса көріп шығып базарды,
Түк жоқ екен алатын деп даттайды.

Мешел тартып қалмаса, шал жатпайды,
Ата деген атын сүйтіп ақтайды.
Айтып болып ненің жақсы, жаманын,
Содан кейін жұмып көзін тоқтайды.

❁ ❁ ❁

Кім, қашан туды,
Қанша жыл тірлік жасады,
Бәрі де түгел қатталған.
Солардың көбі-ақ
Кезінде қару тағынып,
Қан майданға аттанған.

Олар жылдардан өткен,
Қанша жолдардан өткен,
Қаһарлы құрал асынған.
Осы солдаттар ғой,
Ашуы әбден ашынған,
Қиратқан жауды басынған.

Қиналып жаны,
Ақса да қаны,
Қиратқан жауын, қашырған.
Көбінің өлген күні де белгілі,
Бірақ қабырлары белгісіз,
Біз оны да жаздық жасырмай!

❁ ❁ ❁

Шықпаған соң далаға, жүрмеген соң,
Кімнің қайда екенін білмеген соң,
Отырады екенсің түк аңғармай,
Сырттан келген жолаушы адамдардай.

Күн бұлттанса, тартады көше сұрғылт,
Ойың тұрақтамайды, көңіл сырғып.
Бір суық жел ойнайды есігіңде,
Өсекшілер секілді осы күнгі.

Сезінгендей отырған қарттың жайын,
Қорадағы кәрі ағаш сықырлайды.
Байлаудағы көрші иті іші пысқан,
Үндеседі кәрімен о да тыстан.

Өз ішіңе үңіліп, түсіне алмай,
Өзіңе-өзің карайсың ішің нанбай.
Қиял қаңғып кетеді әлдекайда,
Сабыр тауып қасында отыра алмай.

Тараса екен бұлты да, көлеңкесі,
Бұлттан қашар көрінің берекесі.
Күн көрінсе-ақ кеудеңе кіріп жарық,
Жасарғандай қаласың бір қуанып.

ТҮН ТУРАЛЫ

Келе жатыр кеш қарайып батыстан,
Қара шашы қара бұлтпен шатысқан.
Келе жатыр етек-жеңі жайылып,
Жердің бетін жарығынан айырып.

Келеді ол қалың түнді жетектеп,
Қараяды қазір қырлар, етектер.
Шөптерді де қара тұнық көмеді,
Үйлерге де үйреніскен енеді.

Толтырып ол барлық орман, даланы,
Қара шашын алады да таранып,
Содан кейін отырады көсіліп,
Тербетуге сәбилердің бесігін.

❁ ❁ ❁

Кейде ішімде жарқырап шам жанады,
Мен өзіме сол кезде таңданамын.
Көрместерді көремін бүркеудегі,
Жүрттың жұмбақ сырын да аңғарамын.

Кейде ішімде жап-жарық шам жанады,
Тани кетем сол кезде алдағанды.
Мына біреу — жақының, досыңмын,— деп,
Көрдіңдер ме, өтірік қарғанады.

Алдама сен, қарғанба, құнсыз неме,
Ұялмастан алдымда тұрсың неге?
Күле сөйлеп, астыма көпшік қойып,
Тартпақсың-ау тағы бір әңгімеге.

Аулақ, шырақ, былғама төсегімді,
Жүргізе бер менсіз-ақ есебіңді.
Тыңдамай-ақ өтейін дүниеден
Сенің соққан өтірік, өсегіңді.

Көп жылдарым, байқаймын, сөзбен өтті,
Көрінгенге алданған кезбен өтті.
Енді кімнен көңліме медет сұрап,
Сүйеу үшін қолыңды соз демекпін...

❁ ❁ ❁

Терезеден түн кіреді шұбалып,
Жайғасады, жарықты үйден шығарып.
Көше бойы күңгірт тарта береді,
Араласып көштің жеңіл тұманы.

Түнге батып ағаштардың қатары,
Қарғалары бұтақтарда қақалып,
Біреулердің қарауытқан денесі,
Сып-сып басып өтіп бара жатады.

Әріектен ән жетеді бір кезде,
Ән көшеге әр береді лезде.
Ұғып сырын «Гауһартастың» жасырын
Жарқ етеді шамдар көзі ашылып.

Жарық пенен әннің жарастығындай,
Көрген емен келісімді ғұмырда.
Осы екеуі түнді бағып тұрады,
Күн шыққанша көздері бір жұмылмай.

❁ ❁ ❁

Арман керек адамға,
Армансыз адам адам ба?
Қалайша теңіз болғың келмейді,
Мынадай ғажап заманда?!

Арман керек адамға,
Армансыз адам адам ба?
Қалай Гималай болғың келмейді,
Мынадай биік заманда?!

Арман керек адамға,
Маған да керек, саған да.
Қалай өрт болып жанғың келмейді,
Мынадай отты заманда?!

ОЙ

Ой дегенде шек бар ма?
Жоқ қой тіпті.
Шексіз ойды көтерген адам мықты.
Алыс оттар бір сөніп, бір жанады,
Отырғанда лобығып көңілің күпті.

Алыс отқа арттағы, алдыңдағы,
Жалтаңдайды көңілі шалдың-дағы.
Ән мен күйге лық толы дүниені,
Ауыр шығар адамның қалдырмағы.

ШАРШАҒАН ЖАННЫҢ МОНОЛОГЫ

Ұмтылып ем асқақтарға жетем деп,
Бар қызықты өзімдікі етем деп.
Мәнсіз өмір Өмір емес, бекер деп!

Сеніп едім жарқырап бір жанам деп,
Қараңғының көзін отқа жағам деп,
Барлық жолды жарқыратып алам деп,

Бітпес бақыт,
Жан рахатын табам деп.

Көктем сайын көк балауса орам деп,
Махаббаттың шырын балын сорам деп.
Өлмес атақ, даңққа айналып қалам деп.

Оның бәрі қиял екен, түсіндім,
Өлшеу керек екен әуел күшіңді.

АШУЛЫ ӘКЕНІҢ МОНОЛОГЫНАН

Күнде, балам, салма мені базарға,
Сатамын деп ақшаға.
Шалды қайтсін, бөксесінің жаны жоқ,
Қозғала алмай,
Құдайын қарғап қақсаған.

Базар деген — базар ғой!
Бірі сатып, алып жатқан біреуі.
Әр сатушы өз пайдасын іздейді,
Тілемейді өзгелердің тілеуін.

«Аларманға алтау аз,
Беременге бесеу көп».
Балам, енді мені салма саудаға,
Мандай терін өзің төк.

Асып болдым асудан,
Жасап болдым жасымды.
Менен енді саған тиер жәрдем жоқ.

❁ ❁ ❁

Маған неге суыды қас-қабағың,
Осы да мінезі ме жақсы ағаның?
Жақпады ма көзіңе сынай қарап,
Өз ойымды өзімше қостағаным!

❁ ❁ ❁

Арман керек адамға,
Армансыз адам адам ба?
Қалайша теңіз болғың келмейді,
Мынадай ғажап заманда?!

Арман керек адамға,
Армансыз адам адам ба?
Қалай Гималай болғың келмейді,
Мынадай биік заманда?!

Арман керек адамға,
Маған да керек, саған да.
Қалай өрт болып жанғың келмейді,
Мынадай отты заманда?!

ОЙ

Ой дегенде шек бар ма?
Жоқ қой тіпті.
Шексіз ойды көтерген адам мықты.
Алыс оттар бір сөніп, бір жанады,
Отырғанда лобығып көңілің күпті.

Алыс отқа арттағы, алдыңдағы,
Жалтаңдайды көңілі шалдың-дағы.
Ән мен күйге лық толы дүниені,
Ауыр шығар адамның қалдырмағы.

ШАРШАҒАН ЖАННЫҢ МОНОЛОГЫ

Ұмтылып ем асқақтарға жетем деп,
Бар қызықты өзімдікі етем деп.
Мәнсіз өмір Өмір емес, бекер деп!

Сеніп едім жарқырап бір жанам деп,
Қараңғының көзін отқа жағам деп,
Барлық жолды жарқыратып алам деп,

Бітпес бақыт,
Жан рахатын табам деп.

Көктем сайын көк балауса орам деп,
Махаббаттың шырын балын сорам деп.
Өлмес атақ, даңққа айналып қалам деп.

Оның бәрі қиял екен, түсіндім,
Өлшеу керек екен әуел күшіңді.

АШУЛЫ ӘКЕНІҢ МОНОЛОГЫНАН

Күнде, балам, салма мені базарға,
Сатамын деп ақшаға.
Шалды қайтсін, бөксесінің жаны жоқ,
Қозғала алмай,
Құдайын қарғап қақсаған.

Базар деген — базар ғой!
Бірі сатып, алып жатқан біреуі.
Әр сатушы өз пайдасын іздейді,
Тілемейді өзгелердің тілеуін.

«Алармаңа алтау аз,
Берерменге бесеу көп».
Балам, енді мені салма саудаға,
Маңдай терін өзің төк.

Асып болдым асудан,
Жасап болдым жасымды.
Менен енді саған тиер жәрдем жоқ.

❁ ❁ ❁

Маған неге суыды қас-қабағың,
Осы да мінезі ме жақсы ағаның?
Жақпады ма көзіңе сынай қарап,
Өз ойымды өзімше қостағаным!

Мен сені теңеуші едім ірі нарға,
Ескерер ел алдында құны барда
Кешір сен, кешіксем де жаңа білдім,
Қате екен сені қосу ұлыларға.

Үңіліп жаныңның да көрдім сиқын,
Кеттім шошып, жатсам да келмей ұйқым.
Қап-қараңғы, саңылаусыз түнек екен,
Будақтаған түтіні ұйқы-тұйқы.

❁ ❁ ❁

Жас дүнием сәулетті еді,
Жарық еді, жылы еді.
Таулар әнші, шөптер биші,
Жердің беті гүл еді.

Орман қойны күйге толы,
Өзен бойы ну еді.
Көлдер беті құсқа толы,
Қаз, шағала, қу еді.

Ғажап еді-ау аулым менің,
Далам менің, жолдарым.
Атам күймен тербететін,
Алтын шаңырақ — орданы.
Мен ол кезде сәби едім,
Сәулесі едім шешемнің.
Алдымда еді жүгірер
Күн, Жетілер Күн, өсер Күн.

Қалды артымда соның бәрі,
Бұлдырайды алыстар.
Тозған дене қандай ауыр,
Жүрегімді жанышқан.

❁ ❁ ❁

Қырсық көп қой, дүниеде түсінгенге,
Соның бірі — еңбексіз ісінгендер.

Ісінгендер думан ғып, той жасайды,
Қымбат олжа бейнетсіз түсіргенге.

Байқап ұста өзіңді ісінгеннен,
Айта көрме қарсы сөз ішіңнен де.
Сезе қалса сазаңды тартқызады,
Отқа салып жаныңды пісіргендей.

Енді бірі қырсықтың — өз мінезің.
Адалмын деп айнымай тұрған кезің.
Өтірікке кейбіреу шығарады,
Оп-оңай-ақ адалдың айтқан сөзін.

Содан соң-ақ шын сөзің тыңдалмайды,
Сенің адал сырыңда құн қалмайды.
Іліп-шалып өздері құлатқан соң,
Аяғансып тағы да жылмаңдайды.

Құладың ба, қайтадан тұрам деме,
Ойлан, түсін, әуелі күнәң неде...
Мінезіңді сындырып, өзгермесең,
Кісі болам дегенің құр әңгіме.

ТӨРТ ЖОЛДАР

Атқа міндім, шауып әбден үйрендім,
Жаяулардан жаны ауырған жирендім.
Енді, міне, мен де жаяу отырмын,
Үйден ұзап шыға алмайтын күйге ендім...

❁ ❁ ❁

Әркімнің мұңы — өзінің ғана серігі,
Қимасаң оны, сарғайғаны ғой сананың,
Кей кезде адам мұнына өзі елігіп,
Серпіліп жаны, тыңайып демі қалады.

❁ ❁ ❁

Алдың ғой сен, аларыңды, шырағым,
Бердім бәрін, тонауыңа шыдадым.
Қалдыршы енді, тыныштық бер басыма.
Осы ғана сенен енді сұрарым...

БІР ПЫСЫҚТЫҢ ОЙЫНША

Кеуделімін, сөйлесем таңдайлымын,
Көзімде от бар, бақытты — маңдайлымын
Өткен күнгі несібем кем болған жоқ,
Не сыбаға тағдырым арнар бүгін?

Арып-ашып қалмаймын жүгіргеннен,
Сыбағамды аламын бүгіннен де.
Сырық жалғау құрыққа қиын емес,
Жаным барда, жалғанда болмаймын кем.

Жетіп жатса жеп-жеңіл алдарлығым,
Кімге қажет өткірлік — қанжарлығым.
Ұлылардың алдында кішкенемін,
Кішілердің алдында айбарлымын.

Ұят-аят не керек, өскің келсе,
Табыстардан табысқа көшкің келсе,
Аларыңды кешікпей алып үлгір,
«Обал», «сауап» дегендер ескірген сөз,

АҚЫННЫҢ КЕЙБІР КЕЗДЕРІ

Кеше жатып, бүгін тұрдым төсектен,
Асып жатыр ұйқы деген есептен.
Оңаша үйде жаным тыныш жатырмын,
Аулағырақ дуылдаған өсектен.

Бірақ мені ұйқы тыныштырмапты,
Төсектен мен күліп-ойнап тұрмаппын.
Көңілім күздей, ойым түздей құлазып,
Бұзады кеп жанымдағы ырғақты.

Я ойым жоқ, я дір етер сезім жоқ,
Өліп-өшіп құмартатын кезім жоқ.
Іздемеймін құбылыстарды қызықты,
Айтып-айтып тастайтын да сөзім жоқ.

Аспан мөлдір, баяғыша көгілдір,
Айдан әлсіз салқын сәуле төгілген.
Мен жатырмын өзім болып өзіммен,
Айыра алмай ауыр менен жеңілді.

Намыстымын, бірақ Гамлет емеспін,
Жаратпаймын жанжал менен егесті.
Қылыштасып өлетін де жауым жоқ,
Көбісі оның көлеңкедей елестер.

Өмір деген, білем — қысқа жол ғана,
Мен тірлікті сүйе білгем қорламай.
Шаршадым ба...
Кейде осылай мұңдымын,
Бар жазығым бүгін менің сол ғана...

ІШІМДЕГІ ҚОБЫЗЫМ

Ішімдегі қобызым бір тынбайды,
Бірде бәсең, бірде ашы сұңқылдайды,
Тыңдап-тыңдап, аяғын бітіре алмай,
Сол қобыздан жүремін құтыла алмай.

Ән де жақсы тыңдауға, күй де жақсы,
Бірақ ұстау қажет пе үйде бақсы?
Бәріміздің жанымыз қобыз тартса,
Музыканттар не істеп, не қылмақшы? —

Деймін күліп, ішімді тыңдамасқа,
Бассын деймін көңілімді ойлар басқа.
Босай қою әдеттен қиын екен,
Жетіккен соң көп жасап мұнша жасқа.
Міне, тағы сол сырым таппай тыным,
Естіртті кеп өлгенін бір жақсының.
Қимасымды бола ма жоқтамасқа,
Азалы үнім еріксіз шықты ақырын.

КЕМПІРҚОСАҚ

Әлі сенем жастағы сенгеніме,
Естігенім, көзіммен көргеніме.
Мені сәби кезімде қуантатын,
Қыстың кетіп, көктемнің келгені де.

Күтем келіп жаңбырын жаудыратын,
Жердің беті жуылып жаңғыратын.
Оп-оңай қарды шайып, мұзды жуып,
Көбірек күннің де отын жандыратын.

Жаңбыр өзі жауған соң сатырлатып,
Тазартатын тасты да жалтыратып.
Содан кейін аспанда көпір жасап,
«Кемпірқосақ» дейтінбіз оның атын.

Сол көпірге қызығып қарайтынмын,
Ұзындығын өзімше санайтынмын.
Қиялымда ақбозбен шауып өтіп,
Жарысқанның алдын да орайтынмын.

Қызыл көпір, сары көпір, жасыл көпір,
Жалғастырған дүниені асыл көпір.
Сол көпірден өтуге тақалған бұлт,
Жанталасып жататын апыр-топыр.

Мен аспанға қызықтым сәби шақтан,
Аспанымды ішімнен қылдым мақтан.
Жарық айды көруші ем көкте жүзіп,
Сол көпірден өтуге келе жатқан.

Кемпірқосақ көпірім көгімдегі —
Сарқылмайтын шаттығым көңілдегі.
Қызыл бояу, сары бояу, жасыл бояу...
Мөлдіреп тұр бәрі де төгілгелі.

Мен аспанға қызықтым сәби шақтан,
Көп сырларын жұлдыздың білдім жатқа.
Жарық айды көремін бүгін де мен,
Өтіп жаңа көпірден келе жатқан.

МОЙЫНДАУ

Айтайын мен кемдігімді мойындап:
Сырдың бойы
шықпайды бір ойымнан.
Мен жарылып айтайын ба ағынан:
Сыр суының
ылғи исін сағынам.

Жүрсем де мен
астаналық қалада,
Жетектейді көңілім мені далаға.
Мен жарылып айтайын ба ағынан:
Көктемдегі құмның исін сағынам.

Алма бағы ортасында жүріп мен,
Өзімді-өзім
мазақтаймын күліп мен.
Тағы да өзім жарылайын ағынан:
Шеңгелім мен жидем исін сағынам.

Сырдың ылай суынан мен тудым да,
Құндағында жаттым ыстық құмның да.
Сексеуілмен,
үйеңкімен бірге өсіп,
Алғам содан әуендерін жырдың да.

Қартайғанда
Сырдың исін сағынам,
Қартайғанда құмның исін сағынам.
Күлгілерің келгендерің күліңдер,
Тек мұны да махаббат деп біліңдер.

АЙТЫҢДАРШЫ...

Айтыңдаршы,
ақындар, әзірміз бе,
Керек шындап ойласу қазір бізге.
Сездіңдер ме,
жер бүгін дүр сілкінді,
Өрлік пенен ерлікті құлшындырды.

Батыр ойлы жандары
ұлы Отанның,
Бүкіл ғасыр тізгінін қолына алды.
Болашақты қорғауға байланды бел,
Емін-еркін еркелей
айналды Жер.

Әр адамның босанып еркіндігі,
Таңғажайып қуаттар серпілді де.
Тың қозғалыс басталды
қиялмен тең,
Болашағы әлемнің өзіндей кең.

Айтыңдаршы,
ақындар, әзірміз бе?
Керек жедел ойласу
қазір бізге.
Жырлау қажет бізге енді,
бауырларым,
Толғап дарқан дәуірдің
ой-арманын.

БҮГІНГІ СӨЗ

Ұлы партия
бастады бізді жорыққа,
Толқыды тулар —
Толқыған Қызыл теңіздей.
Қаптап бір шықтық
сығысқан сеңдей халықтар
Бірге туғандай,
бауырластардай, егіздей!

Жүрегіміз біздің
Соғады бүгін дабылдай,
Көзіміз біздің қадалды сонау шығанға!
Қарқынымыз қандай!
Бұрқаған дүлей дауылдай.
Бір сапта тұрмыз,
Қатардан шашау шығармай.

Партия біздің,
Ұлы партиямыз сүйікті!
Көрсетті бізге
Ленинше жаңа биікті.
Қыранша сермеп,
Тұтаса бастық қияға,
Қалдырып төмен кездескен
кейбір тұйықты.

Далада қимыл,
қалада қимыл қаптады,
Тұтасты бүгін
Ұзын жолдардың жарығы.
Өмірден жаңа
Махаббат,
мағына тапты адам,
Ұсақтық пен немкеттіліктен арылып.

Социализм сөз емес
босқа айтылған,
Ол — адамның бақыты,
үміт,
арманы...
Социализм —
достықтың күн боп жанғаны,
Қоғамның әбден тазарып,
азат болғаны.

Социализм —
адамның самғау қанаты,
Үміттің жарық жұлдызы
көктен жанатын.
Социализм —
адамның еркі босанған,
Ақ жаныменен
аққуша демін алатын.
Далада қимыл,
қалада қимыл қаптады,
Өмірден жаңа
махаббат жолын тапты адам.

Кәнеки, достар,
сол жолға түгел түсейік,
Тастайық сөзді
күн көру үшін жаттаған!

«Бұзылу оңай,
Түзелу қиын» дегенді,
Айтқандай бұрын адамның қамын
жегендер.
Бұрайық енді
Оңайдан бетті қиынға.
Алдымен, достар,
Құлқынның жолын бөгеңдер!

ОКТЯБРЬДЕ КҮШПЕН АЛҒАН АЗАТТЫҚ

Октябрьде күшпен алған азаттық
Мен бүгінгі озаттардан озатпын.
Мен тірімде көтермеймін мазақты,
Мен тірімде қорлатпаймын қазақты, —

Дедім-дағы шықтым жауға қорынбай,
Тартынбадым оттар тосқан жолымнан.
Он өлдім мен, он тірілдім намыспен,
Фашизмді жеңгенімше алыстым.

Жеңіс үшін құрбан қылдым барымды,
Оққа тостым, өртке салдым жанымды.
Аққан қанға белуардан малындым,
Рейхстагқа Ту ғып ілдім арымды.

Ата, мейлі, атамандар атымды,
Мен кешегі ту ұстаған батырмын.
Мен сол тумен әлі келе жатырмын,
Мен ешкімге жібермеймін ақымды!

ӨЖЕТТЕНЕ МАҚТАЙМЫН ЖАС ШАҒЫМДЫ

Өжеттене мақтаймын жас шағымды,
Білмеуші едім онда мен жасқануды.
Тігуші едім бәйгеге басымды да
Қызық үшін көретін қас қағымдық.

Табанымнан тас өтіп, шекемнен күн,
Шөлдегенде су таппай жалғыз жұтым,
Аулымды аңсап қаладан келгенімде
Жақын қалған үйімнен шықса түтін, —

Ұшып кете жаздаушы ем қанат бітіп,
Жолдан шаршағанымды тіпті ұмытып.
Арманыма жеткендей қуанушы ем,
Қайран шешем алдымнан алса күтіп.

Шешем сүйіп бетімнен айналғанда,
Аман-есен келгенім тойланғанда,
Сары самаурын ентіккен үйге кіріп,
Сары маймен ерінім майланғанда.

Ұйқым қанып көңілім жайланғанда,
Шешем сүйіп, тағы бір айналғанда,
Кешке шығып қарасам, Көктөбеден,
Жап-жасыл боп жайнаған жайлау қандай?!

Ән жететін сол кезде көл тараптан,
Қанатындай аққудың сұңқыл қаққан.
Қозғала алмай орнымнан қалатынмын,
Қызды көріп асығып келе жатқан.

ШАЛ СЫРЫ

— Уақыт, заман, ой-сезім бірлестігін,
Ұстаздардан жасымда күнде естідім.
Күнде естідім, құптадым, таласпадым,
Білгірлермен болған жоқ күндестігім.

Әйтсе де бір сырым бар аңғарарлық,
Емес оным пәлендей таңданарлық.
Кешегімнен қалыпты тек елестер,
Ертеңіме күшім жоқ қамданарлық.

Осы емес пе бірлестік бұзылғаны,
Қыздырмайды жанымды қызыл қаным.
Көкірек байғұс текірек қақса-дағы,
Әлсіздіктен қайнайды зығырданым.

ОЙ ҮЗІКТЕРІ

Шіркін күлкі, күмістей сыңғырлаған,
Жүрегімнен сыр тартып, жыр ұрлаған.
Түнгі аспаннан ағып кеп түсті ме деп,
Жұлдыздарға қараймын жымыңдаған.

❁ ❁ ❁

Көңлім менің көк аспан болар қанша?
Болар, бұлт кеп басыма оралғанша.
Күлкім менен шаттығым бәсеңдемес,
Күйретілер күн жетіп, тоналғанша.

❁ ❁ ❁

Көңлім жеткен жерлерге,
Қолым жете бермейді.
От азайды кеудемде,
Өзіме-өзім сенбеймін.

Мықтымын-ақ десем де,
Өзіме-өзім сенбеймін.
Қалжыраған қолдарым
Айтқаныма көнбейді.

❁ ❁ ❁

Білемін, даусың қатты тасқандағы,
Таныс қой қылығың да сасқандағы.

Кетесің жоғарыға тез-ақ заулап,
Өмірдің табылса оңай баспалдағы.

❁ ❁ ❁

Қиынға қайрап салар қайратың жоқ,
Баспайсың қатерлерге тосқаудағы.
Домалақ, бойың қысқа, ойың мешеу,
Жұлдыздан дәметесің аспандағы.

❁ ❁ ❁

Өзіне-өзі мықтап сене алмаған,
Я жанып, я болмаса сөне алмаған,
Жігітті жаны жүдеу аяймын мен,
Күдігін күмілжітер жеңе алмаған.

❁ ❁ ❁

Өзім білем — не көрдім өмірімде,
Бәрі түгел сайрап тұр көңілімде.
Өмір сүрсем қайтадан көтерер ем,
Ауырын да, солардың жеңілін де.

❁ ❁ ❁

Ұмытқам жоқ өмірімнің шындығын,
Көрдім бәрін: қызығын да, сұмдығын.
Неге осынша жасадым деп достарым,
Алдарыңда өкінбеймін мен бүгін.

❁ ❁ ❁

Артым — жар, алдым — бұлдыр сағымдалған,
Ағайын, аңсарым көп табылмаған.
Жаз өтіп, күзім де өтіп, қыс келсе де,
Өмірден сыбағам көп алынбаған.

❁ ❁ ❁

Атан болып атандым қабырғалы,
Ақ ниетім қарайып тарылмады.

Жақсы дедім жақсыны күмілжімей,
Жамандықты жақсы деп жағынбадым.

❁ ❁ ❁

Халқым барда мен бармын қашанда да,
Мезгілім жоқ қашқақтап шошаңдаған.
Жұртым өзі кешірер кәрі ақынды,
Күнім жетсе, күш кетіп осалдаған.

❁ ❁ ❁

Алдандырып көптеген көріністер,
Батырсынып баспайсың шегініске.
Жуасытып содан соң алады екен,
Есебі жоқ жеңістер, жеңілістер.

❁ ❁ ❁

Көңіл қалды іниден, ағадан да,
Жылу кетті жеңнен де, жағадан да.
Бір күнгідей көргенім сезілмейді,
Көп секілді болса да санағанда.

❁ ❁ ❁

Ойдағы арман ұстатпайтын бұлтпен тең,
Жеткізбейді қанша қусаң көлеңкең.
Бүгін жассың қылшылдаған қылыштай,
Қозғала алмас шал боласың күні ертең.

❁ ❁ ❁

Ойым менің — ауыр жүгім көтерген,
Айналмаймын өз ойымнан бөтенге.
Келем тынбай арманымды арқалап,
Тоқтатпаса бір сұмдық күш төтеннен.

❁ ❁ ❁

«Келіппін-ау бұл жалғанға бекер мен»,—
Десе десін менен өзге бөтендер.

Қайғым менен қуанышымды арқалап,
Өлеңдетіп өлгенімше өтем мен.

❁ ❁ ❁

Мен жасарып, мен қартайып болғанша,
Бұл дүниеге келіп, кеткен ел қанша.
Шешілді екен қанша жанның тағдыры,
Таңдайымды жібітіп мен алғанша.

❁ ❁ ❁

Сәкем-ау, ойдамысың, қырдамысың?
Жинадым алтын сәуле сырған үшін.
Ұсынсам алтын сәуле сырған үшін,
Тағуға құлағыңа ырзамысың...

❁ ❁ ❁

Өз тілімдей тіл қайда еркін басар,
Тілім барда еркіме кім таласар.
Туған тілім тұншығып, әлсіресе,
Ыстық қаным суынып, еркім қашар.

❁ ❁ ❁

О, туған тіл, дүниеде
Сен болмасаң нетер ем?
Аңмен бірге аң болып,
Шаңмен бірге шаң болып
Ұстағанның қолында,
Тістегеннің аузында
Олжа болып кетер ем.

❁ ❁ ❁

Ерекше сұрарым жоқ өзім үшін,
Әзірмін бейнетіме төзу үшін.
Қашпаймын қайнап жатқан қызықтан да,
Туғам жоқ тіршіліктен безу үшін.

Болмайын таңдаулысы бірегейдің,
Құйын күш, от жүрек те тілемеймін.
Жарқырап жарық дүнием түрса бопты,
Қалайын қара басым жүдеп мейлі.

❁ ❁ ❁

Сезгенім жоқ қатер барын,
Өлім бар деп тартынбадым.
Аққуың боп қаңқылдадым,
Сұңқарың боп саңқылдадым.

Менсінбедім, көзге ілмедім,
Дүние байлық, алтындарын.
Өрттей жастық құдіретімен
Күн астында жарқылдадым.

Тасыған бір өзен едім,
Аға бердім, тартылмадым.
Жасыл дүние тұрды жайнап,
Алдымдағы, артымдағы.

Азаймайды тамаша күн,
Арылмайды шарқ ұрғаным.
Кемімейді көңілімдегі,
Көгімдегі жалтылдарым.

Деп жүргенде сезер болдым,
Жүрегімнің алқынғанын.
Өтті жазым, жетті күзім,
Ыстық қаным салқындады.

Көп жасадым, көрдім ақыр,
Қайратымның таусылғанын.
Сырдариямның тартылғанын,
Аралымның сарқылғанын.

❁ ❁ ❁

Ағаңмын десем саған-ақ айтамын,
Қалай мен ақ жанымды қарайтамын!
Суымас жүрегімнің махаббаты,
Ішімде сөнбейді оты жанартаудың.

Жыр жатыр, жігер жатыр қайнарымда,
Жынданам қайнарыммен ойнарымда.
Інілер, қалдырмаңдар кәрі ақынды,
Кәдімгі өзім бастар тойларыңнан!

❁ ❁ ❁

Жүріп келем,
Тоқтағам жоқ әлі де,
Өтіп жатыр, кетіп жатыр бәрі де.
Өз даусымның жаңғырығын естимін,
Тына қалып құлақ тоссам әріге.

Қалыпты ғой ән-күйлерім әріде,
Жаңғырықпен күмбірлеп тұр бәрі де.
Өзім мұнда, көңілім анау сағымда,
Бүйтіп тірі жүрмін деудің мәні не?..

❁ ❁ ❁

Не қылған бұл бір ұзақ түн...
Жатырмын көрпе бүркеніп.
Ойларды талай ұзаттым,
Тұман боп өткен тіркеліп.

Құшағы түннің мұп-мұздай,
Ерні де салқын деміндей.
Денемді жылыта алмаған
Көйлегім бейне кебіндей.

От қайда мені қыздырар?
Атса екен таңым тезірек.

Тынбаған жанды түн ұзақ,
Сүйсе екен күннің өзі кеп.

❁ ❁ ❁

Өмірімнің бір қызығы — сағынышым,
Сағынсам күш таппаймын сабыр үшін.
Сондайда көк тұманға үңілемін,
Жасырынған сәулемді табу үшін.

Үңілдім, көрдім әне ақ сәулемді,
Құлшынбай шыдар қалай көңілім енді!
Жап-жарық жылжып жақын келді де ол
«Жаным сен, сен жаным» деп айта берді.

Тұтанып сол сөзінен тұрмын жанып,
Айналам қандай жарық, қандай анық.
Аймалап сәулем мені құшағымен,
Өзінің ұясына жөнелді алып.

БІР ЖАҚЫНЫМНЫҢ СЫНЫ

— Әбділда болғым келмейді,
Сүймеймін оның мінезін.
Дұрыс сөзге де көнбейді,
Білгірдей жалғыз бір өзі.

Апырмау, адам дегенде
Алды-артын ойлау болмас па.
Сексенге тақап келгенде,
Ақыл дегенің толмас па!

Иіле білген теріс пе,
Иілер жері келгенде.
Қызыға білген теріс пе,
Қызығар жері келгенде?

Сіресіп тұрған бірдеңе,
Кепсіген қатты тулақтай.

Жүре алмас жынды секілді
Ауылдың итін шулатпай.

Мінейді мені осылай,
Жанашыр, жақсы бір досым.
Түзете қоймақ сыяғы,
Бәйбішемменен бірлесіп.

Өзгере қалам қалай мен,
Болсам да қанша жазықты.
Өшпестей шешем атымды
Маңдайыма менің жазыпты.

❁ ❁ ❁

Мақтайды әркім өзінің білген ағашын,
«Еменнен мықты жоқ», дейтін кәрі
нағашым.
Темір болмаса, нағашым менің еменнен,
Салдырар еді аттарының да тағасын.

— Тұрады емен жыртқызбай желге
жағасын,
Көресің жердің түбінен оның қарасын.
Егессе бар ғой, ашуға мініп қасарып,
Қалады сонау нажағайлармен таласып.

Тау қозғалса да қозғалмайды емен ағашы,
Не деген сәулет, сымбатын өзің қарашы!
Қанша құс оның шуласып жатыр баурында,
Бұтақтары мен көлеңкесіне таласып.

Сабыры қандан, мейірімі қандай жарастық!
Бір мінезінен көрмейсің сәл де қораштық.
Түнімен тынбай жамырап шықса жапырағы,
Тәңірге басын иіп тұр ма деп қаласың...

САРАҢ МЕН МЫСЫҚ

Мысығының сараң шал сипап басын,
Бермей оның қойыпты жейтін асын.
— Қар кетті ғой, сыртқа шық, тышқан аула,
Жатып жесең семіріп, ауырасың.—

Десе мысық күліпті:
— Түсіндім — деп,
Жаңа таптым ақылгөй кісімді — деп.
Ақы алмасаң болғаны ақылыңа,
Тышқанды мен ойыңа түсірдім деп.

❁ ❁ ❁

Татулықты өзіңмен қалаушы едім,
Жақынымның біріне балаушы едім.
Парасатты, пайымды үлкен болсаң,
Кішілікке мен әбден жараушы едім.

Келген емес дүрлігіп аласұрғым,
Қалаушы едім әдемі жарасымды.
Еркелігім болмаса еркін сөйлер,
Білген емен достармен таласуды.

Сүйтсем мені ұқпапсың, түсінбепсің,
Ештеңені ақылмен пісірмепсің.
— Әбділдаға жасаймын қысым — депсің,
Жетеді оған қайтсем де күшім — депсің.

Ағатай-ау, мұның не, мастандық па?
Көтере алмай мақтауды тасқандық па.
Інім еді, өкшелес өссін демей,
Қалай бардың қымсынбай қастандыққа!?

Әркім алып кететін арадағы
Адасқан от емеспіз даладағы.
Өзге жұртты қалайша сендіреміз,
Жабық жатса жанымыз тас қараңғы?

ҰЛДАРЫММЕН КЕҢЕС

Тұршы, балам, орныңнан сілкінші бір,
Құлағыңа кірсінші ұлы дүбір.
Құдіретімен заманның өлше өзіңді,
Ұсақтықпен өтпесін жайсаң өмір.

Өзгерді ұран, қалай, сен байқайсың ба,
Енді орын жоқ өтірік, айқай-шуға.
Жұдырықтай түйілген жұмылды жұрт,
Барлық ұятсыздықпен айқасуға.

Түспейді олжа сұмдарға тіпті оңайдан,
Күйрейді енді еңбексіз құрған майдан.
Ленинше өмір сүрмеген, сүре алмаған,
Арсыздықтың бәріне аштық майдан.

Әр көңілдің ашылды көк аспаны,
Әсемдіктің көрінді жарасқаны.
Нұрлы күлкі ойнайды сәулелері,
Жаңа күйді ұлылық тұр басқарып.

Әр көңілдің ашылды көк аспаны,
Қиын енді ақылдың адаспағы.
Еркіндіктің ән-күйі құйылады,
Жарастықты ұлылық жүр басқарып.

Үңіл, балам, әуелі өз жаныңа,
Содан кейін жауап бер сұрағыма.
Отың жанып тұр ма екен ішіңдегі,
Өз жүрегің өзіңе ұнады ма?!

Өз жүрегің өзіңе ұнады ма,
Жарар ма екен уақыттың сынағына.
Қандай қатал міндетке кездессең де,
Сүйене алар ма екенсің шыдамыңа?!

Халқың сені қалайтын болсын енді,
Тұнжыратпай сәулелі аш кеудеңді.
Арзан даңққа құмарлар қалтырасын,
Өзің тұрсын, көргенде көлеңкеңді.

НАҚЫЛ

Оқыған сайын данышпандар нақылын,
Көбейгендей сезінемін жақыным.
Күнде маған бір ескерту айтады,
Сол жақыным құлағыма ақырын.

— Өз көзіңе өзің әуел бол ие,
Алдамасын мың құлпырған дүние.
Қызықпасын итің қашқан түлкіге,
Ұста өзіңді, ұрындырма күлкіге.

Қолыңа да шап беретін, ие бол,
Ұстанбасаң оп-оңай-ақ күйеді ол.
Аламын деп бейнетсіз сен дәметпе,
Сақта өзің алғыр деген әдеттен.

Жолдас болма, тізгін берме бұзыққа,
Арзан сөзге алданба, тез қызықпа.
Адал деген атағыңды ақтай біл,
Салқынқанды сабырыңды сақтай біл.

Ақылсыздан ала алмайсың ештеңе,
Болмас істі болдырам деп күштеме.
Жалғыз рет жазым кеткен білмесің,
Өмір бойы өкіндіріп жүрмесін.

Жақынынды жазықсыздан жазғырма,
Жақсыларды жарқын жолдан азғырма.
Қалың елге қайырымсыз жан көрінбе,
Шаршағанға қолыңды бер, шегінбе?!

Тілегімен ата-ананың көгердің,
Қасиеттей біл обал-сауап дегенді.
Мейіріміңді сезсін алыс-жақындар,
Қаһарланба, адамға ашу шақырма.

ДАУЛАСУ

— Әкелер өтті, ағалар өтті,
Құрбылар да қайтпасқа кетті.
Әзірлен сен де ақырғы жолға,
Сенің де кетер кезегің жетті.

Қараңғы дүниең күтіп тұр сені,
Жақындап қалды бітуге демің.
Тоздың ғой әбден, аяйсың неңді,
Қысқарып болды жүретін жолың.

Аяйсың неңді,
Қимайсың неңді?!
Құрдастарың да түп-түгел кетті.
Жеңгелерің де бітуге жақын,
Еркелетуге жарамайды енді.

Інілерің де илігіп әрең,
Қашқақтай жүріп береді сәлем.
Дәрілерің де дәрменсіз енді,
Болмай-ақ қойсын енді одан дәмең...

Осылай мені алқымнан алып,
Қасапшы жандай пышағын жанып,
Мына бір сайтан сөйлейді келіп,
Құлай жаздадым есімнен танып.

— Не керек саған, жұғымсыз сайтан,
Сөйлеспеймісің менімен байқап.
Тарылар болса алатын демім,
Ағайын-жұртқа өзім-ақ айтам.

Қорлама, сайтан, қорқытпа босқа,
Аз емес менде қарулы достар.
Тартамыз әлі тамаша күйлер,
Ағалар бастап, інілер қостап.

Бүгіннен қызық ертеңім менің,
Кеудемде жатыр мызғымас сенім.
Ұрынбай текке аулақ жүр, сайтан,
Келісе жатар адам мен өлім.

Айтқыш қой жырмен ақындар арман,
Сөйлейді жұртқа сайтандар жалған.
Аңдисың мені ізімнен қалмай,
Кегің бар менде ескіден қалған.

Кегің бар менде ескіден қалған,
Сенбеймін, сайтан, сөйлейсің жалған.
Оқ атқан саған періште — менмін,
Мен сені талай әуреге салғам.

Ақынның кілең ахуалын бағып,
Күтуші ең дәйім шаршаған шағын.
Сындыру үшін сағымды менің,
Өшіккен, сайтан, келдің ғой тағы.

Қартайдым, рас, еңкейді белім,
Тұрған жоқ қаулап жастағы сенім.
Бітетін шақта ақырғы демім,
Сенсіз-ақ тауып келеді өлім.

Тынғанша демім мезгіл бар қанша,
Өшіре алмайсың жарығым жанса.
Өлуге неге асығам сонша,
Жұмыстың бәрін бітірген жанша.

Өлең көп әлі жазатын менде,
Ұйқастар бастан шықпайды демде.
Қызғаншақ сайтан, ойымды бөлме,
Қаламыма менің жармаса берме.

ТҮЙСІКТЕР

Жылауға да болады, жыламасқа,
Құлауға да болады, құламасқа.
Шыбын жанды күйзелтіп күйретудің,
Себептерін байқасақ, басқа-басқа.

Өзіңді-өзін тежесең, бас білдірсең,
Тырнақтыға еркіңді ілдірмесең.
Ешкім сені жетектеп кете алмайды,
Онда өзіңе бересің өзің есеп.

Ең шыңырау тереңдік өз ішіңде,
Өлшеп соны, нанбасаң, жүрші күнде.
Тереңдігін жаныңның тани білсең,
Құрметтейсің басқаның үлгісін де.

МЫНА БІР ЕКЕУ ТУРАЛЫ

Екеуі, әне, келеді қолтықтасқан,
Алдарынан ажырасар жол шықпастай.
Екеуі де жай ғана бір күледі,
Естілмей-ақ үндері сұңқылдасқан.

Пішіндері сәулетті, жүрістері,
Сезілгендей сыйласып күліскені.
Бойшаңының қолында жылтыр таяқ,
Ұстар жердің имегін күмістеген.

Жылтыл қағып әйнекпен қарағаны,
Еркін айтып ойының қалағанын,
Келе жатқан секілді оп-оңай-ақ,
Жеңілдетіп болғанды арадағы.

— Көрсеттім мен демеймін саған ерлік,
Ештеңе де болған жоқ көпіртерлік.
Арыз емес, жаздым мен өз ойымды,
Еңбегіңді кемітпей кемеңгерлік.

Қатар тудық, бірге оқып, бірге шықтық,
Көкжиекке көзді де бірге тіктік.
Мен қалайша, жаным-ау, мақтанбаймын,
Бір ұядан бірге ұшса сендей мықты.

Саған қазір кім ойлар теңелем деп,
Ғалым даңқың жайылды кең әлемге.
Ақ көңіліңді өзіме бұзба, досым,
Көз қарасың сенемін жөнделер деп,—

Деп бойшаңы тым нәзік иіледі,
(Иілмеуі дәл қазір қиын еді).
Академик құрдасын сүйей түсіп,
Шақырғалы келеді үйіне енді.

Екіншісі ақ құба, ашаң бетті,
Шашының да сәл ғана ағы көптеу.
Естілмейді сампылдап дауысы да,
Айтпайтұғын секілді ойын өктем.

— Білесің ғой сырымды, несін айтам,
Сері емеспін дүниені жүрген шайқап.
Ғылым жолы — біз үшін шытырман жол,
Әр қадамды басамыз байқап-байқап,

Өкпесізбін демеймін, кекті емеспін,
Қанша күнәң болса да түгел кештім.
Бұрынғыша жүрейік жарқылдасып,
Араз жандар демейтін болсын ешкім.

Ренжіме, қонағың бола алмаймын,
Бұрынғыдай үйіңе қона алмаймын.
Ішкен менен жегеннен бірге отырып,
Бұрынғыдай қимастық оралмайды.

Сыр айтысқан осылай өтті екеуі,
Сергелдеңге серуеннің тимей себі.
Арасында екеудің мұз жатқанын
Аңғарған жоқ сырттағы жұрттың көбі.

КӨКТЕМ САЙЫН...

Көкек дауысын естісем көктем сайын,
Кеудем кеңіп қалады, жаным байып.
Қараторғай әнінен жаңылмайды,
Өз күйімдей оны да қабылдаймын.

Жапырағын қайыңның сыбырласқан,
Өскенмін ғой түсініп өзім жастан.
Бүгін де мен тыңдаймын сырласымдай,
Еркелейді қайыңдар құрдасымдай.

Атымды атап ақ бұлақ шақырады,
(Жырлау керек оны да ақын әлі)
Сөйлеткем жоқ мен әлі баяғыша,
Болжау айтқыш еменнің жапырағын.

Бүркітпенен бір ұштым қиядағы,
Елестеді күндерім ұядағы.
Шаршадым-ау деуге де ұяламын,
Тар бөлмеге қалайша сыя аламын?

❁ ❁ ❁

Баяғыдай күн қайда таңдай атқан,
Қараөткелдің көшесін шатырлатқан.
Ерейменнің бауырында ат ойнатқан,
Қиядағы бүркітке жауап қатқан.

Ерейменнің бауырында ат ойнатқан,
Нажағайдай семсерін жалаңдатқан.
Жалындай боп келеді жанып ағам,
Болашаққа жыр арнап, сәлем айтқан.

Қабыл алдым садағын ағам тартқан,
Мұрагерім менің де келеді арттан.
Өткендермен үндесу қандай бақыт,
Келешекпен тілдесу қандай мақтан.

❁ ❁ ❁

Шабысын-ай, жануар Құлагердің,
Қарадым да қадалып тұра бердім.
Желден озды, қанатты құстан озды,
Жал-құйрығы сүзіліп шыға берді.

Көрген жоқпын жүйрікті бұдан артық,
Жол танабын келеді тынбай тартып.
Жерге аяғы бір тисе, бір тимейді,
Келеді, әне, көгімде бұлтша қалқып.

Құлагердің өлгені жалған екен,
Мен де соған бекер-ақ нанған екем.
Желге айналған қанатты жануарым,
Әніменен Ақанның қалған екен.

Шабысын-ай, жануар Құлагердің,
Сені көріп тарқады-ау құмары елдің.
Құлагерің келеді жалғыз қара,
Ақан сері, сен бүгін жылама енді.

ЖАППАЙ ШАБЫС

Әркімнің өз жүйрігі — арғымағы,
Мінбеуді бір арғымақ ар қылады.
Бәйге алып топтан озып жатпаса да,
Тамағы соны мақтап қарлығады.

Мақтаймын мен де өзімнің жүйрігімді,
Жүйрігім алған менің билігімді.
Желігіп жануармен жайдақ шауып,
Алыппын жауыр қылып құйрығымды.

Ағайын, жаппай шапқа қосылдық та,
Шаңдатып кете бардық жосылдық та.
Кім озып, кім қалғанда шаруамыз жоқ,
Дүмпу мен дүрсіліміз шошырлықтай.

Ал, кәне, аздап сабыр табайықшы,
Шаң басылсын, төңірекке бағайықшы.
Кім озып, кім қалды екен, көрейікші,
Озғанына бойтұмар тағайықшы.

БҰЛТПЕН БІРГЕ

Қазір ғана ашық күн түнереді,
Бұлт келеді орманға түнегелі.
Жарық көздер лезде мұңға батып,
Жарқын көңіл әлдене тіленеді.

Адам жаны бірде асқақ, бірде бәсең,
Күйтті мезгіл көп ұзақ тұрмайды әсем.
Я қуанып, я мұңлы болу үшін,
Сәл себептер көбіне-ақ етеді әсер.

Айта алмаған адамның нәзіктігін,
Әрине, мен — қарт ақын жазықтымын.

Ал адамның итжанды төзімдісін.
Беру қиын
оны да жазып бүгін.

Адам қиын,
қат-қабат қыртысы оның,
Есептеуге келмейді өткен жолын.
Кеудесі оның — кең дүние шет-шегі жоқ,
Сәуле менен көлеңке бірдей толы.

Өзім қанша балшық боп иленгенмін,
Талай-талай құлпырған күйге енгенмін.
Сүйтіп жүріп ақтікен шеңгелдің де,
Гүлін иіскеп көктемде үйренгенмін.

Арғыны да көрдім мен, бергіні де,
Танданған жоқ тірі жан ерлігіме.
Бірде мәзбін көңілімнің кеңдігіне,
Бірде мәзбін ішерлік-жерлігіме.

Қазір ғана ашық күн түнереді,
Бұлт келеді тауларға түнегелі.
Ашық жаны адамның мұңсыз тұрса,
Оны қалай айтуды білер едім.

Қазір ғана ашық күн түнереді,
Бұлт келеді кеудеме түнегелі.
Жаным менің жарықты аңсамаса,
Бұлтпен бірге буланып жүрер едім.

❁ ❁ ❁

Сыйлағанның көзінде дыраудаймын,
Ең ақырғы қазақта жыраудаймын.
Сыйламастың көзінде тұк те емеспін,
Одан-бұдан жамалған құраудаймын.

Сыйлағанның көзінде сыйлы
адаммын,
Келіп-кетер дүниеге сирек жанмын.
Сыйламастың көзінде тұк те емеспін,
Біреуімін қартайып қираганның.

❁ ❁ ❁

Күндер, күндер, уақыт қандай тез еді,
Өткен күндер — өткен өмір өзегі.
Әркімнің бар сөнетұғын өз күні,
Әркімнің бар көз жұматын кезегі.

❁ ❁ ❁

Бәріміз де бір үйдің баласымыз,
Ағы менен бір көздің қарасымыз.
Ағалы-іні, немере, шөбереміз,
Бітпейді бір сонда да таласымыз.

Бәріміздің бар кісі — нағашымыз,
Жоқ тағы да бересі, аласымыз.
Көріспесек сарғайып, сағынамыз,
Бітпейді бір сонда да таласымыз.

Бәріміз де бір үйдің баласымыз,
Біткен емес сонда да таласымыз.
Бір-ақ рет
біріміз өлген күні,
Туыстықтың сақтаймыз жарасымын.

❁ ❁ ❁

Албырттықтың бізге енді керегі не,
Не қосады ол шалдардың өнеріне?
Қыза берсе, жүрегі қақ жарылып,
Қалады ғой оп-оңай өледі де.

Жүзге жуықтаған соң белгілі ғой,
Қажет емес қаңқу сөз, шулыған той.
Дарақы шал атанбай, отыр үйде,
Жұрт күлетін жерлерде көрсетпе бой.

Жүр ғой, әне, бір кәрі әумесерің,
Шығаруға жеп-жеңіл өз есебін.
Құдай жаратпаған соң туғаннан-ақ
Дарынсызға тимекші кімнің себі!

Аз ғана күн қалғанда өлеріңе,
Қутыңдаудың бізге енді керегі не?
Әлің келсе, асықпай бірдеңе жаз,
Аз да болса әр қосар өнеріңе.

МҮСІН ТАС

Менің бабамды көрген мүсін тас,
Тұрасың сен алыстардан көз алмай.
Бір рет сен басыңды бұққан емессің,
Дауылдарға, құйындарға төзе алмай.

Дауылдар өлді қанша рет,
Құйындар сынды. Сен барсың!
Қалалар қанша күйреді,
Өзендер қанша құрғады. Сен барсың!

Қырғындар қанша басылды,
Жаңғырықтар қалды сарыннан. Сен
барсың!
Күлге айналды алтын күмбездер,
Құмға айналды темір қарулар. Сен барсың!

Менің бабамды көрген құдірет Тас,
Тұрсың әлі алыстардан көз алмай.
Бір рет сен басыңды иген емессің,
Құйындарға, қиындарға төзе алмай.

КҮДІКШІЛДІК

Күдіктенсең, бәрі жау айналаңның,
Ауырасың дертімен байбаламның.
Анау саған көрінсе алаяқтау,
Тірлігіңнің тілейтін жайрағанын.

Мынау саған көрінер тағы аңдушы,
Сыр жасырғыш тұйық жан, қараңғы іші.
Ал мынаны санайсың жалақор деп,
Өсек қана жинайтын қорлау үшін.

Бір сенбесең, сенбейсің іниңе де,
Аяғың да сенбеуден сүрінеді.
Нағашың да, бөлең де, жиенің де
Жаманатқа түп-түгел ілінеді.

Айтшы сонда әуелі, өзің кімсің?
Адамбысың мінезің, ісің мінсіз?
Мүмкін, өзің шығарсың ең татымсыз
Жаның құнсыз болған соң, ойың құнсыз.

❁ ❁ ❁

Тежей берсең өзіңді, тежелесің,
Ұмытасың жақсының өнегесін.
Өзіңді-өзің босатпай отырасың,
Оң қолың мен сол қолың төбелесіп.

Тежей берсең өзіңді, тежелесің,
Қозғалмасаң тірлікке не бересің?
Тым болмаса бойыңды жазбаймысың,
Бірдеңесін көршінің шегелесіп.

Тежей берсең өзіңді тежелесің,
Мынау жарық дүниеден не көресің?
Өзіңменен-өзің боп шошаюдың
Қызық дейсің, шіркін-ай, неменесін!

Жалғыз ағаш белгілі орман емес,
Жалғыз діңгек ешкімге қорған емес.
Жалғыз жігіт, күдікшіл, оңған емес,
Басына оның бақ құсы қонған емес.

ДЕП ЖҮРСЕМ МЕН

Көрдім, білдім бәрін де ерте, кештің,
Өстім, толдым, жетпейтін келте емеспін.—
Деп жүрсем мен, ештеңе білмейді екем,
Мәз болыппын көргенге көп елесті.

Жалқау боппын жасымда, оқымаппын,
Алтын торлар басыма тоқымаппын.
Желе жортып өтіппін жеңілдерден,
Жүйрік санап өзіме шоқырақты.

Тұлпар, дұлдұл деппін ғой шоқырақты,
Шын жүйріктер шапқанда, тоқыраппын.
Қыран көрдім қиядан деп жүріппін,
Жалпылдаған жапалақ — соқырақты.

Кешігіппін түсіндім, кеш ояндым,
Өкінсем де демедім өлдім-талдым.
Ұзақ түндер атқарып шәкірт ісін,
Жыр боп кірер үйіме күттім таңды.

Біреу тоқтап жатады, біреу өсіп,
Әлдекімнің біреулер көлеңкесі.
Мен де өкірек қазақтың біреуі екем,
Жетпісіме жеткенше кірмепті есім.

❁ ❁ ❁

Өмірім аз ба, көп пе, қайтем санап,
Талабым күндігіме жатыр жарап.
Менен де ардақтылар өтті-кетті,
Ақ кебін талайларды әкетті орап.

Егінші анау билеген кең даланы,
Батырларша мекенін айналады.
Түбі өлерін білсе де жұрт қатарлы
Алдын ала салмайды байбаламын.

Бір-ақ нәрсе диқанның ойлағаны —
Жерге қалай соқаның бойлағаны.
Әулетіне мақтанып жыр етеді,
Күзде қызыл қырманын тойлағанын.

Мен де сонау диқанның баласымын,
Ең алдымен ойлаймын аласыны.
Қашан құлап түскенше іздеушімін
Өзімменен өмірдің жарасымын.

ЖҰМЫСЫ АЗДЫҚ

Жұмысы аздың уайымы, қатері көп,
Қайғырады бәрі де өтеді деп.
Ажал келіп қалғандай кейде алаңдап,
Жан-жағына қарайды көтеріліп.

Пәлсапасы күн сайын қоюланып,
Күрсінеді көп нәрсе ойына алып.
Тағдырына қарайды пұшәйман боп,
Жатарында тамаққа тойып алып.

— Адам өмірі, апырмай, қалай қысқа,
Шығу қиын жол шегіп енді алысқа.
Өліп кетсең, белгісіз қаласың ғой,
Жақыныңмен қоштасып, қол да алыспай,

Деп күбірлер тұман ой қоюланып,
Күрсінеді өлімді ойына алып.
Келер күнді күтеді не берер деп,
Жатарында тамаққа тойып алып.

ҚАДДАФИ ЖОЛДАСҚА

Жолдас Муамар Қаддафи,
Сәлемді ал.
Менің де ақ жүректен айтарым бар.
Алыстағы арабты алаңдатқан
Демегейсің,— бұл өзі не қылған шал.

Мен қазақпын Советтік Шығыстағы,
Бәдәуимен, түйемен туыстаумын.
Бес жасымда үйренгем атқа шауып,
Он жасымда үйренгем ту ұстауды.

Далам дарқан, даламдай мен де дарқан,
Кең дүниеде жүріппін алқам-салқам.
Асауларды шыңғыртып, бас білдіріп,
Қашағанды матаппын тастап арқан.

Ал бүгін ше?
Бүгінде бір саптамыз,
Достық сенім мызғымас тұр сақталып.
Идеясы Лениннің туыстырды,
Алшағырақ мекендеп тұрсақ-тағы.

Жолдас Муамар, тусаң сен жүз жыл бұрын,
Қорғап жаудан Ливанның ой мен қырын.
Арыстанын даланың бағындырып,
Болар едің менің де ең жақының.

Төздің қайсар, жеңілмей, берілмедің,
Өйткені сен өзіңе сенімді едің.
Сенің ұлттық намысың — партиялық
Бомбадан да бір адым шегінбеді.

Сескенбедің бомбадан, шегінбедің,
Өйткені сен халыққа сенімді едің.
Жүрегіңе, әрине, салды жара,
Сәби қаны күнәсіз төгілгені.

Бомбадан жер,
теңіз де дірілдеді,
Бірақ адам қорықпады, шегінбеді.
Қаддафидей болсам деп арман қылмас,
Қандай араб қалды екен бүгіндері?..

❁ ❁ ❁

Десем егер күштімін, қуаттымын,
Аңғал екен ол сөзім, ұяттымын.
Миллиард-миллиард жұлдыздар барады ағып,
Мен де бірі солардың сияқтымын.

Келем ағып әлемде, келем ағып,
Айналамды, жолымды көрем анық.
Менен жарық дәметкен жан кездессе,
Жарығымды жеткенше берем жағып.

Барға ырзамын, аламын жоқты қайдан?
Ұлы жарық болуға жетпейді айлам.
Аласұрмай, шүкірлік айтамын мен,
Айналама азғана тисе пайдам.

❁ ❁ ❁

Қайдан келдім, енді мен қайда барам?—
Деген сұрақ талайды қылған алаң.
Ақын ғана тілеген көктен дауыл,
Телегейде көтеріп жалғыз жалау.

Дауыл керек қозғайтын бізді ілгері,
Бір туысқан дауылмен совет елі.
Революция өмірде тыншымайды,
Тыншымайды адамның күш-жігері.

❁ ❁ ❁

Бармын ба мен, жоқпын ба бұл жалғанда?
Айттым ба сөз туыстасқа арналғандай.
Кең әлемде ұшқын боп көзге түскен,
Адамдарда, шіркін-ай, арман бар ма!

Бармын ба мен, жоқпын ба бұл жалғанда,
Не таптым мен тыпырлап қамданғанда?
Жұрт ұғарлық, қоштарлық сөз айта алған,
Айтыңдаршы, ақында арман бар ма...

АЗҒЫРМАСА АДАМДЫ

Азғырмаса адамды арзан қызық,
Ұстайды ол жүретін жолын түзік.
Пәлсәпасын айтпайды құнсыздардың,
Құрғақ сөзін соғатын бойы қызып.

Жанын достың қинамай жара салып,
Бөліп жатпай биіктен аласаны,

Жемісіне жерінің қызыққаны,
Қимылына өзінің жарасады.

Еңбектен ол табады тамашаны,
Өмірдегі орнына таласады.
Жарық барда қимылдап қалу үшін
Күнмен бірге тұрғаны жарасады.

Өмірден ол тапқыш-ақ тамашаны,
Озамын деп жарыста таласады.
Әбден шаршап болғанда
дем алуға,
Күнмен бірге жатқаны жарасады.

❁ ❁ ❁

Алтын сарай артымда қалдырам деп,
Көргендердің көздерін талдырам деп,
Жарығына әлемнің таласатын,
Өз отымды сарайда жандырам деп.

Арман қылу, әрине, теріс емес,
Белгілі ғой, қиялдың көбісі елес.
Іші жылы ұядай үй соққаның
Алтын сарай соққаннан кем іс емес.

Бәсеңдемей көңілің тұрса асқақтап,
Қорламаса жаныңды ешкім жасқап.
Өз ұяңда отырсаң ұл-қызыңның
Әнге толы қызығын өзің бастап.—

Жетеді сол. Жаныққа, құр талпынып,
Болдырам деу болмасты жалған қылық.
Алыстағы елеске алаңдама,
Жүрегіңді қинама босқа алқынып.

ТУҒАН ТОПЫРАҚ

Көне қала осы жер жатқан күйреп,
Байқалады тірліктің орны сирек.
Кесек құйып топырақтан, үй соғуға,
Жас жігіттер жүр әне балшық илеп.

Адамы жоқ жер түзге айналады,
Ол түзді біз атаймыз «айдала» деп.
Кеше менен бүгіннің арасында
Жатыр қанша оқиға ойланарлық.

Туған топырақ дегенді көп айтамыз,
Туыспасақ топырақпен неге айтамыз?
Ақ топырақ сүйегі өткендердің
Атам өскен мекен деп соны айтамыз.

АТАМЕКЕН

Атамекен, сүйемін кең даланды,
Кең даландай ұлың боп мен жаралдым.
Мен жаралдым суыңнан, топырағыңнан,
Жылуыңды, сәулеңді пайдаландым.

Топырағыңда гүл де өсті, тікен де өсті,
Тікенді де жат көрер мен емеспін.
Тойып көрген емеспін қызығына,
Өзіңде өткен әрбір күн, әрбір кештің.

Қияда өскен қара емен, қарағайды,
Бауырлары әкемнің деп санаймын.
Жапырағы жайқалған ақ қайыңды,
Аялаймын, шешемдей паналаймын.

Мен өлсем де — өлемін мекенімде,
Алатаудың жатамын етегінде.
Сол жерге бір тағы да өседі емен,
Менің жапырақтарымды көтеруге.

❁ ❁ ❁

Мені де елім еркелетіп өсірген,
Жас күнімнің кейбір сәті есімде.
Ақ қайықта достарымды қалдырып,
Жүзіп өте беретінмін Есілден.

Жүзіп өте беретінмін Есілден,
Күнәліден кек алмадым, кешіргем.
Жасыл дала гүлдерінен бал сорып,
Жататынмын жасыл дала төсінде.

Рас еді-ау... көбі осының есімде...
Қанша жұмбақ жатыр іште шешілмей.
Қалай оттар жақтым екен өшірмей?
Қалай жүзіп еттім екен Есілден?

❁ ❁ ❁

Әл кеткен соң бойыңнан, ызалысың,
Ой жеткенге бой жетпей қызады ішің.
Қалағанын қалқаның тауып айтпай,
Отырасың екеуің қызарысып.

Таудың басы тұрса да қанша жақын,
Қырға қарай қырсығып жүрмейді атың.
Ұшқан құсқа қызығып отырасың,
Қырқылғандай өзіңнің қос қанатың.

Бұл да бір шақ... Көрем деп кім ойлаған
Мезгіл қиын екен ғой шыр айналған.
Жылуы жоқ байқайсың шырайларды,
Жаны жақын тартпайтын сыңайлардан.

❁ ❁ ❁

Қайран қалам өзіме-өзім қарап,
Қылықтарым көп екен, көрсем санап.
Батырсынып сөйлеппін талай жерде
Тұрғандай-ақ асынып қару-жарақ.

Әділдікті қостаппын, дауыстаппын,
Бірақ сөзден іске бір ауыспаппын.
Жамандықпен жауласып сайыспаппын,
Біреуі боп қалыппын майысқақтың.

Достық деген жиынды өзім бастап,
Шарапты да жүріппін қылғып тастап.
Достарымның бірін де жүрегімнің
Қалдырмаппын түбінде ұмытпастай.

Адамменен адамның арасы алшақ,
Біреу дұрыс туғандай, біреу жаңсақ.
Соның бәрін өлшеуге ойым жетпей,
Отырамын сөз таппай кейде шаршап.

❁ ❁ ❁

Тоймайтын көз, толмайтын мешкей қарын,
Арандатар адамның ақыл, арын.
Сыйдыра алмай дүниені құшағына
Талайлардың көрдік қой отырғанын.

Тоймайтын көз, толмайтын мешкей қарын
Бұл дүниенің менікі дейді бәрін.
Алаң-құлаң әрнеге әуреленіп,
Сонымменен тынады ой-арманы.

Дүние кең таусылмас, мол ғой тағы,
Кең дүниеде — адамның болашағы.
Оны қалай сыйдырып ала қоймақ,
Тар пейіл мен адамның тар құшағы.

❁ ❁ ❁

Бәрін көріп жатырмыз, біліп бәрін,
Баяндауға соларды жетпейді әлім.
Айтқан Хайям:
Тамшыдан мұхит туып,
Зәррелерден жердің де жаралғанын.

Тану қиын түп-түгел құбылысты,
Жаратылыс ғажабы тіпті күшті.
Шалқып жатқан кешегі дариям құрып,
Бүгін соны таба алмай зәрем ұшты.

Ой жеткізсіз болашақ ғажаптары,
Соған жетуді ойлаймыз азаптанып.
Ғажаптар мен қиялда кездесетін
Бақытты ғой ертеңнің қазақтары.

❁ ❁ ❁

Көрмегенің — белгісіз, қараңғылық,
Белгісіздер шаршатар алаң қылып.
Қараңғыға кіруге жүрексініп,
Кейде өзіңе аласың залал қылып.

Қиын айту не барын қараңғыда,
Баса алмайсың түнекке қадамды да.
Белгісіздік еріксіз үркітеді,
Хайуан тұрсын, есі бар адамды да.

Ерлік қана саналы ойды бастап,
Қиындықтан қиналып аспай-саспай.
Белгісізге кіреді от көтеріп,
Қорқынышты бойдағы жұлып тастап.

Оты сөнсе тынады сонымменен,
Қайта алмайды қайтадан жолыменен.
Ал сөнбесе жарығы,
ашады ол
Қараңғының қақпасын қолыменен.

Шешіледі әлемнің бір жұмбағы,
Ашылады адамның болашағы.
Туған жұртпен жүректі данышпанның
Сән-сәулеті тағы бір жарасады.

❁ ❁ ❁

Өткенді айта берем бе, қайтем оны?
Тозған қашан ондағы киген тоным.
Бүгінгіге әріден мені әкелген
Әлдеқайда шаңдатқан қалды жолым.

Белгісіздік уақытпен — екеуі егіз,
Малтықтырған адамды тағдыр — теңіз.
Айдындарда көтеріп ақ желкенді,
Өлең де айтып көңілді көтереміз.

Әркімнің бар ақ таудай ақ арманы,
Арман ғана айтады адам қамын.
Алдағыға қол созған өжет жандар
Іздемейді кешегі жоғалғанын.

Өткенді айта бергеннен олжа қанша?
Төгілді ғой ащы тер жолда қанша.
Біз қимылдай береміз толқындарда,
Көңілімізде көк күмбез орнағанша.

❁ ❁ ❁

Жат,— деп ақыл береді дәрігерім,—
Тыңаяды жатқанда күш-жігерің.
Ұйқта,— дейді — пайдалы кәріге ұйқы,
Шаршағаннан шығады әбігерің.

Шықса шықсын шаршаудан әбігерің,
Кімге керек күні өткен күш-жігерің?
Ұйықтай көрме, жоғалтпа уақытыңды
Жыр бермесең, ақын-ау, не дейді елің?—

Дейді ішімде ызалы өз ақылым,
(Ақылымнан артылар қай жақының)
Өлең жазсам ұйқысыз
білем тағы,
Кескінімнің келіспей тұратынын.

Тозса тозсын, аяман кескінімді,
Іздемеймін кемитін бес күнімді.
Күнде ертемен даусымды естіген жұрт,
Тағы естісін тарықпай кешкі үнімді.

❁ ❁ ❁

Айлар да өтіп, жылдар да өтіп жатыр,
Бір от жанса, екінші от өшіп жатыр.
Біреулердің іргесі жерге шөгіп,
Біреулердің іргесі өсіп жатыр.

Тоздырғандар іргесін қиналады,
Заман озды дегенге иланады.
Ал іргесін бекіткен қайраттылар
Мәңгілік деп сенеді жиған малын.

Әркімнің бар өз күйі тартылатын,
Болғаннан соң тартылып сарқылатын.
Әлің барда аласың сыбағаңды,
Жұрт көзіне көрсетіп жарқыратып.

Ештеңе жоқ дүниеде өзгермейтін,
Сырлар жатыр терең де көз көрмейтін.
Соның бәрін байқауға тырысады,
Сабырлылар көлденең сөзге ермейтін.

❁ ❁ ❁

Кеуде соқтық, сүйендік кеудемізге,
Сол ғой бізді лепірткен, «беу!» дегізген.
Ақыл жұмсап ақырып көрген жоқпыз,
Жүре бердік шұбырып көрген ізбен.

Кеудең болғаны, әрине, емес теріс,
Сонымен-ақ дүниеде тынар көп іс.
Ұзақ жолда қиналмай жүре алмайсың,
Ақылыңның бір жері болса кеміс.

Жүре бердік шұбырып көрген ізбен,
Қимылдауды өзгеден кем дегізбей.
Қараған жұрт қызықтап қайдан білсін,
Қандай қуат жатқанын кеудемізде.

Бұл адамға қайғы да тең, күлкі тең,
Біреулерде мүмкін көптеу, мүмкін кем.
Күлкіні алып, қайғы жолын жабуға
Бір де тосқау қоя алмайсың көлденең.

❁ ❁ ❁

Күнде ертемен оянып, көзімді ашып,
Айналама қараймын асып-тасып.
Тірлік мына құлпырған неткен ғажап,
Жарық қандай жарқырап тұр жарасып?!

Жарық қандай жарқырап тұр жарасып,
Мен бір Мәжнүн екенмін гүлге ғашық.
О, жарық Күн, батпашы, тұршы жанып,
Жалыныңмен қаныма араласып!

❁ ❁ ❁

— Бармын! —десең,
Барлығыңды білдірші.
Қам көңілді жадыратшы, күлдірші.
Қайғылының қасіретін сергітіп,
Қастандардың қаталдығын сындыршы.

Көңліңдегі мейріміңнің төк бәрін,
Көзіңдегі мейріміңнің төк бәрін.
Қашан қаның қалғанынша тоқталып,
Жана берсін жарық берер оттарың.

❁ ❁ ❁

Бәрі жақсы тірліктегі көргеннің,
Күні құрсын түк бітірмей өлгеннің.
Қатері жоқ, қамсыз өмір — өмір ме?
Одан көрі тумағаның жеңілдеу.

Жасын құрғат жылағанның, жәрдем бер,
Өксігін бас, жылы сөз айт, әлдендір.
Сенсін олар, саған алғыс арнасын,
Ойларыңда титтей күдік қалмасын.

ӘДЕМІ КҮН

Таңертеңгі салқын леп, әдемі күн,
Жасыл кілем жайнатып жатыр түгін.
Құйқылжытып жарыса кетті бастап,
Сөзшең құстар келді деп көктем бүгін.

Мен де шерттім ақырын домбырамды,
Шерттім жайлап көнелеу қоңыр әнді.
Естіледі кенеттен қыздың даусы,
Үні неткен сұлудың қоңыраулы.

Тыңдай бердім қыз әнін, бұлбұл әнін,
Әлденелер алыстан бұлдырады.
Жасыл дала жайқалып, кеңіп дүние,
Кетті ашылып әлемде жыр құлағы.

Тыңдай бердім қыз әнін, бұлбұл әнін,
Інжу-гауһар үндері сылдырады.
Кеудем менің айналды кен дүниеге,
Аға берді ақтаудан жыр бұлағы.

❁ ❁ ❁

Қыстай тоңдым сыр бермей, шыдап бақтым,
Жылынуға ұстамның отын жақтым.
Ұзақ түндер отырып сағынышпен
Келетұғын көктемнің күттім уақтын.

Неткен қызық сағыну көктем шағын,
Келеді ол тағынып көк моншағын.
Көктем менің, жаным-ау, — өткен күнім,
Көктем менің ғашығым — болашағым.

Көктем келді көтеріп гүл-бақтарын,
Жүрегімді жібекпен құндақтады.
Тыңдай бердім, тоймадым, тыңдай бердім,
Сұлу түннің сыңғырлы ырғақтарын.

Көктем, сенің ынтықпын сиқырыңа,
Сен қозғалсаң, құйылар күй құбыла.
Жайсаң жазың жасартар, есімді алар,
Алдандырмай өмірдің қиқымына.

КӨЗДЕР

Бар ғой көздер мәңгі қалар есімде,
Мен соларды сақтай берем өшірмей.
Кейде солар жұмбақ жаспен буланып,
Қалады екен өмір бойы шешілмей.

Кейде көзден жас емес, шоқ тамшылар,
Шоқтан қалай жанып кетпей жан шыдар.
Қос көзінен жас орнына шоқ тамса,
Күйдіретін жүрегінде от бар шығар.

Сол көздерге қорқамын мен қарауға,
Ыстық шоқтар жалын атар жалаудай.
Бір отты көз жылжып келе жатады,
Жандыруға, жалынына орауға.

ЖҮРЕК

Асау аттай жүректің жұлқынғаны,
Шапшытады жаныңның ыстық қанын.
Көк пен жердің арасын құйындатар,
Бірақ рет ынтығып ұмтылғаны.

Ондай құдірет бар ма екен бұл әлемде,
Жалғыз өзі билейді аспан, жерді.
Тәңірі сөзін адамға сөйлетеді,
Әділетті айтатын тіл бергенде.

Жүрек — туын ұстаушы махаббаттың,
Оған қымбат азаттық, шексіз шаттық.
Түсер жерде түседі майданға да,
Сескенбейді жүзінен ақ болаттың.

Әлсіз жері — мүсәпір, махаббатсыз,
Болады да қалады тым қуатсыз.
Қан сорғалап жүреді өмір бойы
Жараласа жазықсыз бір ұятсыз.

О, жүрегім, жүрегім, жан тербетер,
Келер қашан кезегің сабыр етер?
Саған ғана сенемін, сүйенемін,
Жұмсамайын десем де сені бекер.

СОҚПАЙ КЕТПЕ

Төсектен күнде ертемен тұрамын да,
Қайталаймын үйреншік сұрағымды,
Қайда деймін үйренген жан достарым?
Сынай ма екен олар да шыдамымды?

Күтем, күтем, жан досым, ұмытпа сен,
Соғушы ең ғой кей күні ымыртта сен.
Асығыспын десең де қайтушы едің,
Түні бойы отырып, күн шыққан соң.

Соқпай кетпе ымыртта, күтем тағы,
Сөндірмеймін көңілімнің жерошағын.
Келші, досым, талқылап отырайық,
Салқын тартқан достықтың болашағын.

❁ ❁ ❁

Ақ жібектен ақ желең жамылдың ба,
Гауһар-маржан мойныңа тағындың ба?
Тырнағыңды, ерніңді қыналатып,
Қара сүрме қасыңа жағындың ба?

Керек емес еді ғой соның бәрі,
Қызыл бояу, жылтыр тас кімге дәрі?
Маған қымбат еді ғой ай астында,
Періштедей түк кимей отырғаның.

Тәңірім өзі таңдаған әр асылды,
Туа біткен сұлулық жарасымды.
Жүрегіңде, көзіңде маздаған от,
Күшейтеді өртпен де таласыңды.

Ыстық жанға мұздай тас не береді,
Қызыл ерін суықтан көгереді.
Туа біткен көркіңді бұзба, жаным,
Ақынның да ұмытпа не дегенін.

КӨТЕРІЛ, КӨҢІЛІМ, ҚАЛҒЫМА

Көктем келді, көтеріл, көңілім, қалғыма,
Ұзарды күнім көгімде ұзақ жанды да.
Шығамын үйден, көлеңке басқан күңгірттен,
Жая бер, көктем, жапырақтарыңды алдыма!

Ашылшы, көзім, жарқырай түсші жанарым,
Қарамай күнге демімді қалай аламын...
Кетейінші бір ағаштарменен ағаш боп,
Естімес болып өсегін — түтін қаланың.

Естиін әнін қайың мен терек, еменнің,
Солар ғой маған ырғағын берген өлеңнің.
Құстармен бірге құс болып сөйлеу жаман ба,
Отырмай үйде атаның бірі кереңнің.

Тыңдайын сөзін алыстан қайтқан желдің де,
Қуанар ма екен ақынын аман көрдім деп.
Мұхиттар, шөлдер не сәлем маған айтты екен,
Шақырды ма екен «бізге кел, ақын, сергіл» —деп.

Мүмкін бе менің жатуға жабық көнбегім?
Даламдай байтақ көңілім дархан кең менің.
Тұрғанда шулап дауыл мен жауын шақырып,
Қиын ғой тіпті күңгіртте жатып өлмегім.

Қайдасың, тауым, көтерші мені аспанға,
Қарайын құзға, жамылған көк мұз тастарға.
Тоса бер мені дауылың менен селіңе,
Ауырады екен, өледі екен деп жасқанба!

Көктемім келді, көтеріл, көңілім, қалғыма,
Ұзарды күнім көңлімде жарық жанды да.
Шығамын үйден көктемім, жазым келді деп,
Жая бер уақыт жапырақтарыңды алдыма!

СЕН ЖӘНЕ МЕН

Екеуміз бірге оқыдық бір мектепте,
Мен сабаққа тәуір ем, сен дүрмекке.
Менен гөрі сен пысық, ойнақы едің,
Шебер едің қыздарды күлдірмекке.

Маған емес, қызықты қыздар саған,
Батырушы ең оларды тамашаға.
Сен ертерек үйлендің, үй боп кеттің,
Өсе берді көбейіп бала-шаған.

Мен ойымды жеткізіп айта алмадым,
Қала бердім, бірі боп «сойқандардың».
Сен сұрасаң, еркелеп бәрін де алдың,
Көңіліңді бір ағаң қайтармады.

Саған сенген ағалар маған сенбей,
Талабымның таланы тоқтады өнбей.
Сен бастаған жұмыстар кетті заулап,
Мен шыға алмай жүргенде сергелдеңнен.

Маған жатқа жақын боп сен табыстың,
Мен төменде, сен демде аспанға ұштың.
Кімді қашан сыйлауға машықтанған,
Сезімің мен түйсігің болды күшті.

Сен шапшаңсың, жүйріксің, мен шабанмын,
Біреуімін оп-оңай шаршағанның.
Сен тәп-тәуір атаққа ие болдың,
Озып шығып ішінен қанша жанның.

Мен де жаздым романды, сен де жаздың,
Шимайладық қанша біз ақ қағазды.
Сен лезде жарқ етіп көзге түстің,
Біреуі боп белгілі өнерпаздың.

Құлпыруды білмедім керегінде,
Ойламадым мен мимырт келемін деп.
Өзіме-өзім бір ғана сенемін деп,
Ала алмадым сенің де көмегіңді.

ТАҒДЫРМЕНЕН ОЙНАМА

Тағдырменен ойнауға жарамайды,
Тағдыр сенің түріңе қарамайды.
«Жетті қолым бәріне болдым» десең
Арқалата салады қара қайғы.

Сен биіксің бәрінен, аспандасың,
Қатарыңнан, қауымыңнан тұрсың асып.
Түсінбей де қаласың сүйтіп жүріп,
Қалай түсіп қалғанын жерге басың...

Әлем үлкен, шегі жоқ біз жететін,
Тағдыр бұрып көрген жоқ алған бетін.
Сәл нәрсеге мастанған адам құнсыз,
Орындаудан қашатын өз міндетін.

Дегендерің «менікі», сенікі емес,
Көргендерің кешегі — бүгін елес.
Тағдыр өзі орындар жөн дегенін,
Сен онымен егеспе, мейлің егес.

Жасыңды да билейді, кәріңді де,
Қиратады жарасым, сәніңді де.
Бұйыртпайды долданса кейде тағдыр,
Алдыңа ала бастаған дәміңді де.

Қылжақтама тағдырмен тәлкектесіп,
Аямайды ол ашынып алса егесіп.
Қайда барсаң әзірлеп сәтсіздіктер,
Жолдарыңның қояды алдын кесіп.

Тағдыр қатал, кешірмес масыққанды,
Теңелем деп тәңірге асыққанды.
Кейде аямай сұмдарды жазалайды,
Арамдықпен әркімді жасытқанды.

Есептеспеу тағдырмен жарамайды,
Атағыңа, даңқыңа ол қарамайды.
Сен тағдырдың алдында түк те емессің,
Арқалата салады саған қайғы.

КҮЛӘШТІ АЙМАНКҮЛ ҚОНАҚҚА ШАҚЫРҒАНДА

– Шақырдым Күләшті үйге күйеуімен,
Бұлбұлдың сайраганын сүйемін мен.
Сандықтан ішігімді әперіңдер,
Әншінің құрметіне киемін мен.

Қайда екен білезігім, жүзіктерім,
Жасымда жүзік киген қызықты еді.
Әперші бүгін, Сара, соларымды,
Күтейін сәніменен қонағымды.

Қайда екен киілмеген кимешегім?
Өзіме сол кимешек үйлеседі.
Жарасып Күләшіммен отырайын,
Әйтпесе өзге күнде кимес едім.

Балалар, тез қимылдап қамданыңдар,
Ырза боп қайтсын мейман алдарыңнан.
Құрметтеп қасиетті меймандарды,
Көбейтіп, жарқыратып шам жағыңдар.

Шам жағыңдар, сәулені көбейтіңдер,
Ықыластары жетпеді-ау демейтіндей.
Күләш кеп күнде қонақ бола бермес,
Көңілдің көк жайлауын кеңейтіңдер...

Ұмытпан сондағы бір кешімізді,
Шықпайтын өле-өлгенше есімізден.

Үй жарық, көңіл жарық, өмір жарық,
Алдық-ау әннен әбден өшімізді.

Көлеңке — кірбең қалмай қабағында,
Жылтылдап алмас ұшқын жанарында.
Жұтынып жан-жағына қарайды екен,
Бір әнге өзі сүйген саларында.

«Апам» — деп... «Әйекем»,—
деп алды еркелеп,
Сезімтал нәзік жаны неткен зерек.
Күлдіріп Қанабегін елендетіп,
Сұрайды одан-дағы әнге көмек.

Әнші зулап аспанға ұшты сонда,
— Я, Жасаған, қызымды өзің қолда!—
деп күбірлеп Әйекең тынып қапты,
Шығарғандай батырын ұзақ жолға.

Шабыт кетті шығанға оқ кеткендей,
Қараңғыны күйдірер шоқ кеткендей.
Апам отыр қорыққандай қаны қашып,
Жер қимылдап, зіл-зала боп кеткендей.

Даусы кетті Күләштің тау басына,
Таудан асып барады ай қасына.
Қандай қызы қазақтың Күләштай боп
Ән салды екен осылай қай ғасырда?

Құзда қыран қомданып бір сілкінді,
Дүр сілкініп, оятты тынық түнді.
Әнге ұйыған аршалар ырғатылып,
Қарлы шыңдар бұйыққан бұғып тұрды.

Әннің де өз сәулесі болады екен,
Ән жеткен жер жарыққа толады екен.
От қанаты талғандай сорғалап кеп,
Жүрегіне тірліктің қонады екен.

Күләш әнмен аспандап қайда барды,
Неге аспанды шарлады, сайрандады?

Кімді іздеді? Білмедім, тап баспадым,
Таппай қайтты әйтеуір қайран жанды...

Таппай қайтты мен білмес қайран жанды,
Шықпас болар сол жұмбақ ойдан мәңгі.
Аяп кеттім жылаған әннің даусын,
Алай-түлей жүрегім ойрандалды.

– Қайда жүрсің, бармысың, сағынғаным?
Сағым ба екен, бұлт па екен жамылғаның?
Сүйгеніңнен осынша жасырынып,
Ойының ба, шының ба, не қылғаның?!

Ән осылай естіртті ойдағысын,
Қырдамысың, қалқам-ау, ойдамысың?..
Әнші болған не деген азап еді,
Жұртқа естіртіп жылайды қайдағысын...

Арланбайды сұрланған сыңайлардан,
Арды қайтсін мағынасыз ылайланған.
Ән жасыра алмайды махаббатын,
Адамнан да, қауымнан, құдайдан да.

Әркім әннен табады өз арманын,
Әнмен бірге іздейді жоғалғанын.
Таппаса да, тапса да қуанады,
Қандай қызық көзден жас бұлағаны.

Бүгін өтсе, ертең күн келер тағы,
Өткіземіз мезгілді безек қағып.
Әншіменен қосылып бірге жылау —
Өміріндегі адамның ғажап шағы.

– Сезіндік тазарғандай, әлденгендей,
Жанымыз, ажарымыз әрленгендей.
Білмеймін, кім тапты екен мұнша ләззат,
Сұңқылдап өзің салған әннен мендей.—

Деп апам Күләш әнін мойындады,
Әстелеп айтты шынын ойындағы.
Үстіне қасиеттеп жапты ішігін,
Кигізді қос жүзігін қолындағы.

— Күләшжан, осы менің сыйлағаным,
Кемпірдің осы-ақ екен жинағаны.
Қарағым, жасығымды асылдай көр,
Алмасаң, қарт апаңды қинағаның.

Күләштің сонда көрдім кереметін,
Құлпырып бал-бұл жанды екі беті.
Мөлтілдеп қара көзі жасқа толып,
Иіліп тұрды азғана сәлем етіп.

Ішігін Әйекеңнің қабылдады,
Жарасты күле тұрып жамылғаны.
Сылдырап қоңыраулы қос сырғасы,
Таранды қаршығадай бабындағы.

❁ ❁ ❁

Өз тізгінім қолымда босатпадым,
Отым өшкен жоқ әлі ошақтағы.
Қайтем бүгін елеп мен әңгімелеп,
Әлдекімнің тарылып тас атқанын.

Тарлық түбі қорлық қой түсінгенге,
Адал асқа у қосып пісіргендей.
Ұзақ дәурен өмірде сүре алмайды,
«Кісімін» деп өтірік ісінгендер.

АҚЫЛСЫМАҚ

Өзіңді-өзің қайра, өзің бапта,
Бапталмасаң кіруің қиын сапқа.
Дүниеқор қайыршыға болма жақын,
Қуларға сене көрме тұрса мақтап.

Ақылсызға дүниенің бәрі ұнамды,
Місе тұта береді қолда барды.
Бүгін риза білген мен көргеніне,
Ойламайды ертеңім не болар деп.

Тағдырыңды билетпе қорқақтарға,
Күдікшілдің сөзімен тоқтап қалма?!
Жалғыз жүдеп жатсаң да, ақыл алма,
Адамша өмір сүруге шорқақтардан.

Сақтық қажет жігітке қашандағы,
Жеңілтектер тыймайды шошаңдауын.
Шошаңбайлар мәз болып қуанады,
Көзіне түсе қалса — осал жағың.

Арыстанға өзіңді баласаң да,
Алысуға алыппен жарасаң да.
Айды аспаннан алуға жарасаң да,
«Күштілік» деп әрнеге бара салма.

Көңілі жүйрік, сезімтал, тез аңғарғыш,
Ағалардың ақылды тілін алғыш.
Жаздай жаны жайдары жігіттерге,
Мінезім бар менің де сене қалғыш.

Сенемін де ойымды айта берем,
Құлақ асса біреулер, біреу керең.
Сөйлеп-сөйлеп бірдеңе тындырғандай,
Қонарына кешкісін қайтады өлең.

Не жетпейді, білмеймін не жетеді,
Ойым қашан ұлғайып ержетеді.
Жүзден бірді қатесіз тани алмау,
Өзімді де әрқашан жүдетеді.

❁ ❁ ❁

Талайлармен тартыстым, келіспедім,
Өлісетін жерде де беріспедім.
Шыққан емес дауысым қалтыраған,
Жан алатын алдында періштенің.

Қайтем қорқып жан алар «періштеден».
Жанымды алса кетемін кеңістен мен.
Оған дейін жасаймын бітіспеймін,
Бастағысы келетін терістерге.

Жеңе алмасам айтысып ашық дауда,
Сабыр еттім сампылдап асықпауға.
Ұғысуға тырыстым жолдаспенен,
Бара бермей жүрегім қашықтауға.

Өсек айта біледі жасықтар да,
Ісің түссе сол қорлық пасықтарға.
Сыйлау қайда, қинайды қадір білмес,
Ақылсыздар ісініп масыққанда.

❁ ❁ ❁

Қара түндей қара шаш ағарған соң,
Ақ жүзіңе көк теңбіл жамалған соң,
Сексеуілдей бүгіліп тіп-тік бойың
Еңсең түсіп, ентігіп дем алған соң.

Жүрер жолың тұтамдап қысқарған соң,
Әрең-әрең қозғалар күш қалған соң.
Тозған пышақ секілді жіңішкеріп,
Етікшінің бізіндей ұшталған соң.

Қайран күнің жастық деп сен аңсаған,
Қайта оралып соқпайды енді саған.
Көшкен елдей көңіліңнен алыстайды,
Өткен дәурен күлкісі сыңғырлаған.

Алыстайды, тоқтайды сыңғырларың,
Мойындайсың жолдардың сындырғанын.
Бір күрсініп, бір күліп отырасың,
Тым татымсыз көрініп тындырғаның.

ТАҒЫ БІР АҚЫЛДЫЛЫҚ

Асып түрса өзгеден аруағың,
Түзелгені түп-түгел шаруаның.
Жағымпазың ерттеулі тұрады әзір,
Қанша мінсең арымас жануарың!

Қызғаншақтың өзі де бұғып басын,
Білдіргенсіп тек саған ықыласын,
Ақ тілекті, батагөй досың болып,
Әр пернеңді көреді басып-басып.

Шақырғыштар үйіне көбейеді,
Ондайлардың пейілі кеңейеді.
Сөз соңынан сөз шұбап құтырынған.
Алыптарға еңбегің теңеледі.

Мықты болсаң, шыдап бақ мақтауларға,
Мақтампаздың сөзінен от лаулаған.
Бір еліксең оларға жөнелесің,
Достар айтқан бой бермей тоқтауларға.

Уақыт жетсе сөнеді жанған жарық,
Өзгеріссіз ештеңе қалмайды анық.
Бір тасқынға бір тосқын ұшыраса,
Басың сонда кетеді шыр анналып.

Есің болса әзір бол сондай күнге,
Аз мезгілге алданба ойнап-күлген.
Осылай деп аталар айтыпты ғой,
Кешірмесе басынан қайдан білген?

❁ ❁ ❁

Майысса қолың майыссын,
Қатайса болды сынбастай.
Қайысса белің қайыссын,
Қозғалсаң болды тынбастай.

Ырза боп өтсең күдіксіз,
Қорқақтың бірі атанбай.
Тұрмасаң болды есікте
Қағуға соны бата алмай.

Намысың жетсе жарады,
Қалмасаң болды қатардан.
Жатпасаң болды малтығып,
Мылтығың атқан от алмай.

❁ ❁ ❁

Тағдырына жұлдызымның қараймын,
Өзімді шын бақыттыға санаймын.
Немерем мен шөберемді шұбыртып,
Бастауға әлі жараймын мен талай күн.

Әркімнің бар сыйынары, сенері,
Мен де өзімнің жұлдызыма сенемін.
Сыртым қанша қалса-дағы көнеріп,
Ақ тілеуден айнымайды өлеңім.

Жұлдызымды қара бұлттар баспасын,
Жүрегіме қасірет жолын ашпасын.
Ертеңімді үмітсіздік тоспасын,
Бұдан артық тілемеймін басқасын.

❁ ❁ ❁

Қуларға сенсең бәрі жөн,
Күн көрген жақсы амалдап.
Сынатын жерде сынып бақ,
Сіресе қалмай табандап.

Дәлел көп дәурен сүруге,
Бәрі де оңай білгірге.
Ұтатын сәтте ұтуға,
Қалмасаң болды үлгірмей.

ТОЛҒАҚ

Бәрі де өтті басымнан бұл жалғанда,
Есіме әрең түседі толғанғанда.
Қанша жасап, көргенмін қанша қызық,
Соның көбі тартыста ойрандалған.

Суырылған қынаптан ақ семсердей,
Сілтей білсең, дап-дайын тұрдым мен де.
Намысы үшін елімнің, бірлігі үшін,
Әзір едім сынуға сөзге келмей.

Найзасындай атамның сілтенетін,
Қорқыныштан көрген жоқ тайқып бетім.
Өлермін деп жасымда ойламаппын,
Сөнеді деп білмеппін жанған отым.

Жақпай қалса үлкенге кемістерім,
Кек тұтпадым олардың кейістерін.
Білмегенін кешірдім інілердің,
Бұзылған жоқ сыйласып, сеніскенім.

Өзім сүйеп мінгіздім ағамды атқа,
Ақыл, ойын күзеттім алаңдатпай.
Артын бақтым әрненің асықпадым,
Арамдарға ермедім арандатқан.

Талай бұлдыр басымнан күн кешіре,
Талай рет өкіндім білмесіме.
Өзім тергеп өзімді жазаладым,
Айналмадым ешкімнің күндесіне.

Өтті, кетті көп жылдар қайта оралмай,
Менің де отым сөнеді қайта жанбай.
Көп жасадым дегенің қас қағым ғой,
Аңсай-аңсай өтесің, мейрің қанбай.

❁ ❁ ❁

Өп-өтірік отыру момақансып,
Бұл күндері біз үшін емес таңсық.
Сөзіңнен-ақ таниды ақылды адам,
Көкірегіңнің тұрғанын босқа қаңсып.

Екі көзін жүрген жоқ ешкім байлап,
Оң-терісті жүреді бәрі абайлап.
Өлшемсіздің орынсыз сапырғаны,
Айтпаса да ойы мен ісіне айғақ.

Өтіріктің құйрығы бір-ақ тұтам,
Орнықты адам — іске бай, сөзге жұтаң.
Дәйегі жоқ татымсыз сөзшеңдіктер,
Деп ойлайды қауымды алдарқатам.

Жалған сөздің жамауы — жалған қылық,
Жамап-жасқау соларды қандай былық.
Суайттарды сайратып тыңдаймыз-ау,
Өтірігін тұрсақ та алдан біліп.

ОСЫ МА?

Оқымысың осы ма сен мақтаған,
Әркімге бір жалпақтап жалтақтаған.
Айлығы көп отырған орнына мәз,
Жұғымсыздар өтірік ардақтаған.

Сауысқанмен сақтығы таласарлық,
Көрініп тұр көзінен іші тарлық.
Кішкенерек біреуді жеп қоярдай,
Үлкенірек біреуден алса жарлық.

Жақыны жоқ шын оның ұнатарлық,
Махаббатқа құдайым қойған зар қып.
Өзі отырса өзіңмен жылы ұшырап,
Ойы сенен аулақта жүрер қаңғып.

Көрінсе де кісідей айлаға епсіз,
Есеп жатыр миында шетсіз-шексіз.
Қорқақтарға қарайды қасқыр болып,
Қорыққанына көрініп тіпті кексіз.

Ойлымыз-ақ секілді шын ойланса,
Идеялар ішінде жатыр қанша.
Бірақ соның бәрін де жасырады,
Бірі сөне қалады, бірі жанса.

Онымен де тату-ақ, сенімен де,
Ұнатпайды табысы кемігенді.
Мақтау тапса қалады ажарланып,
Ішіндегі мұздары ерігендей.

Сенімен де тату-ақ, менімен де,
Екеумізге әдейі телігендей.
Сенімен де болмайды, менімен де,
Екеуміздің құнымыз кемігенде.

❁ ❁ ❁

Жаттанды сөз қандай көп жұрт жаттаған,
Біреуі жоқ құлағым ұнатпаған.
Бастап берсем қалғанын бәрі айтады,
Аяқтауға мүмкіндік бермей маған...

Сауатты адам жібермей өз кезегін,
Цитатаның нөсердей төгіп көбін.
Правосын өзінің қорғап бүгін,
Әдемілеп қояды келешегін.

Алдарқанбас білгірлер бәрі ғалым,
Аңғарады ойында не тұрғанын.
Оп-оңай-ақ ұтам деп әуреленбе,
Жараспайды орынсыз құтырғаның.

Аңдысқандар біліп қой алданбайды,
Сенің жылтыр сөзіңді малданбайды.
Кейде амалсыз бересің сыбағаңнан
Еңбегіңмен алуға арналғанды.

Сұлу бикеш сықылды ойнақы өмір,
Көрінеді кей кезде көзге жеңіл.
Сондай кезде алданып күлегешке,
Қаусап қалып жүрмесін ішкі есебің.

Даналық пен ессіздік арасында,
Ештеңе жоқ шақталған жарасымға.
Кейде есебің жай ғана жетпей қалса,
Айналасың кәдімгі шарасызға.

Сонда сені мүсіркер кім көрінген,
Көрінеді өзгеге жүзің төмен.
Қозғала алмай тұрасың бір орында.
Тоқтағандай қайырлап суда кемең.

ҚАМҚОРШЫ

Қандай жақсы қамқоршың болса ақылды,
Мезгілінде біледі ол тіл қатуды.
Терісіңді теріс деп тура айтады,
Арзандатпай тағы да қымбатыңды.

Қорқытпайды үркітер өтірікпен,
Айтады ойын өзіңмен отырып кең.
Жақсы ұстаздың қасында ойың еркін,
Серпіп сені қақпайды көкіректен.

Сөйлемейді ол желдетіп, құйындатып,
Оңайларды көрсетпес қиындатып.
Келер күннің естисің кеңесін де,
Ақыл-ойың бөлінбей миың қатып.

Қандай ғажап қамқоршың болса сергек,
Ақылдымсып жүрмейді күнде тергеп.
Бүгін кеткен ағаттық ісің болса,
Білдірместен қояды ертең жөндеп.

ӨКІНІШ

Ақылың қанша әмбеден тұрса да асып,
Жақыныңнан жанашыр қалма адасып.
Сиқырлыға сыр берме, араласпа,
Қызғаншақтан қызыл көз ұстан қашық.

Белгілі ғой жүрген соң араласып,
Кісімсінген кердеңнің көбі пасық.
Күлімсіреп көздері тұрса-дағы,
Көрсетпейді күдіксіз көңлің ашық.

Ештеңенің жетпей-ақ орайына,
Жолдас боппын мен оның талайына.
Ойланып бір ол кезде қарамаппын,
Кімдер кетті, кім келді маңайыма?

Кеш таныдым кімнің кім екендігін,
Қайта бастау қиын-ақ екен бүгін.

Біреулерге ентелеп қол беремін,
Біле тұрып ішімнен бөтендігін.

Көп қой күнәм кезінде байқалмаған,
Деп жүрдім ғой ұялмай сайтанды адам.
Бұл не деген, жұртым-ау, қорлық еді,
Бөтендерді бөтен деп айта алмаған!

❁ ❁ ❁

Бермесем де, көл-көсір алмасам да,
Өлмес белгі өзіме салмасам да,
Жанар таудай күркіреп жанбасам да,
Әбділда боп мәңгіге қалмасам да.

Өмір сүрдім, кіммен мен тілдеспедім?
Бірақ та мен ешкімге мінгеспедім.
Күндей ашық көңлімді бүркемедім,
Іздемедім үндеспен түрлестерді.

Жазғырмадым күнәсіз жақынымды,
Ініге айттым аға боп ақылымды.
Түсінгенге қуандым, дос тұтындым,
Ұмытпадым үйге де шақыруды.

Ақ, қара деп бөлмедім бояуларды,
Тіршілікте серт қылдым аянбауды.
Күмілжімей, күрмелмей сөзге тарттым,
Сыры терең, сезімі ояуларды.

Ағарғанша басымда қара шашым,
Көрдім талай өмірдің тамашасын.
Құласаң да қор болма, жылама деп,
Бола бердім әлсізге арашашы.

Сыр алдырмай жүрсең де ойнап-күліп,
Шаршатады екен ғой қу тіршілік.
Кейде жалғыз отырып шошынамын,
Маған жақын қалғандай бүліншілік.

Тозған жүрек түрлі ауру қосып алып,
Сәл секеңсе дірілдеп шошынады.
Қанша жылдар қалды екен, қанша күндер,
Көрісетін қимастай тосып алып.

❁ ❁ ❁

Мен де тудым біреуі боп еркектің,
Мені де әжем әлдилеген, тербеткен.
Қорқыт күйін, ерлік жырын жаттатып,
Танытқан сол ғажайыбын жер-көктің.

Жатқа білдім батырлықтың дастанын,
Сөз айт десең, дастандардан бастадым.
Ақын бол деп бата берген әжешім,
Ақын бол деп бата берген аспаным.

Ақын бол деп бата берген аспаным,
Таңдамадым ақындықтан басқаны.
Ақ жанымды алаңдатар сайтанды,
Жүрегімнен жұлып алып тастадым.

Таңдамадым жыраулықтан басқаны,
Жатқа айтамын сардаламның дастанын.
Ал, тыңдаңдар, Қобыландыны, Тарғынды,
Жыр сүйетін достарым мен жастарым.

❁ ❁ ❁

Ұялмасақ, достар-ау, жарық күннен,
Ұялмақпыз апыр-ау сонда кімнен?
Күн қадырын білмесек тіршілікте
Өткеніміз емес пе түк бітірмей.

Ұялайық именіп жарықтардан,
Жарық сыйлау әдет қой халықтарда.
Тал түсте біз жасасақ ұрлық-қарлық,
Соған кепіл керек пе анықтауға?

Ұялайық именіп жарықтардан,
Бұзбау керек әдепті қалыптарға.

Талтүсте біз жасасақ опасыздық,
Соған кепіл керек пе анықтауға?

Жарық сыйлау әдет қой халықтарда,
Сиынғанбыз күнге біз тарыққанда.
Кешірмеген ақ сәуле қаралықты,
Біздер тұрсын құдіретті алыптарға!

❁ ❁ ❁

Мүмкін, мен көп құрбыммен сеніспедім,
Демеймін өткен жолым тегіс менің.
Өзімді-өзім сөгіп жазғырамын,
Есіме түскен сайын терістерім.

Мүмкін, мен өмір сүрдім тым жеңілтек,
Дырдудан пайдасы жоқ жүрмедім шет.
Мүмкін, мен лапылдаған сөздерімді,
Қауымға қол соқтырған қылдым міндет.

Мүмкін, мен көп нәрсені аңғармадым,
Таңданар тамашаға таңданбадым.
Мүмкін, мен мезгілінде ұға алмадым,
Өзіме қандай күйдің арналғанын.

Жанымның сүйсем де еркін желпінгенін
Сезбедім мұңлы сырдың ішкі демін.
Мүмкін, мен баса алмадым махаббаттың
Ең жұмбақ, ең құпия пернелерін.

Мүмкін ғой, келіспестің бәрі мүмкін,
Ойынды күдік шіркін тұрады іркіп.
Сонымен тіршілік те тынар бір күн,
«Шөлмегің мың күн сынбай, сынар бір күн».

❁ ❁ ❁

Арқандалған аттаймын шыр айналған,
Қазығынан босанып шыға алмаған.
Алыстағы дүбірге елеңдеймін,
Жүйріктерді шақырып ұрандаған.

Алыстағы дүбірге елеңдеймін,
— О, күтіңдер, күтіңдер, келем деймін.
Шіркін көңіл — көк денен жұлқынса да
Қазығымнан босанып жөнелмеймін.

Көп жұлқындым, мойныма арқан батты,
Бұл пәлені құдай-ау, қайдан таптым!
Бармысыңдар, інілер, жетсеңдерші
Босатуға байлаудан мен бейбақты.

❁ ❁ ❁

Кім таласар менімен?
Бай емеспін,
Керегі не ұтыссыз жай егестің.
Мені жығып, дәреже табамын деп,
Осы кезде дауыстап айтпайды ешкім.

Мені қайтсін отырған үйін бағып,
Бір күн жақпай Сараға, бір күн жағып.
Жаңғақ құрлы шіркіннің құны жоқ қой,
Ең болмаса жейтұғын дәнін шағып.

Тірес дейді, тіресең, теңдесіңмен,
Аңдысуға татырлық, белдесуге.
Кәрілерді алдай сал, сәлем беріп,
Кімге керек ұсақтық, пендешілік,..

ҚҰМАРЛЫҚ

Билеген соң құмарлығын, ерікті,
Тоқтамайды дүрліккен жан елікпей.
Бәрі де оңай, бәрі жеңіл көрінер,
Соғып ала қоярлықтай бөрікпен.

Үрлеп отты дауылдатқан көріктей,
Күмпіл қағар желді көңіл желіккен.
Сонда ағайын қайран қалып қарайды,
Түсіне алмай кейпімізге демікken.

О, құмарлық, құтыртасың желікпен,
Айырасың жігітті ақыл, еріктен.
Атақ, орын, сиқырлы әйел, олжаға
Неге осынша құмар болдық, неліктен?

Билетпейік құмарлыққа ерікті,
Болады ғой сүруге өмір желікпей.
Жол бойында тегін жүрген бақыт жоқ,
Оңай соғып ала қояр бөрікпен.

ҮМІТ

Балғын жігіт жайдары, жүзі арайлы,
Отырғаны, тұрғаны өте жайлы.
Сәлем берген даусында жарықшақ жоқ,
Бірімізге суынып қарамайды.

Жанарының сәулесі жұмсақ, жарық,
Айналасын асықпай байқайды анық.
Қызықты да қызынбай қабылдайды,
Іштей танып әуелі, біліп алып.

Тұла бойы қайнаған күш пен қайрат,
Біле тұрып кетпейді оңай сайрап.
Қайратын да қаңтара біледі ол,
Айтарын да салмақтап айтады ойлап.

Қарап соған ішімнен егілемін,
Өкпе-баурым исініп, сөгіледі.
Ұрпақтарым айналып алыптарға,
Төбем көкке жеткендей
көрінемін.

СЕНІМ

Әркімнің бар сенімі, сенетіні,
Әркімнің бар алатын, беретіні.
Әр күнді біз өткізіп әрекетпен,
Ертең тағы күтеміз келетінін.

Менің де бар тағы ертең көретінім,
Шегелейтін, тігетін, өретінім.
О, достарым, бұл неткен мәртебе еді,
Бүгінге де, ертеңге сенетінім.

❁ ❁ ❁

Күш азайса қолыңда, аяғыңда,
Жарамайды екен ғой таянуға.
Қарға адым жер мұң болып отырасың,
Қаның қайнап тұрса да баяғыдай.

Қалғаннан соң байланыс жібі үзіліп,
Болмайды екен біреуді біреу біліп.
Ақыл айтып балаңа тыңдата алсаң,
Соған да бір қаласың көтеріліп.

Я адамға сенбеген, я құдайға,
Болады екен жақының осындайда.
Сәлемдессем қарайды қаны қашып,
Мені көрсе жүрегі шошығандай.

Өлшеміне уақыттың қарамаған,
Сырғанаққа үйренген тағалы адам.
Жүрегінің жылуын жабық ұстап,
Өзін ғана «бармын» деп бағалаған.

Тастан қатты мінезі, мұздан суық,
Көлеңкесін өзінен-өзі қуып.
Менімен де, сенімен сәлемдеспей,
Әлдекімге бейтаныс тұрған жуық.

Осы адамды мен қалай інім деймін?
Қорқамын ба, жүрегім дірілдейді.
Қанша айтсам да, сөзіме сендіре алмай,
Кей түндері кірпігім ілінбейді.

Я адамға сенбеген, я құдайға,
Іниізден бола ма шошынбауға.
Бас изескен боламыз салқын ғана,
Қала қойсақ кездесіп тосындарда.

❁ ❁ ❁

Қиын маған жеткізу
Ойымдағы барымды.
Тартылмаған күйімді,
Айтылмаған әнімді.

Айту үшін барымды
Түйіп тастап арымды,
Сөйлетпесем жетпейді,
Шырылдатып жанымды.

Онсыз ойым жетпейді,
Онсыз сөзім өтпейді.
Әлсіздердің бірі боп
Қала берем шеткейде.

Орным менің шеткей ме,
Шеткейде өмір өткей ме?
Өзім сәуле бермесем,
Ойым қалай көктейді?

❁ ❁ ❁

Өзім білем өзімнің кемдігімді,
Қорғай алмай қалыппын теңдігімді.
Әркімге бір жалтақтап сеніп жүріп,
Жеткізбеппін қайрауын ерлігімнің.

Жеткізбесем қайрауын ерлігімнің,
Кінәлауға болады енді кімді?
Отыруым керек қой шүкірлік деп,
Қалған қысқа өмірге мен бүгінгі.

Өкін мейлің, өкінбе өткеніңе,
Сан сыбағаң кетті ме, кетпеді ме...
Ақыр бір күн болдырып отырасың,
Жеткеннен соң ең соңғы өткеліңе.

КЕЛ, ЖІГІТ

Өз бойыңа көз жүгірт, өзің қара,
Қартайдым деп қан жұтып қылма нала.
Еңкейгеннің бәрі де санала ма,
Түк келмейтін қолынан бишараға?

Сөйлеселік кел, жігіт, екеуара,
Ақылшыңнан бөлініп жүрме дара.
Күш-қайратым кешегі кемісе де,
Беттесерлік сенімен бар ғой шама.

Мен қартайдым, бірақ мен өлген жоқпын,
Қайта тұрып қабырдан келген жоқпын.
Бармын әлі, көзім бар, өлшеуім бар,
Өлшеусіздер сөзіне сенген жоқпын.

Өмір — майдан, келеміз сол майданда,
Жарамайды майданға арам айла.
Кәрі болып, жас болып ұғысқан жөн,
Екеуара отырмай қылыш қайрап.

ТҮЙСІК

Кейде қаңқаң қалғандай қаңырағаң,
Жоғалтқандай бейнеңді жадырағаң,
Ит байласа тұрғысыз құла түздей,
Жел боздайды ішіңде аңырағаң.

Сайтан да жоқ қасыңда, періште де,
Жемісті де емессің, жеңісті де.
Күнгейінен айрылып жайлауыңның,
Тоңазисың сұрланып теріскейде.

Бірде күліп жүрдің сен, бірде ызалы,
Ызалансаң, аузыңнан шықты жалын.
Ондай тұста жазғырдың құдайды да,
Бетіне айтып жарытпай отырғанын.

Жазықсыз ба жүрегің, жазықты ма,
Адамбысың әлде сен азып туған?

Оны қалай қазір сен айта аласың,
Періштең жоқ иіңде жазып тұрған.

ТҮЙСІНУ

Түс пе, бұл не, елес пе есімді алған?
Дүние қандай жап-жарық бал-бұл жанған.
Өскен бірге менімен ақ қайыңдар,
Бұлаң қағып даламда шығады алдан.

Келеді әне қайыңдар қатар-қатар,
«Санағанша қатарын таңдар атар».
Көк шыбықтар, ақ қайың, ақ сәулелер,
Жүрегімнің түбінде қанша жатар?

Қандай еді ботамның кірпіктері,
Қарғаушы едім ботамды үркіткенді.
Қайсысы еді қанатты сүйген құсым,
Ақсұңқар ма, аққу ма, бүркіт пе еді?

Сұңқармен де дос болдым, бүркітпен де,
Бүркіт мені қанша рет сілкіп көрді.
Ұмытпаймын аршын төс аққуларды,
Ұмытпаймын қап-қара кірпіктерді...

❁ ❁ ❁

Қанып ішкен балғын шақта бұлағым,
Қартайсам да күнде есімде тұрады...
Ең алғашқы «Қайным» деген жеңешем,
Күнде алдымнан күлімсіреп шығады.

Қанатты еді-ау мінген атым алғашқы,
Тұлпарым деп жалына оның жармастым.
Қанатыммен ұша бердім даламда,
Атқан таңға батқан күнім жалғасып.

Ең алғашқы айтқан әнім есімде,
Бастағанмын алтыбақан кешінде.

Сол даусымды әлі сақтап келеді,
Құздардағы жаңғырықтар өшірмей.

Орманыммен, өзеніммен сырласып,
Алушы едім солардан мен жыр басын,
Шақырып тұр «Әбділдалап» бүгінде,
Бала күнгі аққайыңым — құрдасым.

❁ ❁ ❁

Жел қақты, жолдар соқты, тойтарылдым,
Сеземін серуенімнен қайтарымды.
Асаудай ала қашып тұрмасам да,
Болғам жоқ айтып әлі айтарымды.

Не керек тіршілікте шайқадым деп,
Бәрін де жұрт көрместің байқадым деп,
Аз емес, әйтсе-дағы аңғарғаным,
Болғам жоқ айтып әлі айтарымды.

Тоздырды уақыт менің қауқарымды,
Жүйрігім жүйткіп тұрған қаңтарылды.
Бірақ та қаным әлі суыған жоқ,
Болғам жоқ айтып әлі айтарымды.

ТІЛІМ, ЖЫРЫМ ЖӘНЕ ӨЗІМ

Кем емеспін ешкімнен,
болмаймын кем,
Кең жолымда тұрмақшы кім көлденең?
Ақын өтірік мүсәпір, мүләйімсіп,
Жуас сөзді қуланып айтпаған жөн.

Жетіп тұрған ойымды жетпеді деп,
Өтіп тұрған сөзімді өтпеді деп,
Қалай айтам қуланып, мүсәпірсіп,
Кеміткенге түгім де кетпеді деп?

Жанды рухы тілімнің құдіреттей,
Болашақтың ғайыптан сырын төккен.

Адамзатқа арналған жетсе даусы,
Тыңдағандар қалады қыбыр етпей.

Мен соның жыршысының бірі болсам,
Сөйлейтін туған жердің тілі болсам.
Қалай мен мүсәпірсіп көрінемін,
Елімнің жалтақтамас ұлы болсам.

Кешір, дос, айтқаныма бұл шынымды,
Сүйе біл гүл бағында бұлбұлыңды.
Қабыл ет жырымдағы жан сырымды,
Қабыл ет үнімдегі сыңғырымды.

❁ ❁ ❁

Неткен ғажап, көріктілер, көркемдер,
Ынтығамыз бүгін соған, ертең де.
Қанша ғашық, Мәжнүн болып атанған,
Қанша Ләйлі ғашықтықтан өртенген.

Адам сырын қиын тіпті баяндау,
Сүйген адам сүйеді әбден аянбай.
Қайбіреулер мұздай өмір сүреді,
Махаббаты тірлігінде оянбай.

Мұздай өмір сүретіннің мұз қаны,
Бетке соғып тұрады оның ызғары.
Сүйген емес ешкімді ол егіле,
Көрген емес ешкімді ол қызғанып.

Мен Мәжнүнмін дегенім жоқ өмірде,
Бірақ Ләйлім шыққан емес көңілден.
Көктем сайын көз алдымда тұрады,
Күнге баққан көк шыбықтар өрімдей.

ҚИЫНДЫҚ

Бәрі де оңай оңайлатқан адамға,
Санамаймын оларды мен жаманға.
Өз басым ше? Қиын көрем бәрін де,
Ештеңе жоқ әзір тұрған маңайда.

Айта қойшы, өлең жазу онай ма?
Қиын ұйқас іздемесең жолай ма?
Жатқан болса ырғақ, ұйқас оңайда,
Неге ақ шаштар ерте кірген самайға!

Дос табу ше,
Оған әбден сену ше?
Ең бір ауыр жұмыс осы, меніңше.
Қандай күшпен, қайдан көмек табасың?
Ең сенімдің ең қиында шегінсе!

Жар табу ше,
Жаныңды оған қосу ше?
Екі адам боп бір тағдырды тосу ше?
Егіз туған екі от болып жану ше?
Жанып, жанып бірге сөніп қалу ше?

Ал өзіңді-өзің билеу оңай ма?
Жүрегіңнің дағын қайттің қарайған?
Екі қолың тұншықтырып нәпсіңді,
Тырп еткізбей өлтіруге жарай ма?

Бәрі де оңай,
Оңайлатқан адамға.
Оларды мен жатқызбаймын жаманға.
Ал, меніңше, қиын тіпті адамға,
Арамдықты айналдыру адалға.

Ғажайып бір адамдарды білеміз,
Солармен қатарда өмір сүреміз.
Кейбірінің даналығын ұмытып,
Кейбір күйкі мінезіне күлеміз.

Күлкімізді елемейді ол бірақ,
Күлер жерде отырады тұнжырап.

Бірге отырып, бір жерден дәм татсақ та,
Қиялы оның көз жетпесте жүр жырақ.

КӨҢІЛ КӨЗІ

Өзім аштым көзімді туғаннан соң,
Көк көбелек ұшырып қуғаннан соң.
Өзен көрдім, көл көрдім, орман көрдім,
Жолаушылар шұбырған жолдар көрдім.

Қарай алдым жақынға, алысқа да,
Жүйрік аттар шаңдатқан жарысқа да.
Дала көрдім, тау көрдім, тасқын көрдім,
Тани бердім қызығын жас күндердің.

Бояуларға қызықтым құбылмалы,
Әзір тұрдым әрнеге ұрынғалы.
Сенгіш болдым, бір көрсем жетті маған,
Күндер кеше бастадым арандаған.

Сонда шешем — әулием, пайғамбарым,
Қарап маған, нұрланып бет ажары!
— Аштым, балам, көңіліңнің көзін — деді,
Жетті, міне, есейер кезің — деді.

Сүйтіп анам көңілімнің көзін ашты,
Есейдім де өмірге араластым.
Қарай білер болдым мен бұлдырларға,
Алданбадым мағынасыз сылдырларға.

Көзін көріп, құрбымның ойын ұқтым,
Қалауына түсіндім қалың жұрттың.
Махаббаттың іздестім сағынғанын,
Тәкаппарға еңкейіп жағынбадым.

Шырылдаған торғайға түсіндім мен,
Шырылдатып жанымды ұшырдым мен.
Көңіл көзім таныды періштені,
Сайтандықпен дауластым, келіспедім.

Тереңдерге үңілдім, тереңдедім,
Сырын тарттым тұңғиық өрендердің.
Аспанның да аржағын көрем дедім,
Айтып бәрін жұртыма берем дедім.

Айналайын анамнан, ана тілден,
Көкірегіме жарқырап күн боп кірген.
Сен бар шақта арман жоқ тіпті менде,
Сенсіз маған қызық жоқ бұл өмірде.

❁ ❁ ❁

Өмір деген осылай,
Орғи-орғи өтеді.
Құрдымына өмірдің
Кімнің көзі жетеді.
Жарық дүние адамның,
Қия алмайтын мекені.
Неге артына сол дүние,
Бір бұрылмай кетеді?

Неге артына бұл дүние,
Бір бұрылмай кетеді?
Неге адамның жастығы
Жалт ете ғап өтеді!
Шын екен-ау өмірдің
Тіпті шолақ екені.
Бесік пенен табыттың
Аралығы екі елі.

❁ ❁ ❁

Мыналар кім,
Қаптап бір келген осында?
Турасын айтшы,
Осының бәрі досым ба?
Қайсысын қалай
Қадірлеп қарсы алайын,
Жауымды көрсет
Соғатын мені тосыннан!

Тұрсың ғой көріп,
Көп адам келді осында,
Баршылық мұнда
Дос еместерің, досың да.
Досыңды көріп
Шешіле қалма, шашылма,
Қасыңды көріп
Қасара қалма, шошынба.

❁ ❁ ❁

Осы бір кісі
Ғылымнан алыс, дарақы,
Сол үшін ол да
Тұрғаны қандай,
Алады бізден жалақы.
Сарсамаурындай жарқылдап,
Күлгені қандай
Жыртыла жаздап қарқылдап!

❁ ❁ ❁

Ойлай берсең ой шіркін уландырар,
Кейде өксітіп, көзіңді буландырар.
Өмірдің де ағысын аңғармайсың,
Отсыз үйде тоңазып қалғандайсың.

Лебі қандай жұмсақ еді көктемнің,
Шуақта ғана жатырмын.
Бір жылы сәуле,
Жылытты тоңған ақынды.

Мен ғана емес,
Жерім де мендей жылынды.
Береді ертең
Өсіріп сүйген гүлімді.

Сәулем-ау, сәулем,
Сенбеші енді, кетпеші.
Мен өлмейді екем,
Өзіңмен тұрсам беттесіп.

ОСЫ КІМ?

Түсі кірлеп көрмеген, ісі кірлеп,
«Осы кім? — деп сұраймын, осы кім?»
Беті майлы, тыңдауға үні жайлы,
Айтпайды ол ойын да тым дүбірлеп.

Салқын ғана ұстайды дауысын да,
Шебер емес бокалдар қағысуға.
Ал қағысса, бокалын қағысады,
Кісісімен таңдаған табысуға.

Бір қимылы кетпейді ұшып желге,
Жеткізеді пікірін айтып демде.
Әрбір сөзі тұрады бақылауда
Жиындарда жауапты сөйлегенде.

Мақтағанда ерлікті, жомарттықты,
Көргенім жоқ сөзшеңді бұдан мықты
Мазақтаса сараңды, қызғаншақты,
Дуылдата күлдірер думан жұртты,

Ал өзінің үңілсең бейнесіне
Күдікті ойлар түседі кейде есіңе.
Өзі сәл-пәл тұрғанда күлімсіреп,
Көзінде ықылас болмайды сөйлесуге.

Құрмет, ықылас ол емес саған ауса,
Қызғаныштан қалады көңілі қаусап.
Ішіндегі ашуы көзінде ойнап,
Енді саған сәтсіздік тұрады аңсап,

Ақша түсер жерде де сақтың сағы,
Қалдырмайды бір тиын алашағын,
Еңбегіңе лайық ала қалсаң,
Есінен ол лезде адасады.

ӨЛШЕ ӘУЕЛІ ІСІҢДІ

Өлше әуелі ісіңді,
Өз ойыңды түсіндір.
Түсіндіріп болған соң,
Жұмса сосын күшіңді.

Ойла, бауырым, артыңды,
Сәл бәсеңдет қарқыңды.
Керегіңде білген жөн,
Тізгініңді тартуды.

Адам деген әртүрлі,
Мінез деген сан қырлы.
Байқадың ба енді сен,
Кімге сеніп алқындың!

Кімге сеніп алқындың,
Кімге сеніп сарқылдың?
Өліп кетсең қайтесің,
Отқа неге шарпылдың!

АДАМ ДЕМЕ САРАҢДЫ

Қарыз алма сараңнан,
Сараң мұздан жаралған.
Мұздай суық сараңдық
Сұмдық болып саналған.
Айырады сараңдық
Әулиедей анаңнан.
Қойныңдағы жарыңнан,
Бесіктегі балаңнан.
Адам деме сараңды,
Адал деме арамды.
Бұл екеуі, білсеңдер,
Бір топырақтан жаралды.
Жаралды да екеуі
Қазаққа да таралды.
Бұза алмайсың соғысып,
Сараң соққан қамалды.

Отырады сараңдар
Қамалында қараңғы,
Жылқылары қамаулы,
Жыртықтары жамаулы.
Түсіреді есіңе
Сонау ескі заманды.

❁ ❁ ❁

Білдім мен де өмірдің тез өтерін,
Көрсеттім мен ақынның бар екенін.
Шаңырағымды алғаннан соң көтеріп,
Қызықпадым қызығына бөтеннің.
Ойламадым кедеймін деп,
баймын деп.
Кеңдік көрсем, қанатымды жайдым кеп.
Ең бақытты адаммын деп сендім мен,
Төбемдегі ашық тұрса айдын көк.

Алдама сен, арбама сен батырсып,
Керек емес маған сендей ақылшы.
Керек емес мұздай суық мейрімің,
Менен гөрі өзгеге сен жақынсың.

Сен өмірде жоғалтпадың түкті де,
Көрмегенсің жүрегің бір күпті боп.
Бұл дүниеге келіп едің мықты боп,
Бұл дүниеден өтесің сен мықты боп.

Білемісің, ұқсамаймыз екеуміз,
Дәл осылай ұқсай алмай өтеміз.
Тәңірім қалай бізді қызық жаратқан,
Жаны жақындаса алмайтын бөтенбіз.

ШАҚЫРАДЫ ДАУЫСТАР

Өз жанымды өзім қуып кейде мен,
Айдап шығам қап-қараңғы кеудемнен.
— Шық тезірек, нең бар мұлгіп, жаным-ау,
Жатамысың тар қапаста өлгендей?

Жарыққа шық, қараңғыда қамалма,
Жат дүниемен жараспайсың амалдап.
Не десе жұрт көре алмаған, о десін,
Кеңдік керек, жарық керек саған да.

Жарыққа шық, жолға қара, алысқа,
Қанбас мейірің ұшқан бұлтпен жарыспай.
Тұр ғой күтіп қызықтары әлемнің,
Естимісің, шақырады дауыстар!

Шақырады, шақырады дауыстар,
Жаңғырмайсың кең дүниеге ауыспай.
— Шық кеңдікке, айнал шөпке, ағашқа..,
Тірлігіңді қараңғыда тауыспай.

Естимісің, шақырады дауыстар,
Шулайды орман, суылдайды қамыстар.
Шақырады ақбөкені даланың,
Шақырады жел мен құйын жарысқан.

Шақырады қыздың даусы сыңсыған,
Сыңсу емес, айтылар ол сыр шығар.
Жет тезірек,
қара көзі мөлдіреп,
Сағынған жан сені күтіп тұр шығар.

Жарыққа шық, жолға қара, алысқа,
Өнбейді жол желмен бірге жарыспай.
Көремісің ғажайыбын әлемнің
Қандай ғажап, шақырады дауыстар!

ҚАС ҚАҒЫМ

Білем, бәрі өтеді құбылыстың,
Көне тартпай, жас күйде қалмайды ешкім.
Мен де бітем, өтемін бұл жалғаннан,
Мәңгі жасар сайтанның бірі емеспін.

Достарым да өтеді, қастарым да,
Тірлік деген ұққанға қас қағымдай.

Маған оның болмайды артық, кемі,
Сыйламаймын атаққа, даңққа сеніп.
Маған қымбат өзіңнің қасиетің,
Маған қымбат өзіңнің кім екенің.

Сырттай саған білгірсіп тон пішпеймін,
Ол белгісі жақынмен біліспеудің..
Ішіңді ашпай, сыртыңды мақтамаймын,
Алтындаулы болсаң да, күмістеулі.

Жасырмасаң болғаны көзіңді тек,
Мен көзіңнен іздеймін бір керемет.
Ақпейліңді жанарың тұрады айтып,
Ең қымбаттың іздеген мен екем деп.

КӨЛЕҢКЕММЕН ӘҢГІМЕ

Оралады көлеңкем етегіме,
Күнде итімдей ереді жетегіме.
Көлеңкесіз түнде мен жалғыз жатам,
Қалады ол жоғалып кетеді де.

Ертең қайта көлеңкем оралады,
Дейді маған түнді ұзақ араладым.
Дейді маған түнімен іздеп сені,
Көрдім кілең түнерген қараларды.

— Мен жаттым ғой түнұзақ төсегімде,
Түсінбедім, көлеңкем, есебіңді.
Мен емеспін жоғалған, сен өзің ғой,
Маған айтпай, өзгеге айт өсегіңді.

— Жоқ, мен емес, жоғалған өзің ақын,
Күнмен бірге баттың ғой кешке жақын.
Айдалаға сен мені тастап кеттің,
Орным жоқ па өкпелеп сөз қылатын.

— Қой, көлеңкем, кірлеме мені бекер,
Жазығым жоқ сен сөйлеп, әңгіме етер.
Өзің қалсаң адасып, амалым не,
Сенен тіпті болған жоқ ойым бөтен.

— Күн барда сен қасымда серігімсің,
Сенсіз адам еместей көрінуші ем.
Күн бұлттанса, жалт беріп жоғаласың,
Күн ашылса қайтадан келу үшін.

Таласпалық, бекерге кінәласып,
Құтылмайсың бәрібір менен қашып.
Өмір сүре берейік осылайша,
Бірде қатар жүрсек те, бірде адасып.

❁ ❁ ❁

Бірлік дейміз,
Оны қайдан аласың.
Бір-біріне
Тұрмаса адам жарасып?

Достық дейміз,
Оны қайдан аласың.
Бір-біріне
Тұрмаса адам қарасып?

Дүниедегі
Ең бір ұлы жарасым —
Жақындату
Адамдардың арасын.

❁ ❁ ❁

Не деген жансың,
Осынша маған берілген.
Кім едім сонша,
Көзіңе сыйлы көрінген?
Отырмын, міне,
Алдыңда сенің болдырып,
Көрініп жақын
Көмілер жерім төрімнен.

Не деген жаның
Осынша сенің кең еді.
Жұлдызың қандай
Жарық-ақ еді, көп еді.

Қараған маған
Малынып нұрға көздерің.
Аспанымнан менің
Сиқырлы жарық төгеді.

Сол кезде менің
Жаңғырып қайрат, қуатым.
Қараймын күнге
Жарқырап енді туатын.
Ойыма менің ұялап
Мейірім, махаббат,
Алдымда тауым
Тұрады жақын шығатын.

Алдымда тауым
Тұрады жақын шығатын.
Қорықпаймын енді
Соқса да дауыл сұрапыл.
Дәл қазір менің
Аузыма сөздер түседі,
Қазақ қана емес,
Адамзат бүкіл ұғатын.

Не деген жансың
Осынша маған берілген?
Қостың ғой қайта
Жастағы жайсаң сеніммен.
Ғажап ең қандай,
Құдіретің неткен күшті еді,
Төге бер, жаным,
Қуаныштарыңды көгімнен!

❁ ❁ ❁

Болдың неге берекесіз осынша,
Түк бермепті-ау құдай саған қосымша.
Өне бойы сен есіме түсесің,
Бірдеңеден титтей ғана шошынсам.

❁ ❁ ❁

Алдарқатар жарық көп
Бір өшіп, бір жанатын.
Кімдер екен соларды
Ойнап қазір өшірсе,
Ойнап қайта жағатын?
Алдарқатар коңырау көп
Күнгір-күңгір қағатын.
Кімдер екен соларды
Ойнап қазір тоқтатса,
Ойнап тағы соғатын?
Мен соларға, ағайын,
Сенуге де корқамын.
Сенбеуге де қорқамын.
Кірмесе екен осылар
Тойымызға торқалы.

❁ ❁ ❁

Қайда кетіп барасың?
Айта кетші, қарағым.
Қалып қоя бермейін
Бөлмемде мен қамалып.
Туып едің шешеңнен,
Адам болып жаралып.
Өзім едім өсірген
Тәп-тәуір-ақ бала ғып.
Қайда кетіп барасың?
Айта кетші, карағым.
Қала беру оңай ма,
Қараңғыда қамалып?

ЖАСТАР ӘЗІЛІНЕН

(*қыздың сөзі*)

Тым жуастау екенсің, жас құрдасым,
Ауды саған сонда да ықыласым.
Төмен бұғып, топырақ қа үңілгенше,
Қарасайшы өзіме көзіңді ашып.

Ойнасам да айтамын шынымды мен,
Сені көрсем көңілім етеді елең.
Дегеніміз махаббат осы шығар,
Әйтпесе мен сені іздеп неге келем?

Сені ойласам, сағынып жүдеймін мен,
Шықпай қойдың ойымнан, жүрегімнен.
Іздеп келіп тұрмын ғой қарсы алдында,
Ұстасайшы айрылмай білегімнен.

Ұстамасаң, құшақтап тұрам қалай?
Құр тұруға жетеді шыдам қалай.
Ұста қатты қолымнан, айрылмашы,
Көрісуім, бір кетсем, екі талай.

Екеумізді қосақтап бір байлашы,
Менен бөлек жүруді ойламашы.
Суға кетсем, өзіңмен бір кетейін,
Отқа жансақ, денеміз бірге жансын.

Неге керек жуастық, жарамайды,
Жуасты жұрт кісіге санамайды.
Қашып кетіп жүрмейін, мықтап ұста,
Қайта саған, бір кетсем, қарамаймын.

ҚЫЗ ОЙЫ

Жаратпаймын жігіттің сұңғыласын,
Кемітетін кекетіп тұрғыласын,
Кекті болар жерінде күле сөйлеп,
Келістіре қоятын ымырасын.

Білік айтқыш, бол ғашық, әділетшіл,
Жалтаратын жерінде және де епшіл.
Жуастарға ызғарлы көрінсе де,
Жуандардың алдында тіпті әдепшіл.

Ала берер есебі шығарулы,
Жұрт көзінде біледі сылануды.
Артық олжа түспесе, түсі суық,
Ондай тұста білмейді қуануды.

Ондай ерім болмай-ақ қойсын менің,
Пысық емес дүниеқор, іздегенім.
Қоңырымның жуастау өзі жақсы,
Дәметпейтін ештеңе жұрттан тегін.

Оның мейлі табысы болсын тапшы,
Артылдырып көп дүние не қылмақшы.
Махаббатын арнайтын маған ғана
Қоңырымның жуастау өзі жақсы.

Ерте барып жұмысқа, ерте қайтып,
Жүрсе болды көңілді, өлең айтып.
Бірге жасап, бірге өмір сүргеннен соң,
Бұзылмайды, кетпейді серттен тайқып.

Кірбің біздің кірмейді ойымызға,
Суық салмақ түспейді бойымызға.
Күндеріміз өтеді қызықпенен,
Алғашқы рет қосылған тойымыздай.

❁ ❁ ❁

Жарып тұрса көк жапырақ гүл шешегін,
Қуаныштың мендегі жоқ есебі.
Қойдан жуас қоңыр шал отырады,
Тілеп қана ұрпақтың келешегін.

ДОСТЫҚ

Достыққа мен сенемін тәңірімдей,
Достық сөзі патшаның әміріндей.
Достарыма сенгеннен сынармын деп,
Тартынып бір көргем жоқ әлі күнге.

Орны қымбат жастың да, кәрінің де,
Елегінен өттім ғой бәрінің де.
Көп жасадым, көп көрдім, көп қиналдым,
Сенгенімнен безгем жоқ әлі күнге.

Жанымменен жарастым табысқанға,
Қанжарластым ол үшін қағысқанда.
Досымды мен бауырымнан жақсы көрдім,
Достық үшін алыстым арыстандай.

Ақпейіліммен жарастым табысқанға,
Ұсамадым алыс бір таныстарға.
Досымды мен баламнан жақсы көрдім,
Озып одан көргем жоқ жарысқанда.

Сенгеніме қаныммен араластым,
Жүрегімнің жұмбақсыз кілтін аштым.
Соның ғана тіледім ақ тілеуін,
Қамын ойлап кетпедім қара бастың.

Шыдай білдім достықтың салмағына,
Қарамадым жалтақтап жан-жағыма.
Сақтық жасап сақтанып көргенім жоқ,
Әлдекімнің түсем деп қармағына.

Достыққа мен сенемін тәңірімдей,
Достың сөзі патшамның әміріндей.
Достарыма өсіп ем арқа сүйеп,
Сеніп келем соларға әлі күнге.

❁ ❁ ❁

Мәзбін мен де көп емес күндігіме,
Отбасының кірбеңсіз тірлігіне.

Себім тисе аз ғана жетті маған
Ағайынның босаңдау бірлігіне.

Ойында жатса от жанып,
Оныңды немен басасың?
Кеудеңді шықса қақ жарып,
Амалсыз жұртқа ашасың.

Көргендер сонда таңданар,
Бастарын шайқап толғанып.
Шықты деп жалын лаулаған,
Кеудені қалай қақ жарып?

Қиын ғой бөгде адамға
Бөтеннің жанын ұғыну.
Бүркей біл жанған өртіңді
Қайнамасыншы зығырың.

Жолы ұзақ жолаушылардың,
Әркімнің тартқан жүгі бар.
Уақыты жоқ соған қарауға,
Санаулы ғана күні бар.

Жолы ұзақ жолаушылардың,
Белестер қанша өтерлік...
Әркімнің жүгі жетерлік
Қайғыңды кім кеп көтермек?

❁ ❁ ❁

Күндіз мен күн боп,
Сәулеге демде айналдым.
Ішінде жүрмін
Жап-жарық, жылы ойлардың.
Әлемде шек жоқ,
Күн жарығында тоқтам жоқ.
Барлық шұғыласын
Тірлікке ғана арнайды ол.

Батқанша күнім,
Жүземін алтын сәуледе.

Түскенше түнім,
Алданар мен жоқ әуреге.
Болмайды күндіз
Ғажабым менің көрмеген,
Жасасын жарық,
Жасасын нұрлы сәулелер!

❁ ❁ ❁

Теңізім — өмір,
Өмірім түпсіз теңіздей.
Қалмайды мүлдем
Теңізде тіпті көп іздер.
Ал мен ше?
Бұрқанып кейде
Көк дүлей болып тулаймын.
Тәңірімен тектес
Тау толқындармен егіздей.

Толқындар, шіркін,
Тәңірімен тектес толқындар!
Жалдары жалын,
Жалтылдар жанған алтындай.
Теңізім менің —
Өмірім менің, шалқыңдар!
Соғыңдар, толқын,
Соғыңдар, тынбай, толқындар!

❁ ❁ ❁

Жатуға мен шыдамадым қамығып,
Жүрегімнің жақтым өзім жарығын.
Құлағыма жеткізді жел жырақтан
Атам Қорқыт тартқан қобыз сарынын.

Қобыздан бір жүрегіме мұң дарып,
Тыңдадым кеп, атам күйін тыңдадым.
Өсіп қанат жадыраған жаныма,
Дүр сілкінді менің жуас жырларым.

Қанатымның жайып қауырсындарын,
Түзеп оның жарылғанын, сынғанын.

Әзірлендім ұшуға мен қомданып,
Көру үшін кең даламның қырларын.

Көру үшін кең даламның қырларын,
Үштым биік, көктің үнін тыңдадым.
Тұрды алдымда аппақ қана ақ бұлттар,
Ғайыптағы ән тулары ырғалып.

Жатуға мен шыдамадым жабығып,
Тұтандырдым қуатымның жарығын.
Өткендерге өкінішсіз қарадым,
Ертеңге де қарамадым тарылып.

❁ ❁ ❁

Жаным толы сарғайған махаббатқа,
Соны айтатын бір күйді алдым жатқа.
Шерте берем сол күйді домбырамда,
Батам сүйіп мұң басқан рахатқа.

Көңлім әсте тыншымас, күйзелмесем,
Әлсін-әлсін толқынды күйге енбесем.
Тозып біткен адамдай түйсінемін,
Күніне бір сырлы күй үйренбесем.

НАҚЫЛҒА ЖАҚЫН

Ердің күні ерменен еліндегі,
Келіспейді тым жалқы көрінбегі.
Ең болмаса егіз боп жүрген сәнді
Сырыңды айтып тұратын көңілдегі.

Жалғыз терек, жалғыз гүл жараспайды,
Екі жолдас жолда да адаспайды.
Жалғыздықтың арты ауыр, алды да ауыр,
Сүрген емес ешкім де жалғыз дәуір.

Сүйінерсің болмаса елікпейсің,
Жалғыз қалған панасыз еліктейсің.
Тудың, өстің, белгісіз өмір сүрдің,
Ағып кеткен содан соң көбіктейсің.

Жалғыз батыр көрінбес жауға мықты,
Жалғыз баса да алмайсың ауған жүкті.
Тудың, өстің, белгісіз өттің, кеттің,
Ортасында кескінсіз бір дүрмектің.

Жалғыз терек орман боп саналмаған,
Жалғыз ағаш отын боп жана алмаған.
Жұрт көтеріп кететін қайғыны да,
Жалғыз батыр көтеріп ала алмаған.

Ердің күні ерменен еліндегі,
Іниге аға мақтаныш төріндегі.
Жалғызыңнан айрылсаң көрінбей ме
Жалғыз күнің сөнгендей көгіңдегі?

Елім аман болғай-ды,
Ерім аман,
Жерім аман болғай-ды,
Көгім аман.
Аман елдің ішінен шығады ерлер
Ажалға да алдырмай мың жасаған.

❁ ❁ ❁

Ояншы, сәулем, ояншы,
Ақ жібегіңе ораншы.
Кірпігіңді ашы, тараншы,
Айнаңа жалт-жұлт қараншы.

Терезеңді ашы, желдетші,
Сыңсып бір ғана әндетші.
Күліп бір маған кел деші,
Күткенім жалғыз сен деші.

Күліп бір маған кел деші,
Қысылмай үйге ен деші.
Сый, құрметімді көр деші,
Өлеңіңді оқып бер деші.

Өзіме ғана кел деші,
Өзгеге тіпті сенбеші.

Өзгені мендей көрмеші,
Қолыңның ұшын бермеші.

❁ ❁ ❁

Жетім боп өстім жасымда,
Жетіммін бірақ демедім.
Мекенім сондай кең еді,
Қамқорым сондай көп еді.

Жетім боп өстім жасымда,
Жетіммін бірақ демедім.
Аспаным сондай кең еді,
Достарым сондай көп еді.

Сезігім тіпті болған жоқ,
Сескеніп тағы көрмедім.
Өрлейтін жерде өрледім,
Терлейтін жерде терледім.

Өтірікшіге мен сенбедім,
— Айтасың жалған, сен дедім.
Зорлағандарға көнбедім,
Еркіндігімді бермедім.

Аспаным асқақ шалқыған,
Қырандай көзім қырағы.
Ақ тауым — берік тұрағым,
Ақ күнім — сөнбес шырағым!

ТАҒЫ БІР СЫР

Өлеңім тірлік — ермегім,
Өлеңім — құрған өрмегім.
Өрмекте тынбай тоқылар
Білгенім менен көргенім.

Өлеңсіз қалсам, шөлдедім,
Тоқтады демде өрмегім.
Сынардай қазір шошындым,
Жырымды құйған шөлмегім.

Барады өтіп күндерім,
Есімде көрген, білгенім.
Жылдарды кейде аралап,
Түндерде көзді ілмедім.

Өлеңім бүгін — ермегім,
Өлеңсіз қалсам өлгенім.
Сақтағай тәңірім кәрінің,
Жыр толған жұқа шөлмегін.

❁ ❁ ❁

Еріктімін күлуге де, жылауға,
Сондай тұста неге керек сұраулар?
Менің неге күлгенімді қайтесің,
Білсең соны шығар ма едің құмардан.

Жазды күні-ақ суынып жан қыраудан,
Адасардай болам кейде тұманнан.
Неге менен жылайсың деп сұрайсың,
Білсең соны, шығар ма едің құмардан!

Жазым кетті, күзім де өтіп барады,
Кейде жаным күрсінсем дем алады.
Сондай шақта бұлттарменен бір кетіп,
Қайтам әрең жауып-жауып оралып.

❁ ❁ ❁

Таба алмай тоят,
Өзіңнен-өзің құбылып,
Тынымсыз жүрек
Аузыңа келіп тығылып,
Отырсаң кейде
Кетуді қайда біле алмай,
Қимылдар күш жоқ,
Алды-артың бірдей тығырық.

Осындай шақтар
Болады кейде менде де.
Жатамын сонда,
Сілем бір қатып шөлдеген.

Жатамын сонда
Күшімнің бәрі сарқылып,
Адамдай бейне
Дүниеден түк те көрмеген.

Шақырсам маған
Секілді ешкім келмеген.
Болсын деп көмек,
Қолының ұшын бермеген.
Жарым деп Сара
Айтпаған маған сияқты.
Әкем деп Рүстем
Секілді маған сенбеген.

Осындай шағым,
Болады менің кей-кейде.
Ондайда көзім
Алысқа қарай бермейді.
Ұстайын десем
Қаламым тіпті көнбеді,
Бықсыған жаным
Жанбайды, яки сөнбейді.

❁ ❁ ❁

Бұлт па, бұл не ойнаған нажағай ма,
Күркіреді жарқылдап ақты ойнап.
Аласұрған аспанды көрейін деп,
Үйден ақын ақырын шықты жайлап,

Өзінің де басында бұлт ойнайды,
Ойы бұрқ-бұрқ қайнайды нажағайлы.
Аспан, Ақын екеуі бір екен ғой,
Бұл екеуін бөлуге жарамайды.

Қызықсың-ау, ғажапсың, дүние шіркін,
Күркіретіп көгінді дүркін-дүркін.
Күшің барда бәрін де сілкіп-сілкіп,
Неге тоқтай қаласың тынып бір күн.

ШАҚЫРАДЫ

Бір ән мені тынбастан шақырады,
«Әбділдалап» сыңсиды, аһ ұрады.
Осы ән кеше жап-жасыл мөлдір еді,
Бүгін оның сарғайды жапырағы.

Шақырады кешегі жасыл әнім,
Сүйем оны.
Неге мен жасырамын?..
Табысуым керек қой сүйгеніммен,
Мен жетпесем, сынады ол, басылады.

Жетем соған, қайтсем де жетемін мен,
Таудан-тастан бөгелмей өтемін мен.
От жауса да аспаннан тоқтамаймын,
Жасыл әннен өзгені жоқтамаймын.

Өтем жеңіп бәрін де, бөгелмеймін,
Жеңілсем ше? Жатайын жолда мейлі.
Ақын қаны көл-көсір төгілмесе,
Ән жасарып қайтадан көгермейді.

Бір ән мені тынбастан шақырады,
«Әбділдалап» дірілдеп, аһ ұрады.
Жетейінші тезірек жол беріңдер,
Шашылмасын сарғайған жапырағы.

АҒЫЛ-ТЕГІЛ

Ағыл-тегіл дегенді көп айтамын,
Ұнамаса оны мен неге айтамын?
Ағыл-тегіл жаздағы жаңбырдан соң,
Жер де исініп берерін молайтады.

Ақтарылса ақпейіл ағыл-тегіл,
Жайлауымдай жайласа жарық көңіл.
Ән мен күлкі, қуаныш сыймай жерге,
Жаздай жайнап жадырап кетеді өмір.

Ағыл-тегіл махаббат — шексіз байлық,
Алтын көріп азбайды, кетпейді айнып.
Сұлу дүние тұрады балбұл жанып,
Жүректердің бәрінде от тұтанып.

Жүректердің бәрінде от тұтанып,
Молаяды көл-көсір жанған жарық.
Бір-біріне созады достық қолын,
Сол жарықтың нұрына қанған халық.

Ағыл-тегіл дегенді көп айтамын,
Ұнамаса оны мен неге айтамын?
Ағыл-тегіл жүрегім тебіренсе,
Мен де жырды көл-көсір молайтамын.

ӘН

Біржан менен Ақаннан бата алмадым,
Әнші болып атақты атанбадым.
Сұлу әнді сүйдім де, басымды идім,
Тыңдаушының бірі боп қатардағы.

Ақпейіліммен қабылдап ән толқынын,
Әннің нәзік сырымен ұқтым мұңын.
Әнші жылап айта алмай өксігенде,
Қайырмасын домбырам айтты ақырын.

Мұңдастардың жақын ғой айтар әні,
Өксіп жаным, ішімнен қайталадым.
Жүрегімнің түбінде оянған гүл
Жарық іздеп жай ғана шайқалады.

❁ ❁ ❁

Жолымызға шуақ түсті, гүл өсті,
Қайыңдармен қатар туып тең өстік.
Біз шуақта жаздың жайын кеңестік,
Қыс келеді дегендермен егестік.

Жолымызда жондар жатты бұлақты,
Жолымызда көлдер жатты құрақты.
Күндіз жылы көк нұрына малынып,
Түнде жақтық қолымыздан шырақты.

Жолымызда баулар жатты жемісті,
Малдар жатты маңыраған өрісте.
Біз бәрін де таласпастан бөлістік,
Күншуақтан айрылмасқа келістік.

Сөйтсек, уақыт тынбай өте беріпті,
Күндерімізде жылы шуақ кеміпті.
Көктеріміз, гүлдеріміз семіпті,
Қыс жетіпті, жолдарды қар көміпті.

Кеудемізден айдап шығып желікті,
Уақыт бізден ала берді ерікті.
Қоштасатын күн жақындай беріпті,
Жолда жанған оттың көбі сөніпті.

Қош бол, досым, қош бол, өткен жолдарым,
Қош бол, қалған артымдағы мол жарық.
Жас ұрпаққа жеткеніме ырзамын,
Етпесем де жырмен оны олжалы.

❁ ❁ ❁

Тақалған соң сексенге,
Жырды қанша төксем де.
Қимылдата бермейді
Байланған тас бөксемді.

Ит жесе де бөксемді,
Жеткенім жөн сексенге.
Жарап тұрсам болыпты,
Көктемдерді көксеуге.

БІР КӘРІ АҚЫНҒА

Болмашыны ән еткен,
Дәметпестен дәметкен,
Сорлы екенсің, шалым-ай!
Жеткеніңше жетпіске.

Ырғаққа бір жарымай,
Үйқасты да танымай,
Қор қылдың-ау өлеңді
Ұяты жоқ, кәрім-ай!

❁ ❁ ❁

Дәлелдеген Дарвиннің өзі бізге:
Маймыл боппыз сонау бір кезімізде.
Жей беретін болыппыз пісірмей-ақ,
Кез келгенді, көрінсе көзімізге.

Үй соқпаппыз әсемдеп, сырламаппыз,
Махаббатты өлеңмен жырламаппыз.
Төрт тағандап жүріппіз жатар кезде,
Тындырыппыз талайды ымдап-ақ біз.

Сайланбаппыз ол кезде, сайламаппыз,
Қартайғанды мәз болып тойламаппыз.
Жеңсек жеңіп, жеңілсек үндемеппіз,
Жеңе білген маймылды күндемеппіз.

Біреуді артық, біреуді кем демеппіз,
Біреуге сен, біреуге мен демеппіз.
Алқынғанша айтысып терлемеппіз,
Бірімізді-біріміз жерлемеппіз.

Дәлелдеген Дарвиннің өзі бізге:
Маймыл боппыз сонау бір кезімізде.
Тілсіз тыныш заманнан ұзап кеткен
Обалымыз, ағайын, өзімізге.

БАЗАР

Құжынаған базар,
У-шуы өрттей қаулаған,
Сәудегерлері жүр ақшаға жанын жалдаған.
Қулар мен сұмдар бірінен-бірі асады,
Адамға сенгіш ақниеттерді алдаған.

Бұл неткен базар,
Бір-бірін жеген, жалмаған.
Адамдарында құйтымдай ұят қалмаған?
Қанша алса алған, құмары бірақ қанбаған,
Қай құдай екен, бұларды сонша қарғаған.

❁ ❁ ❁

Ойланыңдар соқтықпай, бауырларым,
Сездірмеңдер жақыннан жауым барын.
Несін қызық, бауырлар, көресіңдер,
Қартайғанда жанымның ауырғанын.

Ойланған жөн ертерек, бауырларым,
Кең дүниенің жөн бе екен тарылмағы?
Туып-өсу тым оңай көрінгенмен,
Оңай емес адамның табылмағы.

Жан ауыртқан жөн емес, бауырларым,
Ұмытуға болмайды қауым барын.
Қазағыма не жауап бересіңдер,
Өлең күтіп отырған ауылдағы?

❁ ❁ ❁

Ішің сенің керемет терең екен,
Тереңіне бойламай келем екен.
Даусымды есітпей таскерең бола қалдың,
Оныңа кім оп-оңай сенер екен?

Атымды атап «Менмін!» деп дауыстадым,
Аш пейіліңмен сонда да ауыспадың.
Өзің айтшы әділін, несі дұрыс,
Мейріміңді тым ерте тауысқаның?

❁ ❁ ❁

Күлімдедім, күлдің деп кінәлайсың,
Неге екенін білсем деп сұрамайсың.
Сұрамай-ақ айтар ем себебін мен,
Тыңдауға оны бірақ сен шыдамайсың.

Өзіңді-өзің мақтадың, именбедің,
Даналықты өзімнен үйрен дедің.
Сен көпіріп жатқанда осылайша,
Мен ұяттан қысылып күйбеңдедім.

Мен ұяттан қысылып күйбеңдедім,
Есің болса, бауырым-ау, сүйдер ме едің.
Дәл осындай тұстарда көп күйсетпей,
Түйреуішпен ерніңді түйрер ме еді!

❁ ❁ ❁

Билеушімін деп ойлау — білмегендік,
Білгендердің жолымен жүрмегендік.
Данышпандар үлгісін алмағандық,
Зердесінің шырағы жанбағандық.

Зердесінің жанбаса шам-шырағы,
Қалайша ол өзгеден артылады?
Несімен ол көнбесті көндіреді,
Несімен ол сенбесті сендіреді?

Күшпенен бе, әкімдік билікпен, бе?
Сескенбейді білгір жұрт, илікпейді.
Ер халықты темірдей тегеурінді,
Сындырам деп, тентектер, килікпеңдер!

❁ ❁ ❁

Азған шақта аранын ашады адам,
Ақыл, ойдан, тоқтамнан асады адам.
Шыдамды жұрт шыдайды, ал азғындар,
Елмен қатар тіпті ұзақ жасамаған.

Уақыт, халық өзгертпей өз әуенін,
Арулардың асқынған табады емін.
Ешкімге де еркін ол билетпейді,
Билетпейді тірлігін, алар демін.

❁ ❁ ❁

Өрт жанып лапылдайды,
Жалыны желмен шалқыған.
Айнымайды-ау, шіркін,
Жалындылардың даңқынан.

Тоңғандарды,
Жылытқанға да жалын мәз!
Жанғандарды
Жылатқанға да жалын мәз!

Өрттен қорқам,
Өрттейлерден де қашамын.
Тітіркеніп жаным,
Үрейімді әрең басамын.

ӘЗІЛ

Романшылар көп жазып ескілікті,
Сөздің талай тыңдары ескіріпті.
Елестейді атысқан, табысқандар,
Кейде отырып ойлансам кешкілікті.

Түсіме де кіреді ескіліктер,
Қашқан, қуған, айдалған төрт түліктер.
Көшкен, қонған, үдерген ел дамылсыз
Ығып кетіп барады үскіріктен.

Мың-мың адам романның персонажы,
Қандай, қандай жарасым алтын тажы.
Жүз оқиға, жүз батыр кескілескен
Соның бәрін білмеске жоқ ылажың.

Оқи-оқи таусылмас қалыңдарды,
Жұқалардың шықпаған жаны қалды.
Қалың-қалың романдар шаршатты,
Қартаң, білгір, қарымды ғалымдарды.

БІР ШАЛҒА

Көрген қызық: топ-думан
өтті, кетті.
Кім әкетті
Сондағы сый-құрметті?
Әндер қайда, сондағы билер қайда?
Тиді саған солардан қандай пайда?

Өтті, кетті.
Бәрі де өтті, кетті.
Дамыл табар ойланар,
Мезгіл жетті.

Асқынғанда қартайып
Деміккенің.
Жұртқа күлкі көрінер желіккенің.
Жаныңды күт,
Сыйлай біл кішілерді,
Есің жоқ па соған да түсінерлік!

❁ ❁ ❁

Далаға шықсам күн ыстық,
Аулаға кірсем тымысқы.
Байлаудан итім қыңсылап,
Ойлаудан ойым ыбырсып,
Тоқтаттым барлық жұмысты.

Иттен де кетті тыныштық,
Менен де кетті тыныштық.
Байлауда итім қыңсылап,
Төсекте өзім ыңырсып,
Екеуміз әрең ұғыстық.

Аңғардым талай сыбысты,
Сыбыстың көбі жымысқы,
Кетейін десем, жол ыстық,
Жатайын десем тымысқы,
Терідей кепкен құрыстым.

❁ ❁ ❁

Жылы жаққа жіберді де құстарды,
Күн жарығы бірте-бірте қысқарды.
Құс соңынан қоңыр қанат күз кетіп,
Ысқырығы үрейді алған қыс қалды.

❁ ❁ ❁

Көңілім күндей тұрмаса төгіп жарық,
Баратпасам ертеңге бұзып-жарып.
Қуантпаса әр сөзім қазағымды,
«Ақыным» деп сыйламақ кімді халық.

❁ ❁ ❁

Мен білемін өмірдің не екенін,
Әжем, атам солардың айтқан көбін.
Арым, жаным барлығын сезбес едім,
Шалқып-толқып жатпаса өз мекенім.

Өз мекенім — өз күнім, өз аспаным,
Күнім барда күңгіртте адаспадым.
Өшпеді әнім, сөнбеді от жырларым,
«Биікпін» деп басқамен таласпадым.

Өзгермеді өз мекен, өз аспаным,
Қабыл алдым достардың қарасқанын.
Мен жырыма тозбайтын арқау еттім,
Көңілдердің күдіксіз жарасқанын.

❁ ❁ ❁

Қайғысызда бәрі де ас, бәрі қорек,
Желден жәрдем табасың, судан көмек.

Жоғалтады келбетін, кісілігін,
Өліп-өшіп жейтіндер елден-ерек.

Майлы қарын кескінді ойрандайды,
Екі көзді жылытар ой болмайды.
Ұшығын айт, сезімің тұтанбаса,
Намысың да қанжар боп қайралмайды.

Ойсыз көздің адамға берері не,
Қараяды көлеңке көмеді де.
Сыртың жарық болғанмен, ішің енді
Бірте-бірте өледі, сөнеді де.

❁ ❁ ❁

Жаза тартсақ, тартамыз тіліміздің,
Өсек, өтірік жетеді түбімізге.
— Не білдің? — деп сұраймыз ең әуелі,
Кездескенде біріміз-бірімізден.

Құлағымыз қимылдап, елең қағып,
Көршілердің жүреміз ернін бағып.
— Жаңалығың көп шығар баста, кәне,
Айтшы бәрін, қалдырмай дәнін шағып? —

Дейміз досқа, күтеміз кереметтер,
Қала алмаймыз өсектен бір күн шеттеп.
Естігенді еселеп үлкейтеміз,
Суретші боп қосамыз бояуды ептеп.

— Не болмақшы?
— Өзің айт не боларын.
— Қуланбашы ештеңе емес мәлім,
— Қалар ма екен, орнында қалмас па екен?
— Бола қоймас дәл сенің ойлағаның.

Астарлы сөз жұмбақтың көкесіндей,
Қарқ-қарқ күлкі, ишарат, кекесіндер.
Алма-кезек өзара мақтау да бар,
— Сен алғырсың,
— Сен алғыр екенсің, — деп.

Пісіп болған жоқпыз ғой бәріміз де,
Ұшқалақпыз, жасымыз, кәріміз де.
Ұят, ұстам дегенді қадірлейтін,
Елдік дәстүр жетімсіз әлі бізде.

❁ ❁ ❁

Өтті, кетті дегенді көп айтамын,
Әңгімемді сөйтіп мен ұзайтамын.
Көңіл сонда ғажайып көзін ашып,
Ескіргенді естегі тыңайтады.

Әнші досым, жастағы күйші досым,
Баяғыша боранға әнін қосып,
Өзегімді үзердей, шырқағанда,
Ұясынан ұшады қыран шошып.

Оянады оңкиген құздар шошып,
Оянады ұйқыдан қыздар шошып.
Оянған соң ұйқыдан қыздар шошып,
Жүгіреді әншінің жолын тосып.

Ынтығамын кешегі елестерге,
Сезінемін жастықтың желі ескенде.
Кетуші ек-ау от басып жаланаяқ,
Жетер жерге жетем деп егескенде.

Тыныштал, ақын, ойнама елестермен,
Елес қашан кетті асып белестерден.
Жүрегіңнің жүрісін ауыстырмай,
Айтқаның жөн қарт сөзін кеңескенде.

❁ ❁ ❁

Күле берме ырымшыл деп сен маған,
Ырым ескі бірдеңе ғой қаусаған.
Сонда да мен сене берем ырымға,
Кездерімде сілем қатып шаршаған.

Түске сенем, бұл да менің ырымым,
Түс көремін, кетсе көзім жұмылып.

Кейде сені жоғалтып ап түсімде,
Қорқып жүрем үрейлерге ұрынып.

Дөңгелетіп қорқыныштар құйындай,
Іздеп сені шатқалдардан, қиыннан.
Оянамын өксіп жатқан күйімде,
Құйылады көзімнен жас тыйылмай.

Маған қымбат бала күнгі бұйымдар,
Олар маған өткендердің сыйындай.
Өлеңді де оңай жаза алмаймын,
Ұлы атамның аруағына сыйынбай.

Күле берме, ырымшыл деп сен маған,
Ырымшылмын әжемнен түк аумаған.
Көне түсті мендей бір шал жүрмей ме,
Ортасында жас ұрпақтың қаулаған.

❁ ❁ ❁

Көңіліңде бір, балам, сенің орман бар,
Соған жаның талпынады, сенеді.
Ең бір таза мына жарық жалғанда,
Күнәдан пәк адам болғың келеді.

Мөлдір таза арманыңнан айналдым,
Тоқтама енді, көкешім.
Азғыратын арзандарға алданба,
Іздей көрме жолдың оңай төтесін.

Өт бәрінен ерді қинар сынақтың,
Тарықсаң да тоқтама тек, көкешім,
Алыстағы армандаған мұратқа,
Шаршап қана жетесің.

Арман биік,
Жол алыс,
Тоқтамасаң, жеңілмесең, жетесің.
Аялдама, қимылдай бер, көкешім.
Мұқалмасын бойыңдағы ар-намыс,

❁ ❁ ❁

Үміт— менің мәңгі сұлу ғашығым,
Күнде алдымнан қолын бұлғап тұрады.
Жетем деп сол ғашығыма асығып,
Қанша рет мен құладым...

Үмітімнен күдер үзіп көргем жоқ,
Сүрінсем де, жығылсам да, шыдадым.
Тізгінімді белгісізге бергем жоқ,
Мен сынсам да
Үміт үшін сынамын!

❁ ❁ ❁

Тағдырыма наразылық білдіріп,
Арандаған емеспін.
Тырнақтыға сағағымды ілдіріп,
Дамылдаған емеспін.

Ақыр заман болған емес ешқашан,
Болмайды да, білемін.
Кең дүниені күйрейді деп,
Қатырмаңдар сілені.

Тағдырыммен
Мені шағыстырмаңдар,
Жоқтан, достар, шақырмаңдар үрейді.
Өзімменен-өзімді алыстырмаңдар,
Жүрегіме тыныштық қана тілеймін.

❁ ❁ ❁

Кедей емен, бай да емен, орташамын,
Орташаның болмайды жол тосары.
Барға шүкір,
жоқты мен ала алмаймын,
Жалынсам да біреуге қолқа салып.

Ішіп-жемім барында, достар бар да,
Сүреді өмір тәп-тәуір орташалар.

Жаным жайсаң шағында кем емеспін,
Жүректінің бірімін жауға шабар.

Болмасам да иесі ерен күштің,
Шыдамдымын, бәрін де көтергішпін.
Өзім деген жан үшін көбелек боп,
Жанып тұрған жалынға талай түстім.

Көрген емес уайым мені билеп,
Өзімді-өзім құлатпай жүрдім сүйреп.
«Әбекем» дер күлегеш көп болғанмен,
«Әбекем» деп сүйеуші тіпті сирек.

Көп үңілдім кітапқа көзім барда,
Көп сөйледім көңілімде сөзім барда.
Қазір соның бәріне әлім жетпей,
Мойындадым, қайтейін, өзімді алдап.

Уақыт қатал, қалауы өз еркінде,
Айтқан әмірі ұғымды барлық тілде.
Алам десе алады қыршынды да,
Оның құдірет күшінде шек жоқ мүлде.

❁ ❁ ❁

Жиналысқа барғыш-ақ, кешікпейді,
Сынады деп ешкімге өшікпейді.
Бітеп қайтса жетеді өз қолымен,
Шаншу тиер, жел соғар тесіктерді.

«Жөні бөлек әңгүдік саяқтардың,
Жұлқысуды олармен жаратпаймын.
Біреу олай, ойласақ, біреу былай,
Өзінше әркім ғасырын аяқтайды»,—

Деп ойлайды,
Сенеді сонысына.
Аумайды ол үйреншік қонысынан.
Достық жайлы сөйлейтін сөздері әзір,
Сараң бірақ достарға болысуға.

❁ ❁ ❁

Бәрінен тыспын қазір дырдулардың,
Біреуімін, жүрісі біткен шалдың.
Көз жұмылған, көңілдің желі тынған,
Асқақтамай, келеді демімді алғым.

Демімді алдым жүрістен тоқтай қалып,
Шыр көбелек төңірегім тұрды айналып.
Мен кідірдім, думаным бара жатты,
Қайтқан қаздай көгімде қиқу салып.

Үйренем ғой үйдегі отырысқа,
Жел тиеді жеңілдеу, шықсам тысқа.
Ақша бұлттай көгімде селдіреген,
Жыр әуені жетіп тұр қысқа-қысқа.

Қысқа әуен де жетеді мен пақырға,
Қуанам, ишаратым қонса ақылға.
Тек сақтасын тәңірім суы қайтып,
Қалғандардан отырып қу тақырға.

❁ ❁ ❁

Мен бүгін ерте жатып, ерте ояндым,
Атқанын ақ таңдақ боп көрдім таңның.
Алдында шығар күннің сергіп жаным,
Асылып ақ қайыңға демімді алдым.

Ойлар жоқ алаңдатып болар мені,
Сеземін күннің жылы келер лебін.
Жай ғана қоңыр үнмен күбірлейді,
Өзіммен бірге оянған өлеңдерім.

❁ ❁ ❁

Түбі өлесің, бұл өмір баянсыз деп,
Сен төріңнен көріңе таяусың деп.
Қорқытқанға қорқуға ұяламын,
Үркіп қалай дүниеге сыя аламын.

Отан деме, мал жима, тірліктен без,
Бола берме, пысықсып сен қағылез.
Тудың — өлдің, алданба гүл жалғанға,
Жаспын деме, жар сүйме, күйіп-жанба!—

Деген жырға қиын-ақ құлақ асу,
Бетің қайтып қалады, көңілің жасып.
Тағы ыңғайсыз бүгінгі құрдасыңдай,
Өткендермен айтысу тайталасып.

❁ ❁ ❁

Қорқу деген, үрку деген немене,
Лақтырған кім сені суға кемеден.
Батып бара жатпаған соң тереңге,
Орның жоқ қой безектейтін өлем деп.

Қорқу деген, үрку деген немене,
Әдет шығар қалған бізге көнеден.
Сынып, қирап, сөніп бара жатпасаң,
Байбаламның керегі не өлем деп.

Әрине, адам жалғыз қалса елеңдеп,
Елестейді көлеңкелер көлеңдеп.
Сондай кезде көрінеді бір пәле,
Түсіп келе жатқандай-ақ төбеңнен.

Қорқу жаман, кейде мен де қорқамын,
Әлденелер айналамда жортады.
Шықпау керек екен адам бөлініп,
Арасынан үйреніскен ортаның.

❁ ❁ ❁

Мешелдіктен мейлінше кеттім тойып,
Күңгірт ойлар барады миымды ойып.
Жалғыз жатып төсекте күрсінемін,
Өзімді-өзім оңаша байлап қойып.

Әділдік пе осы да, айтыңдаршы,
Күнәм болса жазаға тартыңдаршы.

Жазығы жоқ жайдары бір кәріні,
Шынымен-ақ кете ме қайғы жаншып?

Ой деген бір сұмдық кой осындайда,
Сұмдық ойдан жасық жан шошынбай ма,
«Ақыл алтау, ой жетеу дағдарғанда»,
Тыныш тауып бастары қосылмайды.

Күнде қызық күтетін қайран басым,
Шым-шытырық қиялмен кетті адасып.
Жаңа хабар сергітер кірер ме екен,
Жаппаңдаршы, тұрсыншы есік ашық.

❁ ❁ ❁

Отырамын түнде үйдің шамын жағып,
Телефонның шыр еткен үнін бағып.
Кілт салмаңдар қақпаға, қалсын ашық,
Жақсы хабар тұрсыншы есік қағып.

Жайсыз хабар келсе ше...
Кірмесін бе?
Естіртпей-ақ қойсын ба білмесімді.
Естіртпей-ақ қойсын ол білмесімді,
Жарамаймын онымен тілдесуге.

Тоқтаңдаршы,
Тоқтайық құлай бермей,
Әлсіз сезім құлағын бұрай бермей.
О, тағдырым, өзіңе құлмын мәңгі,
Жанып кетер жанымды сынай көрме.

СЫН ТУРАЛЫ СЫНШЫЛ ДОСПЕН КЕҢЕСУ

I

Мұңлы үнімді, сыншы дос, дұрыстап тыңда,
Салшы құлақ ақының айтқан сырға.
Жүрегіңе жете ме, жетпей ме әлде,
Жаным менің жасырын тартқан сырнай.

Ғашықпын ба адамға, адамдыққа,
Соным жетіп жатыр ма адал жұртқа.
Сергелдеңдік сырымнан көрінбей ме,
Білінбей ме сезімге сараңдықтар.

Жырым менің — жұртыма сыйым дедім,
Жырсыз жасау ақынға қиын дедім.
Сыншы досым, жете ме жүрегіңе,
Сүйінгені сол жырдың, күйінгені?!

Арманы не өзіңдей досы бардың,
Неге айтпайсың сен маған осыларды.
Тура айтуға әлде сен аяймысың,
Қатты сыннан жүрегі шошынар деп.

II

Кір жуытпай, таза ұстап тәнімізді,
Келісімін сақтаймыз сәніміздің.
Сынның пайдалы екенін кім білмейді,
Жақсы сынды жақтаймыз бәріміз де.

Білгір сынға жан пида деп үйрендік,
Әділ сөзді көтермеу — күйрегендік.
Ал білгірлігі байғұстың жетпесе ше,
Қандай ақыл айтпақшы құр сүйреңдеп.

Ағаш атқа таққандай жіп-құйысқан,
Көзсіз ойлар көпіріп түк қиыспай.
Поэзия құдіретін сөз ете алмай,
Лағып сөйлеп жатса да жиылыстар!

Текке атылып жатса да оқсыз мылтық,
Кейбіреулер мағынасыз сөздерге ынтық.
Ақыл бермес, ой қоспас даурықпаны,
Тастау керек емес пе қырқып-қырқып.

❁ ❁ ❁

Туғаннан соң, тірлікті қуғаннан соң,
Тәуекелге белінді буғаннан соң,
Аялдауға жетпейді уақытың сенің,
Бітпей соңы жүреді әңгіменің.

Саған енді ел беті бұрылады,
(Белгісіз ғой оларға сырың әлі).
Сөзіңді өлшеп қарайды сымбатыңа,
Жарармысың сонда сен тіл қатуға!

❁ ❁ ❁

Алаң-құлаң әрнеге қаранамын,
Белгісіздеу нелерді қалағаным...
Айыра алмай керекті керексізден
Жүрегімді қанша рет жараладым.

Жинауға ақыл, байқаймын, кешігіппін,
Талай ұлтан бекерге тесіліпті.
Жетер жолым жеткізбей кесіліпті,
Өтіпті де кетіпті есірік күн.

❁ ❁ ❁

Туған жоқпын шешемнен,
Күйсіз өмір таңдауға.
Қызығына дүниенің
Ақым бар ма қанбауға?

Өмір қысқа екен деп,
Мүмкін шығар сарнауға.
Күле келген көктемге
Ақым бар ма нанбауға?

Кейде шаршап өмірді
Мүмкін шығар қарғауға.
Кел деп тұрса Ақтаулар,
Ақым бар ма бармауға?

Келген жоқпын дүниеге,
Өзімді-өзім алдауға.
Сәулесіне ақ күннің,
Ақым бар ма нанбауға!

❁ ❁ ❁

Құнсыздарға қамқорсып, жәрдемдесіп,
Бәрін беріп, жарылқап ығын есіп,
Құдай жазған өзімнің сыбағамды
Аларымда бұйыртпай бірақ кесіп.

Отырғанды қалай мен қарғамаймын,
Оған қалай қатты сөз арнамаймын?
Өзімшілдің ордасы ойрандалсын,
Шаңырағы күйресін, күйсін жансын!

ҚЫРАН ҚАНДАЙ БАҚЫТТЫ

Әркімнің бір сүйгені, сыйлары бар,
Жүрегіне имандай құйғаны бар.
Адам өзі тумаса от боп жанып,
Жарымайды құлаққа құйғаныңа.

Бас иемін адамға күндей жарық,
Тұрады ол алдымда тынбай жанып.
Қашан күл боп біткенше сөнбейді ол,
Құлпырмайды бір өшіп, бір тұтанып.

Қеңістікке ғашықпын бала шақтан,
Жеткендеймін кеңдікте зор мұратқа.
Қырандарға қызығып қараймын мен,
Көз ұшында зымырап бара жатқан.

Көз ұшында зымырап болашаққа,
Қыран қандай бақытты бара жатқан.

Көре ме еді қыранның жарық күнін
Алтын арай ақкүмбез таң боп атқан.

Кейде кезіп құздардың араларын,
Қыспақтағы біреудей саналамын.
Сондай кезде алдымнан есіп желі,
Байтақ далам анамдай қарсы алады.

Жусан исі кеудемді қақ жарады,
Ғашығымдай сүйемін айдаланы.
Айдаламды толғанып ойланамын,
Ойланам да даламнан айналамын.

О, кеңістік, бастай бер мені алысқа,
Ақын жаны серпілер толғаныстан.
Бұлттарыңнан ақ қанат айналайын
Ән мен жырын даламның толғап ұшқан.

Кеңістікке ғашықпын бала жастан,
Жеткендеймін кеңдікте бар мұратқа.
Қырандарға қызығып қараймын мен,
Болашаққа зымырап бара жатқан.

ҚАЙДА МЕНІҢ СҮЙЕРІМ?

Ойлы көзі аунақшып, ойнақшымас,
Алдымда тұр ақберен бір асыл жас.
— Ақынсың ғой, ағажан, тыңдап мені,
Жүрегімнің сырына аударшы ықлас.

— Қайда менің сүйерім, сүйенерім?
Берсең тауып басымды иер едім.
Қайда ақындар жырлаған от махаббат,
Кім билейді жанымды иеленіп?

Кім билейді жанымды иеленіп?
Иемді мен сүйер ем, күйер едім.
Қайда ақындар жырлаған от махаббат,
Әкетпей ме тезірек сүйеп мені?
Ием менің қайда екен, елде ме екен,
Көлде ме екен, құс ұшпас шөлде ме екен?

Көріскенше талдырар жүрегімді
Дауыс жетпес, көз көрмес жерде ме екен?

Ием менің бар ма екен, қандай екен,
О да мені сағынып зарлай ма екен?
О да менше жақында көремін деп,
Өзін-өзі жұбатып алдай ма екен...

Сен бармысың, қайдасың?
Мен де бармын!
Күтіп жүрмін ақ жолын келер жардың.
Жетер болсаң жетсейші, махаббатым,
Ынтығудан әйтпесе тұншығармын...

Деп алдымда сылқым жас зар шағады,
Жасырмайды жанының аңсағанын.
Қандай ғажап сұлудың мұңға батып,
Сағыныштан сарғайып шаршағаны.

— Қызық маған күткенің, шаршағаның,
Алыста емес, жақында аңсағаның.
Келеді әне, сені іздеп ақсұңқарың,
Бетіне ұстап ақбоздақ таң самалын.

БЕЙНЕТ ПЕН ЗЕЙНЕТ

Жарылқа деп құдайдан тілемегін,
Тілегеннен түспейді дүние тегін.
Маңдай терін сыпырып төкпей тұрып,
Қара жерді қақ жарып шықпайды егін.

Алақанның ойылып қақ ортасы,
Өксігенше бейнеттен өмір жасың.
Дастарқаның төрінде кең жайылып,
Әзір бола қоймайды жейтін асың,

Қарың талып, аяғың шаршағанша,
Борбай борша болғанша, арқаң арша.
Дәмділігін сезбейсің жеген нанның,
Күндерің де көрінбес тым тамаша.

Болашаққа бірдеңе бергеніңше.
Бейнетіңнің зейнетін көргеніңше.
Арып-ашып әрекет жасамасаң,
Ырза болмай өтесің өлгеніңше.

ЖАЛҒЫЗДЫҚ

Жалғыздықты кешірген ғой талайлар,
Жалғыздықты жасыруға жарай ма.
Кейде омалып отырасың түнеріп,
Бір жақының қалмағандай маңайда.

Күн қысқарып, түн ұзарып қарайған,
Алыстайды алтын жалды арайлар.
Алыстайды аға деген дауыстар
Бір тірі жан қалмағандай қарайлар.

Жүрегіңді жаншып сонда сұм зығыр,
Құйшы дейсің өзіңе-өзің: құйшы бір!
Көңлімдегі сасық тұман серпіліп,
Аспаным бір ашылсыншы көгілдір!

Аспаным бір ашылсыншы көгілдір,
Толтырсыншы жарық сәуле көгімді.
Шіркін көңіл тұрсыншы сәл сөгілмей,
Қуанышым тұрсыншы сәл егілмей.

АҚЫЛ

Жасырып айтқан «ашықтың» сөзін тыңдама,
Арманы оның жүрегіңді алдау бір ғана.
Жүрегіңді алдау, жаныңда таңба қалдыру
Кетеді сосын білдірмей ізі ұрлана.

Қараңғы түнек алдағыш жандар мекені,
Танытпас түндер олардың кімдер екенін.
Мәжнүн боп сөйлеп, құмарын әбден қандырып,
Күн шыға ол да айналып желге кетеді.

Мәжнүннің ролі ойнағыштардан жүр аулақ,
Ұтылдым дей бер, тыңдасаң оны қарайлап.

Аямай сені талдырып демде кетеді,
Жаныңды нәзік күйдіріп отпен алаулап.

Сұмдық қой мына өтірік Мәжнүн-ғашықтар,
Осылар ғой, достар, әлсіздер жанын жасытқан.
Ойы пәк, сенгіш, нәресте пейіл, сұлуым
Сүйе біл, бірақ, кетуге жанып асықпа!

❁ ❁ ❁

Тылсымы сиқыр көзіңде қуат бар еді,
Қаласаң, күннен от алатын да жан едің.
Ақынның жыры, әншінің сүйген әні едің,
Сахнаның емес, сахараның да сен сәні едің.

Аймалап сені кідірді желі даланың,
Сен ғана болдың жүректілердің алаңы,
Сүйдірмей күнге көлеңке, сая түсіріп,
Төбеңнен ақ бұлт өте алмаушы еді оралып.


Рахымсыз Уақыт, көрмедім сендей қаталды,
Адамға неге болдың сен сонша қаһарлы!
Гүлменен бірдей солдырып асқан сұлуды
Сол үшін бізге мейірімсіз боп та атандың.

❁ ❁ ❁

Қолың қандай сиқырлы алтындаған,
Жолың қандай сиқырлы жалтылдаған.
Шұбырып жүр ізіңде ағатайлап,
Өңшең алақарғалар жалпылдаған.

Аға қандай құдіретті қарқындаған,
Бір күні жоқ екпіндеп шарқ ұрмаған.
Ақиығы ақтаудың өзі екен ғой,
Жолбарысқа түссе де тартынбаған.

Ауыссайшы, ағатай, алтын маған,
Маған да жүрт қызықсын — жарқылдаған.
Ағамызға айнымай ұсапты деп,
Қарап тұрсын қызыққыш антұрғандар!



II бөлім

Поэмалар

МАРХУМА

Бірінші бөлім

I

Көкшіл көзді Мархума сары қыз еді,
Бір үйдегі қыздан ол жалғыз еді.
Ерке де емес, тым шолжаң, жуас та емес,
Ел қатарлы ақылы бар қыз еді.

Қыз боп өзін мүләйім ұстамайтын,
Жолын, жөнін тарылтып қыстамайтын.
Дүниеге қарайтын тіпті жарқын,
Аңғаратын әрненің терең парқын.

Шешесі мен ағасын қадірлейтін,
Үлкендерше үйдің де қамын жейтін.

Төсек жинап, бір мезет ыдыс жуып,
Өзін кейде ұстайтын іске жуық.

Үйренді ол отырып өрмекке де,
Кілем жүзін кестелеп өрнектеді.
Жеңгелерден жәрдемін аямады,
Пейілді қыз атанды еңбекке де.

Баладай боп кететін ел көшкенде,
Ұстатпайтын тізгінін теңдестерге.
Ақ құйын боп ақжалмен жөнелгенде,
Тамашалап қарайтын кездескендер.

Уақыт деген қызық қой таңғажайып,
Бәрін уақыт өтеді жуып-шайып.
Үлбіреген сары ауыз балапандар,
Үлгірмейді көбіне-ақ қанат жайып.

Мархума да қыз болып үлгіргенше,
Құлағына сырғасын ілдіргенше,
Жеңгелердің алдында жымың қағып,
Бойжеткенін еркелеп білдіргенше,—

Ұзатты да жіберді он төртінде
Оң жақтағы сылаңдар өтті күндер.
Қожасбайдың баласы Мұхамеджан,
Мархуманы ертті де кетті бірге.

Той болды ма, жиын жұрт ас алды ма,
Тойқұмарлар бәйгеге ат қосалды ма?
Күресті ме палуандар, ән айтылып,
Неше түрлі кәделер жасалды ма?

Айта беру қажет пе соның бәрін...
Суреттер ғой белгілі жұртқа мәлім...
Біреу жықты, біреудің аты озды деп,
Баяғыны тәптештеп не қыламын.

Қыз он төртте болғанда, бала он бесте,
Кейде ақылды екеуі, кейде кеще.
Күні бойы далада ойнап-ойнап,
Қайта ұрсысып қайтады үйге кешке.

Қайта ұрсысып қайтады үйге кешке,
Сен тидің деп,
Жоқ, тиген мен емес,— деп.
Мәзен шешей жақтайды Мархумасын,
Сенен қызым, балақай, кем емес,— деп.

Ешкім келін деген жоқ Мархуманы,
Еркін сары — еркін жас шарқ ұрады.
— Екеуін де бір туғам, егізім деп,
Елпілдейді ененің жарқын жаны.

Жаздай ойнап, ұтқызып бар асығын,
Мұхамеджан азғана алды тыным.
Одан кейін қалаға кетті қайтып,
Сабағы басталардан біраз бұрын.

II

Күндер өтті, апта өтті, айлар өтті,
Сары белдің шаңын жел айдап өтті.
Кеше ғана бір үйде екеу еді,
Сол егіздің сыңары қайда кетті?

— Қайда кетті сыңарым, қайда кетті,
Мені тастап қайдағы жайға кетті?
Келер ме екен мені іздеп, келмес пе екен,—
Дейтін біраз Мархума ойға кетті.

Келер ме екен мені іздеп, келмес пе екен?
Берер ме екен оң қолын, бермес пе екен?
Көз алдынан кетпейді кескіні бір,
Кездескенше сарғайып өлмес пе екем?..

Неге ұйықтамай ойлаймын сыңарымды,
Ыңылдасам әнім де шығар мұңды.
Қайта көрсем
құлағын бұрап-бұрап,
Тарқатар ем сүйтіп бір құмарымды.

Екі қолын тас қылып байлар едім,
Сақал жасап күйемен майлар едім.
Келте мұрнын аямай шымшып-шымшып,
Үйде ғана оңаша ойнар едім...

Маған күліп қарайды ол, қуланады,
Жүрегімнің білген-ау тулағанын.
Неге осынша сағындым, ғашықпын ба,
Кірпіктерім неге тез суланады?

Шын ба, мен де Баянша ғашықпын ба...
Әлсіз жүрек әлде мен жасықпын ба?
Баян болсам, ынтықкан Қозым қайда,
Мархумам деп құшағын ашып тұрған?

Тап осы шақ жастыққа бір сын еді,
Мархумамыз ұрланып күрсінеді.
Кейде отырса жайдары күліп-ойнап,
Кейде кенет жүрегі түршігеді.

Қыз он төртте болғанда, ұл он бесте,
Осы бір шақ әрдайым түседі еске.
Әрі бала — балғын жас, әрі марқа,
Сезімнің де ең қызу кезі емес пе...

Қайран сезім, қайран жан күйге толы,
Сөзбен айтып жеткізу қиын оны.
Сағынышын сарғайтқан басылсын деп,
Сүйгеніңнің күтесін келер жолын.

Мархума да күнұзақ жол бағады,
Қарлы дала алыстан ағарады.
Кейде түйе тіркелген кетеді өтіп,
Кейде сырғып өтеді шаналары.

Болушы еді қаңтарда дем алары,
Кайтушы еді көршінің балалары...
Қар жауғалы көп болды, қыс түсті ғой,
Керек пе екен көп уақыт оған әлі...

Айдын көлдің омбы қар жағалауы,
Жапырылды жаздағы қоғалары.
«Сәуір келсе, болады тәуір» деуші ед,
Керек пе екен көп уақыт оған әлі...

Сәуір қашан тәуір боп келеді екен,
Тоңғандарды қашан кеп көрер екен.

Алтынкүрек сәуірде айдап қарды,
Жерімізді жылытып берер екен.

Қандай ғажап, жастықта ойлағаның,
Екі көзден от маздап жайнағаны.
Қайран сезім, қайран жан күйге толып,
Жүрегіңде қаныңның қайнағаны.

Қанша ойланды Мархума, шұғылданды,
Жүрегінде өшпестей от тұтанды.
Сол отпенен өзі де тез есейіп,
Тағдырының тізгінін қолына алды.

Жастар өмір сүре ме аулақ тұрып,
Екеуі де көрсетті қайраттылық.
Алыптардай еңсере бір қимылдап,
Оты жанды отаудың лаулап тұрып.

Әр кезде де керек қой қайраттылық,
От жана ма өйтпесең лаулап тұрып.
Қол ұстасып екеуі кірді өмірге,
Ақ семсердей өздерін қайрап тұрып.

Адам жаны тым нәзік көбелектей,
Қиын оған қиналып, шыдау көпке.
Кейде үңіліп қарасан, таң қаласың,
Жүргендерін жаншылмай, күйіп кетпей.

Жастың жаны, дегенмен, берік екен,
Сенім деген сүйеніш серік екен.
Тез табысып, тез айну — жеңілтектік,
Жүректердің жарасқан жөні бөтен.

Мұхамеджан оқудан қайтты жазда,
Бойшаң тартып бір жылда өсіпті аздап.
Әке менен шешеден жасырынып,
Мархумаға қарайды көзі маздап.

Жігіт көзі кәдімгі күйдіретін,
Тілсіз сөйлеп, еріксіз сүйдіретін.

Сағынғанын көргенше айтып-ақ тұр,
Ұсынып тұр жүрегін сыйлық етіп.

Өжет сары сезеді бәрін іштей,
Қиналғаны өтті тез көрген түстей.
«Мұқажан да сарғайып қайтыпты ғой,
Кететіндей көріп ем қолға түспей».—

Деп естіртпей, сәл ғана күлімдейді,
Қуанғаны өзгеге білінбейді.
Айнаға да қарайды бойын түзеп,
Былтырғыдай тарпылдап жүгірмейді.

Мойындапты Мархума келіндігін,
Іздемейді бейнеттің жеңілдігін.
Су әкеліп, шай қойып, кірін жуып,
Өзі-ақ күте бастады ерін бүгін.

Өзі-ақ күте бастады ерін бүгін,
Біраз күнгі шер тарап, серілді мұң.
Мұқажан мен Мархума отау болды,
Келіңдер де беріңдер көрімдігін.

Ұсыныңдар отаудың көрімдігін,
Отауларда өтеді көңілді күн.
Көрімдік пен байғазы жетпей жатса,
Берген дұрыс тағы да ерулігін.

Үш ұл туды бірінен-бірі әдемі,
Бәрінің де әкеге ұқсайды өңі.
Өңшең қараторылар дүниеге кеп,
Молайтуға ел-жұртын тиді себі.

Екінші бөлім

I

Алып Отан өркендеп кетті байып,
Уақыт қандай қызықты, таңғажайып.
Мұхамеджан көрнекті сыншы болып,
Тұрды атанып белгілі Қаратаев.

Мұхамеджан түсті де көзіне елдің,
Жастай кірді тобына мәлімдердің.
Сәкен, Сәбит, Бейімбет, Ілиястармен
Жақындардың төрінде талай көрдім.

«Қаратаев — талант» деп атады да,
Ұлы ағалар шақырды қатарына.
Аз мезгілде-ақ жарқылдап шыға келді,
Асыл пышақ қынапта жатады ма?

Сыншылардың атанды азулысы,
Айтысқанның талайын басты мысы.
Көне-көскі білгірлер белдесе алмай,
Билеп кетті жалтақсыз жастың күші.

Қорғағанда Сәкеннің «Қызыл атын»
Келістіріп керемет айтты батыл.
«Бәрекелді, жас інім, ризамын» деп
Жылы шырай білдірді атақты ақын.

«Күн тіл қатты» деп жазған Тайыр ақын
Жолдас еді сыншыға тіпті жақын.
Мінбелерден сол жырын оқығанда,
Өзі күнге көктегі ұмтылатын.

Нажағайдай жарқылдап көзі мүлде,
Ұшып кете жаздайтын өзі күнге.
«Тайыр — ақын,— деп жазды Қаратаев —
Дауыл бар,— деп, өрт бар,— деп, сезімінде».

Талай-талай аталар аттар әлі,
Талай жырлар көңілде жатталады...
Қаратаев шықты деп ортамыздан,
Астананың жастары мақтанады.

Жаны нәзік Мархума тым сезімтал,
Өзі аңғарып, өзінше білері бар.
Жақсы болды-ау ішінен десе-дағы,
Шулағанға оншалық емес құмар.

Көтеріссе болыпты заман жүгін,
От басының тілеймін амандығын.
Менен асқан бақытты бола ма ана,
Ұлдарымның көрмесем жамандығын.

II

— Бірақ мынау не сұмдық, түсінбедім,
Білсем деген бұл менің ісім бе еді...
Сенбеушілік көбейді бір-біріне
Арасында тап-тату кісілердің.

Той-думандар тоқталып қалды неге,
Жиналмайтын болдық қой әңгімеге.
Телефон да соқпайды жақын достар,
Күдік оты бықсыған жанды неге?

Кешегі дос не үшін жау атанды?
Кімнен келді осынша сұм қаталдық...
Неге мұнша бәрі де тез өзгерді,
Сену, сыйлау, сүюлер қайда қалды?

Аттап шықпас болдық-ау «әудем» жерге,
Бармайды аузым басымыз аман деуге.
Газеттердің бетінде үрей толы,
Қасқыр ұлып жатқандай адам жеуге.

Мұқажан-ау, не болған түсінбедім,
Әлде менің көргенім түсім бе еді...
Сақта, құдай, отыңнан сүйіктімді,
Жағам десең мені жақ, пісір мені.—

Деп Мархума, өзегі күйеді де,
Жауап күтіп қарайды күйеуіне.
Жауап беру орнына Мұқажаны
Отырады қабағын түйеді де.

Әсіресе кеш ауыр, түндер ауыр,
Соғатындай болады түнде дауыл.
Тыныс-демі тарылып, тыншы кетіп,
Езілетін секілді жүрек-бауыр...

Үшінші бөлім

I

— Болған соң тінту, жазу тамамдалып,
Сықырлап жылтыр етік табандары,
Екі адам Мұқаңды айдап кете барды,
Кеудемнен шықпай қалды әрең жаным.

Кеудемнен шықпай қалды әрең жаным,
Білмеймін сол күн кеште не болғанын,
Ілмеппін ілгектерін есіктің де,
Үйдің де отырыппын жақпай шамын.

Асылып нәрестенің бесігіне,
Күтіппін, телміріппін есігіме.
Күтіппін, қазір қайтып келеді деп,
Қимаппын бір түнге де кешігуге.

Қимаппын бір күн қайтпай кешігуге,
Екі көз қара түнге тесілуде.
Тірілей үш жетіммен қала бердім,
Айналып қазақтың бір жесіріне.

Айрылып сүйіктімнен қала бердім,
Көзімнен күйдіргі жас аға берді.
«Адамның басы — Алланың добы» екенін
Естуші ем, бірақ соны жаңа көрдім.

«Адамның басы — Алланың добы» екен-ау,
Көресім көргенімнен көп екен-ау.
Махаббат, сезім, сенім қандай әлсіз,
Иманы қиянаттың жоқ екен-ау!

Уылжыған жас еді, балғын еді,
Ақ семсердей асылым алғыр еді,
Ол барында жан едім, жайсаң едім,
Төңірегім көк орай шалғын еді.

Ол барында айналам жарық еді,
Үш шырақтай үш ұлым жанып еді.
Үйімізге ән сыймай, адам сыймай,
Ажарлы отау атанып қалып едік.

Ажарлы отау атанып қалып едік,
Жақсы менен жайсаңды танып едік.
Ағаға — іні, құрбының қимасы боп,
Ошақ отын маздата жағып едік.

Мұқажанды ішімнен мақтайтынмын,
Көзден, тілден көлденең сақтайтынмын,
Асылық сөз әсте бір айтпайтынмын,
Құлағыма «сырға» да тақпайтынмын.

Неге керек асылық, астамшылық,
Болған жақсы мінезің жастан сынық.
Ұнамайды құрбыңа тым білгірсіп,
Бәрін өзің тындырып тастаушылық.

Ондай мінез жоқ еді сүйіктімде,
Әкелетін достарын жиып күнде.
Айтушы еді ақжарқын ақылды сөз,
Құрбылары тыңдайтын ұйып мүлде.

Күнде шығып жазғаны газеттерде,
Тарап жатты ойлары қалың елге.
Қостаушы мен қолдаушы шулай мақтап,
Жақсы атағы жайылды жұртқа демде.

Жазықты ма соған да, о, Жасаған,
Емес пе еді сүттей пәк, ол жас адам.
Неге ендеше ұямды бұздың менің,
Күнәң бар ма тағатын әлде маған!

Күнәм нешік? Не үшін қараладың?
Жүрегімді неге ездің, жараладың?
Жаңа ғана көзімді ашып ем ғой,
Көру үшін қызығын балалардың.

Жаңа ғана жарыма ермеп пе едім,
Жаңа ғана жарықты көрмеп пе едім?
Жаңа ғана емізіп нәрестемді,
Ақ сүтімді ана боп бермеп пе едім?

Бұл не сұмдық, апырмау, бұл не сұмдық?
Қайда әділдік, мақтаулы қайда шындық?

Жаңа ғана бар едің, бақытты едім,
Неге осынша қирадық? Неге сындық?—

Деп отырмын, қорқам ба... дірілдеймін,
Қозғалғаны мезгілдің білінбейді.
Жарық қайда? Отырмын қараңғы үйде,
Ұйқы да жоқ, кірпігім ілінбейді.

Әлсірепті жүрегім, дірілдейді,
Құлағыма әлдекім күбірлейді.
Күбірлеуші не дейді? — Өлме! — дейді,
Тұр орныңнан, жеңіңді түрін — дейді.

Күбірлеуші не дейді?— Өлме!— дейді.
Өлу оңай, оған сен көнбе — дейді.
Үш талдырмаш көк шыбық — үш ұлың бар,
Белгісізге оларды берме — дейді.

Жылап қалған жалғыз-ақ сен бе дейді,
Сенен әлде басқалар кем бе дейді.
Үш ұлыңа жылылық, жарық керек,
Сен керексің, бықсыма, сөнбе,— дейді.

Әулие атам сыбырлап құлағыма,
Әлсіреген әл берді шыдамыма.
Ақ сақалын сүйдім де түрегелдім,
Шыдайын деп сұмдықтың сынағына.

II

Жыл ауысты, мен қазір жұмыстамын,
Қиын бірақ алаңсыз тыныс табу.
Көшіп барған қайырымды колхозымда,
Маманына айналдым қызылшаның.

Өмір сүру мүмкін бе үміттенбей,
Үмітсіз жан елегізір күдіктерден,
Үш баланды сақтайсың қалай аман,
Кейде үйіңе әдейі күліп келмей...

Өмір сүру мүмкін бе үміттенбей, —
Үмітсіз жан өлмей ме күдіктерден.

Кәрі енеңді сақтайсың қалай аман,
Кейде үйіңе әдейі күліп кірмей.

Бәрін тағдыр жазыпты маңдайыма...
Амал қанша жазылған арнайыға?
Үмітімді бірақ мен өлтіртпеймін,
Киянаттың көнсем де қандайына.

Өмір сүру мүмкін бе үміттенбей,
Үмітсіз жан өшпей ме күдіктерден?
Бүгіннен мен ертеңге қалай жетем,
Шығар күнді үмітпен күліп көрмей.

Тоқтаса да тағдырым тежеп бүгін,
Арылған жоқ бойымнан өжеттігім.
Бүгіннен соң күтемін ертеңімді
Келеді деп маған да кезекті күн.

Шыдап бақтым тағдырдың сынағына,
Көз қарайды сарқыла жылады да.
Енді қанша күтейін?—деп сұрасам,
Біреу жауап береді сұрағыма.

Естіп пе едің баяғы «итжеккенді?»
Айдалыпты күйеуің соған енді
Дәметпестен дәметіп әуреленбе,
«Итжеккеннен» қайтпайды адам жөнді.

Қызылшаның атандың маманы сен,
Сауыншы боп істеп жүр тағы шешең.
Көрген бейнет болмайды бір күнгідей,
Ұлдарыңды өсірсең аман-есен.

Жас дәуреннің қызығы желігінде,
Ойнап-күлген қайғысыз көңілінде.
Қайта келмес еріңді күте-күте,
Өтемісің түк көрмей өміріңде?—

Деді маған бір сайтан көп білетін,
Білгендерім ақиқат деп білетін.
Таласпадым онымен, санаспадым,
Көк аттыға көлденең сыр ашпадым.

Төртінші бөлім

I

Не деген бұл дүние әсем бүгін,
Неліктен ерекше мен әсерлімін?
Кеудемде дүбірлеген бірдеңе бар,
Күндегі сезілмейді бәсеңдігім.

Күндегі бәсеңдігім сезілмейді,
Безер боп, ештеңеден безінбеймін.
Шақырған атымды атап түнгі дауыс,
Жанымды елертеді, көз ілмеймін.

Шақырған түнгі дауыс елертеді,
Қиялды шар тарапқа жөнелтеді.
Жақындап жер оттары, күн оттары,
Жанымды жарқылдарға кенелтеді.

О, тәңірім, жарылқашы, таңым атсын,
Жақсы үміт ертеңімнің шамын жақсын.
Шақырған атымды атап «Мархума!» деп
Тағы бір дүркін дауысын қайталаттшы.

Жүремін аңсаймын да түн оттарын,
Түн бойы қызынады содан қаным.
Түседі ауызыма шоқтай сөздер,
Мұңымды жұлдыздарға шаққан сайын.

Естимін түнде даусын жарымның мен,
Қанша естідім — есептен жаңылдым мен.
Деп кейде «бармысыңдар!» дауыстайды,
Өлердей сол дауысты сағындым мен.

Аспанға қарай берем келетіндей,
Бұлттан шығып үйіне енетіндей.
Қарай берем жолдың да шаңдарына
Қараңғыдан біреуді көретіндей.

Көре алмаймын қадалып қарасам да,
Бітер емес күн шіркін санасам да.
Тілеп отыр енем де үйде тілек,
Қойын айтып күн сайын қорасанға.

Өткеннен де сұраймын, кеткеннен де,
Өтті ме деп сүйгенім өткелдерден?
Өткен болса сүйгенім өткелдерден,
Іздеп мені асығып жетпей ме енді.

Асықсайшы, Мұқам-ау, асықсайшы,
Төзімімді сағыныш бітті жаншып,
Тірі жесір атанып қанша жүрем,
Өтіріктен алмасаң өзің аршып?

Іздеп мені асығып жетпей ме екен,
Қиналса да қиыннан өтпей ме екен,
Енемменен қуантып екеумізді,
Қозыларын ойнатып кетпей ме екен?!

Бір көрсем деп тілеймін, телміремін,
Жас жүрегім қанша рет елжіреді.
Өз қолымнан бір рет су ішкізсем,
Болмас еді-ау арманым деп жүремін.

Өз қолымнан су беріп бір қандырсам,
Өшпей тұрып үмітін тұтандырсам.
Ақ сәулелер ішінде көзін ашқан
Сүйгеніме қосылып қатар тұрсам.

Қатар тұрсам, жарыққа бір қарасам,
Салқын желде сабырмен демімді алсам.
Ұмыт болып сәл ғана шықса есімнен,
Қара түндер азапты, әуре-сарсан...

Бесінші бөлім

I

— Бақытым жанар мүмкін, я өшеді,
Жақсылық іздегенге кездеседі,
Қозғалмай отырғаннан өледі адам,
Бейнетпен жүректілер белдеседі.

Іздеймін өзім енді күйеуімді,
Білемін таппай қайтсам күйерімді.
Қайғыға үйде отырып малшынғанша
Жолсызда қалдырайын сүйегімді.

Айрылып болдым, апа, еркімнен мен,
Не пайда үйде отырып серпілгеннен.
Жолыңа жаным пида деген едім,
Шығамын сол айтылған сертімнен мен.

Байлаймын белгісізге басымды енді,
Көзімнен ағызбаймын жасымды енді,
Алысқа айдалған боп мен де кетем,
Қалдырып шуағы көп жасыл белді.

Көзімнен аққан жасты тоқтатамын,
Бас тіктім, шешімімде жоқ қаталық.
Апажан, келініңе батаңды бер,
Сынаймын күшін жолда ақ батаңның.

— Не дейсің, шының ба осы, ойының ба,
Жоқ па еді өзге қарыз мойныңда?..
Қатпаған буындары үш құлының
Қала ма кәрі әжеңнің қойынында?..

Айрылып әкеден де, шешеден де,
Үш балаң жетім болып өсе ме енді?
Төрімнен көрім жақын, сенбе маған,
Қима сен өз қолыңнан көсегеңді.

Жалынам, жарықтығым, ақылға сал,
Ұғарсың бәрін өзің ойлансаң сәл.
Күтейік Мұқажанды әлі де біз,
Бастама өзіңді-өзің жолға нашар.

— Жоқ, апа, тастан қатты түйіндім мен,
Атамның аруағына сыйындым мен.
Алыстан балаң мені шақырып тұр,
Күтпе сен бөтен жауап күйіндіңнен.

Алыстан балаң маған үн қатады,
Бізді ойлап көз ілмейді, түн қатады.
Апам-ау, мен бармасам, кім барады,
Кім оның көзден жасын құрғатады?

Апажан, мен бармасам, кім барады,
Қайтуға керек оған жылдар әлі.

Болмасам босанғанша қасында өзім,
Жақсы ғой тірлік жасап тұрмағаным.

Өтеуі өкінумен өтеле ме?
Қасіретті сонда жаным көтере ме?
Қараймын қай бетіммен ұлдарыма,
Жоқ, апа, кетем дедім... кетем енді.

Күт, апа, ырза емеспін өлгеніне,
Кешір, сен қиын күнде сенгеніме.
Ие бол ұрпағыңа, шаңырағыңа,
Жазғырма айтқаныма көнбеді деп.

Нәзік жан аялдауға шыдар ма еді,
Ер көңіл тартынар ма сынар жерде.
Батасын енесінің алғаннан соң,
Атылған ақ найзадай шыға келді.

Өжет қой, егілмеді, төгілмеді,
Сарнатып сары уайым сөгілмеді.
Поезға мінді-дағы кетті тартып,
Көзінен бір тамшы жас көрінбеді.

II

Жөнелді тартып поезд күншығысқа,
Тоқтайды оқта-текте қысқа-қысқа.
Алдынан Мархуманың өтіп жатыр,
Бейтаныс көріністер, құбылыстар...

Отыр ол, ешкімменен кеңеспейді,
Әр отыр, бері отыр деп егеспейді.
Кетпейді қиялынан Мұқажаны,
Көзіне ол неше түрлі елестейді.

Тұрады кейде алдында құр қаңқасы,
Ақ селеу кеуіп қалған қурап шашы.
Ұстап тұр басын әрең әлсіз мойын,
Тек осы өлгендерден айырмасы...

Көргенде мұндай күйді күйзеледі,
Сезеді үзілердей алған демі.

Шырағым, есіңді жи, не болды? — деп,
Сүйейді көрші қария аяп оны.

Сұрландың, қаның қашты, құрап кеттің,
У-шуы жақпады ма мына көптің.
Жантай да аз да болса тынығып ал,
Бірі де тына қоймас бұл дүрмектің.

Өзіңді жинап ұста, қайратты бол,
Айттым ғой, алдыңда әлі ең ауыр жол.
Күйзеліп күйрек ойға ере берсең,
Жете алмай мұратыңа боласың қор...

Мархума есін жиды, көзін ашты,
Көрді ол мейірімді жүз, аппақ шашты.
— Әкетай, кешіріңіз күнәмді деп,
Қарияға ризалығын айтты ықыласты.

Қарайды жан-жағына оқта-текте,
Қарт орыс отыр оған қарсы бетте.
Қолында беті ашулы жатыр кітап,
Талғанша кәрі көзі оқиды ептеп.

— Қажыма, мүскіндікке бой ұсынба,
Болмайды ауыр ойға ойысуға.
Ең жақын, жақсы досың — тәуекелің
Жарайтын қиын күнде болысуға.

Дүниеде көп екен ғой жақсы адамдар,
Жақсының жаны жомарт, жүрегі адал.
«Қыдыр деп қырықтың бірі» текке
айтпаған,
Бәрінің саған тиер жәрдемі бар.

Жақсылар жалдамайды жақсылығын,
Етеді жәрдем үшін уақытын шығын.
Әр күннің, әр сағаттың ерлері бар,
Оларсыз тарта алмайсың тағдыр жүгін.

Күн деген өтіп жатыр тіркестелген,
Ой шіркін айнымайды аққан сеңнен.
Тауысып тартып келген темір жолды,
Мархума одан әрі кетті жермен.

Келеді жерменен де егілместен,
Тағдырдың тар жолында шегінбестен.
Келеді бірде арбамен, бірде жаяу,
Жақсылар жәрдемдесіп көңілдестей.

Келеді тағдырменен тайталасып,
Кім сүйер қолтығынан қалса жасып.
Жалынмен жанындағы жылынатын,
Бүгінгі осы шығар Мәжнүн ғашық.

Кейде бір жыламсырап ыңқылдайды,
Ішінде жатыр балқып мұң мен қайғы.
Солары әлдеқандай әнге айналып,
Көреді алыстан бір әлсіз жарық.

— Сәулем-ай, алыстамай, жақындашы,
Екеуміз емес пе едік бірдей ғашық.
Жалғанда екі-ақ адам бақыттыдай,
Сәл ғана тұрайықшы қол ұстасып...

Құдай-ау, неге айырдың екеумізді,
Қосылмай шын-ақ қайта кетеміз бе.
Күнәсіз періштедей балғын шақта,
Кәрілер қимап па еді некемізді!..

Әлемнің ең аяулы асылындай,
Екі жас қосылып ек жасырынбай.
Тұк жазық жоқ еді ғой екеумізде,
Иненің тым болмаса жасуындай...

Ұмытты ол тамақ жеуді, су ішуді,
Селт етіп елемейді у мен шуды.
Сезбейді тоңғанын да, жанғанын да,
Сәл ғана жаны ауырса, ыңырсиды.

Сезбейді тоңғанын да, жанғанын да,
Құлқы жоқ ештеңеге таңдануға.
Шоферлер жүк тасыған әкетеді,
Болса орын бір кісілік жандарында.

Бір күн жолда тұр еді жалғыз қалып,
Не болып, не қоярын білмей анық.

Екі аю қалың нудан шыға қалды,
Ескі бір таныстардай келген танып.

Қорбаңдай ма қайтеді, ордандай ма,
Болайық деп сыпайы зорланбайды.
Қалай жүрсе еркі ғой аюлардың,
Ештеңеден именіп, қорғанбайды.

Қарап қапты Мархума танданғандай,
Қос қараны малданып алданғандай.
Қозғалмастан қалқиып тұра берді,
Қайте қоймақ сақтанып қамданғанда.

Осы кезде гүр етіп қарсы беттен,
Қара сазды жолдағы жаншып өткен,
Қос машина жүк тартқан келіп қалды,
Мархумасын білгендей көптен күткен.

Жолда тұрған екі аю бір адамға,
Жолаушылар қарады сынағандай.
Содан кейін жүкшілер шу күлісті,
Түк сезбеген жандарша тына қалмай.

Машиналар қозғалып жөнелді өрге,
Қыңыр тағдыр азғана түсті жөнге.
Қатты өкініп екі аю бара жатты,
Оңай тұрған олжаны бөлмегенге.

III

— Апырмай, көрем қашан Енесайды,
Алдымнан қашан қоңыр жел еседі.
Сөндірмей жарығымды көрсем еді,
Зарықтым, тарықтым-ау демес едім,—

Деп еді, жеттім енді, өзен жақын,
Жеткізбей сол жақын жер келе жатыр.
— Әнеки, Болшиноқыз сіз іздеген,
Ағаш үй, төбелері қара шатыр.

Ағаш үй, төбелері қара шатыр,
Көзіме ып-ыстық боп бара жатыр.

— Мұқажан, қайдасың?! — деп
айғайлаймын,
Сиқым жоқ сау адамға жарасатын.

Саумын ба, жоқ қазір мен жындандым ба,
Қалдым мен қозғала алмай сұрландым да.
Ес жинап, көзімді бір ашып едім,
Жылаған Мұқажаным тұрды алдымда.

Ол менің періштем боп тұрды алдымда,
Ұмыттым айырғанын жылдардың да.
Ұмыттым улы дәмін мұңдардың да
Өйткені Мұқажаным тұрды алдымда.

Білмедім саумын ба мен жындандым ба,
Білмедім сұрландым ба, нұрландым ба,
Өзіме-өзім сұлу жан көріндім,
Өйткені Мұқажаным тұрды алдымда.

Көңілімді кетті шалқып көл-дариясы,
Орманнан тұрды менің бойым асып.
Алдымнан жарқ еткендей болды сонда,
Өмірімнің бұлттан биік мұнарасы.

Адамның бейнет-соры қабат-қабат,
Қабаттан құтылмайсың алса қамап.
Сол ғана — шіркін жаның тыныштық тапса,
Соғады сонда жүрек бейне сағат.

Сонда адам сілкіп тастап қайғы-шерін,
Ішіне арыстанша тартып демін.
Құдіреттей қорқу білмес тұра алады,
Толтырып ер сенімге көкірегін.

Кездескен күйеуімен кезіндегі,
Дәл солай Мархуманың сезінгені.
Көрініп өзгелерге тұрды жетіп,
Шоқтардан көзіндегі, сөзіндегі.

Жиды ғой одан кейін, әрине, есін,
Айтты ғой жолдың ұзақ әңгімесін.
Талай жас көздерінен тынбай ағып,
Талай түн алған шығар үһілесіп.

Алтыншы бөлім

I

Аталып бірі Миша, бірі Маша,
Тайгада екі қазақ тұрды оңаша.
Арылып ойдан күдік, жаннан азап.
Адамша өмір сүрді тым тамаша.

Селоның елеген жоқ қиқымдарын,
Арбаның ескерген жоқ шиқылдарын.
Үніндей тыныштықтың естіледі,
Әтештің ұзақ түнгі қиқулары.

Үйі бар, өздерінің сиыры бар,
Иті бар, тұтынарлық бұйымы бар.
Қызықтап мейрамдарды қарсы алады,
Көршілер сыйласатын жиылып ап.

Құдайға кәрілері сыйынып ап,
Содан соң көңілдестер жиылып ап,
Шамалы тартып алып, қызғаннан соң,
Ән деген кетеді екен құйылып-ақ.

Солардың ортасында Миша, Маша,
Қайғысыз адамдарша жүрді жасап.
Туыстай көршілері сыйлайды екен,
Қалдырмай екеуін де көзден таса.

Бірі аға, біреулері абысындай,
Ешкімнен екеуінің сағы сынбай,
Тағы бір қыстың соңын жақындатты.
Ұзамай көктем жетіп, есік қақты.

— Сүйінші жиналыңдар,— деді Көктем,
Мен — Көктем, сендер үшін түстім көктен.
Қарды айдап, күнді ұзарттым, сәуле
шаштым.
Жеттім кеп, күтіп еңдер сендер көптен.—

Деп Көктем еркеленіп сөйледі өктем,
Мархума көктемдей боп кетті көктеп.

Үйіне жинап селен үлкендерін,
Мезгілін қоштасатын айтты реттеп.

— Ризамыз селенге де, сендерге де,
Қиында қимасым боп қол бергендер.
От жағып ошағыма жылыттыңдар,
Қарлы аяз, қан борандар кез келгенде.

Ризамыз Тайгаға да, селенге де,
Жан серік сендер берген өлеңге де.
Қанеки, қоштасарда, билейікші,
Қазақша өлең айтып берем мен де.

Түн өтті, сауық бітті, ақ таң атты,
Селенді жап-жарық боп сәуле жапты.
Арбаға мініп жатқан қос қазаққа,
Қимастар жыламсырап қарап қапты...

Қос атты Иван көрші сау желдіріп,
Жалдарын жел үрлеген төгілдіріп.
Ұзатып ұзақ жылға дос қазағын,
Қақ жарып, қара орманды кетті жүріп.

❁ ❁ ❁

Мархумам деп мен бүгін мақтанамын,
Мұндай мақтан өмірлік сақталады.
Айналайын демеске амалым жоқ,
Қазақтың қасиетті жақсы адамын.

Көтерген от қайғысын сар даланың,
Сақтаған сұмдықтардан арман әнін,
Ақ туын махаббаттың құлатпаған,
Қызынан қазағымның айналамын.

ХУДОЖНИК – ҚАСТЕЕВ

I

Есімде әлі Қастеев, ұмытпаппын,
Ақырын басып көшеде ол келе жатты.
Ассалаумағалайкум, аға! — дедім,
Сәлем бергенімді де ол қатты ұнатты.

Айналайын Әлик... — деп қолын созды,
— Шаршадың ба, неге, аға, түсің бозғыл?
— Шаршадық қой, қартайдық, қарашығым,
Уақыт озды... деген ғой адам тозды... —

Деп художник қарап тұр, барлап мені,
Сәл жиілеу көрінді алған демі.
Көзінің асты да сәл күлтілдепті,
Сыздайтұғын секілді аздап белі.

Ауыра ма жүрегің?
Ауырады.
Жүрек сыйлай білмейді қауым әлі.
Жүрекке жүк күн сайын табылады,
Содан адам қуаты шағылады... —

Деп жымиса, екі иіні бүлкілдейді,
Талай көрдім: дауыстап бір күлмейді.
Екі беттің қызарып ұшы азырақ,
Сәлдеп қана кеудесі күркілдейді.

— Асықпасаң, қарағым, отырайық,
Өтіп кетсек жараспас тосырайып,
Көтерілсін көңілім, өлең оқы,
Екеумізге, бауырым, осы ылайық.

Алдымыз — тау, театр оңымызда,
Бұрылып кеп отырдық жолымыздан.
Айналамыз қайнаған бозторғайлар,
Жем сұрайды шуылдап қолымыздан.

— Шуламаңдар, шымшығым, торғайларым,
Шуласаңдар қозғалар қай-қайдағым.
Қарным ашса, өзім де шыдамсызбын,
Тамақ сұрап келеді ойбайлағым. —

Деді де ол, уыстап шашты тары,
Ырза болды шулаған шымшықтары.
Осынша көп күтетін құстар барда
Ұят екен жем алмай құр шыққаным.

— Күні түспес адамға бір хайуан жоқ,
Біз тоқ болсақ, көрдің бе, торғай да тоқ.
Бар тірлікке екеуміз жауаптымыз,
Соның бәрін адамдар ойланған жоқ...

Осыны айтып, художник күлімдеді,
Күдік ізі көңілінен білінбеді.
Отырды да алаңсыз, қарап маған:
— Енді сенде құлағым, інім, — деді.

Тепши алмай табанда тебенімді,
Білмей біраз отырдым не дерімді.
Лебіз күткен ағаның көңілін қимай,
Оқып бердім мынау бір өлеңімді:

«Сақта, құдай, мейірімсіз бұзықтардан,
Ақ басымды кірлеуге қызыққаннан.
Аңдып жүрген ізімді жалашылдан,
Айырғысы келетін жанашырдан.

Сақта, құдай, су апат — от апаттан,
Сақта кекшіл — қаһарлы кесапаттан.
Оқтан сақта, ұяты жоқтан сақта,
Арам асқа қарны тоқтан сақта.

Сақта, құдай, жарықты ішімдегі,
Өз отыма жандыр да, пісір мені.

Сақта мені сұрқия сайтандықтан,
Молаға да сол күйде түсір мені...»

Қарап қапты Қастеев әлдеқайда,
Толқын атқан терең бір отыр ойда.
Жақсы айтыпсың,— деді де есін жиды,
Тыңнан бір күш бойына қосылғандай.

Айту қажет айтарды осындайда,
Сұмдық көп қой иманың шошынғандай.
Ақ басыңды доп қылып ойнамай ма,
Сайтандар мен сайқалдар қосылғанда.

Сақта, құдай,— дегенге сақтар ма екен,
Ақ ниетін адамның жақтар ма екен?
Көкте тәңірі долданып сілкінгенге,
Жерде сайтан сескеніп тоқтар ма екені?—

Деп жымиып, аударды маған көзін,
Бөлмей тыңдап отырдым айтқан сөзін.
Сарғылт жүзі шошынып, сұрғылт тартып,
Матап отыр сабырмен өзін-өзі...

— Жуас едім шыдайтын жүндегенге,
Құмар болып көргем жоқ мінбелерге.
Күліп, кейде күйіп те сөйлейтұғын,
Менің бояуларымды күндегендер.

Сөйлемпаздың сөздерін тыңдамадым,
Қайтем тыңдап қу сөздің сырлағанын.
Ешкімнен мен өнерді ұрламадым,
Қыл қаламым бояудан құрғамады.

Ешкімнен мен өнерді ұрламадым,
Өзгелердің үнімен жырламадым.
Оқымадым деп тағы қорланбадым,
Қорлағанға күйініп зорланбадым.

Жетпей жатса білігім, үйден кеттім,
Қарауытқан көлеңке күйден кеттім.

Күнді іздедім, ағын су, желді іздедім,
Құдіретінен құдайдың үйренбекке.

Тасқа шықтым болған соң тау баласы.
Арманымды іздедім таудан асып.
Тас қынадан сұранып бояу алдым,
Сол бояуға болушы ем жастан ғашық.

Тауың болған не деген ырыс еді!
Таусыз жерде кірпідей бүрісемін.
Биіктесем кеудеме күн кіреді,
Биік-биік істерге кірісемін.

Тау жаңбыры тізетін ақ моншағым,
Қыздарыма ақ моншақ бергем тағып.
Тереңдерге — құздарға үңілемін,
Нажағайдың лаулаған отын жағып.

Кемпірқосақ болысты еңбегіме,
Отырғызды өзінің өрмегіне.
Бояуының оқытты сиқырларын,
«Шын суретші боласын, сен» деді де.

Шын сенді ме білмеймін, сенбеді ме,
Мені әйтеуір алған жоқ ермегіне.
Көк аспанның кеудеме күйі толды,
Сол әжемді ырзамын көргеніме...

Өз жарығым болған соң, өз аспаным,
Кең дүниемде жөн бе екен адаспағым.
Сарайымды сәулетті соға бердім,
Өзгелердің күтпей-ақ қарасқанын.

Көрген емес жанымды күдік билеп,
Қара тасты үйренген қамырша илеп.
Сыйласам да білгірді бас ұрмаймын,
Жығылармын жығылсам өзім күйреп.

Туғаным жоқ билеуге бұл ғаламды,
Жібермеймін сонда да сыбағамды,
Жүрегімнің жарыққа қанын қосып,
Сілтеп келем семсердей қыл қаламды.

Ынтығамын білуге кең ғаламды,
Бұл ғаламда жасайды бояу мәңгі.
Аспанымды шұғылалы жазу үшін
Айырмаймын ақ нұрдан қыл қаламды.

Бұлт үстінде жүгірттім ақ бөкенді
Бұлтпен бірге бөкенім кетеді енді.
Желдей желген бөкенім — жаным менің,
Осылайша жалтылдап өтеді енді...

Айтып-айтып осылай төгіп-төгіп,
Ашылмаған сырлардың қабын сөгіп,
Үндеместен тұнғандай отырды қарт,
Өткен-кеткендерінің бәрін көріп.

Алдымыз — тау, театр оңымызда,
Бұрылып кеп отырмыз жолымыздан.
Шырылдаған торғайлар қайта қоршап,
Жем сұрайды тағы да қолымыздан.

Демін басып ентіккен сонда кәрі,
Торғайлардың түгелдей көрді бәрін.
— Ал, кәнеки, алыңдар, құстарым! — деп,
Бір уыс шымшықтарға шашты тары.

II

Есімде әлі тағы бір табысқаным,
Аузымыздың сырласып жабысқаны.
Бәйге өтетін жерге біз барған едік,
Көреміз деп аттардың шабыстарын.

Бірге көрдік шапқанын жүйріктердің,
Көп жүйрікке суретші илікпеді.
Құйрығы бар, жалы бар, қанаты жоқ,
Жүгіргеннің несі оның жүйрік? — деді.

Жасымда өзім шапқанмын Аққұланмен,
Тұлпар еді батырға ат қыларлық.
Алақаным ауырып ойылатын,
Жануардың тізгінін тартқылаумен.

Шыққаннан соң көсіліп кең далаға,
Ілестірмей көзіңді айналаға.
Желден озып жануар жоғалатын,
Аққұс болып Аққұлан қанат қаға.

Жерге аяғы бір тисе, бір тимейтін,
Құздан, жардан Аққұлан іркілмейтін.
Күн шалмайтын, түгіне шаң жұқпайтын,
Ат мінсең, мін осындай, шіркін!— дейтін.

— Тұлпар еді-ау теңі жоқ жануарым,
Шапқан шақта жанатын жалы жалын.
Ақылды еді Аққұлан, сезімді еді,
Аңғаратын адамның ойлағанын.

Шауып берем, ас сайын шауып берем,
Қаперіме кірмейді қауіп деген.
Құшақтаймын мойнынан, көзін сүртіп,
Құлармын деп қорықпаймын ауып денем.

— Аққұланым, — деймін мен, — Аққұланым,
Сәби күннен сенімен шапқыладым.
Айрыламын, тұлпарым, жылай-жылай,
Мені саған адамдар жат қылады.

Естіп менің зарымды Аққұланым,
Қос құлағын қайшылап қаққылады.
Мен жыладым көзімнен жасым парлап,
Оның да жас көзінен атқылады.

Сол жануар шыққан жоқ әлі есімнен,
Ала алмаймын көзімді елесінен.
Аса шауып барады Аққұланым,
Алатаудың ақ қарлы төбесімен.

Сол Аққұлан шыққан жоқ әлі есімнен,
Ала алмаймын көзімді елесімнен.
Ақ тұлпарды ақ бояу тірілткенше.
Босандым деп айтпаймын бересіден.

Тына қалды суретші түйілді де,
Сүйінді ме, білмеймін күйінді ме.

Сездім анық ішінде боран борап,
Алып кетті аулаққа үйірді де.

Бола қалды ажары мұң басқандай;
Отыр өзі өзімен сырласқандай.
Аға,— дедім, ол маған жалт бұрылды,
Оян,— дедім қалжыңдап құрдастардай.

Шын айтам деп айтыппын сырымды мен,
Салыстырсам бүгінді бұрынғымен.
Жаста шапқан жүйрікті салу үшін,
Байқадың ба жүгірдім бүгін де мен.

Сыза алмаймын ештеңе дамылдасам,
Қиялымның қанаты қағылмаса.
Сүйіктімнің сымбатын көре алмаймын,
Өлердей боп ынтығып сағынбасам.

Сағынғанға не жетсін, сарғайғанға,
Сарғайғанда жүрегің жанған қандай.
Жарықтардан табам деп армандарды,
Шарықтап бір дүниені алған қандай.

— Есімде әлі: Күләш қыз қаршадай-ды,
Тау бұлбұлы сайраудан шаршамайды.
Соның әнін жақыннан естимін деп,
Жас басымнан кешірдім қанша қайғы.

Жетем дедім, ынтықтым, жете алмадым,
Күләш өткен биіктен өте алмадым.
— Қыздың даусы аспандап кете барды,
Ере берді соңынан от арманым.

Ере берді соңынан от арманым,
Үмітімді бірақ мен кесе алмадым,
Өрттей әнге сонда да жете алмадым.
Жарты жолдан жалтарып кете алмадым.

Ғашық едім Күләшқа қаршадайдан,
Қаршадай қыз жаныма салса да ойран,
Көзін оның іздедім шыққан күннен,
Жүзін оның іздедім толған айдан.

Жұлдыз бақтым, ай бақтым, күн де бақтым,
Жарықтарды бағумен өтті уақытым.
Көңлім сүйген Күләшті аңсап едім,
Сол мүсінді сәуледен жаңа таптым.

Енді таптым мүсінін сүйгенімнің,
Енді ағыттым ырғағын күйлерімнің,
Күнмен қатар әншіні ұшырамын,
Өзім де ұшам қарамай күйгеніме.

Күйсем күйіп кетейін, күл болайын,
Күл болсам да, Күләшпен бір болайын,
Ақ бояудан ән жасап толғанайын.
Күләшімнен ақ қанат айналайын!

Не ғажайып әлемде ашылмайды,
Адам оның бірін де жасырмайды.
Адам ғашық қашанда сұлулыққа,
Құмарлығы жүректің басылмайды.

Шаттығын суретші де жасырмайды,
Жалыны жүрегіңнің басылмайды.
Ұшып кеп көкжиекке қонды Күләш,
Қалайша оған енді бас ұрмаймыз!

— Әнеки, аппақ Күләш — ақ Күләшім,
Алдында ақ Күләштің иіл, басым!
Өлейін тыңдай-тыңдай «Гәккуіңді»,
Көзімнің жасы да енді тыйылмасын.

Құйыл-құйыл, төгіле құйыл, жасым,
Әнші алдында құл болып, иіл, басым.
Шашылған гүл жанымнан жиылмасын,
Күләшімнен өзгеге бұйырмасын...

Мұны қалай мен бұрын келгем білмей,
Үнсіз қаппын аузыма сөз ілінбей.
Қарай бердім ынтығып суретшіге,
Одан өзге көзіме жан көрінбей.

III

Оркестрде бір үн бар ұғымсыздау,
Бірде жылы сезілсе, бірде мұздай.
Жылап тұр ма белгісіз, күліп тұр ма,
Қалай-қалай тартады жұғымсыздар!

Капельмейстер, маспысың, есіңді жи!
Тартылар ма бүгіндер осылай күй.
Жаназада жанашыр жылау керек,
Ең алдымен көзіңнен жасыңды құй!

Құя алмасаң, жасыңды, тоқтат бәрін,
Керек емес қырық құрау жамауларың.
Өлгендігін мәлімдеп Қастеевтің
Өзім айтам өлеңмен жоқтау зарын.

Ал, жігіттер, сендерден тілер тілек,
Көтеріңдер табытты биігірек.
Шығарайық шығанға Қастеевті
Кебін емес, жағалы киімімен!

Ал, жүріңдер, жарыққа шығарайық,
Суретшісін көрсін күн, көрсін халық,
Жетісудің қоштассын жеті өзені,
Ағысынан аз ғана тоқтай қалып.

Көрдіңдер ме көктегі кептерлерді,
Суретшінің досы олар көптен бергі.
Жылда осылар аспанмен әкелетін,
Қастеевті жылытар көктемдерді.

Аппақ сәуле — аппақ нұр құйылып тұр,
Ақ бұлттарды жел әкеп үйіріп тұр.
Өзі өсірген ұлының табытына
Аласарған Алатау иіліп тұр.

Көп екен ғой ғажайып мақтанарлық,
Есімізде мәңгілік сақталарлық.
Күлдір-күлдір Аққұлан кісінеп қап,
Даусы шыққан жағына жалт қарадық.

Жоқтау айтып келеді Күләшіміз,
Көзінде жас, жүрісі тым асығыс.
Ұлы әншілер тіріліп жоқтамаса,
Онда қалай жазылар құлашымыз?

Жоқтау, жоқтау, жол емес жоқтау маған,
Жоқтама деп айтпаңдар тоқтау маған.
Өтті қанша ағалар жоқталмаған,
Жас ұрпақтың есінде сақталмаған.

Өтті қанша алыптар жоқталмаған,
Еңбектері еленіп ақталмаған.
Артында жұрт жыласа о да бақыт,
Жылама деп айтпаңдар тоқтау маған.

Капельмейстер, маспысың, есіңді жи!
Тартыла ма бүгіндер осылай күй?
Жаназада жанашыр жылау керек,
Ең алдымен көзіңнен жасыңды құй.

КҮЛӘШ ТУРАЛЫ ЭТЮДТАР

(*Ұлы өнерші 70-ке келгенде*)

Әлемді ай жүзімен таңдандырып,
Көңілін күйзелгеннің жандандырып,
Шырылдап, алтын құсым, шыға келдің,
Адамға ән беруді арман қылып.

Шырылдап шыға келдің, алтын құсым,
Көгімде күн сипатты қалқу үшін,
Жаныма жарық сәуле құя бердің,
Көңілімді күдіктерден аршу үшін.

Қуаныш сыймай кетті бойымызға,
Айналды сен жүрген жер тойымызға.
Туғанға Күләшіміз мақтандық біз,
Түк келмей одан өзге ойымызға.

Күн батты, түндер өтті, таңдар атты...
Талмастан, Күләш, әнің қанат қақты.
Жылжыған көк жүзінде жібек бұлттай,
Сен ғана жап-жарық боп келе жаттың.

Сен ғана жап-жарық боп келе жаттың,
Мойныңа қызыл лағла маржан тақтың.
Тынбастан ән жалынын алаулаттың,
Білмеймін кімді ұнатпай, кімді ұнаттың.

Білмедім, кімді ұнатпай, кімді ұнаттың,
Жұлдызын жүрегіңнің кімнен таптың.
Әйтеуір жарқылдаған арманыңа,
Ынтыққан ынтызармен қанат қақтың.

I-ЭТЮД

Жас дәурен қызық едің мұнша неткен,
Өмірің көмкерілген оңшең көкпен.
Салқын күз, қыраулы қыс есімде жоқ,
Тұратын өне бойы қоршап көктем.

Тіліне түсінуші ем қарлығаштың,
Күнде ерте құспен бірге көзімді аштым.
Сағынып сәл көрмесем әнші құсты,
Ысқырып шақырушы ем сандуғашты.

Қарлығаш аят оқып тыңдататын,
Үнінде бір ғажайып мұң жататын,
Көзіме аянышты жас оралса,
Қияқтай қанатымен құрғататын,

Күзеттім әнші құстың ұяларын,
Сол үшін күнде жаңа сый аламын.
Қосылып олармен сайрамасқа,
Құстардан қасиетті ұяламын.

Достастым торғаймен де, бұлбұлмен де,
Күн жетпес құс боп ұшқан бұл күндерге.
Бұлбұлдан қаршадайдан үйрендім мен,
Жанымның ауырғанын білдірмеуге.

Ән екен емдейтұғын жан жарасын,
Болуға құстан әлсіз арланасың.
Қайғысын, қуанышын әнмен айтқан,
Бармақтай бозторғайға таң қаласың!

Деуші еді, жеңгем маған:— сайрағышым,
Торғаймен торғай болып ойнағышым.
Құстарын көл мен шөлдің шақырамыз,
Күніңді ұзатылған тойлау үшін,

Жеңешем сұлу еді, сүйікті еді,
Қол жетпес армандары биікте еді.
Мен білсем, аздап қана бақытты еді,
Мен білсем, аздап қана күйікті еді.

Сұлуына перінің қолы жетпей,
Қайран басы шіркіннің дал болмаса.

Ыбырайдан ән алдым «Гакку» атты,
Сол әнге үлпілдеген үкі тақтым.
Аққу құс гаккуіме даусын қосып,
Қоңырқаз көл шайқаған сырнай тартты.

Айналдым содан бастап гаккуге мен,
Кеудемді кереметтей кернеді өлең.
Көк теңіз — туған жердің аспанында
Қанатты ақ бұлттармен бірге келем.

Тұңғиық аспанынан айналамын,
Туған жер айнала нұр, айнала күн,
Жетеді жүрегіне қазағымның,
Көгінде торғайы боп сайраганым.

Әлемде көзден асқан не бар екен,
Сәулесі күн секілді жоғары екен.
Мейлің күл, мейлің жылап жүрсең-дағы,
Адамның көзін сүймеу обал екен.

Пердесі сахнаның ашылғанда,
Гуілі көрерменнің басылғанда,
Қарайды тұнып маған қара көздер,
Тереңге махаббатын жасырғандар...

Қарайды қаракөздер тұнып маған,
О, жұртым, әнім саған, жырым саған.
Қалаулым осылардың қайсысы екен.
Қосылып жеңешеме мен аңсаған.

Жүр ме екен театрға күнде келіп,
Жүрсе еді-ау өзімменен бірге келіп...
Мөлдірей қарайды да отырады,
Бір рет сөйлеспейді тілге келіп...

Ұялшақ неткен жан ең, періште ме ең,
Ақылың сезіміңмен келіспеген?

Апырмай, тым болмаса «әу!» десейші,
Ғашықтың несі ғашық көріспеген.

«Гаккулеп» атыңды атап шақырамын,
Тербеймін әнімменен сахнаны.
Қаракөз, тым болмаса «әу!» десейші,
Жанымның жадырасын жапырағы.

III-ЭТЮД

Көбіне Қанабекті Қанаш дейтін,
Өзің маған түп-тура қараш дейтін.
Қанбапсың ғой, көзіңнен көріп тұрмын,
Ішкің келсе, мынаны тағы аш дейтін.

Содан соң, Құралайын тербететін,
«Әлди жыр» үйге сыймай ән кететін,
Жай ғана аспа бесік ырғатылып,
Азғана қоңыр леппен желдететін.

Кейде ол таңды әнмен атқызатын,
Тербетіп түн бұлбұлын жатқызатын,
Бесіктен шығар күнге ән ұшырып,
Қанатын балапан жыр қаққызатын.

Өзі бесік түбінде, көңілі қайда,
Адам жаны ұшқыр ғой осындайда.
Құралайын тербетіп отырып-ақ,
Жел қанатты арманмен жүреді айда.

Әсем көзді жұлдыздар емес тегін,
Қоршайды да тұрады төңірегін,
Біреуінен қараса біреуі ыстық,
Біліп болған жоқ Күләш соның көбін.

Біреулері күлімдеп жақындайды,
Тек өзіне арналған ән сұрайды.
Біреулердің көзінде қалың тұман,
Тереңінде тұңғиық жатыр қайғы.

Қайғыға да ән керек, қуанышқа,
Сезімсіздер мұнда емес, жүр алыста.

Сонда мына қоршаған көп көздердің
Бәрі жақын болды ғой сыр алысқан.

Көздер, көздер, мейірімді көздерім-ай,
Көз теңізін көп кешкен кездерім-ай.
Күте-күте сендерді шаршадым ғой,
Келсеңдерші телміртпей өздерің-ай!

Келсеңдерші, Күләш деп, келсеңдерші,
Бәрің келіп үйіме енсеңдерші.
Құралайым жыласа мен жылаймын,
Екеумізді жұбатып берсеңдерші.

Неден қорқам, тиген не шыдамыма,
Әлде өмірдің әншіге сынағы ма?
Құралайың бақытсыз болады деп,
Сыбырлайды біреу кеп құлағыма.

Айтсаңдаршы, қайсысың сыбырладың?
Адам жаны не қылған құбылмалы.
Қанабек-ау, бармысың, сүйесейші,
Үрейленіп отырмын жығылғалы.

Үрейленіп отырмын жығылғалы,
Өмір қандай баянсыз құбылмалы.
Зәремді алған ауыр түн тез өтсе екен,
Таппай тесік отырмын тығылғалы.

Әлди-әлди, бөпешім, әлдиім-ай,
Тұла бойы тұңғышым — жан қидым-ай,
Менен саған ауысар бір-ақ нәрсе,
Құлағыңа бесіктен ән құйдым-ау...

Бесігіңде қабылда ән-жырымды,
Әлдиіме қосарлап ал мұңымды.
Өзім барда сен барсың, менен қалсаң,
Өмір өзі шешеді тағдырыңды...

IV-ЭТЮД

Күлген жақсы күле алсаң рахаттанып,
Титтей ғана болса да мейірің қанып.
Жүрегіңнің қимылы жеңілденіп,
Көз алдыңда тұрады бәрі де анық.

Көз алдыңда тұрады бәрі де анық,
Жасыл жапырақ, көк майсаң гүл-гүл жанып.
Алыстағы армандар елестейді,
От секілді бір өшіп, бір тұтанып.

О, жарығым, тұтаншы, лапылдашы,
Жалыныңмен жаныма жақындашы.
Салқын тартқан қаныма от тасташы,
Жансын менің жүрегім, жалындасын.

Қуанайын, мен де бір күлейінші,
Күле алатын Күләш боп жүрейінші.
Меніменен бір күлсін жақындарым,
Дұшпандарым отырсын үрейі ұшып.

Көп пе менің дұшпаным, кімдер білген?
Айтсаңдаршы аттарын, олар кімдер?
Бекежан ба, қағынып ізімді аңдып,
Төлегендей құрбысын күндеп жүрген!

Бекежандар, апырмай, бар екен-ау,
Бұзықтардың беттері қара екен-ау!
Ақ тілекке, ақ ниет жау екен-ау,
Ойлары өздерінің қамы екен-ау!

Ал мен жердің сүйемін бояуларын,
Жерімнің бояуына тоя алмадым.
Бір мезет көрмеуге оны қия алмадым,
Көрмесем кең дүниеге сыя алмадым.

Әні бар әр бояудың, әр жарықтың,
Бәрі де күн көзінен таралыпты.
Сол көзден мен де бір күн жаралыппын,
Кетіппін ерте тастап балалықты.

Кетіппін ерте тастап балалықты,
Бояудан, жарықтан да нәр алыппын.
Сүйіппін ән тәңірісі — ақ жұлдызды,
Алдында бас иіппін даналықтың.

Апырмау, қайда қалдың, балалығым?
Болып ең жан жолдасым шамалы күн.
Қадырын балалықтың бағаламау —
Қыздардың адам білмес шалалығы.

Қаракөз талпындырған жүрегімді,
Жетектеп жүре берді білегімнен.
Жетектеп жүре берсін білегімнен,
Құдайым, айырма деп тіледім мен.

Қайдасың, сол қаракөз күлімдеген,
Мен саған жаным деп ем, күнім деп ем.
Ішінен көп жұлдыздың сені іздеумен,
Кірпігім атқанша таң ілінбеген.

Қайдасың, қаракөзім, жаннан жақын,
Әннің де «Қаракөз» деп қойдым атын.
Табалмай жерден, көктен іздеп сені,
Шымшықтай шырылдайды махаббатым.

Шымшықтай шырылдаса махаббатым,
Титтей де сабыр табар жоқ тағатым.
Жүргендей жалын жұтып алқынамын,
Жоғалған қаракөздің атап атын.

Қараймын түндегі ұшқан әніме мен,
Кетеді бұлттан әрі әнім кілең.
Сол шақта бүкіл әлем аңғармаған,
Жанымда бір қуаныш барын білем.

Ұша бер, аспандай бер, асыл әнім,
Отты әннен шайтан қазір ақ жұлдызым,
Алдымнан шығар қазір ақ жұлдызым,
Маған кеп қаракөзім қосылады.

Өтпе, түн, батпа, шолпан аспандағы,
Таң алды әнмен сапар бастар шағым.

Ән — менің ақ жұлдызым, қос қанатым,
Ән — менің көкке шығар баспалдағым.

Өтпе, түн, батпа, жұлдыз аспандағы,
Ән мені әлемге сый бастар шағым.
Қасында ақ шолпанның жүрсем бопты,
Елімнің күнде көріп атқан таңын.

V-ЭТЮД

Шырқады биіктен ол Мәскеуде де,
Тасқын ән сыймай кетті жас кеудеге.
Көгіне Россияның шығып алып,
Көңлінің кең дүниесін ашты демде.

Шырқады Ол: — мен қазақтың әнімін — деп,
Сәулетті,
Салтанатты
Сәнімін деп.
Сынбайтын семсерінің жүзімін деп,
Ақылы, махаббаты, арымын деп.

Апырмай, осы біздің Күләш па? — деп,
Тұрғаны көз алдымда рас па деп.
Даламдай дана қызым,
Дарқан қызым,
Айта түс,
Аспандай түс,
Құлашта! — деп.

Жіберді қағып Жамбыл домбырасын,
Жөнелді ақын жыры әнге ұласып.
Мәскеуге Сардаланың желі сыймай,
Тау селі күйге айналған кетті басып.

Ақ түнді Күләш даусы қалтыратқан,
Балтық та тынышталды тулап жатқан.
Тізгінін Мыс салт атты тартты дағы,
Бұрылды Күләшына өлең айтқан.

Неваның жабылған жоқ көпірлері,
Аққан су — аққан балық секілді еді.

Айналды ән тойына ұлы қала,
Берік қамал — от боранның өтіндегі...

VI-ЭТЮД

I

Ұрпаққа ұрпақ өссе жарасады,
Тұрады жап-жарық боп болашағы.
Ұл туып кіші ұлының келіншегі,
Жамбыл қарт бір әдемі той жасады.

— Тойыңыз құтты болсын, Жамбыл атам,
Өлеңге қара жолдай даңғыл атам.
Келеді жылуы көп жақсы жылдар,
Жырыңды қара нөсер жаудыратын.

Жыр айтайық, Жәкем-ау, ән айталық,
Көңілімізді мұлгіген оятайық.
Жауымызды жеңетін күн жақын деп,
Жанымызды жүдеген жұбатайық! —

Деген Күләш Жәкеме келіп тұрып,
Кішілікпен сәлемін беріп тұрып.
Сыңғырлаған күмістей күлкісімен,
Бәрімізді әкеткен еліктіріп.

— Қызым келді тойыма, қызым келді,
Салқын тартқан қаныма қызу берді,
Бауырымызды қарыған мұздай қайғы
Күләшімнің лебімен бұзылды енді.

Қуандым-ау көрдім де Күләшімді,
Жасарғандай жанымның гүлі ашылды.
Келші, жаным, сүйдірші маңдайыңнан,
Құшақтайын кең жайып құлашымды.

Қоңырауын Күләштің сағыныппын,
Ән сағынбау — белгісі тағылықтың.
Әнсіз жерде ақылдан жаңылыппын,
Ән бар жерде ақын боп ағылыппын.

Әнге мейірі жалғанда қанған бар ма,
Әнсіз өмір бар десе нанған бар ма.
Көкте күні, жерінде Күләші бар,
Айтыңдаршы, қазақта арман бар ма?

Күләшімнің әнінде жалған бар ма,
Күләштай боп ән салса жанған бар ма.
Күләшына аулында дәм таттырған,
Қазағымның шалында арман бар ма.

Күләш барда тойымда, түгел бәрі,
Өмірімді ұзартар салған әні.
Күләшы бар тойымда бар деп білем,
Ақаны мен қазақтың Біржан салы.

II

Омырауында ақбоздың өмілдірік,
Жібек жабу жауыпты көмілдіріп.
Тойға мінер Күләштің жүйрігі осы,
Жал-құйрығын, кекілін төгілдіріп.

Құйысқаны күнменен шағылысқан,
(Істеген-ау шіркінді нағыз ұста)
Таралғысы күдері тізгінімен
Көк торғынмен көпшігін салған тыстап.

Қыз, бозбала қақтырып аттарды елең,
Ақын, жыршы әр тұстан бастады өлең.
Аяғына Күләштің батпасын деп,
Үзеңгісін қаптапты мақпалменен.

Атқа қонды қалың жұрт Жамбыл бастап,
Жас жігіттей кәрі ақын шықты ойқастап.
Күләш атқа мінгенше тұрды тосып,
Асыққанды қамшымен кейін жасқап.

Мен де болғам сол күні, тойласқанмын,
Тойдың қамын ақынмен ойласқанмын.
Шашубай мен Нұрпейіс кезектесіп,
Жырын айтқан жарысып тойбастардың.

Күрес қызған, бәйге де ат жарысқан,
Жыққандары жүлде алған айқарыста.
Нұрлыбекпен айтысып ақын Нартай,
Екі құрдас өлеңмен аударысқан.

Тізе берсек, аз емес мақтарымыз,
Көбі соның көңілге сақтарымыз.
Есте қапты ерекше Күләш бастап,
Көк жайлауды көп атты шапқанымыз.

Ал жөнелдім, ағыттым ат тізгінін,
Ұшқым кеп тұр ақбозбен ағып бүгін.
Жылда мұндай ұлы той жасай бермес,
Кәрі Жамбыл — кәрі атам жарықтығым,

Ал, жөнелдім, ағыттым ат тізгінін,
Ұшқым кеп тұр жұлдыздай жанып бүгін.
Жылда мұндай ұлы той бола бермес,
Бола бермес бүгіндей шабытты күн.

Жеткен жетті — сыйлығым орамалым,
Жетпегенге қайтейін, жоқ амалым.
Ал, жігіттер, жөнелдім ақ құйын боп,
Алатауды айналып ораламын,

Алатауды айналып ораламын,
Озды деген Жәкемнен жол аламын.
Жеткен жүйрік жігітке — орамалым,
Жете алмаған мимыртқа жоқ амалым.

Деді-дағы, «шу!» деді Күләш сонда,
Ән сапарын, Жасаған, өзің оңда.
Ақ желеңді, ақ атты ақты Күләш,
Ақ түбіттей ақ шаңдақ жатты жолда.

Алатауға ақ Күләш жарасады,
Ұша берсе, таудан да әрі асады.
Аттың басын тартпаса өзі Күләш,
Таласқанның талайы-ақ адасады.

Мен де бастым қамшыны қалмайын деп,
Шаба алмастар тобында болмайын деп.

Жете қалсам, әншіден сыйлық алып,
Сол сыйлыққа бір өлең арнайын деп.

Жете қалсам, орамал алар едім,
Орамалын жаныма балар едім,
Қанатымды Күләшша қағар едім,
Қос жұлдыздың біріндей жанар едім.

Қос жұлдыздың біріндей ағар едім,
Аспанында қазақтың жанар едім.
Озған жүйрік қазақта екеу болса,
Соның бірі өзім деп санар едім.

Жете алмадым, ақбозға жете алмадым,
Қарсы соққан құйыннан өте алмадым.
Ақша бұлттай ақ Күләш оза берді,
Орамалға иелік ете алмадым.

Сол кеткеннен кетті ғой ақ Күләшім,
Бүгінгеше тартқан жоқ аттың басын.
Күләш десе қараймыз жоғарыға,
Көзіміздің бүркенген бұлтын ашып.

Қараймыз да көреміз биікті біз,
Ең биіктен елестер сүйіктіміз.
Ұлы әншінің дауысы үзілген жоқ,
Соған ғана сыйынып ұйып тұрмыз.

Жұтылмастан тұманға, сағымдарға,
Бұрылмастан жетекшіл ағындарға,
Біздің Күләш бүгіннен өтті ертеңге,
Адамдары ертеңнің, қабылдаңдар.

Адамдары ертеңнің, жаңылмаңдар,
Алдап кетіп жүрмесін шағын жандар.
Бізден кеткен ақ Күләш сендерге өтті,
Ұлы әншісін бүгіннің қабылдаңдар.

Бәрін бастан өткізіп көрешектің,
Кетті әндетіп ақ Күләш келешекке.
Сәлем-сәлем, сәлем де жаңа ұрпаққа,
Жаса, Күләш!
Сен өлме, біз өлсек те,

ОЙЛЫ ДА СЫРШЫЛ ҚАЛАМГЕР

Әбділда Тәжібаев — XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің ең үлкен ақындарының бірі. Шығармашылық жолын жиырмасыншы жылдардың аяқ кезінен ала бастаған ол содан кейінгі дәуірлердің барлығында да қазақ халқының өмір шындығын белсенді жырлауға үн қосып, өнерпаздық тәжірибесін жетілдіреді. Оның поэзия саласындағы еңбегіне қоса, ұлттық драматургияны, әдебисыншылдық ойларды дамытуға қосқан үлесі де мол. Ақынның, әсіресе қазақ лирикасын ойлы, сырлы нақыштармен байыту жолындағы еңбегі атап айтарлықтай.

Әбділда Тәжібаев 1909 жылы Қызылорда қаласында туған. Әкесі Тәжібай қаланың кедей тұрғыны болған. Алты жасында әкесі өлген Әбділда анасы Айманкүл меннағашыатасыДалдабайдыңтәрбиесіндеөседі.Болашақ ақынды өнер жолына баулығандар да солар еді. Атасы — әңгімешіл, ертекші кісі, ал анасы Айманкүл ескіше сауаты бар ақын адам болған. Ол баласын шығыстың хиссадастандарын, қазақтың эпостық шығармаларын оқытып тәрбиелеген. Оған қоса, жас Әбділдаға Сыр бойының ақын-жыршылары да әсер еткен.

1922 жылы Әбділда Қызылордадағы жетім балалар интернатына орналасады. Кейін қаладағы жеті жылдық мектепте оқиды. Жас талаптың алғашқы өлеңі сол мектептің қабырға газеті бетінде жарық көреді.

Қазақстан астанасының Қызылордаға көшіп келуі (1925) Әбділданың сол кездің белгілі әдебиетшілерімен танысып, ақыл-кеңес алуына қолайлы жағдай туғызады. Ол «Еңбекші қазақ» газетіне жұмысқа орналасып, алғашқы өлеңдерін бастырады.

1929-1931 жылдары Әбділда Қазақтың мемлекеттік педагогика институтында оқиды. 1932-1934 жылдары

Қарсақпайдағы «За медь» атты жұмысшылар газеті мен «Лениншіл жас» газеті редакторының орынбасары болып істейді. Кейін Жазушылар одағында басшы қызметтерде болады.

Бұл жылдары Ә.Тәжібаев үлкен әдебиетке еніп, шығармашылық бетін айқындаған еді. Оның «Жаңа ырғақ» (1934), «Лирикалар» (1936) атты өлеңдер жинақтары жарық көрді. Ақын біраз поэмалар да жазады. Жас ақынның өмірден алған алғашқы әсері оның жырларындағы қызулы екпін күшті, ілгеріге ұмтылысты байқатқандай. Мұндай үнді қаламгерге сол дәуірдегі күрес шындығы бергені даусыз. Әуелгі қадамын саясатқа, байлардың тәркіленуі мен кедей-жалшылардың теңдікке ұмтылуы жолын суреттеуден бастаған ол отызыншы жылдардың бас кезінде-ақ лирикалық жырлар жазуға ойысады. Оның өлеңдерінен нақтылық, суреткерлік мол орын ала бастайды. Осы жылдары А.С.Пушкин, Г.Гейне, Т.Шевченко өлеңдерін аударып, олардан үлгі-өнеге үйренеді. Лирика табиғатын тануда, оның эстетикалық мәнін көтеруде ол үшін аударма үлкен мектеп болды. Ақынның «Сырдария», «Айнабұлақ», «Алтын ай» сияқты тамаша лирикалары — осы кездің жемісі. «Сырдария» өлеңінде туған жер табиғатына деген адамдық ыстық ықылас, халық өмірімен үзілмес байланыс өз жерін, Отанын сүйген ұлы ұстаздардың көңіл күйімен сабақтас өрбиді:

Сүйсе Гейне — анам десе,
Сүйген суын — Рейнесін.
Сырдың суы туған ол да
Өз ақынын — Гейнесін.
Жазса Тарас Днепрді,
Жазса Пушкин Еділді,
Неге маған жырламасқа,
Сырда туған елімді.

Лириканың көркемдігі, сыршылдығы үшін күрес Әбділданы өзі өмір сүріп отырған дәуірдің шындығынан алыстатып әкетпейді. Ақын жырлаған тақырыбын заманның ырқына, елінің еңбекшіл сипатына қарай бейімдейді. Сырдарияның байлығын ел тілегіне бағындыра жырлайды. «Отанға қызмет ет, Днепрдей бізге жарық бер» дейді. Өлеңдегі ақындық параллельдер (Тарас — Днепр, Пушкин — Еділ өлеңнің ұлттық үлгісін жоққа шығармайды, қайта әлемдік әдебиеттің жақсы үлгілерін бойына сіңіре жырлаудың белгісі.

Осы кездегі Әбділда өлеңдерінде ақындық монолог үлгісі жиі кездеседі. «Сырдария» сыршыл сезім үні болса, «Айнабұлақ» — сыршылдықты эпикалық суреттермен жалғастырып, заманның жасампаз күшін, адам енбегінің құдіретін тебірене жазған толғаныс. Отызыншы жылдардың екінші жартысында жазған «Оркестр», «Күй атасы», «Абыл» сияқты поэмаларында да ақын осы үлгіні дамыта, кеңейте түсіп лиро-эпикалық шығарма туғызады. Оларда сезімтал ақын жүрегі эпикалық күй суреттеріне ұласып, сол арқылы заман мен адамның ара қатынасын белгілейді.

Осы жолмен Әбділданың ақындық «мені» қалыптасты. Оның «мені» — жеке бастың күйін күйттеген адамның сыры емес, қоғам мен адам тіршілігін аркалаған, оның ойы мен ісіне ортақ ақынның халық атынан ағынан жарыла сөйлеуі. Мұны ақын біздің ерлігіміз бен елдігіміз сынға түскен шақта — Ұлы Отан соғысы кезінде анық танытты. «Ленинград» өлеңінде ол жау қоршауында қалған қаланың күресшіл берік дәстүрін, оның гранит пен мәрмардан жасалған батыр тұлғасын аша жырлады.

Майдан батырлары Бауыржан Момышұлы мен Төлеген Тоқтаровтың ерлікке толы бейнесін олардың ішкі толғанысы арқылы көрсетуге ұмтылды.

Бұл дәуірдегі Әбділданың ақындық ізденістерінің бір саласы — оның халықтық аңыздарға, мифтік сюжеттерге бет бұруы болды. Ол халық бойындағы ерлік, азаматтық мінездерді, адам бақыты жолындағы күресті өткен заманның шартты аңыздық оқиғаларына сүйене суреттеді. Мұндай шығармалардағы тартыс зұлымдық пен адалдықтың, ерлік пен қорқақтықтың, адам сүю мен жауыздықтың арасында өтеді. Осы негізде ақын адалдықты, ерлікті уағыздайды. «Мерген», «Толағай», «Толғау» сияқты шағын поэмалар мен «Кілемшілер туралы ертегі», «Аққу», «Жомарттың кілемі», «Біз де қазақпыз» пьесалары бұған дәлел бола алады.

Соғыстан кейінгі жылдар — Әбділда ақындығының айрықша жемісті, оның лирикасының өрісі кеңейген дәуірі. Бұл кезде ақын өмір фактілері негізінде тебіреніс пен толғанысқа толы сыршыл, сезімтал лирикалық өлеңдерді көбірек жазды. Ақынның лирикалық кейіпкерінің дүниетанымы, көзқарасы кеңейіп, ойшылдыққа бет бұрады. Жеке бастың өмір тәжірибесіне сүйене отырып, ол характер есебінде де күрделене түседі, адамгершілік, күрескерлік сипаттарын бойына жинақтайды. Ақын «мені» заман рухын бойына жинап, гуманистік сезіммен байиды.

Бұл дәуірдегі Әбділда кітаптарының ішінде оның «Аралдар» (1958) деген жинағының орны бөлек. Мұнда ақынның елуінші жылдардан кейінгі дүние, өмір, оның құбылыстары туралы жаңаша көзқарасы танылады. Шындықты жаңаша байымдап, ойлы көзбен ашуға ұмтылады. Даналыққа бет бұрған ақын жалпы өмір, жастық, ағалық, қарттық сезімдерді өзінше толғап түсінеді. Бұрынғыдай дүниенің бәрін қызықтап кетпей, оның ыстығына қоса, суығы барын еске түсіреді. Осының бәрін уақыттың қызметімен өлшейді. Өмірді жасартып, жасты қартайтып жатқан Уақыт-заманның бейнелі шындығы екенін түсінесің. Өмір сыры, қозғалысы сол Уақыт арқылы өлшенеді, талданады.

Уақыт ұшып барады от қанатты,
Жақындатып жырақтан болашақты.
Кәрі ойлайды бүгінге берешекті,
Жас ойлайды ертеңнен алашақты.
(«Уақыт»)

Уақыт қызметін нақты өмір штрихтар арқылы бейнелеу Әбділданың «Сыр жырлары» циклінде анық көрінеді. Лирикалық кейіпкерін қартайтса да, уақыт Сыр суының жастығын сақтапты. Ол өзінің балалық шағын еске алады. Бүгін ұлғайған бала достарын көреді. Өленде Сыр мен оның адамдары бойындағы өзгерістерді Уақыт белгісі арқылы тану үлкен ойшылдыққа ұласады.

Адамды сүю, оның еңбегін қадірлеу, сол арқылы тіршілікті, бейбіт өмірді жырлау — соңғы жылдардағы Әбділда лирикасының негізгі лейтмотиві десе де болады. «Тынықсын, тимеңдер адамға», «Мейірімім», «Адамға», «Адам» өлеңдері — осы ойдың жетістіктері.

Дем алу керек қой әркімге,
Тынықсын, тимеңдер адамға.
Ертең де күш керек заманға,
Ертең де күш керек адамға.
Ғашықпын, әманда ынтықпын,
Көңілінің күні бар адамға.
Сақтаңдар бәрінен сұмдықтың —
Керек ол маған да, саған да.
(«Тынықсын, тимеңдер адамға»)

Мейірімді ақын сезімі мол, онын жылуы жоқ үйлерге от боп жанғысы келеді, жарығы жоқ үйлерге шам боп жанғысы келеді, сенгені мен сүйгеніне шексіз берілген. Ол өмірді шексіз сүйеді, жарты емес, тұтас өмір үшін күреседі.

Маған тұтас жарық керек, күн керек,
Маған тұтас жұлдыз толы түн керек.
Маған тұтас теніз керек, тау керек,
Маған тұтас алысатын жау керек.
Мен жартылап махаббатты да алмаймын,
Мен жарты дос шақырса да бармаймын.
Маған тұтас жүрек керек берілген,
Сұрайтыным осы ғана өмірден,
Тілейтінім осы ғана елімнен.

Әбділданың лирикалық поэмалары оның Адам мен заман жайлы толғанысын тереңдете түсуге құрылған. Адамды ардақтау, оның бойындағы заман дарытқан биік қасиеттерді жинақтап айтуға ол «Адам», «Темірші» поэмаларында тың қадамдар жасады. Алғашқысында күрескер ұрпақтың өкілін нақты іс-әрекет арқылы бейнелесе, кейінгі шығармада еңбек адамының жарқын тұлғасын ашты. Поэманың кейіпкері темірші ұста — өмірді қолымен жасап жатқан еңбек адамының бейнесі. Осы жүйедегі Әбділданың үздік туындыларының бірі — «Портреттер» поэмасы. Бұл — өмір, жаңа адам туралы философиялық толғаныс. Уақыт мөлшері — 40 жыл. Осы мерзім ішіндегі бір отбасының тағдыры, ұрпақ ауысуы негізінде автор уақыт қызметін ашады. Осы мерзімде бүкіл оқиғаның куәсі болған лирикалық кейіпкер монологы арқылы заманның ұғым-түсінігі, талғамы, адамды тануы мен бағалауы сынға түседі. Ол үшін таласта аға ұрпақ өмірден озып, жастар орнын басады. Уақыт өткенді еске салып, тіршілік күйбеңін жас ұрпақтың мойнына артады. Әкеден балаға ауысып келе жатқан шойын сағат — сол өлмейтін уақыттың бейнесі.

Әбділда ұғымындағы адам — өз заманының мұраттарын бойына сыйғызған ұлы тұлға. Оның нақты сипаттары бар. Оның жүріп өткен жолы да адамзаттың үлкен жолы. Ал, үлкен жолдың қашан да бұрыс, бұралаңы болады. Оның бәрін көріп білу, одан өту оңай емес. Сол жолдың адам аяғы ілікпеген «ақтаңдақтары» болса, ол да адамға жаңа міндет артады. Осы ойлар «Жол туралы», «Жолдар жатыр алдымда бұраңдаған», т.б. өлеңдерде әдемі түйін табады. Ақын жолдан адам ізін көреді, оны былғамай, таза ұстауды мұрат тұтады. Өйткені жол адам баласын ілгеріге апарады оның барар жерін нұсқайды. Ақын мұраты — «Жарастықтың заңын» сақтау

Әбділда өмірінің соңғы жылдары бірсыпыра сыншыл өлеңдер жазды Ол адам бойындағы жарасымсыз қылықтар,

жалғандық пен опасыздық, арзан махаббат пен дөрекілік сынға алынады. Ақын идеалы айқын. Ол тазалықты, адалдықты мұрат тұтады. Адалдық атына кір келтіріп жүргендерге кектенеді. «Мансаптың бәйгесіне ат қосып жүрген» шенқұмарлықты, барар жеріне «жүріп бармай, аунап баратын» жағымпаздарды шенейді.

Біреуді көкке ұшырып, Біреуді төмен түсіріп. Адамның қымбат орнына, Адам еместі ұсынып жүрген мораль ақын ұғымына жат сезіледі. Кеңес қоғамының ыдырауы тұсында басталып, күні бүгінге дейін жалғасып келе жатқан қайшылықты шындықты тануда Әбділданың бұл жырлары аса маңызды.

Әбділданың ақындық стилі оның поэзиясының өмірмен өктем араласуынан, шындықпен бетпе-бет келіп тілдесуінен туады. Сондықтан ол өлеңді қарапайым сөйлеу тіліне жақындатып, ойындағысын еркін айтуға негіздейді. Ақын жырларынан ешбір бүкпесі мен қалтарысы жоқ адамның ағынан жарыла айтылған сыры, ішкі сезімінің арпалысы танылады. Ол жарты жолда қалмай, ойындағысын жеткізіп, тауысып айтуды қалайды. Шыншылдық пен сезім байлығы, ойшылдық, үздіксіз ізденіс Әбділданың үлкен әдебиеттегі орнын да айқындайды.

Әбділда шығармашылығының көлемді бір саласы — драматургиясы. Оның «Майра», «Жалғыз ағаш орман емес», «Көңілдестер», «Жартас», «Дубай Шубаевич», «Той боларда» атты пьесалары адамдар арасындағы әлеуметтік мәні бар тартыстарға құрылады да, сол тартыс, қақтығыс арқылы адамдардың биік арманын арқалаған жүректі, жағымды кейіпкерлерді ашып көрсетеді. Оның Майра, Телғара Жаппас, Мәлік сияқты ержүрек кейіпкерлері көпшілік сүйіспеншілігіне бөленген. Ерліктің сипатын жазушы адамдықтан, қоғамға пайдалы істен, биік мұраттан таниды. Олар — қазақ әдебиетінде осы жанрдың қалыптасуына елеулі үлес қосқан дүниелер.

Әбділданың сын мақалалары, «Өмір және поэзия», «Қазақ драматургиясының даму тарихы» атты зерттеулері — оның сыншылдық, зерттеушілік қабілетін танытқан, біздің ұлттық әдебиетгік ой-пікірлерге маңызды ой қосқан еңбектер.

Мұның бәрі — Әбділда шығармашылығының қазақ әдебиеті тарихындағы көрнекті орнын белгілейді.

Серік ҚИРАБАЕВ,
академик

МАЗМҰНЫ

Н.Оразалин.
ҰЛТТЫҢ ҰЛЫ ҚАЗЫНАСЫ 5

І бөлім. ӨЛЕҢДЕР


«Менің де бар өзімнің сиынарым...» 7
«Өтсе де өмірім уыс толмас бір тұтам...» 8
«Әр сұмдықты алдын ала сезген кім...» 8
«Мен пейіштің қақпасын...» 9
«Жүдесе жаным кей-кейде...» 9
«Мақтаман, досым, ұйқыны...» 9
«Қайдан бәрін біле берем болмыстың...» 10
«Атам менің кетпен шапқан, дән сепкен...» 10
«Бәрін айтсам деуші едім...» 11
«Шешем мені бейнет үшін туыпты-ау...» 12
«Тереңдегі өрт құйындай гүрілдеп...» 12
«Ең қауіпті, ең қатерлі жауымыз...» 13
«Бәріміздің зәремізді ұшырып, ... 14
«Мен жұмсам да көзімді...» 14
«Бұл өмірге келгем жоқ...» 15
«Сайтан билеп кетпеді жүрегімді...» 15
«Кісі ұялар ісіңді мақтан етпе...» 16
«Ештеңені елемей, еленбемей...» 16
«Еркекке бұйым ба екен елу деген...» 17
«Қоштассам да талай тозған кәрімен...» 18
«Болмаған соң дүниеде өз дегенім...» 19
«Сенем саған...» 19
«Көзіңменен көрінгенді алдамай...» 20
«Жарықтан жасқанады жарқанаттар...» 20
ӨТКЕНДЕРДІ ОЙЛАСАМ 20
ШЕШЕ ҚИЯЛЫ 21
ҚЫЗ ҚИЯЛЫ 22
ӨЗ ҚИЯЛДАРЫМНАН 23
ЖІГІТ ҚИЯЛЫНАН 24
«Күнім мені жылытып шуағымен...» 25
«Жетпістің жасым биыл бесеуінде...» 25
ҚАРШЫҒА 26
АТАМ ӘҢГІМЕЛЕРІНЕН 26
ОЙЛАР, ОЙЛАР 30
ЖІГІТ 31
БІР ДОСҚА 32
КЕҢЕС 33
ДОСТАР СЫРЫ 34
БІЗ ОСЫНДАЙ ҮРПАҚПЫЗ 36
ИТІМ ҚАЙДА? 37

МҰҒАЛІМ 38
«Тұр ма айналып астымдағы жер менің...» 39
«Іздерім қайда, іздерім қайда сондағы...» 40
«Әркім айтар не көріп, не білгенін...» 40
«Отырмын күнді батырып...» 41
«Жеңіл еді өткен жылым биылдан...» 41
АЛТЫ ЖОЛДАР 42
«Шалмын ба мен, өшетін шаммын ба мен...» 42
«Керекпін бе мен жұртқа...» 42
ҚАЙТЕР ЕДІҢ 42
«Өзің сөйлеп, оны өзің мақұлдама...» 43
««Ақылды» деп жұрт айтсын, өзің айтпа...» 43
«Турасын айт, қорықпа қинаймын деп...» 43
«Құлақ біткен адамға тыңдау үшін...» 43
«Көзіне қара адамның...» 44
«Аларың болса, алып қал, балам, бүгіннен...» 44
«Күткенім қанша келетін күннен ертеңгі...» 44
«Даладан келдім, ауылдан келдім қалаға...» 44
«Ақылым жетсе, өзімді бекем ұстарлық...» 44
««Болар бала боғынан»...» 45
«Батыр дейміз жақсыны сабағанды...» 45
«Кедейдің ойы жүйрік...» 45
«Ішім толы нұр емес жұртқа жетер...» 45
«Қайталанбас керемет әрбір көктем...» 46
«Тірлікте бір де зат жоқ керек емес...» 46
«Бұл өмірдің бір сұмдығы — құштарлық...» 46
«Ерні қандай қып-қызыл гүл...» 46
«Неге маған, ағай, сен қасқыр болып...» 47
«Қимылы оның айнымайды түлкіден...» 47
«Қорыққанға жолбарыс боп гүріледеген...» 47
«Бұл қандай үрей, япырым-ау...» 48
«Дүнием жатыр шашылып жиылмаған...» 48
«Армансыз адам өтпейді...» 48
БӨПЕШІМ 49
«Сарғайғанда жанымның жапырағы...» 49
«Зәре-құтымды алады ағылған жел...» 50
ӨШПЕС ҮН 50
ҰРПАҚ 51
ТӨРТ ЖОЛДАР 53
БОЛЖАУ ҚИЫН 53
ӘРБІР КҮНІМ — БІР ӨМІР 54
«Ай толыпты, жарқырап түр көгінде...» 54
««Жаным» дейді екі жас кезектескен...» 55
ЖАБЫРҚАСА ЖҮРЕГІМ 56
«Мен ешкімді қожам деп түсінбедім...» 56
«Қазағым бар, ендеше не қамым бар...» 57
«Әркім айтсын толғанып өз көргенін...» 58
ҚАСҚЫРЫМ ТУРАЛЫ 59
«Түсімде мен көк шөпке айналыппын...» 60
«Жүрегімнің басқан соң алқынғанын...» 60
«Көңілге қайғы қонбайды...» 61
АСЕКЕ 61
«Уақыттың желі кідіріп...» 62
«Ерлік пенен еркіндік бір тағдырлас...» 62

«Аңсамаған күнім жоқ аңсарымды...» 63
«Соған қарап біреулер болжалдайды...» 63
«Болсам егер айтқаны орындалар...» 64
«Ақын өлең жазбайды жазайын деп...» 64
ҚОЛЫМ 65
СУРЕТШІ 66
«Мен өзімді кішірейтіп көрмеппін...» 66
СЫР ШЕРТІП ТҰР ӨЗІМЕ... 67
«Көп айтам күнді...» 68
«Мен бармын — кеудемдегі жарық барда...» 68
«Бала боп өстім...» 68
«Қиялды сүйем...» 69
«Бала күннен сенетінмін өзіме...» 69
«Шешемді мен «апа» дедім еркелеп...» 70
МЕН КӨРМЕГЕН ЕШТЕҢЕ ЖОҚ ӨМІРДЕ 71
«Қыс өтіпті, түсімде...» 71
«Әкел, деймін қолыңды...» 72
АҚ БҰЛАҚ 73
«Отырамын кейде мен...» 73
«Айдауына түскенім жоқ желдің мен...» 74
«Сан жығылып, сан тұрдым бұл жасымда...» 74
«Саған, шал-ау, не болған...» 75
«Адам кейде әлсіз-ау, жүрексіз-ау...» 75
ЖҮРЕГІМ 76
ӨТКЕНДЕРДІ ОЙҒА АЛСАҢ... 76
ЖЕЛ ЖӘНЕ МЕН 77
«Сескенемін кейде мен жалғызсырап...» 78
АНА 79
ӨМІРІМ МЕНІҢ 80
«Өткен сайын уақытым, күн азайып...» 80
МЕРЗІМ 81
ЖОЛДА 82
«Көп айтыппын ақтарып сырларымды...» 83
СЫР ТУРАЛЫ СЫР 84
ЖОЛДАС, АБАЙ 85
ОСЫ АДАМ КІМ? 88
«Біреу төмен...» 89
«Оттік, кеттік өткелден...» 90
КІШКЕНЕ ҒАНА СЫР 91
«Тұрмаса егер жылда көктем көгеріп...» 92
«Ұшып жатыр, ұшып жатыр...» 92
««Шыдай біл» деп атам маған үйретті...» 92
«Жеңген жоқ мені қарттық пен қайғы...» 93
«Есімде менің...» 93
ЕСІМЕ ТҮССЕ 94
«Жататын едім...» 95
«Апырмай, уақыт өтті екен қанша...» 95
«Ойнаушы едік біз қызық бала шақта...» 96
«Атам маған қалдырды кең даласын...» 96
КӨРГЕН МЕН БІЛГЕН 97
ШЫҚПАЙДЫ ЕСТЕН 97
«Мен түгіл, мына қартайған емен...» 98
«Жас болашақ жалтылдайды арайлы...» 98
СҰЛТАНМАХМҰТҚА 99

«Ойға батсам, есіме түседі әр кез...» 100
«Сүйсе қазақ сүйеді әбден беріліп...» 100
«Шалап та іштік біз жаста, шарап та іштік...» 101
СӘКЕМЕ 102
ҚҰРДАСЫМНЫҢ АУЗЫНАН 103
«Оттан безбе...» 104
«Паспортыңа сенемін...» 104
ЖЕР ТУРАЛЫ ҮШ ӨЛЕҢ 104
АҚ ҚАЙЫҚПЕН ӘЛІ СЫРҒЫП 105
БАРАДЫ 105
«Қартайдың деп мін тақпа...» 107
«Шағыстырған сөзге еріп...» 107
ДОСТЫҚ КЕҢЕС 108
«Уақыт өтсе, адам да өтеді екен, ...108
ӘСЕМ 109
«Жасымда мен өзге едім, қызық едім...» 110
КІШКЕНЕ ХИКАЯ 110
«Көп жасадым. Бірақ менің...» 112
БІР АҚЫНҒА 112
ҚЫС 113
« «Туған жер» деп келеді айта бергің...» 114
ДОСТАР КҮЛКІСІ 114
ҚЫСҚА ШУМАҚТАР 115
«Құтылмайсың пәледен жалғыз қашып...» 115
«Неге салқын көршіңмен амандастың...» 115
«Жалпылдаған қарғадан не күтесің?..» 115
БАЗАРДА 116
«Кім, қашан туды, ...117
«Шықпаған соң далаға, жүрмеген соң...» 117
ТҮН ТУРАЛЫ 118
«Кейде ішімде жарқырап шам жанады...» 118
«Терезеден түн кіреді шұбалып...» 119
«Арман керек адамға...» 120
ОЙ 120
ШАРШАҒАН ЖАННЫҢ МОНОЛОГЫ 120
АШУЛЫ ӘКЕНІҢ МОНОЛОГЫНАН 121
«Маған неге суыды қас-қабағың...» 121
«Жас дүнием сәулетті еді...» 122
«Қырсық көп қой, дүниеде түсінгенге...» 122
ТӨРТ ЖОЛДАР 123
«Әркімнің мұңы — өзінің ғана серігі...» 123
«Алдың ғой сен, аларыңды, шырағым...» 124
БІР ПЫСЫҚТЫҢ ОЙЫНША 124
АҚЫННЫҢ КЕЙБІР КЕЗДЕРІ 124
ІШІМДЕГІ ҚОБЫЗЫМ 125
КЕМПІРҚОСАҚ 126
МОЙЫНДАУ 127
АЙТЫҢДАРШЫ 127
БҮГІНГІ СӨЗ 128
ОКТЯБРЬДЕ КҮШПЕН АЛҒАН 130
АЗАТТЫҚ 130
ӨЖЕТТЕНЕ МАҚТАЙМЫН 131
ЖАС ШАҒЫМДЫ 131
ШАЛ СЫРЫ 131

ISBN 978-601-7130-77-0



ӘБДІЛДА ТӘЖІБАЕВ

өлеңдер, поэмалар

Бас редакторы *Кәдірбек Құнпияұлы*
Бас редактордың орынбасары *Дәулетбек Байтұрсынұлы*
Редакторы *Сәрсенбі Дәуітұлы*
Көркемдеуші редакторы *Кенжеғазы Айтжұманұлы*
Суретші *Нұран Айымбетов*
Беттеген *Иманғазы Хайсин*
Терген *Айгүл Бердиева*

Қалпы 84x108$^{1}/_{32}$. Қағазы офсетті.
Қаріп түрі «DS Baltica». Шартты баспа табағы 19,0 б.т.
Таралымы 2000 дана. Тапсырыс № 1203.

«Ан Арыс» ЖШС, 050000, Алматы қаласы, Абылайхан даңғылы, 105.
Тел.: +7 (727) 272-51-62, 272-51-87, факс: +7 (727) 261-62-13.

ЖШС РПБК «Дәуір», 050009, Алматы қаласы,
Гагарин даңғылы, 93. Тел.: 394-39-22, 394-39-34, 394-39-42,
E-mail: rpik-dauir81@mail.ru, rpik-dauir2@mail.ru

Библиотека ТарГУ 115558
1115 5584



«Үйіңде де, түзде де өз еліңнің
Тәуіріне құлшылық ет,
Өз еліңнің батырларын құрметте»

Анарыс (Сақ Анахарсис)



«Өлді деуге бола ма, ойландырып,
Өлмейтұғын артына сөз қалдырған...»

Абай